Зерттеу әдістері. Барлық есептеулер Quantum Espresso ашық бағдармалық пакетінде орындалды. Бұл бағдарламалық кешен конденсацияланған заттар физикасында және материалтануда кең қолданылатын ab initio есептеу құралдарының бірі болып табылады. Quantum Espresso мультиплатформалы құрылымға ие, жазық толқындар базисіне және псевдопотенциалдар әдісіне сүйенеді, сондықтан күрделі көпатомды жүйелерді жоғары дәлдікпен модельдеуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның негізгі модульдері тығыздық функционалы теориясына (Density Functional Theory, DFT) негізделген, ол материалдардың электрондық құрылымын қазіргі таңда ең тиімді және кең таралған әдістердің бірі ретінде сипаттайды.

Quantum Espresso құрамындағы pw.x, ph.x, dos.x және басқа қосымша модульдер зерттеулерге қажетті әртүрлі есептеу міндеттерін орындауға бейімделген. Атап айтқанда, pw.x модулі кристалдық құрылымдардың толық геометриялық релаксациясын, жалпы энергияны, электрондық күйлерді және зоналық құрылымды есептеуге қолданылады. Псевдопотенциалдардың кең спектрі электрон ядро өзара әрекеттесуін тиімді сипаттауға мүмкіндік беріп, есептеуді жылдам әрі тұрақты жүргізеді. Сонымен қатар, бағдарламаның GGA-PBE, LDA және гибридтік функционалдар сияқты әртүрлі алмасу-корреляция тәсілдерін қолдауы зерттелетін материалдың нақты ерекшеліктеріне сәйкес ең қолайлы параметрлерді таңдауға жол ашады.


Quantum Espresso бағдарламасы оптикалық қасиеттерді, диэлектрлік

функцияларды, электрон-фонон өзара әсерін есептеуге және жоғары температурадағы молекулалық динамиканы модельдеуге де жиі қолданылады. Бұл мүмкіндіктер материалдардың энергетикалық аймақ құрылымын, олардың жарықпен әрекеттесуін және жылулық тұрақтылығын жан-жақты талдауға жағдай жасайды. Осы себепті QE қос галогенді перовскиттер сияқты күрделі көпкомпонентті жүйелердің табиғатын зерттеу үшін сенімді әрі әмбебап платформа болып табылады.Зерттеу барысында екі түрлі қос галогенді перевоскиттер құрылымы пайдаланылды. Біріншісі таза үлгі $Cs_2AgInCl_6$, екіншісі допталған $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$.

Ең алғашқы атомдық модельдерді VESTA бағдармасында құрастырылып симметриясы тексерілді, Ag→Na, In→Ti орынбасулары бар суперұяшылық жасалды.



Сурет 1– Vesta бағдарламасындағы $Cs_2Ag_{0.2}In_{0.6}Cl_6$



Сурет 2– Vesta бағдарламасындағы $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$


Кристалдық құрылым Cs цезийдің 8 кубтық октаэдрлік орнын, Ag/Na 4 октаэдрлік орнын, 4 In/Ti октаэдрлік орнын және октаэдр төбесіндегі Cl хлордың 24 атомын қамтиды. Элементарлық ұяшықта төрт формулалық бірлік (Z = 4) бар. Модельдеу зерттелетін кристалдың 40 атомымен жүзеге асты (3 сурет).

Құрылымдық геометриялық оптимизациялар Quantum ESPRESSO кешенінің pw.x модулінде жүргізілді. Бұл модуль кристалдық жүйелердің толық релаксациясын орындауға арналған және атомдық орналасулар мен тор параметрлерін энергия минимумы шартына келтіріп есептеуге мүмкіндік береді.

CC BY NC

Есептеулер тығыздық функционалы теориясы негізінде жүргізіліп, алмасу корреляция эффектілерін сипаттау үшін кең таралған GGA-PBE функционалы қолданылды. Бұл функционал көпкомпонентті галогенді перовскиттер сияқты күрделі жүйелер үшін сенімді нәтижелер беретіндіктен таңдалды.

Электрон мен ион арасындағы өзара әрекеттесулерді дәл сипаттау мақсатында PSLibrary жинағындағы PAW және ультражұмсақ псевдопотенциалдар қолданылды. Бұл псевдопотенциалдар есептеу тиімділігін сақтай отырып, валенттік электрондардың кванттық қасиеттерін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Осындай әдістемелік таңдау релаксация процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, кейінгі зоналық құрылым, электрондық күйлер тығыздығы және оптикалық сипаттамалардың дұрыс есептелуіне негіз болды.



Сурет 3– $Cs_2AgIn_0Cl_6$; $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ элементал ұяшықтары

Релаксация процессі кезінде барлық атомдарға түсетін күштің шамасы 0.2 eV/Å мәнінен төмен болғанға дейін есептеу жалғастырылды. Мұндай шектеу геометриялық конфигурацияның тұрақты күйге жетуін қамтамасыз етеді және кейінгі электрондық құрылым мен оптикалық сипаттамаларды есептеудің дәлдігін арттырады.

Оптикалық қасиеттерді модельдеу DFT-GGA шеңберінде жүргізілді. Материалдың жарықпен өзара әрекеттесуін сипаттау үшін диэлектрлік қабылдағыштық Кубо Гринвуд теңдеуі арқылы анықталды. Бұл тәсіл электрондық өтулерге негізделген және өткізгіштік, жұтылу, сыну көрсеткіші сияқты сипаттамаларды тікелей есептеуге мүмкіндік береді. Диэлектрлік қабылдағыштық келесі өрнекпен беріледі:

$$\chi_{ij}(\omega) = -\frac{e^2\hbar^2}{m_e^2\varepsilon_0 V\omega^2}\sum_{nm}\frac{f(E_m)-f(E_n)}{E_{nm}-\hbar\omega-i\hbar\Gamma}\pi_{nm}^{i}\pi_{mn}^{j}, \quad (1)$$

мұнда

$\chi_{ij}(\omega)$- электрлік сезімталдық тензорының i,j компоненті, e - электрон заряды, $\hbar$ - редукцияланған Планк тұрақтысы, m_e - электрон массасы, ε_0 - вакуумның диэлектрлік өтімділігі, V - жүйе көлемі, ω - сыртқы өрістің бұрыштық жылдамдығы, n,m - кванттық күй индекстері, E_m, E_n $-$ n және m күйлерінің

энергиясы, E_{nm}=E_m– E_n - энергия айырмасы, $f(E)$ - Ферми-Дирак таралу функциясы, Γ- релаксация немесе өшу параметрі, π - импульс операторының i және i бағытындағы матрицалық элемент.

Жоғарыдағы өрнек арқылы материалдың толық диэлектрлік функциясы анықталады:

$$\varepsilon(\omega)=1+\chi(\omega), \quad (2)$$

мұнда:

$\varepsilon(\omega)$ - кешенді диэлектрлік функция;

$\chi(\omega)$ - кешенді электрлік сезімталдық.

Диэлектрлік функцияның нақты және жорамал бөліктерін пайдаланып, сөндіру коэффициенті былай есептеледі:

$$k(\omega)=\sqrt{\frac{\sqrt{Re(\varepsilon)^2+Im(\varepsilon)^2}-Re(\varepsilon)}{2}}, \quad (3)$$

мұнда:

$Re(\varepsilon)$ - дисперсияны, яғни жарықтың таралуын сипаттайды;

$Im(\varepsilon)$ - энергияның жұтылуын сипаттайды (Zhanturina N. et.al., 2022).

Сөндіру коэффициенті анықталғаннан кейін оптикалық жұтылу коэффицинеті келесі формуламен табылады:

$$\alpha=2\frac{\omega}{c}k, \quad (4)$$

мұнда:

ω - жарықтың бұрыштық жиілігі;

c - вакуумдағы жарық жылдамдығы;

k – жұтылу немесе сөну көрсеткіші;

Материалдың сыну көрсеткіші:

$$n(\omega)=\sqrt{\frac{\sqrt{Re(\varepsilon)^2+Im(\varepsilon)^2}+Re(\varepsilon)}{2}}. \quad (5)$$

Шағылысу қабілеті төмендегі өрнекпен есептеледі:

$$R(\omega)=\frac{(n-1)^2+k^2}{(n+1)^2+k^2}. \quad (6)$$

мұнда:

n – сыну көрсеткіші;


k – жұтылу немесе сөну көрсеткіші.

Энергия жоғалу функциясы:

$$L(\omega)=-Im\left(\frac{1}{\varepsilon(\omega)}\right)=\frac{Im(\varepsilon)}{Re(\varepsilon)^2+Im(\varepsilon)^2}. \quad (7)$$


CC BY NC

Нәтижелер. *Зоналық құрылым.* Есептелген зоналық құрылымдар мен күйлердің толық тығыздығы $Cs_2AgInCl_6$ және $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ қос галогенді перовскиттерінің жартылай өткізгіштік қасиетке ие екенін көрсетеді (4 сурет және 5 сурет).



Сурет 4– $Cs_2AgInCl_6$ зоналық құрылымы


$Cs_2AgInCl_6$ кристалында валенттік зонаның жоғарғы шегі мен өткізгіштік зонаның төменгі шегі Бриллюэн аймағының әртүрлі жоғары симметриялық нүктелерінде орналасқан, бұл жанама тыйым салынған аймақтың бар екенін білдіреді. Есептелген тыйым салынған аймақ шамамен 2.3–2.5 эВ құрайды, бұл $Cs_2AgInCl_6$ негізіндегі қорғасынсыз перовскиттер үшін белгілі теориялық мәндердің шегінде жатыр (Nishitha P. et.al., 2020).




Сурет 5– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ зоналық құрылымы

Na және Ti иондарымен бірлесіп легирленген $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жүйесінде электрондық құрылымның елеулі өзгерістері байқалады. Атап айтқанда, өткізгіштік зонаның төменгі шегі төмен энергия аймағына ығысып, тыйым салынған аймақтың тарылуына әкеледі. Бұл жағдайда тыйым салынған аймақ шамамен 1.7–2.0 эВ мәніне дейін азаяды. Мұндай өзгеріс титанның 3d электрондық күйлерінің өткізгіштік зонаның қалыптасуына белсенді қатысуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, легирленген үлгіде зоналардың дисперсиясының артуы байқалады, бұл заряд тасымалдаушылардың тиімді массасының азайғанын көрсетеді. Нәтижесінде электрондар мен кемтіктердің қозғалғыштығы жоғарылап, оптикалық өтулердің ықтималдығы артады. Осылайша, Na және Ti иондарымен легирлеу $Cs_2AgInCl_6$ негізіндегі қос галогенді перовскиттердің электрондық қасиеттерін тиімді түрде басқаруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Күйлер тығыздығы. 6 және 7 суретте $CsAgInCl_6$ және $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ қос галогенді перовскиттерінің толық және парциалды күйлер тығыздығы (DOS) көрсетілген.



Сурет 6– $CsAgInCl_6$ күйлер тығыздығының функционалы



Сурет 7– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ күйлер тығыздығының функционалы

Суретте “(up)” және “(down)” белгілері сәйкесінше оң және теріс бағыттағы күйлер тығыздығын сипаттайды, бұл спиндік поляризацияның ескерілгенін білдіреді. Қара сызықтар толық күйлер тығыздығына сәйкес келеді, ал түрлі түсті сызықтар Cs, Ag, Na, In, Ti және Cl атомдарының парциалды үлестерін көрсетеді. Теріс энергия аймағы толтырылған валенттік күйлерге, ал оң энергия аймағы бос өткізгіштік күйлерге сәйкес келеді. Тыйым салынған аймақ валенттік зонаның жоғарғы шегі мен өткізгіштік зонаның төменгі шегі арасындағы күйсіз аймақпен анықталады. Берілген жүйе үшін Ферми деңгейінің маңында күйлердің болмауы материалдың жартылай өткізгіштік сипатын көрсетеді.

Төмен энергиялы валенттік зоналар шамамен − 15 eV пен − 10 eV аралығында орналасқан және негізінен Cl-s күйлерінен, сондай-ақ Ag және In атомдарының s және d орбитальдарынан құралған. Бұл аймақтағы күйлердің жоғары тығыздығы химиялық байланыстардың иондық сипатының басым екенін көрсетеді.

Жоғарғы валенттік зоналар − 6 eV пен 0 eV аралығында орналасып, негізінен Cl-p күйлерінен тұрады және олар Ag-d, In-d және Ti-d күйлерімен гибридтенген. Дәл осы аймақ валенттік зонаның төбесін қалыптастырып, материалдың оптикалық өтулерінде маңызды рөл атқарады.


Өткізгіштік зонасы негізінен Ti-3d, In-5d және Ag-4d күйлерінен құралған, сонымен қатар Cl-2p орбитальдарының аздаған үлесі байқалады. Бұл жағдай тыйым салынған аймақтан жоғары энергияларда d-күйлердің басым екенін және электрондардың қозуы кезінде осы орбитальдардың негізгі рөл атқаратынын көрсетеді.

Көпкомпонентті катиондық алмастыру нәтижесінде (Ag^{+}, Na^{+}, In^{3+} және Ti^{4+} иондарының бір мезгілде енгізілуі) күйлер тығыздығының құрылымында айқын өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, өткізгіштік зонаның төменгі шекарасы төмен энергиялар жағына ығысып, тыйым салынған аймақтың тарылуына алып келеді. Бұл құбылыс электрондық зоналық құрылымның модификацияланғанын және заряд тасымалдаушылардың тиімділігінің артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, қоспа атомдарының концентрациясы артқан сайын, негізгі тор атомдарының күйлер тығыздығы азайып, қоспа элементтерінің үлесі арта түсетіні байқалады. Төмен концентрация жағдайында қоспа күйлері энергия бойынша локалданған күйде болады, ал концентрация артқанда олардың өзара әсерлесуі күшейіп, күйлердің энергия бойынша кеңеюіне алып келеді. Нәтижесінде қоспа деңгейлері өткізгіштік зонамен қабаттасып, қоспалық жолақтың қалыптасуына себеп болады.

Жалпы алғанда, алынған DOS нәтижелері $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ қос галогенді перовскитінің электрондық құрылымы қоспалау арқылы тиімді басқарылатынын және бұл материалдың оптоэлектрондық құрылғыларда, соның ішінде ультракүлгін детекторлар мен жарық шығаратын диодтарда қолдануға перспективті екенін көрсетеді.

Оптикалық қасиеттер. Диэлектрлік функцияның жорамал бөлігі. Диэлектрлік функцияның жорамал бөлігі Im(ε) материалдың оптикалық жұтылу спектрін тікелей сипаттайды (8 сурет).




Сурет 8– $CsAgInCl_6$ диэлектрлік функциясының Im(ε) бөлігі

$CsAgInCl_6$ қос галогенді перовскитінің Im(ε) спектрінен төмен энергия аймағында айқын анизотропия байқалмайды, бұл оның оптикалық қасиеттерінің бағыттарға тәуелсіз екенін көрсетеді.

Жұтылу шеті шамамен 3 eV энергиядан басталады. Жұтылу спектрінде негізгі интенсивті шың 3.5 eV аймағында байқалады, бұл электрондардың валенттік зонаның жоғарғы бөлігінен өткізгіштік зонасына ауысуымен байланысты. Көрінетін аймақта жұтылудың болмауы бұл материалдың көрінетін жарық үшін мөлдір екенін көрсетеді (14 эВ бастап). Сонымен, бұл перовскиттің жұтылу аймағы көрінетін жарық және ультракүлгінді қамтитынын көріп отырық.

$Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жүйесінде Na және Ti атомдарымен легирлеу нәтижесінде Im(ε) спектрінде айқын өзгерістер байқалады (9 сурет).




Сурет 9– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ диэлектрлік функциясының Im(ε) бөлігі

Атап айтқанда, 6–10 eV энергия диапазонында жұтылу интенсивтілігі айтарлықтай артады және бірнеше қосымша шыңдар пайда болады. Сонымен қатар, X, Y және Z бағыттары бойынша жорамал бөліктің мәндерінде айырмашылықтар байқалып, оптикалық анизотропияның пайда болғанын көрсетеді.


Бұл өзгерістер Ti-дің d-орбитальдарының электрондық өтулерге қосқан үлесімен және Na атомдарының тордағы зарядтық теңгерімді өзгертуімен түсіндіріледі. Легирлеу кезінде қосымша электронды күйлер пайда болады да, жұтылу жоғары энергиялы жақта интесивті болады.

Диэлектрлік функцияның нақты бөлігі. Диэлектрлік функцияның нақты бөлігі Re(ε) материалдың поляризациялық қасиеттерін сипаттайды. $Cs_2AgInCl_6$ үшін нөлдік энергиядағы статикалық диэлектрлік тұрақты шамамен 3 ке тең. Статикалық диэлектрлік тұрақты мәні графиктен нольдік энергия кезінде алынады. 8–12 eV энергия аймағында аномальды дисперсия аймағы байқалады, бұл жұтылу шыңдарымен сәйкес келеді.




Сурет 10– $CsAgInCl_6$ диэлектрлік функциясының нақты Re(ε) бөлігі

$Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жүйесінде Re(ε) мәндері төмен энергия аймағында жоғарырақ болып, дисперсияның күрделене түскені байқалады. Аномальды дисперсия аймағы кеңейіп, шамамен 7–13 eV энергия диапазонын қамтиды. Бұл легирлеудің материалдың диэлектрлік жауабын күшейтетінін көрсетеді. Резонансті электронды ауысулардың спектралды кеңею байқалады.




Сурет 11– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ диэлектрлік функциясының нақты Re(ε) бөлігі

Сыну көрсеткіші. Диэлектрлік функцияның нақты және жорамал бөліктері арқылы сыну көрсеткіші *n* есептелді, $n(\omega) = \sqrt{\frac{\sqrt{Re(\varepsilon)^2+Im(\varepsilon)^2}+Re(\varepsilon)}{2}}$. Сыну көрсеткіші материалдың жарықты тарату қабілетін сипаттайды. $Cs_2AgInCl_6$ үшін *n* төмен энергия аймағында 1.7–1.9 аралығында өзгеріп, энергия артқан сайын біртіндеп азаяды. 2.5 эВ шамасында сыну көрсеткіші күрт артады да 2.7 мәнге дейін жетеді.



Сурет 12– $CsAgInCl_6$ сыну көрсеткіші n(E).

$Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жүйесінде сыну көрсеткіші төмен энергияларда жоғарырақ мәндерге ие және 8–13 eV аймағында айқын аномальды дисперсия байқалады. Бұл аймақ диэлектрлік функциядағы жұтылу шыңдарымен сәйкес келеді.




Сурет 13– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ сыну көрсеткіші n(E).

Өшу коэффициенті k(E). Өшу коэффициенті k диэлектрлік функцияның жорамал бөлігімен тікелей байланысты және материалдағы жарықтың әлсіреуін сипаттайды.


CC BY NC

$CsAgInCl_6$ үшін *k* мәні төмен энергияларда нөлге жуық болып, тек ультракүлгін аймақта ғана өседі. Бұл материалдың жоғары мөлдірлігін дәлелдейді.




Сурет 14– $CsAgInCl_6$ өшу коэффициенті k(E).

Ал $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жүйесінде *k* мәні жоғарырақ және энергияға тәуелділігі күрделірек. 7–11 eV аймағында бірнеше максимум байқалады. Бұл Ti-дің d-күйлерінің оптикалық өтулерге қосқан үлесімен байланысты.




Сурет 15– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ өшу коэффициенті k(E).

Жұтылу коэффициентінің энергияға тәуелділігі. $Cs_2AgInCl_6$ және $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ перовскиттері үшін, $\alpha = 2\frac{\omega}{c}k$ формуласы арқылы жұтылу коэффициенті табылды. $Cs_2AgInCl_6$ жүйесінде жұтылу коэффициенті шамамен 5 eV энергиядан бастап күрт өседі және негізгі максимумдар 9–12 eV аймағында байқалады. Бұл материалдың көрінетін аймақта жұтылуы әлсіз екенін және ультракүлгін аймақта белсенді екенін көрсетеді.



Сурет 16– $CsAgInCl_6$ жұтылу коэффициенті α(E)


Na және Ti енгізілген $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ перовскитінде жұтылу коэффициенті едәуір жоғары мәндерге ие. Жұтылу спектрі кеңейіп, 6–14 eV аралығында бірнеше айқын шыңдар пайда болады. Бұл легирлеу нәтижесінде электрондық өтулердің күшейгенін және жаңа рұқсат етілген ауысулардың пайда болғанын көрсетеді.



Сурет 17– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ жұтылу коэффициенті α(E).


Энергия жоғалту функциясы L(ω). Энергия жоғалту функциясы материалдағы плазмондық тербелістерді сипаттайды.

$Cs_2AgInCl_6$ үшін L(ω) функциясында негізгі плазмондық шың шамамен 13–14 eV энергияда байқалады. Бұл жүйеде еркін тасымалдаушылардың концентрациясы салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді.




Сурет 18– CsAgInCl өшу энергия жоғалту функциясы L(ω)

$Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ перовскитінде плазмондық шың айқынырақ және интенсивтілігі жоғары. Сонымен қатар, шыңның энергиясы сәл төмен мәндерге ығысқан. Бұл легирлеу нәтижесінде электрон тығыздығының артқанын және ұжымдық тербелістердің күшейгенін білдіреді.




Сурет 19– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ энергия жоғалту функциясы L(ω).

Шағылу коэффициенті R(E). Шағылу коэффициенті $Cs_2AgInCl_6$ үшін төмен энергияларда аз мәндерге ие, бұл материалдың жақсы оптикалық мөлдір екенін көрсетеді. Шағылу коэффициентінің негізгі максимумдары ультракүлгін аймақта орналасқан.



Сурет 20– CsAgInCl шағылу коэффициенті R(E).

Ал Na және Ti легирленген перовскитте шағылу коэффициенті айтарлықтай артады және 9–12 eV аймағында айқын максимум байқалады. Бұл материалдың ультракүлгін сәулелерді тиімді шағылдыратынын көрсетеді.



Сурет 21– $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ шағылу коэффициенті R(E)

Қорытынды. Бұл жұмыста қорғасынсыз қос галогенді перовскиттер класына жататын $Cs_2AgInCl_6$ және Na, Ti иондарымен легирленген $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ күрделі көпкомпонентті жүйелерінің электрондық және оптикалық қасиеттері бірінші принциптік есептеулер негізінде жан-жақты зерттелді. Зерттеу Quantum ESPRESSO бағдарламалық кешені шеңберінде DFT-GGA-PBE әдісін қолдану арқылы жүргізілді.

Зоналық құрылым нәтижелері екі материалдың да жартылай өткізгіштік сипатқа ие екенін көрсетті. Таза $Cs_2AgInCl_6$ перовскитінде жанама тыйым салынған аймақтың кең мәнге ие болуы байқалып, бұл оның көрінетін аймақтағы оптикалық белсенділігін шектейтіні анықталды. Ал Na және Ti иондарымен бірлескен легирлеу нәтижесінде өткізгіштік зонаның төменгі шегі төмен энергияларға

CC BY NC

ығысып, тыйым салынған аймақ ені айтарлықтай тарылатыны анықталды. Бұл өзгерістер Ti-дің d-күйлерінің электрондық зоналардың қалыптасуына белсенді қатысуымен және зоналар дисперсиясының артуымен түсіндірілді.

Күйлер тығыздығын талдау валенттік зонаның негізінен Cl-p күйлерінен, ал өткізгіштік зонаның Ti-3d, In-d және Ag-d күйлерінен құралатынын көрсетті. Легирлеу қоспа деңгейлерінің пайда болуына, олардың энергия бойынша кеңеюіне және өткізгіштік зонамен қабаттасуына алып келіп, заряд тасымалдаушылардың тиімділігін арттыратыны анықталды.

Оптикалық қасиеттерді зерттеу нәтижелері Na және Ti енгізу материалдың диэлектрлік жауабын күшейтіп, жұтылу коэффициентін арттыратынын, оптикалық анизотропияның пайда болатынын көрсетті. Легирленген жүйеде ультракүлгін аймақта жұтылу, өшу коэффициенті және шағылу қабілеті айтарлықтай жоғарылағаны байқалды.

Сонымен қатар, энергия жоғалту функциясының өзгеруі электрон тығыздығының артқанын және плазмондық тербелістердің күшейгенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер көпкомпонентті катиондық алмастыру арқылы қос галогенді перовскиттердің электрондық және оптикалық қасиеттерін мақсатты түрде басқаруға болатынын көрсетті. $Cs_2Ag_{0.2}Na_{0.4}In_{0.6}Ti_{0.4}Cl_6$ перовскиті ультракүлгін фотодетекторлар, жарық шығаратын диодтар және басқа да оптоэлектрондық құрылғылар үшін перспективті қорғасынсыз материал ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жұмыс болашақта жаңа экологиялық қауіпсіз перовскиттік материалдарды жобалау мен эксперименттік зерттеулерге теориялық негіз бола алады.

References

Carnimeo I., Andreussi O., Brumme T., Bunau O., Nardelli M.B., Calandra M., et al. (2023). Quantum ESPRESSO: One further step toward the exascale. Journal of Chemical Theory and Computation. – Vol. 19, (20). – P. 6992–7006. https://doi.org/10.1021/acs.jctc.3c00249 (in Eng).

Guo J., Wang F., Li L., Zhang C., Kong J., Chen J. et al. (2025). Optical properties and electronic structures of lithium doped double perovskite $Cs_2AgBiCl_6$ crystals. Scientific Reports. https://doi.org/10.1038/s41598-025-95934-7 (in Eng).

Heo D.Y., Tekalgne M.A., Kim S.Y. (2024). Research progress and perspectives on photocatalysts based on the lead-free double halide perovskite. EES Catalysis. – Vol. 2. – P. 94-108. https://doi.org/10.1039/D3EY00229B (in Eng).

Huang X., Zhang Y., Li Z., et al. (2023). Highly responsive lead-free perovskite photodiode based on $Cs_2Ag_{0.35}Na_{0.65}InCl_6$ nanocrystals. ACS Applied Nano Materials. https://doi.org/10.1021/acsanm.3c04427 (in Eng).

Huang Y., Zhang X., Li Z.et al. (2024). Extending the absorption of $Cs_2AgBiCl_6$ double perovskite to the near infra-red region by copper doping. Journal of Materials Chemistry C. https://doi.org/10.1039/d3tc03567k (in Eng).

Investigation of lead-free halide $K_2AgSbBr_6$ double perovskite's structural, electronic, and optical properties using DFT functionals (2024). Chemical Physics Impact – https://doi.org/10.1016/j.chphi.2024.100207 (in Eng).

Magdalena N. Rowinska, Korolevych O., Kabański A., Stefanska D., Bednarchuk T., Piecha-Bisiorek A. (2025) Hybrid Bismuth(III)-Halide Double Perovskite-Derived Ferroelastic $(Pip)_2(KBiBr_6)$ with Excitonic and Bi(III) Luminescence due to Electronic Confinement along Inorganic Pillars. Chemistry of Materials. – Vol. 37(18). – P. 7125-7135. https://doi.org/10.1021/acs.chemmater.5c01183 (in Eng).

Nie K., Zhang Q., Li Y., Huang X., et al. Effectively tuning the band gap of double perovskite $Cs_2Ag(B_xBi_{1-x})Br_6$ ($B = Sb^{3+}$, In^{3+}) thin films // Chemical Physics Letters. – 2023. – Vol. 830. – Article No. 140805. https://doi.org/10.1016/j.cplett.2023.140805 (in Eng).

Nishitha P. Mathew a,b, N. Rajeev Kumar b, R. Radhakrishnan (2020). First principle study of the structural and optoelectronic properties of direct bandgap double perovskite $Cs_2AgInCl_6$. Materials Today: Proceedings. https://arxiv.org/abs/2009.12490 (in Eng).

Obada D.O., El-Maghraby H.F., Shaban M., Bekheet M.F. (2024). Structural, optoelectronic, mechanical, and thermoelectric properties of lead-free double perovskites from first-principles calculations. Crystals. – Vol. 14(1). – P. 86. https://doi.org/10.3390/cryst14010086 (in Eng).

Su H., Liu Y., Zhang X., Wang J., Chen Z. et al. (2024) Excitation-mode-selective emission through multiexcitonic states in lead-free double perovskite crystals. Light: Science and Applications. – Vol. 13 (215). https://doi.org/10.1038/s41377-024-01689-7 (in Eng).

Wang Y., Liu J., Liu Y., Li S., Xu X., Lou Z. (2024). Recent advances in lead-free halide perovskites: from synthesis to applications. Journal of Materials Chemistry C. – Vol. 12. – P. 10267-10329. https://doi.org/10.1039/D4TC01556H (in Eng).

Wang Y., Liu J., Liu Y., Li S., Xu X., Lou Z. (2024). Recent advances in lead-free halide perovskites: from synthesis to applications. Journal of Materials Chemistry C. – Vol. 12(28). – P. 10267-10329. https://doi.org/10.1039/D4TC01556H (in Eng).

Yu J., Ri I., Ri H., Jang J., Kim Y., Jong U. (2023). First-principles study on structural, electronic and optical properties of halide double perovskite Cs_2AgBX_6 (B = In, Sb; X = F, Cl, Br, I). RSC Advances. https://doi.org/10.1039/D3RA02566G (in Eng).

Zhanturina N., Sergeyev D., Aimaganbetova Z., Zhubaev A. and Bizhanova K. (2022). Structural Properties of Yttrium Aluminum Garnet, Doped with Lanthanum. Crystals. – Vol.12. – P. - 1132. https://doi.org/10.3390/cryst12081132 (in Eng).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 35–45

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.403

UDC: 539.141/.142
IRSTI: 29.15.03; 29.15.19

©Amangeldinova S., Zhuniskhan S., Kalzhigitov N., Kurmangaliyeva V.*, 2026.
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
*E-mail: venera_baggi@mail.ru

STUDY OF THE CLUSTER STRUCTURE OF ^{5}He AND ^{5}Li MIRROR NUCLEI IN TWO-CLUSTER APPROXIMATION

Amangeldinova Sabina — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: sabinaa247@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1062-1073;
Zhuniskhan Sardar — Master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: sardar_07@bk.ru, https://orcid.org/0009-0000-7950-273X;
Kalzhigitov Nursultan — PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: knurto1@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2598-3176;
Kurmangaliyeva Venera — Candidate of physical and mathematical sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: venera_baggi@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8046-8508.

Abstract. The nature of nuclear interaction currently remains one of the urgent problems in the fields of nuclear physics and nuclear astrophysics. In particular, in the study of primordial nucleosynthesis processes, the questions about the nature and structure of light nuclei such as ^{5}He and ^{5}Li remain largely open, requiring a more detailed analysis taking into account different approaches. Since these nuclei represent unstable resonant systems, the determination of their spectral characteristics plays an important role in understanding the properties of nuclear forces at short distances. One of these approaches is the well-proven cluster approximation, where nuclei are considered from the position of a group of interacting nucleon clusters. The cluster model provides a clear physically interpretation of the structure of light nuclei and enables a qualitative description of the nature of resonant states. The purpose of this study is to determine the features of nuclear interaction, describing the resonance states of ^{5}He and ^{5}Li nuclei from the position of cluster structures. The algebraic version of the Resonating Group Method is employed to describe the intercluster interaction. The calculations were performed using the modified Hasegawa-Nagata potential. The obtained resonance energies and widths were compared with available experimental data. The calculations show that the resonance energy of the ground state of ^{5}He is 0.78 MeV with a width of 0.68 MeV. For ^{5}Li, the corresponding values are 1.60 MeV and 1.32 MeV. The results are in good

agreement with experimental data and demonstrate the reliability and effectiveness of the applied model for describing the considered nuclear systems.

Key words: clusters, microscopic two-cluster model, resonating group method, light nuclei, resonant states

For citations: *Amangeldinova S., Zhuniskhan S., Kalzhigitov N., Kurmangaliyeva V. Study of the Cluster Structure of ^{5}He and ^{5}Li Mirror Nuclei in Two-Cluster Approximation. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 35–45. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.403*

©Амангелдинова С., Жүнісхан С., Калжигитов Н., Курмангалиева В. *, 2026.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Казахстан.
*E-mail: venera_baggi@mail.ru

ЕКІ КЛАСТЕРЛІК ЖУЫҚТАУДА ^{5}He ЖӘНЕ ^{5}Li АЙНАЛЫҚ ЯДРОЛАРЫНЫҢ КЛАСТЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУ

Амангелдинова Сабина — PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: sabinaa247@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1062-1073;
Жүнісхан Сардар — магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: sardar_07@bk.ru, https://orcid.org/0009-0000-7950-273X;
Калжигитов Нурсултан — PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: knurto1@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2598-3176;
Курмангалиева Венера — физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: venera_baggi@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8046-8508.

Аннотация. Ядролық әсерлесудің табиғаты қазіргі уақытта ядролық физика және ядролық астрофизика салаларындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Атап айтқанда, бастапқы нуклеосинтез процестерін зерттеуде ^{5}He және ^{5}Li сияқты жеңіл ядролардың табиғаты мен құрылымы туралы сұрақтар негізінен ашық күйінде қалады, бұл өз кезегінде әртүрлі тәсілдерді ескере отырып, егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді. Бұл ядролар тұрақсыз резонанстық жүйелер болып табылатындықтан, олардың спектрлік сипаттамаларын анықтау ядролық күштердің қысқа қашықтықтағы қасиеттерін түсіну үшін маңызды рөл атқарады. Осындай тәсілдердің бірі жақсы қалыптасып келген кластерлік жуықтау болып табылады, бұл жерде ядролар өзара әсерлесетін нуклондық кластерлер тобы тұрғысынан қарастырылады. Кластерлік модель жеңіл ядролардың құрылымын физикалық тұрғыдан айқын интерпретациялауға және резонанстық күйлердің табиғатын сапалы сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаты ^{5}He және ^{5}Li ядроларының резонанстық күйлерін кластерлік құрылымдар тұрғысынан

сипаттау арқылы ядролық өзара әрекеттесу ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Кластер аралық әсерлесулерді сипаттау үшін резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасы қолданылады. Есептеулер модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалы арқылы орындалды. Зерттеу барысында алынған резонанстық күйлердің алынған энергиялары мен ендері тәжірибелік мәліметтермен салыстырылды. Есептеулер нәтижесінде ^{5}He ядросының негізгі күйінің резонанс энергиясы 0,78 МэВ, ал ені 0,68 МэВ екені анықталды. ^{5}Li ядросы үшін сәйкесінше 1,60 МэВ және 1,32 МэВ мәндері алынды. Бұл нәтижелер тәжірибелік мәндермен жақсы үйлесім таба білді. Таңдалған әдістің дәлдігін көрсететін алынған мәліметтер алға қойылған міндеттерді сипаттауда осы модельді қолданудың тиімділігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: кластерлер, микроскопиялық екі кластерлік модель, резонанстық топтар әдісі, жеңіл ядролар, резонанстық күйлер

©Амангелдинова С., Жүнісхан С., Калжигитов Н., Курмангалиева В. *, 2026.
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
*E-mail: venera_baggi@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ КЛАСТЕРНОЙ СТРУКТУРЫ ЗЕРКАЛЬНЫХ ЯДЕР ^{5}He И ^{5}Li В ДВУХКЛАСТЕРНОМ ПРИБЛИЖЕНИИ

Амангелдинова Сабина — PhD докторант, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: sabinaa247@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1062-1073;
Жүнісхан Сардар — магистрант, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: sardar_07@bk.ru, https://orcid.org/0009-0000-7950-273X;
Калжигитов Нурсултан — PhD, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: knurto1@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2598-3176;
Курмангалиева Венера — кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: venera_baggi@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8046-8508.

Аннотация. Природа ядерного взаимодействия в настоящее время остается одной из актуальных проблем ядерной физики и ядерной астрофизики. В частности, при исследовании процессов первичного нуклеосинтеза вопросы о природе и структуре легких ядер, таких как ^{5}He и ^{5}Li, во многом остаются открытыми и требуют более детального анализа с учетом различных подходов. Поскольку данные ядра являются неустойчивыми резонансными системами, определение их спектральных характеристик играет важную роль в понимании свойств ядерных сил на малых расстояниях. Одним из таких подходов является хорошо зарекомендовавшее себя кластерное приближение, в рамках которого ядра рассматриваются как системы взаимодействующих нуклонных кластеров. Кластерная модель позволяет дать физически наглядную интерпретацию

структуры легких ядер и обеспечивает качественное описание природы резонансных состояний. Целью данного исследования является выявление особенностей ядерного взаимодействия при описании резонансных состояний ядер ^{5}He и ^{5}Li с позиций кластерной структуры. Для описания межкластерного взаимодействия используется алгебраическая версия метода резонирующих групп. Расчеты выполнены с использованием модифицированного потенциала Хасегавы-Нагаты. В ходе исследования полученные энергии и ширины рассматриваемых резонансов были сопоставлены с экспериментальными данными. В результате расчетов установлено, что резонансная энергия основного состояния ядра ^5He составляет 0,78 МэВ при ширине 0,68 МэВ. Для ядра ^{5}Li соответствующие значения составляют 1,60 МэВ и 1,32 МэВ. Полученные результаты находятся в хорошем согласии с экспериментальными данными. Таким образом, полученные данные подтверждают точность выбранного метода и свидетельствуют об эффективности применения данной модели для описания рассматриваемых задач.

Ключевые слова: кластеры, микроскопическая двухкластерная модель, метод резонирующих групп, легкие ядра, резонансные состояния

Кіріспе. Бұл жұмыстың шеңберінде ядролық әсерлесудің табиғатын зерттеу мақсатында, алғашқы нуклеосинтез кезінде альфа бөлшек пен нейтронның шашырауы нәтиженсінде пайда болған ^{5}He және альфа бөлшек пен протоның шашырауы нәтижесінде пайда болған ^{5}Li жеңіл ядроларының резонансты күйлері зерттеуге алынды.

Ядролық күштердің табиғатын зерттеуге деген қызығушылық ғалымдарды тұрақтылық аймағынан тысқары жатқан ядролардың резонанстық күйлерін зерттеуге бағыттайды. Резонансты күйлерді зерттеудің маңыздылығының себебі, олар әсерелесуші бөлшектер белгілі бір энергия мәніне жеткенде ыдырай отырып, ұзақ уақыт өмір сүруге бейімді. Басқа да энергетикалық диапазонда немесе басқа кванттық сандарда бұндай күйлер пайда болмайды. Осылайша резоннстық күйлерді зерттеу ядролық әсерлесулердің табиғатын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

^{5}He және ^{5}Li жеңіл ядролары айналық ядролар болып табылады. Олар бірдей массалар санын құрайды, бірақ бірінде нейтрондар саны көп болса, екіншісінде протондар саны көп. Бұл ядролар ұқсас құрылымға ие болғанымен, энергетикалық деңгейлерде зарядтық өзгешелікке байланысты сәйкессіздік пайда болады. Атап айтқанда кулондық эффектінің әсерінен ^{5}Li ядросында энергетикалық деңгейлер жоғарылайды, сәйкесінше резонанс ені де өзгереді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл жұмыста атом ядролының әртүрлі қозған және байланысқан күйлерінің есептеулерін жүргізу үшін екікластерлік микроскопиялық модель қолданылды (Wheeler, 1937; Ikeda et al., 2010; Horiuchi and Beck, 2010). Екікластерлік микроскопиялық моделінің математикалық тұжырымдамасы резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасы болып табылады. Алгебралық нұсқаның негізгі ерекшелігі, байланысқан және үздіксіз спектр жағдайында кластерлердің салыстырмалы қозғалысын сипаттау үшін

осцилляторлық функциялардың толық жиынын қолдану (Wildermuth and Tang, 1977; Tang et al., 1978).

Резонанстық топтар әдісінің шеңберінде екікластерлік жүйенің толық функциясы келесі түрде беріледі:

$$\Psi_J = \hat{A}\{[\varphi_1(A_1)\varphi_2(A_2)]_s \psi_{LS}^J(\vec{q})\} \quad (1)$$

мұндағы $\varphi_1(A_1)$ – бірінші кластерді құрайтын A_1 нуклондар жиынының ішкі қозғалысының толқындық функциясы, $\varphi_2(A_2)$ – екінші кластерді құрайтын A_2 нуклондар жиынының ішкі қозғалысының толқындық функциясы. Екі функция да жеке нуклонның кеңістіктік, спиндік, изоспиндік айнымалыларынан тәуелді. Екі функциядағы нуклондардың орын ауыстыруына байланысты антисимметриялы. Резонанстық топтар әдісінде, бұл функциялар белгілі деп болжай аламыз. Ал $\psi_{LS}^J(\vec{q})$ функциясы, кластерлердің бір-біріне қатысты салыстырмалы қозғалысын сипаттайтын толқындық функцияның динамикалық теңдеуін шешу арқылы табылады. Бұл функция, кластерлер арасындағы арақашықтықты анықтайтын $\vec{q}$ Якоби векторының функциясы болып табылады (Saito, 1969).

Резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасы шеңберінде кластераралық әсерлесудің жіктелуі орындалады, $\psi_{LS}^J(\vec{q})$ толқындық функциясы үшөлшемді гармоникалық осцилляторлардың базистік қатарына жіктеледі:

$$\psi_{LS}^J(\vec{q}) = \sum_{n=n_0}^{\infty} C_{nL}\psi_{nL}(q, r_0) \quad (2)$$

мұндағы C_{nL} – жіктелу коэффициенті, q – Якоби векторының модулі. $\psi_n(q, r_0)$ осцилляторлық функциясының түрін келесі жұмыстан көруге болады (Filippov and Okhrimenko, 1981). Осцилляторлық функция ортонормаланған функциялар жиынынан тұратын болғандықтан, кез келген екікластерлік жүйенің толқындық функциясын осы функцияларға жіктеуге болады.

Екікластерлік жүйенің толқындық функциясы (1), (2) теңдеулерін ескере отырып Фурьенің жалпыланған қатары түрінде қарастырыла алады (Filippov, 1981)

$$\Psi_J = \sum_{n=n_0}^{\infty} C_{nL}\Psi_{nL} \quad (3)$$

Бұл өз кезегінде келесідей жіктеу коэффициенттерінің алгебралық теңдеулерінің жиынтығын береді:

$$\sum_{m=n_0}^{\infty}\left[\langle \vec{n}L|\hat{H}|\vec{m}L\rangle - E\delta_{n,m}\right]C_{mL} = 0 \quad (4)$$

мұндағы $\hat{H}$ – ядро гамильтонианы, E – ядролық жүйенің толық энергиясы, ал

$$\Psi_{nL} = \hat{A}\{\varphi_1(A_1)\varphi_2(A_2)\psi_{nL}(q, b)Y_{LM}(\vec{q})\} \quad (5)$$

кластерлік осциллятордың көп өлшемді функциясы.

Кіріс параметрлері. ^{5}He және ^{5}Li ядролары үшін тәжірибелік мәнге жақын байланыс энергиясын алу үшін есептеудің кіріс параметрлеріне өңдеу жүргізу қажет. Екі-кластерлік табалдырықтың энергиясын минимизациялау үшін модельдің еркін параметрі болып табылатын b – осцилляторлық ұзындық таңдап алынды. Бұл параметрдің таңдап алынуы ^{5}He және ^{5}Li ядроларындағы альфа бөлшектің ішкі құрылымын тиімді түрде сипаттауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар басым екі-кластерлік табалдырыққа қатысты ^{5}He және ^{5}Li ядроларының ең төменгі резонансты күйлерін көрсету шін Хасегава-Нагата потенциалының m Майоран параметріне де кішігірім өңдеу жүргізілді.

Екі-кластерлік жүйелердің үздіксіз спектрін анықтау үшін бұл жұмыста модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалы (MHNP) қолданылды (Hasegawa, 1971). MHNP – бұл потенциал, жеңіл ядролардың кластерлік құрылымын зерттеу үшін арнайы шығарылған потенциал. Бұл потенциал резонанстық топтар әдісінің әртүрлі нұсқаларында ядроның құрылымын және ядролық реакцияларды зерттеуде жиі қолданылады. Өзіндік ерекшелігі бар бұл потенциал, центрге тартқыш және спин-орбиталық компоненттерден, сонымен қатар протондар арасындағы кулондық күштерді сипаттайын компоненттен тұрады:

$$V_{я} = V_{LS} + V_{ц} + V_{т} \qquad (6)$$

Центрлік компоненті:

$$V_{ц}(r_{ij}) = \sum_{n=1}^{3}\left(w_c^{(n)} + m_c^{(n)} P_{ij}^{M} + b_c^{(n)} P_{ij}^{B} + h_c^{(n)} P_{ij}^{H}\right) \cdot V_{C_0}^{(n)} \cdot e^{\left(-\mu_c^{(n)} r_{ij}^2\right)} \qquad (7)$$

Спин-орбиталдық компоненті:

$$V_{LS}(r_{ij};\ \sigma_i, \sigma_j) = \sum_{n=1}^{2}\left(w_{LS}^{(n)} + m_{LS}^{(n)} P_{ij}^{M}\right) \cdot V_{LS_0}^{(n)} \cdot e^{\left(-\mu_c^{(n)} r_{ij}^2\right)} \qquad (8)$$

мұндағы n – Гаусс функцияларының саны, μ – күш радиусының квадратына кері параметр, σ_i - і-ші нуклонның спин операторы, τ_i – изоспиндік айнымалы, алмасу операторлары (P^M – Майоран, P^B –Бартлетт, P^H – Гейзенберг операторлары), алмасу параметрлері (m – Майоран, b –Бартлетт, h – Гейзенберг параметрлері), w – Вигнер параметрі. m, b, h, w – 0 ден 1-ге дейін өзгеретін өлшемсіз параметрлер.

Кіріс параметрлерінің нақты мәндері 1-кестеде келтірілген, мұндағы b – осцилляторлық ұзындық, m – Майоран параметрі. Майоран параметрінің бастапқы мәні m_0= 0,4057-ға тең. Кестеде Майоран параметрінің осы шамаға қатысты модификациясы келтірілген, көрсетілгендей келтірілген өзгеріс шамасы өте аз.

Модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалындағы спин-орбиталық бөлігінің әсері тым үлкен болғандықтан, физикалық емес нәтижелер алмау үшін f_{LS} көбейткішін вариациялық көбейткіш ретінде енгіземіз (Kalzhigitov et al., 2023).


CC BY NC

Кесте 1 – Есептеулердің кіріс параметрлері

Потениал	Ядро	b, фм	Δm	f_{LS}
MHNP	^{5}He ^{5}Li	1.317	0.000	0.50

Нәтижелер мен талқылаулар. Ядроның спині мен жұптылығын есептей отырып, ^{5}He және ^{5}Li ядроларының негізгі күйлері анықталды. ^{5}He ядросы үшін 1-ші $s_{\frac{1}{2}}$ қабаттың толтырылу ережесіне сай 2 протон мен 2 нейтрон орналасады да, ал 3-ші нейтрон келесі $p_{\frac{3}{2}}$ қабатта орналасады. Сонда негізгі күй үшін орбиталық момент L=1 (яғни p қабат) және толық механикалық момент немесе толық спин, J=3/2 болатын күйде орналасады. $\pi = (-1)^{L}$ формуласына сәйкес, орбиталық момент L=1-ге тең болғандықтан, сәйкесінше $\pi = (-1)^{1} = -1$, яғни жұптылығы – теріс болады. Сонымен ^{5}He ядросының негізгі күйі келесідей түрге ие: $J^{\pi} = \frac{3}{2}^{-}$. Сонымен қатар бірінші қозған күйі де есептелінді. Бұл жерде L=1, J=3/2, онда бірінші қозған күйдің түрі келесідей жазылады: $J^{\pi} = \frac{1}{2}^{-}$. ^{5}Li ядросының негізгі және бірінші қозған күйі де осыған сәйкес есептелінді, олар да ^{5}He ядросының күйлері сияқты түрге ие: $J^{\pi} = \frac{3}{2}^{-}$ және $J^{\pi} = \frac{1}{2}^{-}$.


1-суретте ^{5}He және ^{5}Li ядроларының шашырау қималары бейнеленген. Суреттен шашырау қимасының күрт өсуін байқауа болады, бұл белгілі бір энергияның мәнінде резонанс бар екендігінің көрінісін білдіреді. Сонымен қатар суреттерден $\frac{1}{2}^{-}$ күйінің резонансы негізгі күйдің $\frac{3}{2}^{-}$ резонансына қарағанда кеңірек екендігін байқауға болады.



Сурет 1. а) $\alpha + {}^{1}_{0}n \rightarrow {}^{5}_{2}He$ реакциясының шашырау қималары.
б) $\alpha + {}^{1}_{1}p \rightarrow {}^{5}_{3}Li$ реакциясының шашырау қималары.


2-суретте бейнеленген ^{5}He және ^{5}Li ядроларының негізгі күйлерінің толқындық функциялары өте аз кластераралық қашықтықта түйіннің бар екендігін көрсетеді. Негізгі күйдің толқындық функциясы қарапайым екі бөлшектік кванттық

жүйелерде түйін құрамайды, ал екі-кластерлік жүйелерде Паули принципінің әсері негізінде олар сөзсіз пайда болады. Мұндай түйіндердің бар болуы ядролардың кластерлік құрылымына тән көрініс болып табылады және өз кезегінде толқындық функцияның нуклондар бойынша антисимметризациялау қажеттілігін көрсетеді.



Сурет 2. ^{5}He және ^{5}Li ядроларының негізгі күйлерінің координаталық кеңістіктегі $J^\pi = \frac{1}{2}^-$ толқындық функциялары.

Сонымен қатар ^{5}He и ^{5}Li ядроларының фазалық ығысулары, яғни шашырау бұрыштарының шашырау энергияларынан тәуелділігі қарастырылды. Альфа-бөлшек пен нейтрондардың серпімді шашырауларының фазалық ығысулары 3(а)-суретте келтірілген. Аналогиялық түрде альфа-бөлшек пен протондардың серпімді шашырауларының фазалық ығысулары 3(б)-суретте келтірілген. Бұл графиктерден $J^\pi = \frac{1}{2}^-$ және $J^\pi = \frac{1}{2}^-$ күйлерінің фазалық ығысулары толық орбиталық моменттің L=1 мәнінде резонанстық сипатқа ие екендігі көрініп тұр.



а) б)

Сурет 3. а) $\frac{3}{2}^-$ және $\frac{3}{2}^-$ кванттық сандарымен алынған ^5_2He ядросының б) $\frac{3}{2}^-$ және $\frac{3}{2}^-$ кванттық сандарымен алынған ^5_3Li ядросының MHNP потенциалын қолдану арқылы AV RGM әдісімен алынған фазалық ығысуларының (δ) шашырау энергиясынан (E) тәуелділігі.

CC BY NC

Резонанс байқалатын күйлердің резонанс параметрлері, яғни Е резонанс энергиясы мен Г резонанс ені резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасы (AV RGM) арқылы есептелінді. Нуклон-нуклондық потенциал ретінде модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалы (MHNP) таңдап алынды және есептеу нәтижелері келесі мәліметтерді көрсетті:

^{5}He ядросында $\frac{3}{2}^-$ күйі үшін резонанс энергиясының шамасы $E = 0{,}78$ МэВ құрайды және резонанс енінің шамасы $\Gamma = 0{,}68$ МэВ құрайды. Ал $\frac{1}{2}^-$ күйі үшін резонанс энергиясының шамасы $E = 2{,}12$ МэВ құрайды және резонанс енінің шамасы $\Gamma = 5{,}96$ МэВ құрайды.

^{5}Li ядросында $\frac{3}{2}^-$ күйі үшін резонанс энергиясының шамасы $E = 1{,}60$ МэВ құрайды және резонанс енінің шамасы $\Gamma = 1{,}32$ МэВ құрайды. Ал $\frac{1}{2}^-$ күйі үшін резонанс энергиясының шамасы $E = 3{,}00$ МэВ құрайды және резонанс енінің шамасы $\Gamma = 7{,}30$ МэВ құрайды.

Бұл әдіспен алынған мәндер тәжірибелік мәндермен салыстырылды, сонымен қатар AV RGM (Filippov & Okhrimenko, 1981) әдісі арқылы алынған резонанс параметрлері және тәжірибелік мәндер 2-кестеде келтірілген.

2-кестеден AV RGM әдісі арқылы есептелінген резонанс параметрлері тәжірибелік мәндерге жақын екендігі көрініп тұр, бұл салыстыруды 3-суретте бейнеленген графиктен байқауға болады.

Кесте 2 – ^{5}He және ^{5}Li ядролары үшін MHNP потенциалын қолдану арқылы AV RGM әдісімен алынған резонанс параметрлерінің мәндері. Салыстыру үшін (Tilley et al., 2002) жұмысынан тәжірибелік мәндер келтірілген.

Ядро	J^π	L	S	AV RGM (Filippov & Okhrimenko, 1981) MHNP (Hasegawa, 1971)		Тәжірибе (Tilley et al., 2002)	
				Е, МэВ	Г, МэВ	Е, МэВ	Г, МэВ
^{5}He	$\frac{3}{2}^-$	1	$\frac{1}{2}$	0,78	0,68	0,80	0,65
	$\frac{1}{2}^-$	1	$\frac{1}{2}$	2,12	5,96	2,07	5,57
^{5}Li	$\frac{3}{2}^-$	1	$\frac{1}{2}$	1,60	1,32	1,69	1,23
	$\frac{1}{2}^-$	1	$\frac{1}{2}$	3,00	7,30	3,18	6,60

MHNP потенциалын қолдану арқылы есептелген AV RGM әдісінің көрсеткішінің тәжірибелік мәндермен сәйкес келуі таңдап алынған потенциалдың ерекшелігіне байланысты. Модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалы әсерлесудің үш түрін ескереді: кулондық әсерлесу, центрлік әсерлесу және спин-орбиталық әсерлесу.

Суреттерден көріп тұрғанымыздай ^{5}He және ^{5}Li айналық ядроларының резонансты күйлерін зерттеу зарядтық айырмашылықтың әсерін және

құрылымдық үйлесімін көрсетуге мүмкіндік береді. ^{5}Li ядросында ^{5}He ядросына қарағанда протондар саны көбірек болғандықтан, кулондық әсерлесудің әсерінен резонанстық күйдің энергиясы мен енінің ығысуы көрініс табады (Duisenbay et al., 2020; Kalzhigitov et al., 2021).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2-кестеден ^{5}Li ядросының резонанс энергиялары көбірек мәнге ие, сонымен қатар резонанс ендері аса кең болып табылады. Бұл нәтиже зарядтық симметрияның бұзылуы туралы түсінікті және кулондық әсердің маңыздылығы туралы түсінікті толықтырады. Айналық ядроларға салыстыру жүргізу арқылы ядролық күштердің табиғатына тереңірек үңіліп, олардың зарядтан тәуелділік ерекшеліктерін түсінуге болады (Kalzhigitov et al., 2023; Odsuren et al., 2019).

Қорытынды. Бұл жұмыста резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасын негізге ала отырып ^{5}He және ^{5}Li жеңіл ядроларының резонансты күйлері зерттелінді. Есептеулер екікластерлік микроскопиялық модель аясында модификацияланған Хасегава-Нагата потенциалы арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижесінде негізгі күйдегі ^{5}He ядросының резонанс энергиясы 0,78 МэВ, ал ені 0,68 МэВ болатыны анықталды. Сәйкесінше ^{5}Li ядросының параметрлері 1,60 МэВ және 1,32 МэВ құрайтыны белгілі болды. Бұл нәтижелер тәжірибелік мәндермен жақсы үйлесім таба білді.

Микроскопиялық екікластерлік жүйені зерттеуге қолданылған - резонансты топтар әдісінің алгебралық нұсқасы, резонанс параметрлерін нақты сипаттайды және ядролық құрылымды зерттеуде жақсы құрал болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Бұл әдіс жеңіл ядролардың қасиеттерін жақсы сипаттау арқылы, жұлдыздардағы нуклиеосинтезді терең түсінуге жол ашады.

References

Duisenbay A.D., Kalzhigitov N., Kato K., Kurmangaliyeva V.O., Takibayev N., Vasilevsky V.S. (2020) Effects of the Coulomb interaction on parameters of resonance states in mirror three-cluster nuclei. Nuclear Physics A, 996. https://doi.org/10.1016/j.nuclphysa.2020.121692 (in Eng.).

Filippov G.F. (1981) On taking into account correct asymptotic behavior in oscillator-basis expansions. Soviet Journal of Nuclear Physics, 33. – P. 488-489. (in Eng.).

Filippov G.F., Okhrimenko I. (1981) Use of an oscillator basis for solving continuum problems. Soviet Journal of Nuclear Physics, 33. – P. 480-484. (in Eng.).

Hasegawa A. (1971) Ground state of ^{6}Li. Progress of Theoretical Physics, 45(6). – P. 1786-1807. DOI: https://doi.org/10.1143/PTP.45.1786 (in Eng.).

Horiuchi H., Beck C. (2010) Clusters in nuclei. Lecture Notes in Physics, 818. – P. 57. DOI: 10.1007/978-3-642-13899-7_2 (in Eng.).

Ikeda K., Myo T., Kato K., Toki H., Beck C. (2010) Clusters in nuclei. Lecture Notes in Physics, 818. – P. 165. DOI: 10.1007/978-3-642-13899-7_5 (in Eng.).

Kalzhigitov N., Kurmangaliyeva V.O., Takibayev N.Zh., Vasilevsky V.S. (2023) Resonance structure of 8Be within the two-cluster resonating group method. Ukrainian Journal of Physics, 68(1). – P. 3-18. DOI: https://doi.org/10.15407/ujpe68.1.3 (in Eng.).

Kalzhigitov N., Vasilevsky V.S., Takibayev N.Zh., Kurmangaliyeva V.O. (2021) Effect of cluster polarization on the spectrum of the 6Li nucleus. Acta Physica Polonica B Proceedings Supplement, 14. – P. 711-717. DOI: https://doi.org/10.5506/APHYSPOLBSUPP.14.711 (in Eng.).

Lashko Yu.A., Filippov G.F., Vasilevsky V.S. (2015) Dynamics of two-cluster systems in phase space. Nuclear Physics A, 941. – P. 121-144. DOI: https://doi.org/10.1016/j.nuclphysa.2015.06.006 (in Eng.).

Odsuren M., Khuukhenkhuu G., Kato K. (2019) Structure of continuum states of A = 5 mirror nuclei in the complex scaling method. Acta Physica Polonica B, 50(3). – P. 417-424. DOI: https://doi.org/10.5506/aphyspolb.50.549 (in Eng.).

Saito S. (1969) Interaction between clusters and Pauli principle. Progress of Theoretical Physics, 41(3). – P. 705-722. DOI: https://doi.org/10.1143/PTP.41.705 (in Eng.).

Tang Y.C., Lemere M., Thompson D.R. (1978) Resonating-group method for nuclear many-body problems. Physics Reports, 47. – P. 167-223. DOI: https://doi.org/10.1016/0370-1573(78)90175-8 (in Eng.).

Tilley D.R., Cheves C.M., Godwin J.L., Hale G.M., Hofmann H.M., Kelley J.H., Sheu C.G., Weller H.R. (2002) Energy levels of light nuclei A = 5, 6, 7. Nuclear Physics A, 708. – P. 3-163. DOI: https://doi.org/10.1016/S0375-9474(02)00597-3 (in Eng.).

Wheeler J.A. (1937) On the mathematical description of light nuclei by the method of resonating group structure. Physical Review, 52. – P. 1107-1122. DOI: https://doi.org/10.1103/PhysRev.52.1107 (in Eng.).

Wildermuth K., Tang Y.C. (1977) A unified theory of the nucleus. Braunschweig: Vieweg Verlag. DOl: 10.1007/978-3-322-85255-7 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 46–64

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.404

Naghib E., Yoachim P., Vanderbei R.J., Connolly A.J., Jones R.L. (2019) A Framework for Telescope Schedulers: With Applications to the Large Synoptic Survey Telescope. The Astronomical Journal. – Vol. 157. № 4. Art. no. 151, IOP. DOI:10.3847/1538-3881/aafece (in Eng.)

Ofek E.O. (2023) The Large Array Survey Telescope–Pipeline. I. Basic Image Reduction and Visit Coaddition. Publications of the Astronomical Society of the Pacific. – Vol. 135. – № 1054. Art. no. 124502, IOP. DOI:10.1088/1538-3873/ad0977 (in Eng.)

Parazin B., Coughlin M.W., Singer L.P., Gupta V., Anand S. (2022) Foraging with MUSHROOMS: A Mixed–integer Linear Programming Scheduler for Multimessenger Target of Opportunity Searches with the

Zwicky Transient Facility. The Astrophysical Journal. – Vol. 935. № 2. Art. no. 87. IOP, DOI:10.3847/1538-4357/ac7fa2 (in Eng.)

Salmon L., Hanlon, L., Jeffrey R. M., Martin–Carrillo A. (2020) Web application for galaxy–targeted follow–up of electromagnetic counterparts to gravitational wave sources. Astronomy and Astrophysics. Vol. 634. Art. no. A32, EDP, 2020. DOI:10.1051/0004-6361/201936573 (in Eng.)

CC BY NC

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 89–104

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.407

UDC: 538.94
IRSTI: 29.17.21

©Koshtybayev T.B.[1], Tatenov A.M.[1*], Aliyeva M.E.[2], Tugelbaeva G.T.[1], Zhanaliyeva G.Zh.[1], 2026.
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
[*]E-mail: a.tatenov1@gmail.com

STUDY OF THE ELECTROMAGNETIC FIELD BASED ON THERMODYNAMICS PRINCIPLES

Koshtybayev Talgat — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: koshtybayev70@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-7344-6801;
Tatenov Adambek — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: a.tatenov1@gmail.com, https://orcid.org/0000–0003–4767–5788;
Aliyeva Moldir — Master of sciences, Senior lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: moldir-2008@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0440-6211;
Tugelbaeva Gulnazia — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: tugelbaevagul5@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-0245-7584;
Zhanaliyeva Gulzhaina — Master of Pedagogical Sciences, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: zhavliyeva.11@gmail.com, https://orcid.org/0009–0008–4554–7604.

Abstract. Analyzing the possibilities and disadvantages of Maxwell's equations for the electromagnetic field with respect to energy, the range of these equations has been expanded through research based on thermodynamic principles. According to the idea of applying the equivalence principle for heat and work to nonequilibrium systems, energy transformations in a closed current-carrying system have been theoretically investigated using an energy-dynamic approach called the power theory of real processes. From this point of view, which does not require reasons for changing the parameters characterizing the system, the conversion of all types of energy into useful energy during non-stationary processes is proved. In the section "research methods" of the article, the possibilities and relevance of energy dynamics are comprehensively disclosed and the conditions of its correlation with the topic of the article are analyzed.

Without the help of a single electromagnetic field equation using energy dynamics, Maxwell's electrodynamics was supplemented by six different works performed by charge and current in a current-carrying system. In order to reveal the thermodynamic properties of the electromagnetic field, the energy accumulated in a single volume of a stationary system in external electric and magnetic fields was considered through energy-dynamic relations. When the energies of the electric and magnetic fields are converted into each other, a balance is restored between the energy power, which does not change the energy and entropy of the system. Using this circumstance, the expressions of electromotive and magnetomotive forces are derived. In theoretical studies, Joule losses under electrical conductivity conditions were not taken into account, while it was assumed that the balance between capacities was performed for all individual parts of the system. Without these conditions, the transition to differential equations would not have been possible. In contrast to Maxwell's equations, the resulting equations, as in the main equation of energy dynamics, provide for the full derivatives of vector quantities with respect to time.

Keywords: electromagnetic field, energy dynamics, Maxwell's equations, current-carrying system, electric and magnetic energy, heat and work, conservation law, conduction current, charge

For citations: Koshtybayev T.B., Tatenov A.M., Aliyeva M.E., Tugelbaeva G.T., Zhanaliyeva G.Zh. Study of the Electromagnetic Field Based on Thermodynamics Principles. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 89–104. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.407

©Коштыбаев Т.Б.[1], Татенов А.М.[1]*, Алиева М.Е.[2], Тугелбаева Г.Т.[1], Жаналиева Г.Ж.[1], 2026.

[1]Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
*E-mail: a.tatenov1@gmail.com

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІСТІ ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ БАСТАМАЛАР ТҰРҒЫСЫНДА ЗЕРТТЕУ

Қоштыбаев Талғат — физика–математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: koshtybayev70@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-7344-6801;
Татенов Адамбек — физика–математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: a.tatenov1@gmail.com, https://orcid.org/0000–0003–4767–5788;
Алиева Мөлдір — жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Казақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: moldir-2008@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0440-6211;
Тугелбаева Гүлназия — химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: tugelbaevagul5@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-0245-7584;

Жаналиева Гулжайна — педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: zhavliyeva.11@gmail.com, https://orcid.org/0009–0008–4554–7604.

Аннотация. Максвеллдің электромагниттік өріске арналған теңдеулерінің мүмкіндіктері мен энергияға қатысты кемшілік тұстарына талдау жасай отырып, бұл теңдеулердің ауқымы термодинамикалық бастамаларға негізделеген зерттеулер арқылы кеңейтілді. Жылу мен жұмысқа арналған эквиваленттілік принципін тепе–теңсіздік жүйелерге қолдану идеясына сәйкес нақтылы процестердің қуаттылық теориясы деп аталатын энергодинамикалық көзқарас арқылы ток тасымалданатын тұйық жүйедегі энергия түрленулері теориялық тұрғыда зерттелді. Жүйені сипаттайтын параметрлердің өзгеру себептерін қажет етпейтін бұл көзқарас бойынша стационарлы емес процестер кезіндегі энергияның барлық түрінің пайдалы энергияға түрленуі дәлелденді. Мақаланың зерттеу әдістері бөлімінде энергодинамиканың мүмкіндіктері мен өзектілігі жан–жақты ашылып көрсетілді және оның мақала тақырыбына қатыстылық шарттары сараланды. Энергодинамиканы қолданып электромагниттік өрістің бірде бір теңдеуінің көмегенсіз Максвеллдің электродинамикасы тогы бар жүйедегі заряд пен токтың атқаратын алты түрлі жұмыстарымен толықтырылды. Электромагниттік өрістің термодинамикалық қасиеттерін ашу мақсатында сыртқы электр және магнит өрістеріндегі қозғалмай тұрған жүйенің бірлік көлемінде жинақталған энергия энергодинамикалық қатынас арқылы қарастырылды. Электр және магнит өрістерінің энергиялары бір–біріне түрленген кезде жүйенің энергиясы мен энтропиясын өзгертпейтін энергия қуаттарының арасында баланс бойынша электр қозғаушы күш пен магниттік қозғаушы күштердің өрнектері шығарылып көрсетілді. Теориялық зерттеулер кезінде электрөткізгіштік жағдайындағы джоульдік шығындар ескерілген жоқ, сонымен бірге қуаттар арасындағы баланс жүйенің барлық жекелеген бөліктері үшін орындалады деп есептелді. Аталған шарттарсыз дифференциалдық түрдегі теңдеулерге өту мүмкін болмай қалар еді. Энергодинамиканың негізгі теңдеуіндегі секілді алынған теңдеулердің Максвелл теңдеулерінен айырмашылығы бұларда векторлық шамалардың уақыт бойынша толық туындылары қарастырылған.

Түйін сөздер: электромагниттік өріс, энергодинамика, Максвелл теңдеулері, ток тасымалданатын жүйе, электр және магниттік энергия, жылу және жұмыс, сақталу заңы, өткізгіштік ток, заряд

©Коштыбаев Т.Б.[1], Татенов А.М.[1]*, Алиева М.Е.[2], Тугелбаева Г.Т.[1], Жаналиева Г.Ж.[1], 2026.
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан;
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.
*E-mail: a.tatenov1@gmail.com

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭЛЕКТРОМАГНИТНОГО ПОЛЯ НА ОСНОВЕ ТЕРМОДИНАМИЧЕСКИХ ПРИНЦИПОВ

Коштыбаев Талгат — кандидат физико–математических наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: koshtybayev70@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-7344-6801;
Татенов Адамбек — кандидат физико–математических наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: a.tatenov1@gmail.com, https://orcid.org/0000–0003–4767–5788;
Алиева Молдир — магистр естественных наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: moldir-2008@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0440-6211;
Тугелбаева Гүлназия — кандидат химических наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: tugelbaevagul5@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-0245-7584;
Жаналиева Гулжайна — магистр педагогических наук, преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: zhavliyeva.11@gmail.com, https://orcid.org/0009–0008–4554–7604.

Аннотация. Анализируя возможности и ограничения уравнений Максвелла для описания электромагнитного поля с точки зрения энергетических процессов, авторы расширяют область их интерпретации за счет исследований, основанных на термодинамических принципах. Исходя из идеи применения принципа эквивалентности тепла и работы к неравновесным системам, преобразования энергии в замкнутой токонесущей системе были теоретически исследованы с использованием энергодинамического подхода, известного как теория мощности реальных процессов. С этих позиций, не требующих установления причин изменения параметров, характеризующих систему, показана возможность преобразования различных видов энергии в полезную энергию при нестационарных процессах. В разделе «Методы исследования» всесторонне раскрываются возможности и актуальность энергодинамики, а также анализируются условия ее соотнесения с тематикой статьи. Без привлечения уравнений электромагнитного поля и с использованием аппарата энергодинамики классическая электродинамика Максвелла была дополнена шестью видами работы, совершаемыми зарядом и током в токонесущей системе. С целью выявления термодинамических свойств электромагнитного поля энергия, накопленная в единичном объеме неподвижной системы во внешних электрическом и магнитном полях, рассматривалась на основе энергодинамических соотношений. Показано,

что при взаимном преобразовании энергий электрического и магнитного полей между соответствующими мощностями устанавливается баланс, не изменяющий полную энергию и энтропию системы. На основе этого выведены выражения для электродвижущей и магнитодвижущей сил. В теоретическом анализе джоулевы потери в условиях электропроводности не учитывались; при этом предполагалось, что баланс мощностей выполняется для всех отдельных частей системы. Без указанных допущений переход к уравнениям в дифференциальной форме был бы невозможен. В отличие от уравнений Максвелла, в полученных уравнениях, подобно основному уравнению энергодинамики, предусмотрены полные производные векторных величин по времени.

Ключевые слова: электромагнитное поле, энергодинамика, уравнения Максвелла, токонесущая система, электрическая и магнитная энергия, тепло и работа, закон сохранения, ток проводимости, заряд

Кіріспе. Максвеллдің электромагнетизм үшін жазылған теңдеулерінің қорытылып шығарылуы кезінде кейбір теориялық заңдылықтар мен математикалық түрлендірулерге қатысты төмендегідей жағдайлардың орын алғандығына тоқталып өтпекпіз:

– электр зарядына арналған Гаусс заңы, токтардан пайда болатын магнит өрісіне арналған Ампер заңы мен Фарадейдің электромагниттік индукция заңы біртұтас математикалық теңдеулер жүйесіне біріктірілген болатын;

– электр және магнит өрістерінің өзгерістерін байланыстыратын, электромагниттік толқын мен жарық жылдамдығын болжай алатын ығысу тогы атты ұғым енгізілген еді;

– зарядтың симметриялылық және сақталу заңдары негізге алынған болатын.

Максвелл теңдеулерінде электродинамиканың барлық түсініктері қамтылған және оларды негізгі деп саналатын принциптерді (бастамаларды) қолдана отырып қорытып шығаруға болмайды деген пікір қалыптасып қалғандығын атап өтуіміз керек. Алайда, бұл теңдеулер қайтымсыз процестердің термодинамикасын энергияны пайдалы бағытқа түрлендіретін процестердің термодинамикасына айналдыратын энергодинамиканың салдары екендігін дәлелдеуге болады. Басқаша айтсақ, Максвелл теңдеулерін электрлік және магниттік тұйық контурлардағы энергия түрленулерін сипаттаушы аппарат ретінде қолдану тиімді.

Максвелл құбылыстарды көрнекілік модельдер арқылы зерттеуден бас тартып, оларды математикалық тұрғыда қарастыруды ұсынды. Оның жасаған теориясында өрістер материялық ортаның қасиеттерін иеленді де, материяны өріс пен затқа ретінде қарау мүмкіндігі пайда болды (Ландау et.al., 2012:242; Muhammad Abdullah and others 2025). Максвелл теңдеулерінің шешімдері–электромагниттік толқын, ал электромагниттік толқынның электрлік ($\vec{E}$) және магниттік ($\vec{H}$) құраушылары өзара синфазалы түрде тербелетіндігін М. Фарадей тәжірибе жүзіндегі анықтаған болатын. Бірақ, оның бұл жаңалығы электромагниттік өріс энергиясының $W = \frac{\varepsilon_0 \vec{E}^2}{2} + \frac{\mu_0 \vec{H}^2}{2}$ түрдегі сақталу заңына қайшы келді, себебі

электромагниттік өріс өзін пайда етуші көзбен энергия алмасқанда ғана мұндай синфазалы тербелісті жүзеге асыруға болады. Ал, Максвелл көзден жырақта орналасқан жерлерде де өрістің өмір сүре алатындығын және ол абсолют бос кеңістікте де толқын түрінде тарала алатындығын постулат түрінде көрсетті. Электромагниттік өріс теориясы электромагнетизмді жарықпен ұштастыра білді, бұл М. Фарадейдің өмір бойғы арманы еді. Десек те, Максвелл теңдеулері мен постулаттарына негізделеген электромагнетизм теориясы мынадай мәселелерге (сұрақтарға) қанағаттанарлық жауаптар таба алмады:

– электр заряды деген не және оның тарту, тебу күштерінің табиғаты қандай?

– ығысу тогының өткізгіштік токтан физикалық тұрғыдағы айырмашылықтары қандай?

– Максвеллдің дәуірінде электродинамикалық энергия магниттік энергия деп аталған болса, ал 1820 жылы Ампер заттағы молекулалық энергиялардың болатындығын дәлелдеген болса, онда құйынды электр өрісінің табиғатын қалай түсіндіруге болады?

Максвелл теориясында көптеген құбылыстар мағыналары осы кезге дейін толықтай ашылмаған *векторлық магниттік потенциал* мен *ығысу тогы* арқылы түсіндірілді. Бұл теорияда магнит өрісі жұмыс атқармайды, себебі өріс күштері токқа нормаль бойымен бағытталған. Сонымен бірге, Максвелл теориясы Ньютонның 3–ші заңына қайшы, өйткені теорияда қиылысатын токтардың да өзара әсерлесулері ескерілген. Максвелл ұсынған электромагниттік өрістің толқындық теңдеулері Галилей түрлендірулерімен сәйкес келмейді, осы себептен Ньютон механикасынан түбегейлі бас тартып, кванттық механика мен салыстырмалылық теориясына ауысуға тура келді. Соңғы екі теорияны біріктіру бағытындағы зерттеулер сәтсіз аяқталып жатқандығы белгілі. Бұл жағдайды тұтастай теориялық физиканың дамуындағы тоқырау десек те болады.

Жылу мен жұмысқа арналған эквиваленттілік принципін тепе–теңсіздік жүйелерге қолданатын болсақ, онда біз өзара әсерлесетін және салыстырмалы түрдегі қозғалыстар жасайтын денелер күйлерінің функциясы болып табылатын толық энергияның сақталу заңын алатын боламыз. Мұндай тұйық жүйенің барлық түрдегі энергияларына бір сөзбен ішкі энергия деп қарауға болады. Бұл жағдай энергияны сыртқы және ішкі деп бөлуге болмайтындығын растайды. Энергодинамика тұрғысынан қарағанда жүйенің энергиясы деген тұтас бір жалғыз ғана ұғым болуы тиіс, мұның қасында толық, сыртқы, ішкі, меншікті энергия дегендер артық (қажетсіз) болып қалады. Энергодинамикаға нақтылы процестердің қуаттылық теориясы деп қарауға болады (гректің enérgeia–әсер; dynamicos–күш) және ол–нақтылы, стационарлы емес (динамикалық) жүйелердегі барлық түрдегі энергияның берілуі мен түрленуіне қатысты табиғи және технологиялық процестерді біртұтас теория шеңберінде қарастыратын классикалық термодинамиканың ұлғайған бейнесі. Сондықтан да, оны қайтымды және қайтымсыз процестерге қолдана беруге болады және ол жүйені сипаттайтын параметрлердің өзгеру себептерін қажет етпейді (Sindelka M. et.al., 2010:180; Barbas A., et.al., 2015:192).

Мақалада энергияның тасымалдану және түрлену теорияларының бірлестігі түріндегі энергодинамика принциптерінің электродинамикалық құбылыстарға қатысты тұстары бағаланды. Энергодинамиканың классикалық термодинамика, электродинамика және т.с.с алдыңғы кезеңдерде өмір сүрген басқа да теориялардан басты артықшылықтары мыналар:

– энергодинамика электродинамиканың негізгі заңдары мен теңдеулерін дедуктивті жолмен шығарып бере алады;

– энергодинамика классикалық термодинамикадағы паралогизмдер мен шектеулерді жояды;

– энергодинамика жалпылама координаталар мен күштер арқылы кез–келген жүйелер мен электромагниттік өрістерге арналған энергияның тасымалдану принциптерін жасап бере алады.

– энергодинамика электр және магнит өрістерін энергия мен импульстің сақталу заңдары бойынша байланыстыра отырып Максвеллдің электродинамикасына альтернативті көзқарастармен қарайды;

– энергодинамикада күштер жүйе энергиясынан жалпылымы координаталар бойынша алынған туындығы тең деп есептеледі, бұл жағдай электромагниттік әсерлесулерді қайтымсыз процестердің термодинамикасы шеңберінде қарастыруға мүмкіндік береді;

– энергодинамикада термодинамиканыны электромагниттік өрістері бар жүйелерге экстрополяциялауға қатысты туындаған мәселелер энергия мен импульстің сақталу заңдары аясында түбегейлі шешіледі;

– энергодинамика жағдайында электродинамиканы дербес жағдай деп қарастыруға болады.

– бастапқыда жылулық машиналарға ғана арналған термодинамикамен салыстырғанда энергодинамика энергияның барлық түрлеріне бірыңғай математикалық аппарат қолданады.

– классикалық термодинамика тек тепе–теңділік күйлермен ғана жұмыс жасайды, ал энергодинамика болса потенциалдар градиентін жүйенің басты қозғаушы күштері деп санай отырып тепе–теңсіз процестерді тікелей сипаттап бере алады;

– энергодинамикада бір–біріне алыстау сипаттағы көптеген шамалардың орнына экстенсивті параметр (заряд) мен оған сәйкес келетін интенсивті параметр (потенциал) енгізілген, бұл барлық түрдегі энергияның таралуын біртұтас ағындық логика арқылы іске асырады.

– дәстүрлі теорияларда көптеген процестер скаляр түрде сипатталады, ал энергодинамикада энергияның көлемдерде таралуы кезінде кеңістіктік бағдар ескеріледі. Бұл жағдай нақты техникалық қондырғыларды модельдеу үшін маңызды шарт болып табылады.

Энергодинамика кеңістікті біртексіз орталардағы энергияның түрленулерін энергияның сақталу заңы тұрғысында зерттеуге негізделген немесе стационарлы емес процестер кезіндегі энергияның барлық түрінің пайдалы энергияға түрленуін қарастырады. Олай болса, оны электромагниттік құбылыстар кезіндегі

энергияның түрленуін сандық және сапалық тұрғыда сипаттау мақсатында да пайдалансақ болады.

Ұсынылып отырған осы мақалада Максвелл теңдеулерін тепе–теңсіздік процестер термодинамикасының принциптері негізінде жаза отырып, электр және магнит энергияларының бір–біріне айналуы (түрленуі) энергодинамикалық әдіс бойынша түсіндірілетін болады.

Зерттеу материалдары. Энергодинамиканың зерттеу материалдарына теориялық негіздемелер, яғни термодинамика бастамалары, энергияның сақталу және айналы заңдары, материяның макроскоптық қасиеттері және энергия көздері туралы мәліметтер, энергияны түрлендіру мен таратудың қазіргі заманғы әдістері жатады. Энергодинамиканы электродинамикада қолдану энергияны түрлендіру, тарату және сақтау (токтың жұмысы, қуат, электромагниттік өріс) мен олардың электрлік және магниттік құбылыстармен байланыстары, электромагниттік сәулелерді шығару мен олардың затпен әсерлесулеріне қатысты теориялық зерттеулерді қамтиды. Бұл жерде, негізгі материалдарға Пойнтинг теоремасы, Джоуль–Ленц заңы, электромагниттік индукция мен қайтымсыз процестердің термодинамикасы жатады.

Зерттеу әдістері. Осыған дейін күйлердің тізбектелген өзгерісі болып келген «процесс» ұғымына ендігі жерде зерттеу нысанының макроскоптық қасиеттерінің кез–келген кеңістікті–уақытты өзгерістері деп қарауымызға тура келеді. Осылайша «процесс» ұғымына жүйедегі әрқилы әсерлесулердің кеңістіктегі тасымалымен байланысты болатын күй өзгерістері қатысады. Олай болса, стационарлық процесс деп зерттеу нысанымен бірге қозғалатын санақ жүйесіндегі күйлердің тізбектелген өзгерістерін айтуға болады. Нақтылы процестерге көшкен кезде термодинамиканың зерттеу нысанының өзгерістерін ескерген жөн. Классикалық термодинамика температура, қысым, химиялық және электрлік потенциалдары секілді параметрлері жүйенің барлық нүктелерінде бірмәнді болатын ішкі тепе–теңділікті (кеңістікті біртекті) жүйелерді қарастырумен ғана шектеледі (Sachhin S. M. and others 2025). Мұндай параметрлердің өзгерістерінің нәтижесінде термодинамиканың теңдеулері теңсіздіктерге айналып жатады. Энергодинамикада зерттеу нысаны ретінде кеңістікті біртексіз жүйелер алынған және олардың өлшемі (көлемі) ондағы біртексіздіктің ауқымына байланысты, сондықтан да энергодинамика наноәлем мен мегаәлем аралығындағы материялық нысандарды қарастыруға қауқарлы. Мұндай зерттеу нысандары ретінде әсерлесуші денелердің тұйықталған жүйелері мен кеңістіктік біртексіз жүйелерді қарастыра аламыз. Жаратылыстың заманауи бет–бейнесі міне осындай. Классикалық термодинамикадағы қоршаған ортаны қосқандағы ұлғайған жүйе дегеніміз энергодинамикада зерттелініп жатқан жүйенің бір бөлігі ғана болып табылады, яғни энергодинамика әсерлесуші денелер мен бөлшектерді біртұтас тепе–теңсіз нысан түрінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда оның зерттеу әдістері механика, гидродинамика және электродинамика секілді өрістік теорияларға қайшы келеді. Өзіміз білетіндей, аталған теориялар жеке–даралық пен тепе–теңділік болжамдар бойынша жүйені шексіз тепе–тең элементтер жиынына бөліп тастайды да,

жүйенің қасиеттерін осы бөліктердің қасиеттерін жинақтау (интегралдау) арқылы анықтайды. Бірақ, бұл тәсіл барлық жағдайда оң нәтиже бере бермейді. Оңтайлы нәтижелерге энергодинамикада қосымша параметрлер енгізу, материяның өрістік және корпускулалық пішіндерінің кеңістіктік біртексіздігін ескеру арқылы және макрожүйелерді термодинамикалық бастамалар мен статистикалық әдістер арқылы зерттеу бойынша қол жеткізуге болады.

Нәтижелер. *Тогы бар жүйедегі электростатикалық және электродинамикалық жұмыстар.* Әдетте, Лоренц күші токқа перпендикуляр болғандықтан, магнит өрісі жұмыс атқармайды деп есептейміз. Алайда, электромагниттік күштердің айналдырушы моменттері ескерілмегендіктен, аталған пікір қате болып табылады. Керісінше, әрбір энергия тасымалдағыш үш түрлі элементар жұмыстарды атқара алады. Тогы бар жүйеде мұндай энергия тасығыштарға 6 түрлі жұмыс атқаратын заряд (q) пен токты ($\vec{j}_e$) жатқызамыз. Жүйе энергиясының W_e электрлік құраушысы тек q заряд арқылы ғана емес, сонымен бірге дипольдік $\vec{D}$ момент пен электрлік $\vec{\varphi}_e$ векторлық потенциалдырмен де сипатталады, яғни $W_e = W_e\left(q, \vec{D}, \vec{\varphi}_e\right)$. Оның толық дифференциалы

$$dW_e = \varphi dq + \vec{E} d\vec{D} + \vec{M}_e d\vec{\varphi}_e \qquad (1)$$

Мұндағы $\varphi = \frac{\partial W_e}{\partial q}$ –скаляр (электрлік) потенциал; $\vec{E} = \frac{\partial W_e}{\partial \vec{D}}$ және $\vec{M}_e = \frac{\partial W_e}{\partial \vec{\varphi}_e}$ –электростатикалық өрістің кернеулігі мен оның моменті, соңғысы дипольдерді өріс бағытында ұстау қызметін атқарады. Осы өрнекке сәйкес, тогы бар жүйе үш түрлі dA_{e_1} элементар жұмыстарды атқара алады. Оның біріншісі dA_{e_1} , ол жүйенің потенциалы φ–ге тең аймағына бір аймағына q зарядты енгізу жұмысы деп аталады: $dA_{e_1} = \varphi dq$. (1)–теңдіктің оң жағындағы екінші мүше жүйедегі зарядтың таралып орналасуы кезінде бір жерде артық зарядтың пайда болып, ал бір жерлерде зарядтың жетіспеуі салдарынан пайда болатын полярлану жұмысы немесе потенциалы φ–ге тең біртексіз өрістегі q зарядтың орын ауыстыруы кезінде атқарылатын жұмыс болып табылады: $dA_{e_2} = \vec{E} d\vec{D} = -q d\varphi$. Конденсаторлар мен аккумуляторларды зарядтау процесі кезінде осындай жұмыс атқарылады және осы кезде пайда болған токтың әсерін ескермесе де болады. (1)–теңдіктегі үшінші мүше тосын күштердің атқаратын жұмысын (магниттелу жұмысы) білдіреді: $dA_{e_3} = \vec{M}_e d\vec{\varphi}_e$. Мұндай жұмыс айналмалы электростатикалық генераторларда немесе айналмалы электр өрісі бар электростатикалық қозғалтқыштарда атқарылады (Petrov . al., 2010: 25; Markel V., al., 2012:95).

Енді, зарядтардың реттелген қозалысына негізделген жүйені қарастырамыз, егер де жүйедегі $\vec{j}_e = q\vec{\upsilon}_e$ токтың $\vec{\lambda}_e = \frac{d\vec{j}_e}{dV}$ тығыздығы әрбір қимада немесе жүйенің барлық көлемінде біркелкі таралмаған болса, онда бұл жағдайда да $\vec{Z}_\upsilon$

таралу моменті пайда болады және $\nabla \vec{Z}_{\upsilon} = \vec{\lambda}_j$. Бұл жағдай магнит өрісінің де көзі болатындығын білдіреді, яғни электр өрісі еркін немес байланысқан зарядтардан пайда болса, ал кез–келген тұйықталған немесе тұйықталмаған токтар магнит өрісінің көзі болып табылады. Молекулалық токтар құйынды магнит өрісінің көзі ретінде қарастырылады.

Жүйе энергиясының W_i магниттік құраушысы да (1) секілді тек $\vec{j}_e = q\vec{\upsilon}_e$ токпен ғана емес, сонымен бірге өзара тәуелсіз қосымша параметрлер мен де сипатталатын болады. Оның толық дифференциалы $dW_i = \vec{\psi}_i\, d\vec{j}_e + \vec{F}_i\, d\vec{r}_i + \vec{M}_i\, d\vec{\varphi}_i$. Мұндағы $\vec{\psi}_i$ –векторлық магниттік потенциал; $\vec{F}_i$ –бойлық магнит өрісінің әсері; $\vec{M}_i$ –құйынды магнит өрісінің айналдырушы моменті. Олай болса, тогы бар электродинамикалық (магниттік) энерегиясы бар жүйеде де үш түрлі жұмыс атқарылады екен. Оның біріншісі жүйедегі токтың пайда болуымен байланысты: $dA_{m_1} = \vec{\upsilon}_e d\vec{j}_e$. Ал екіншісі токтың жүйе көлемінде қайта таралуымен (магниттік полярлануға) байланысты және оны табиғаты магниттік болып келген $\vec{F}_i = Q\vec{X}_m$ әсерлер атқарады: $dA_{m_2} = \vec{H}d\vec{B}$, мұндағы $\vec{X}_m = \left(\nabla \vec{\upsilon}_e\right)^2$. Үшінші жұмысты Лоренц күшінің $\vec{M}_i$ моменті атқарады: $dA_{m_3} = \vec{M}\ d\vec{\varphi}$. Байқап отырғанымыздай, энергодинамика Максвеллдің электродинамикасын электромагниттік өрістің бірде бір теңдеуінің көмегенсіз алты жұмыспен толықтырып отыр (Макаров. 2022:102).

Электромагниттік өрістің термодинамикалық қасиеттері. Сыртқы электр ($\vec{E}$) және магнит ($\vec{H}$) өрістерінде қозғалмай тұрған жүйенің бірлік көлемінде жинақталған U энергияны электр ($\vec{D}$) және магнит ($\vec{B}$) инукциясы векторларына тәуелді функция түрінде қарастырсақ болады, яғни $U = U\left(\vec{D}\left(\vec{E}\right), \vec{B}\left(\vec{H}\right)\right)$. Осы аталған шамалардың арасындағы байланыстарды анықтайтын энергодинамикалық қатынастың түрі мынадай болады:

$$dU = \vec{E}d\vec{D} + \vec{H}d\vec{B} \qquad (2)$$

Оң жақтағы бірінші мүше ((1)–гі екінші мүше) $dA_{e_2} = \vec{E}d\vec{D}$ $qd\varphi$ –полярлану жұмысы, ал екінші мүше $dA_m = \vec{H}d\vec{B}$ –магниттелу жұмысы. Жүйеде қуаттары

$$P_m = \frac{\vec{u}\ \vec{}}{dt}, \quad P_m = \frac{\vec{u}\ \vec{}}{dt} \qquad (3)$$

қатынастар бойынша анықталатын электр және магнит өрістерінің энергиялары өзара түрленген кездегі жүйенің энергиясы мен энтропиясын өзгермейтін болса, онда энергия қуаттарының арасында $P_e = -P_m$ түрдегі тепе–теңділігі орнайтын болады. Бұл жағдайдың математикалық берілісі төмендегідей:

$$\vec{E}\frac{d\vec{D}}{dt} = -\vec{H}\frac{d\vec{B}}{dt} \qquad (4)$$

Әртүрлі S_e қимадан құралған ұзындығы L_e тұйық электрлік контур мен біртексіз S_m қимадан тұратын ұзындығы L_m тұйық магнитті өткізгіштен тұратын жүйе үшін (3)–теңдік интегралдық түрде жазылатын болады:

$$P_e = \vec{E}\frac{d\vec{D}}{dt}dV_e, \qquad P_m = \int \vec{H}\frac{d\vec{B}}{dt}dV_m \qquad (5)$$

Мұндағы $dV_{ù} = dL\ dS$ және $dV_{ù} = dL\ dS$ – көлем элементтері; dL , dL_m және dS_m, dS_m – электрлік контур мен магниттік өткізгіштің ұзындықтары мен қималарының векторлық элементтері (энергодинамика элементтері). Осы параметрлер арқылы (5)–ті қайта жазып өтейік:

$$P_m = \int \vec{H}d\vec{L}_m \int \frac{d\vec{B}}{dt}d\vec{S}_m = \varepsilon_m J_m \qquad (6)$$

$$P_m = \int \vec{H}d\vec{L}_m \int \frac{d\vec{B}}{dt}d\vec{S}_m = \varepsilon_m J_m \qquad (7)$$

Бұл өрнектерде

$$\grave{u}_m = \int \frac{d\vec{B}}{dt}\ \vec{}_m, \qquad \grave{u}_m = \int \frac{d\vec{B}}{dt}\ \vec{}_m \qquad (8)$$

электр және магнит ығысулардың толық ағыны (контур мен өткізгіш қималарын тесіп өтетін күш сызықтарының саны), ал

$$\varepsilon_e = \int \vec{\grave{u}}\ \vec{}_e\ , \quad \varepsilon_m = \int \vec{\grave{u}}\ \vec{}_m$$

Жоғарыда келтірілген (6)–(8) өрнектер өте аз көлемдердегі өтіп жатқан процестердің жүйеге қатысты жиынтық үлесін анықтау мақсатындағы интегралдық бейнеде берілуі деп қабылдау керек. $\vec{E}$ және $\vec{H}$ векторларының контур мен өткізгішті бойлай жасайтын циркуляциялары бойынша анықталатын электр қозғаушы күш (ЭҚҚ) пен магнит қозғаушы күш (МҚҚ). (8)–ді басқаша жазамыз:

$$J_e = Y_{ee}\varepsilon_e + Y_{em}\varepsilon_m\ , \qquad (9)$$

$$J_m = Y_{me}\varepsilon_e + Y_{mm}\varepsilon_m \qquad (10)$$

Бұл өрнектердегі $Y_{ee}\varepsilon_e$ және $Y_{mm}\varepsilon_m$ диагоналды мүшелер өткізігіштік ток ($I_e = Y_{ee}\varepsilon_e$) пен оның әзірге беймәлім ұқсастығы болып табылатын магниттік токты ($I_m = Y_{mm}\varepsilon_m$) сипаттайды. Ал,

$Y_{em}\varepsilon_m$ және $Y_{me}\varepsilon_e$ мүшелер электр энергиясының магниттік энергияға және керісінше айналуларды (түрленулерді) сипаттайды. Олай болса, осы айтылған жағдайларды ескере отырып, (6) мен (7) теңдіктерді қарапайым түрлерге келтіруге болады:

$$\frac{J_e}{\varepsilon_m} = -\frac{J_m}{\varepsilon_e} \qquad (11)$$

Осы қатынасты (9) және (10)–мен салыстырсақ, онда (11)-дің сол жақ бөлігі Y_{em} коэффициентін, ал оң жақ бөлігі Y_{me} коэффициентін анықтап береді, яғни

$$Y_{em} = -Y_{me} \qquad (12)$$

Бұл коэффициенттердің шамасы мен өлшемдері бірліктер жүйесін таңдап алуға байланысты. СИ жүйесінде $Y_{em} = -Y_{me} = 1$, сондықтан да (12)–нің орнына төмендегі теңдіктер қолданылатын болады:

$$\varepsilon_e = -\int \frac{d\vec{B}}{dt} d\vec{S}_m \,, \qquad (13)$$

$$\varepsilon_m = \int \frac{d\vec{D}}{dt} d\vec{S}_e \qquad (14)$$

(13)–өрнек Фарадей заңына сәйкес келеді: ЭҚҚ магниттік ағынға шама жағынан тең де, бағыт жағынан қарама–қарсы. (13) пен (14)–ті түрлендіріп жазайық:

$$\int rot\vec{E} d\vec{S}_m = -\int \frac{d\vec{B}}{dt} d\vec{S}_m$$

$$\int rot\vec{H} d\vec{S}_e = \int \frac{d\vec{D}}{dt} d\vec{S}_e$$

Бұл өрнектердің дифференциалдық формасы

CC BY NC

$$rot\vec{E} = -\frac{d\vec{B}}{dt} \qquad (15)$$

$$rot\vec{H} = \frac{d\vec{D}}{dt} \qquad (16)$$

Бұл теңдеулердің Максвелл теңдеулерінен айырмашылығы бұларда векторлық шамалардың уақыт бойынша толық туындылары қарастырылған және энергодинамиканың (2)–түрдегі негізгі теңдеуінде де солай. Шын мәнісінде, Максвеллдің өзі де алғашында ЭҚК–ті магнит ағынының (Φ) уақыт бойынша

$\frac{d\Phi}{dt}$ толық дифференциалы түрінде анықтаған болатын. Егер, жүйеде полярлану және магниттелу процестері жоқ деп санайтын болсақ, онда (15) және (16) теңдеулер мынадай түрлерде жазылады:

$$\frac{d\vec{B}}{dt} = \frac{\partial\vec{B}}{\partial t}, \quad \frac{d\vec{D}}{dt} = \frac{\partial\vec{D}}{\partial t} + \vec{J}_e$$

Мұндағы $\vec{J}_e = \rho_e\vec{\upsilon}_e$ – еркін зарядтардың тасымалына негізделген өткзгіш токтың тығыздығы. Магниттік зарядтардың болмайтынын ескерсек, онда Максвелл теңдеулері мынадай болып жазылады:

$$rot\vec{E} = -\frac{\partial\vec{B}}{\partial t}, \quad rot\vec{H} = \vec{J}_e + \frac{\partial\vec{D}}{\partial t}, \quad div\vec{D} = \rho_e, \quad div\vec{B} = 0$$

(13) және (14) теңдеулерге сәйкес, ЭҚК пен МҚҚ тұйық электрлік және магниттік тізбектер үшін ғана дұрыс болып табылады, олай болса, Максвелл теңдеулері тұйықталмаған токтар мен ток элементтері үшін орындалмайды. Бұны Максвеллдің өзі айтып кеткен болатын. Сонымен бірге, (13) пен (14) көрсетілген электр және магнит инцкцияларының ағындары біртекті сипат алады, олай болса қуаттар арасындағы баланс жүйенің әрбір жекелеген аймақтарында сақталатын болады.

Талқылау. Мақалада жүргізілген барлық теориялық есептеулер кезінде жүйедегі процестер қайтымды деп алынды және де бұл жағдайға Максвелл теңдеулерінде қосымша диссипативтік мүшелердің жоқты дәлел бола алады. Шынында да, (13) пен (14) өрнектеріндегі ЭҚҚ пен МҚҚ электр және магниттік индукциялардың ғана өзгерістерінен пайда болмайды, сонымен бірге оларға энергия тасымалдағыштар (электрлік және магниттік зарядтар) ағынының болу да себеп бола алады. Бұл жерде ағындардың пайда болу жағдайлары маңызды емес: ағындар жүйедегі зарядтардың қайта таралуынан пайда болды ма, жоқ әлде олар

жүйенің өзіндік қозғалыстарының салдары ма, бәрібір. Бір ғана жағдай ақиқат: $\frac{\partial \vec{B}}{\partial t}$ ағыны өзгермейтін жерлерде ЭҚК пайда болады да, өзгеретін жерлерде пайда болмайды. Бұл жағдай (13)–(16) қатынастармен расталған. Шындығында, ағындар мен инукция векторларының өзгерістері толық дифференциалдар арқылы көрсетілуі энергодинамикалық көзқарасқа сәйкес бүкіл тұйық жүйе ауқымындағы процестердің қамтылатындығын айғақтайды. Максвелл теңдеулерінің термодинамикалық тұрғыдағы маңыздылығы да дәл осы тәсіл бойынша анық байқалады.

Қорытынды. Максвелл теңдеулері тепе–теңсіздік процестер термодинамикасының принциптеріне сәйкес электр және магнит энергияларының бір–біріне айналуы (түрленуі) сипатында қарастырылда. Энергияның сақталу заңын ток тасымалданатын жүйедегі әсерлердің атқаратын жұмыстары, түрленетін энергиялардың қуаттарының өзара балансы арқылы өрнектелді. ЭҚК пен МҚҚ пайда болу жығдайлары интегралдық және дифференциалдық өрнектер мен энергодинамикалық әдіс бойынша зерттелді. Теориялық зерттеулеріміз кезінде электрөткізгіштік жағдайындағы джоульдік шығындар ескерілген жоқ, сонымен бірге қуаттар арасындағы баланс жүйенің барлық жекелеген бөліктері үшін орындалады деген болжам жасалды, онсыз дифференциалдық түрдегі теңдеулерге өту мүмкін болмай қалар еді.

Осы келтірілген теориялық нәтижелер мен принциптердің өндірістік, инженерлік және басқа да салалардағы қолданысына тоқталып өтейік. Энергодинамиканы еркіндік дәрежелері шектелмеген жүйелердегі тасымалдану процестеріне және жылулық, мехнаикалық, электрлік, химиялық энергиялардың өзара түрленуіне талдаулар (бағалаулар) жасайтын жалпылама теория ретінде қолдануға болады. Ол теормодинамикалық тәсілдер арқылы жылулық емес машиналардағы процестерді модельдік көзқарастар мен статистикалық болжамдарды қажет етпей–ақ қарастыруға (сипаттауға) қауқарлы. Оны сонымен бірге техникалық термодинамика мен машина жасауда жылулық қозғалтқыштардың, салқындатқыш және энергия түрленіргіш қондырғылардың тиімділігіне баға беру үшін қолдануға болады. Материал тану саласында фазалық өтулер мен химиялық реакциялар кезіндегі процестерді зерттеуде, заттың ішкі құрылымының өзгеру себептерін анықтау барысында кеңінен қолданса болады.

Мақаланың мазмұны мен ондағы нәтижелер теориялық сипатта болғандықтан, оларды эксперименттік тұрғыда тексеру (сынақтау) мүмкіндіктерін алдағы (келешектегі) зерттеулеріміздің еншісіне қалдырып отырмыз десек те болады. Себебі, аталған жұмысты іске асыру үшін теориялық нәтижелерге сәйкес келетін тәжірибелік және сандық модельдер мен арнайы бағдарламалар жасау керек болады. Бұл тез арада іске аспасы анық. Сондықтан, аталған мәселе кезең–кезеңмен шешіліп, олардың нәтижелері осы секілді мақала түрінде жарияланатын болады деп сендіреміз. Бұл жұмыстар мақала тақырыбының ауқымын кеңейтіп қана қоймастан, ондағы нәтижелердің физикалық маңыздылығын айқындап беретіндігі ақиқат.

CC BY NC

References

Barbas A., Velarde P. (2015) Development of a Godunov Method for Maxwell's Equations with Adaptive Mesh Refinement. Journal of Computational Physics. – Vol. 300. – P. 188-201. DOI: 10.1016/j.jcp.2015.07.048 (in Eng.)

De Grot S. Mazur P. (1964) Neravnovesnaja termodinamika [Nonequilibrium thermodynamics]. – Moscow: Mir. (in Russ.)

Fushich V. I., Nikitin A.G. (1983) Simmetrija uravnenija Maksvella [The symmetry of Maxwell's equation]. – Kiev: Naukova dumka 200. (in Russ.)

Godunov S.K. (2013) O vkljuchenii uravnenij Maksvella v sistemy reljativistski invariantnyh uravnenij [On the inclusion of Maxwell's equations in systems of relativistically invariant equations]. Journal of Computational Mathematics and Mathematical Physics, 53 (8). – P. 1356–1359. DOI:https://doi.org/10.7868/S0044466913080073 (in Russ.)

Joao V. Vidal, Pedro M. R. Carneiro, Marco P. Soares dos Santos. (2024) A complete physical 3D model from first principles of vibrational-powered electromagnetic generators. Applied Energy. – Volume 357: 122387. https://doi.org/10.1016/j.apenergy.2023.122387 (in Eng.)

Kuznecov A.V. (2023) Termodinamika [Thermodynamics]. Yekaterinburg: Publishing House of the Ural University 196. (in Russ.)

Landau L.D., Lifshic E.M. (2012) Teoreticheskaja fizika. V 10 t. T. 2. Teorija polja [Theoretical physics. In 10 vols. Vol. 2. Field theory]. – Moscow: Fizmatlit 536. (in Russ.)

Makarov A.M., Luneva L.A., Makarov K.A. (2014) O strukture sistemy uravnenij klassicheskoj jelektrodinamiki [On the structure of the system of equations of classical electrodynamics]. Bulletin of the Bauman Moscow State Technical University. Ser. Natural sciences, 3. – P. 39-52. (in Russ.)

Makarov P.A., Ustjugov V.A., Shheglov V.I. (2022) Modelirovanie rasprostranenija jelektromagnitnyh voln v magnitno-neodnorodnyh sredah [Modeling of electromagnetic wave propagation in magnetically inhomogeneous media]. Proceedings of the Komi Scientific Center of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences. The series «Physico-mathematical sciences», 57 (5). – P. 100–105. (in Russ.)

Markel V., Schotland J.C. (2012) Homogenization of Maxwell's Equations in Periodic Composites: Boundary Effects and Dispersion Relation. Phys. Rev. E. – Vol. 85: 066603-1–066603-23. DOI: 10.1103/PhysRevE.85.066603 (in Eng.)

Mastrjukov A.F. (2020) Raznostnaja shema dlja odnomernyh uravnenij Maksvella [Difference scheme for one-dimensional Maxwell's equations]. Siberian Journal. calculation. Mathematics. RAS. Siberian Branch. Novosibirsk 23 (1). – P. 69-82. (in Russ.)

Muhammad Abdullah, Khurram Saleem Alimgeer, Ghulam Hafeez, Baheej Alghamdi, Ahmed S. Alsafran, Muhammad Zeeshan Babar. (2025) Electromagnetic wave propagation algorithm: A novel electromagnetic wave propagation-inspired optimizer for engineering applications. Ain Shams Engineering Journal. – Volume 16, Issue 11. – P. 103615. https://doi.org/10.1016/j.asej.2025.103615 (in Eng.)

Mustafizur Rahman, Md Israfil Hossain Rimon, Zahid Hasan, Md. Shah Oliullah, S. M. Fazle Rabbi, Md Hosne Mobarak, Nayem Hossain. (2025) Nanotechnology and thermodynamics: a comprehensive review // Nanomaterials and Energy. – Volume 14, Issue 2. – P. 109-134. https://doi.org/10.1680/jnaen.24.00093 (in Eng.)

Nugaev R.M. (2014) Genezis jelektrodinamiki Maksvella: interteoreticheskij kontekst [The Genesis of Maxwell's Electrodynamics: an Intertheoretical context]. Philosophy of Science 61 (2). – P. 66–80. (in Russ.)

Petrov E. Yu., Kudrin A. V. (2010) Exact Axisymmetric Solution of the Maxwell Equations in a Nonlinear Nondispersive Medium. Phys. Rev. Lett. – Vol. 104. – P. 190404. DOI: 10.1103/PhysRevLett.104.190404 (in Eng.)

Sachhin S.M., Mahabaleshwar U.S., Swaminathan N., David Laroze, Liliana Pedraja-Rejas. (2025) An effect of waste discharge concentration and electromagnetic field on chemically reactive Bingham fluid flow with the analysis entropy generation and mass transfer. Hybrid Advances. – Vol. – P. 100344. https://doi.org/10.1016/j.hybadv.2024.100344 (in Eng.)

Sindelka M. (2010) Derivation of Coupled Maxwell – Schredinger Equations Describe Matter-laser Interaction from First Principles of Quantum Electrodynamics. Phys. Rev. A. – Vol. 81. – P. 033833. (in Eng.)

Voroncov A.S., Kozlov V.I., Markov M.B. (2005) Ob uravnenijah Maksvella v sobstvennom vremeni [On Maxwell's equations in proper time]. Preprint of the IPM named after M.V. Keldysh. (in Russ.)

Zajko Ju. N. (2010) Tochnye reshenija uravnenij Maksvella-Jejnshtejna [Exact solutions of Maxwell-Einstein equations]. Proceedings of the Saratov University. Series: Physics, 10 (1). – P. 50-58. DOI:https://doi.org/10.18500/1817-3020-2010-10-1-50-58. (in Russ.)

CC BY NC

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 105–118

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.408

UDC: 533.1
IRSTI: 29.17.15

©Mukamedenkyzy V.[1], Akberdiyev B.[2], 2026.
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru

NUMERICAL INVESTIGATION OF THE EFFECT OF INCLINATION ANGLE ON THE STABILITY OF MECHANICAL EQUILIBRIUM IN Ar–N_2 BINARY GAS MIXTURES

Mukamedenkyzy Venera — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associated Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: mukameden@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-3921-2812;
Akberdiyev Bekzhan — PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-2108-9556.

Abstract. This work presents a numerical study of the influence of the diffusion channel inclination angle on the stability of mechanical equilibrium and mass transfer in a binary Ar–N_2 gas mixture under gravity. Isothermal mixing in a two-flask apparatus is considered, where the loss of mechanical equilibrium results from unstable concentration-induced density stratification during mutual diffusion of components with different molecular weights. The resulting concentration-driven gravitational convection strongly affects both the rate and structure of mass transfer.

The aim of the study is to determine how the channel inclination angle influences diffusion–convective regimes under fixed thermobaric conditions. Numerical simulations were performed in ANSYS Fluent using a three-dimensional formulation with species transport equations and the k–ω turbulence model. The geometry and boundary conditions correspond to laboratory experimental conditions. Calculations were conducted for inclination angles of 0°, 10°, 20°, and 30°, with analysis of concentration fields, velocity distributions, and integral mixing characteristics.

The results show that increasing the inclination angle leads to a gradual weakening of concentration-driven convection due to the reduction of the gravitational acceleration component along the channel axis. This is reflected in lower convective intensity, reduced argon transfer to the lower flask, and smoother temporal concentration variations. At 30°, the system approaches a diffusion-dominated regime. The findings agree with the theoretical dependence of the critical Rayleigh number on cosφ and

reproduce experimental trends, confirming the validity of the numerical model and the applicability of the CFD approach for stability analysis in binary gas mixtures.

Keywords: binary gas mixtures, mechanical equilibrium, inclination angle, diffusion–convection transport, numerical modeling

For citations: *Mukamedenkyzy V., Akberdiyev B. Numerical Investigation of the Effect of Inclination Angle on the Stability of Mechanical Equilibrium in Ar–N_2 Binary Gas Mixtures. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 105–118. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.408*

©Мукамеденкызы В.[1], Ақбердиев Б.[2], 2026.
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru

Ar–N_2 БИНАРЛЫ ГАЗ ҚОСПАЛАРЫНДАҒЫ МЕХАНИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ҚИҒАШ БҰРЫШТЫҢ ӘСЕРІН САНДЫҚ ЗЕРТТЕУ

Мукамеденқызы Венера — физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: mukameden@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-3921-2812;
Ақбердиев Бекжан — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-2108-9556.

Аннотация. Бұл жұмыс гравитациялық өрістегі екікомпонентті Ar–N_2 газ қоспасында диффузиялық арнаның қисаю бұрышының механикалық тепе-теңдік тұрақтылығы мен масса алмасу сипатына әсерін сандық зерттеуге арналған. Бұл жұмыс екі колбалы аппараттағы газдардың изотермиялық араласуын қарастырады, онда молекулалық массалары әртүрлі компоненттердің өзара диффузиясы кезінде тығыздықтың тұрақсыз концентрациялық стратификациясының пайда болуы механикалық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі. Нәтижесінде пайда болатын концентрацияға негізделген гравитациялық конвекция масса алмасу жылдамдығы мен құрылымына елеулі әсер етеді, сондықтан оның қарқынын анықтайтын факторларды талдау маңызды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – берілген термобариялық жағдайларда диффузия-конвективті масса алмасу режимдерінің қалыптасуы мен дамуында каналдың қисаю бұрышының рөлін анықтау. Сандық модельдеу ANSYS Fluent бағдарламалық пакетінде үшөлшемді кеңістікте компонент тасымалдау теңдеулері мен k–ω турбуленттік моделі қолданылып жүргізілді. Құрылғының геометриялық конфигурациясы мен шекаралық шарттары зертханалық тәжірибе жағдайларына сәйкес келеді. Есептеулер 0°, 10°, 20° және 30° еңкіш бұрыштары үшін жүргізіліп, концентрация өрістерінің уақыттық динамикасы, ағын жылдамдықтары және интегралды араласу сипаттамалары талданды.

CC BY NC

Еңіс бұрышының ұлғаюы еркін түсу үдеуінің арнаның осіне проекциясының азаюына байланысты концентрациялық гравитациялық конвекцияның біртіндеп әлсіреуіне әкеп соғатыны анықталды. Бұл конвекциялық ағындардың қарқындылығының төмендеуімен, төменгі колбаға өткен аргонның молярлық үлесінің азаюымен және концентрация өзгерістерінің уақыттық динамикасының тегістелуімен көрініс табады. 30° бұрышта жүйе диффузия басым режимге өтуге бейімділікті көрсетеді. Алынған нәтижелер критикалық Рейлей санының φ косинусына тәуелділігінің теориялық заңдылығына сәйкес келеді және белгілі эксперименттік үлгілерді қайталай отырып, сандық модельдің дұрыстығын және екікомпонентті газ қоспаларындағы механикалық тепе-теңдіктің тұрақтылығын талдауда CFD тәсілінің қолданылу мүмкіндігін растайды.

Түйін сөздер: бинарлы газ қоспалары, механикалық тепе-теңдік, көлбеу бұрыш, диффузия-конвективті тасымалдау, сандық модельдеу

©Мукамеденкызы В.[1], Акбердиев Б.[2], 2026.
[1]Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан;
[2]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.
e-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru

ЧИСЛЕННОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ УГЛА НАКЛОНА НА УСТОЙЧИВОСТЬ МЕХАНИЧЕСКОГО РАВНОВЕСИЯ В БИНАРНОЙ ГАЗОВОЙ СМЕСИ Ar–N_2

Мукамеденкызы Венера — кандидат физико-математических наук, ассоцированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: mukameden@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-3921-2812;
Ақбердиев Бекжан — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: bekzhan_akberdiev@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-2108-9556.

Аннотация. Работа посвящена численному исследованию влияния угла наклона диффузионного канала на устойчивость механического равновесия и характер массопереноса в бинарной газовой смеси Ar–N_2 в гравитационном поле. Рассматривается изотермическое смешение газов в двухколбовом аппарате, при котором потеря механического равновесия обусловлена формированием неустойчивой концентрационной стратификации плотности в процессе взаимной диффузии компонентов с различными молекулярными массами. Возникающая при этом концентрационная гравитационная конвекция существенно влияет на скорость и структуру массопереноса, что обусловливает актуальность анализа факторов, определяющих ее интенсивность. Основной целью исследования является установление роли угла наклона канала в формировании и эволюции диффузионно-конвективных режимов массопереноса при фиксированных термобарических условиях. Численное моделирование выполнено в программном

Моделдеу нәтижелеріне сүйенсек, 10% үлгінде елеулі масса жоғалуы 300 °C температурада басталады, ал екі ай ішінде үлгінің 10% массасы жоғалады. Температура мен қалған масса арасындағы байланыс келесідей: 310 °C – 76%, 320 °C – 43%, 330 °C – 9%. 340 °C-та негізгі массаның жоғалуы 50 күн ішінде жүреді, 350 °C – 20 күн, 360 °C – 9 күн, 370 °C – 3 күн.


20% үлгісінде елеулі масса жоғалуы 320 °C температурада басталады, ал екі ай ішінде үлгінің 7% массасы жоғалады. Температура мен қалған масса арасындағы байланыс келесідей: 330 °C – 82%, 340 °C – 57%, 350 °C – 25%. 360 °C-та негізгі массаның жоғалуы 2 ай ішінде жүреді, 370 °C – 24 күн, 380 °C – 10 күн, 390 °C – 2 күн.

30% үлгінде елеулі масса жоғалуы да 320 °C-та басталады, ал екі ай ішінде үлгінің 6% массасы жоғалады. Температура мен қалған масса арасындағы байланыс: 330 °C – 83%, 340 °C – 59%, 350 °C – 30%. 360 °C-та негізгі масса жоғалуы 62 күн, 370 °C – 24 күн, 380 °C – 10 күн, 390 °C – 3,5 күн.

Изотермиялық қисықтарды талдауда ХШҰ концентрациясына байланысты термиялық тұрақтылықтың өзгеруі монотонды емес. Мысалы, 10% ХШҰ кезінде үлгінің қалған массасы аталған температурада айтарлықтай төмендеп, қарқынды деградация төменгі температураларға ауысады. Бұл толтырғыш бетінің каталитикалық әсерімен байланысты болуы мүмкін; 10% ХШҰ полимерлік матрицаның тұтастығын бұзады. Ал толтырғыш концентрациясын 20% дейін арттырғанда, керісінше, үлгінің қалған массасы таза үлгіге қарағанда артады, бұл толтырғыштың тұрақтандыру әсерін және қорғаныш қабатының түзілуін көрсетеді. 20% және 30% ХШҰүлгілерінде қалған массадағы айырмашылықтар айтарлықтай емес, бұл толтырғыштың шекті концентрациясына жеткенін білдіреді.

Изотермиялық қызмет ету уақыты. NETZSCH Kinetics Neo бағдарламалық қамтамасыз етуін қолдану арқылы әзірленген кинетикалық модель негізінде материалдың қызмет ету мерзіміне изотермиялық модельдеу жүргізілді. Модельдеу 10 °C–тан 400 °C–қа дейінгі әртүрлі температураларда, α = 0,02-ден 0,98-ге дейінгі түрлену дәрежелері үшін орындалды (3-сурет). Мұнда α = 0,02 материалдың ыдырауының басталуын, α = 0,05 функционалдық қасиеттерінің жоғалуын, ал α=0,5 материалдың жартысының, 0,98 – толық ыдырауын білдіреді.

Келесі суретте таза толтырғышсыз үлгінің қызмет ету уақытының қисықтары көрсетілген.




3-сурет. Таза полиэтиленнің кинетикалық қызмет ету уақыты қисықтары

Таза үлгіде бастапқы 283 градуста бастапқы ыдырау 2 жылға жуық уақытта, 290 – 9 ай, 300 – 3 ай, 310 – 1 айға жетер жетпес уақытта, 320-9 күнде, 330 – 3 күн, 340 – 1 күн, 350 – 11 сағатта.

Функционалдық қасиеттерін жоғалту уақытына келетін болсақ, онда сәйкесінше 290 – 2 жыл, 300 – 7,7 ай, 310 – 2,5 ай, 320 – 25 күн, 330 – 9 күн, 340 -3 күн және 350 – 1,2 күн.

Таза үлгіде жартылай ыдырау 320 градуста 1 жылға жуық уақытта, 330 – 4 ай, 340 – 1,5 ай және 350 – 15 күнде.

Толық ыдырау 330 градуста 22 айда, 340 – 8 айда, 350 – 3 айда жүреді.



4-сурет. HDPE/10%ХШҰ кинетикалық қызмет ету уақыты қисықтары

CC BY NC

Мұнда α=0,02 материалдың ыдырауының басталуын,α = 0,05 функционалдық қасиеттерінің жоғалуын, ал α=0,5 материалдың жартысының, 0,98 – толық ыдырауын білдіреді.


4-суреттен көріп тұрғандай, материалдың ыдырауы 270 градус температуралардың маңынан басталады, 287 градуста 2 жылға жуық мерзімде, 290 – 15 айда, 300 – 4,7 айда, 310 – 1,5 айда, 320 – жарты айда, 340-2күнге жуық мерзімде, 350 – 15 сағатта материалдың бастапқы ыдырауы басталады.

Функционалдық қасиеттерінің жоғалуы 300 градуста 1 жылда, 310 градуста – 3 айда, 320 – 35 күнде, 330-13 күнде, 340-4 күнде және 350 – 1,5 күнде орын алады.

Материалдың жартысының ыдырау мерзімін анықтайтын болсақ: 320 градус – 16 айда, 330 – 5,6 айда, 340-2 айда, 350 – 20 күн.


340 градуста үлгі 11 айда, 350 градуста – 4 айда толық ыдырауға ұшырайды.

Келесі суретте HDPE/20%ХШҰ пайыз үлгінің изотермиялық қызмет ету уақыты қисықтары көрсетілген.



5-сурет. HDPE/20%ХШҰ кинетикалық қызмет ету уақыты қисықтары

Ыдырау басталатын уақыт: 300 градуста – 7 ай, 310 – 2 ай, 320 -20 күнге жуық. 330 – 15 күн, 340 – 7 күн, 350 – 17 сағат. Қасиеттерін жоғалту: 300 градуста – 17 ай, 310 – 5 ай, 320 -1,5 ай. 330 – 15 күн, 340 – 5 күн, 350 – 2 күн. Жартылай ыдырау периоды: 320 -22 ай. 330 – 7 ай, 340 – 2 ай, 350 – 24 күн. Толық ыдырау 340 градуста 1 жылға жуық мерзімде, 350 – 4,5 айда орын алады.



6-сурет. HDPE/30%ХШҰ кинетикалық қызмет ету уақыты қисықтары

Ыдырау басталатын уақыт: 300 градуста – 6,7 ай, 310 – 2 ай, 320 -20 күнге жуық. 330 – 6 күн, 340 – 2 күн, 350 – 16 сағат.

Қасиеттерін жоғалту: 300 градуста – 17 ай, 310 – 5 ай, 320 -1,5 ай. 330 – 15 күн, 340 – 5 күн, 350 – 2 күн. Жартылай ыдырау периоды: 320 -21 ай. 330 – 6,8 ай, 340 – 2,2 ай, 350 – 23 күн.

Толық ыдырау 340 градуста 1 жылға жуық мерзімде, 350 – 4,3 айда орын алады.

20 пайыз ХШҰ және 10 пайыз ХШҰайтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

HDPE/10%ХШҰ үлгімен HDPE/20%ХШҰ үлгісінің қызмет ету уақыттарын салыстыру кестесін келтірейік.

2-к*есте*. HDPE/10%ХШҰ үлгімен HDPE/20%ХШҰ үлгісінің қызмет ету уақыттарын салыстыру кестесі

Пайыз	0,02		0,05		0,5		0,98	
Таза	300	3 ай	300	7,7 ай	300		300	
	310	1 ай	310	2,5 ай	310		310	
	320	9 күн	320	25 күн	320	1 жыл	320	
	330	3 күн	330	9 күн	330	4 ай	330	22 ай
	340	1 күн	340	3 күн	340	1,5 ай	340	8 ай
	350	11 сағат	350	1,2	350	15 күн	350	3 ай
10%	300	4,7 ай	300	1 жыл	300	-	300	
	310	1,5 ай	310	3 ай	310	-	310	
	320	0,5 ай	320	35 күн	320	16 ай	320	
	330		330	13 күн	330	5,6 ай	330	
	340	2 күн	340	4 күн	340	2 ай	340	11 ай
	350	15 сағат	350	1,5 күн	350	20 күн	350	4 ай

CC BY NC

20%	300	6,7 ай	300	17 ай	300		300	
	310	2 ай	310	5 ай	310		310	
	320	20 күн	320	1,5 ай	320	21 ай	320	
	330	6 күн	330	15 күн	330	6,8 ай	330	
	340	2 күн	340	5 күн	340	2,2 ай	340	1 жыл
	350	16 сағат	350	2 күн	350	23 күн	350	4,3 ай

Кестеде әртүрлі тепмператураларда 0,02, 0,05, 0,5, 0,98 ыдырау деңгейлеріне дейін қызмет ету уақыттары көрсетілген. Толтырылмаған ұяшықтар сәйкес температурада берілген ыдырау деңгейіне дейін жетпейтінін білдіреді.

Кестеде көрініп тұрғандай, таза үлгімен салыстырғанда ХШҰ қосылған материал концентрация артқан сайын термиялық тұрақтылығын арттырады, айтарлықтай маңызды оң өзгерістер 20 пайыздық үлгіде көрінеді. Бағдарлама модельдеуі нәтижесі бойынша әрі қарай концентрацияны арттыру қомақты өзгерістерге әкелмейді.

Динамиканы модельдеу нәтижелері. *Зерттелетін үлгілердің температура біртіндеп өзгеріп отырған кезде әртүрлі жылдамдықтардағы сипаттамаларын алдық. Бірінші жоғары жылдамдықтарды қолдандық – 100 К/мин.*, 200 К/*мин*., 400 К/*мин. Мұндай үлкен жылдамдықтар жану үрдістеріне тән болып келеді.*

3-кесте. Жоғары жылдамдықтардағы үлгі сипаттамалары

Үлгі	*Ыдырау басталу температурасы* ^0C			*Үлгі массасының 50% жоғалту температурасы*			*Толық ыдырау уақыты* (*мин*..)		
	100 K/ min	200 K/min	400 K/min	100 K/min	200 K/min	400 K/ min	100 K/min	200 K/ min	400 K/ min
таза	443	451	461	504	514	525	0,9	0,53	0,29
10%	438	451	462	502	513	524	5,33	2,7	1,39
20%	439	452	463	500	510	520			
30%	460	464	471	501	511	521			

Кестеден көрініп тұрғандай, әртүрлі үлгілерде ХШҰ концентрациясына байланысты барлығына бірдей заңдылық байқалып тұрған жоқ. Дегенмен, 30 пайыздық үлгіде бастапқы ыдырау температурасы таза, 10%, 20% үлгімен салыстырғанда біршама жоғары. Толық ыдырау уақытына келетін болсақ, таза үлгімен 10 пайыздық үлгіні салыстырғанда, соңғысының ыдырау уақыты 5 есе көп. ХШҰ концентрациясы 20% және 30% термопластта толық ыдырау бағдарлама бойынша тіркелген жоқ, біріншісінде қалдық масса – 13%, екіншісінде – 20%.

Жоғары температураларда реакциялар өз кинетикасымен жүреді, стандартты модельдерге бағынбай кететінін көрсетіп тұр. Барлық үлгілер экстремалды жағдайда критикалық температураға біруақытта жетеді.

Әртүрлі жылыту жылдамдықтарын салыстыру мақсатында сипаттамаларды 5 К/мин., 10


К/*мин.*, 20 К/*мин. кезінде модельдеу жасадық.*

4-кесте. Төмен жылдамдықтардағы үлгілердің сипаттамалары

Үлгі	*Ыдырау басталу температурасы* ^0C			*Үлгі массасының 50% жоғалту температурасы*			*Толық ыдырау уақыты (мин..)*		
	5 К/*мин.*	10 К/*мин.*	20 К/ *мин.*	5 К/*мин.*	10 К/*мин.*	20 К/*мин.*	5 К/*мин.*	10 К/ *мин.*	20 К/ *мин.*
таза	403	416	420	460	469	480	18	9	4
10%	405	417	421	460	469	480	18	9	5
20%	407	418	422	460	468	478	16	9	5
30%	403	415	420	460	469	479	16	9	5

Мұнда да, ХШҰ концентрациясы тек ыдырау басталу температурасына әсер ететіні байқалып тұр, ХШҰ қосылуы ыдырау температурасын жоғарлатады.

*Үлгінің әртүрлі ХШҰ концентрациясында ыдырау деңгейлерінің қандай уақытқа және температураға сәйкес келетінін салыстыру мақсатында изоконверсиялық қисықтарды құрастырдық (*7-сурет).




7-сурет. Уақытқа қатысты изоконверсиялық қисықтар
а) 10 К/мин. ә)100 К/мин. б)800 К/мин.

Суреттен көрініп тұрғандай 10 К/мин. жылыту жылдамдығында ыдырау уақыты 43 минуттан 49 минутқа дейін жалғасады. ХШҰ қоспасы бар үлгілердегі ыдырау уақытынның тежелуі тек 0,7 деңгейінен ғана біліне бастайды. Бұл айырмашылық әсіресе 30% үлгіде қатты байқалады: 0,8 деңгейде бұл үлгінің ыдырауы таза үлгімен салыстырғанда 1 мин.уттан астам уақытқа кешігеді. Бұл жылдамдық өрт қаупі басталған жағдайға сәйкес келеді.

Жыламдық 100 К/мин. артқан кезде кіші ыдырау деңгейлерінде уақытта аса айырмашылық білінбейді, 0,7 деңгейден бастап 30% үлгі 2 минутқа дейін айырмашылық көрсетеді, экстремалды жағдайда, әсіресе өрт кезінде бұл айтарлықтай рөл атқарады.

Ал 800 К/мин. жылдамдықта ХШҰ қоспасы материалдың ыдырауына қатты әсерін тигізеді, бұл жылдамдық өрт кезіндегі алаудың орталығында температура өсуіне сәйкес келеді. Мұнда 10 % үлгінің толық ыдырау уақыты 30 секундқа дейін тежеледі. 20% және 30% үлгі толық ыдырауға ұшырамайды, біріншісінің максималды деңгей -0,8, екіншісі – 0,87.



а) ә) б)

8-сурет. Температураға қатысты изоконверсиялық қисықтар
а) 10 К/мин. ә)100 К/мин. б)800 К/мин.

10 К/*мин. жылдамдықта ыдырау температуралары 444тен басталып ыдырау деңгей 0,6-0,7 жеткен кезде концентрацияға қатысты артып келеді. Бұл қосылған ұнтақтың әсерін білдіреді. Жылдамдық 100 К/мин.*, 800 К/*мин. артқан кезде кинетика заңдылығы өзгере бастайды: 100 К/мин. – ұнтақ қосылған үлгілер таза үлгіге қарағанда ыдырау температуралары жоғарырақ болады, бірақ ол концентрацияға пропорционал емес. Мысалы, бұл жылдамдықта төмен ыдырау деңгейлерінде 10 пайыздық полиэтиленнің температурасы жоғары, 20 және 30 пайыз үлгілердікі төмендеу. 800 К/мин. жылдамдыққа келетін болсақ, төмен ыдырау деңгейлерінде концентрацияға пропорционал болып деградация температуралары төмендеп келеді.*

Жалпы, барлық графиктерден байқалған дұрыс кинетика уақытқа қатысты да, температураға қатысты да тек ыдыраудың жоғары деңгейлерінен басталады, яғни, концентрация артқан сайын 0,7 деңнейінен бастап, ыдырау температурасы, уақыты артады. Төмен қыздыру жылдамдықтарында 0,7 ыдырау деңгейіне дейін уақыт, температураның концентрацияға тәуелділігі аса байқалмайды. Жоғары жылдамдықтарда айырмашылық біліне бастайды, бірақ ыдыраудың жоғары деңгейлерінде заңдылық айқын болып келеді.

Қорытынды**.** Жоғары тығыздықтағы полиэтиленге әртүрлі толтырғыштарды қосу полимердің кристалдану кинетикасына және динамикалық механикалық қасиеттеріне әсер етеді, бұл оның өңдеушілігі мен қолдану салалары үшін маңызды. Сондықтан да, мақаладағы үлгілерге әртүрлі эксплуатация жағдайларында қызмет ету мерзімі және термиялық қасиеттері саласында зерттеулер жүргізу өте маңызды.

ТГА кезінде болатын реакция қарапайым 1ші ретті F_n реакциясына сәйкес келеді.

Таза үлгінің осы реакциясының активациялық энергиясы 312 кДж/моль, ал 10% үлгіде – 321 кДж/моль. 20% ХШҰ құрамына ие үлгінің реакциясының активациялық энергиясы 336 кДж/моль, ал 30% үлгінде – 337 кДж/мольге тең.

ТГА нәтижелерін қолданып, бағдарламада изотермиялық қисықтар бойынша, изотермиялық қызмет ету уақыты қисықтары және динамикалық қисықтар арқылы бірнеше кинетикалық қасиеттеріне болжам жасалды. Әсіресе, динамикалық

режим кезінде әртүрлі қыздыру жылдамдығын бекіте отырып, өрт кезіндегі жүйе сипаттамаларын алып, салыстыруға мүмкіндік береді.

ХШҰ концентрациясына байланысты термиялық тұрақтылықтың өзгеруі монотонды емес. 10% ХШҰ қосылған үлгінің қалған массасы аталған температурада айтарлықтай төмендеп, қарқынды деградация төменгі температураларға ауысады. Ал толтырғыш концентрациясын 20% дейін арттырғанда, керісінше, үлгінің қалған массасы таза үлгіге қарағанда артады, бұл толтырғыштың тұрақтандыру әсерін және қорғаныш қабатының түзілуін көрсетеді. 20% және 30% ХШҰ қосылған үлгілерінде қалған массадағы айырмашылықтар айтарлықтай емес, бұл толтырғыштың шекті концентрациясына жеткенін білдіреді.

Қызмет ету уақытын модельдеу нәтижелеріне сүйенсек, таза үлгімен салыстырғанда ХШҰ қосылған материал концентрация артқан сайын термиялық тұрақтылығын арттырады, айтарлықтай маңызды оң өзгерістер 20 пайыздық үлгіде көрінеді. Бағдарлама модельдеуі нәтижесі бойынша әрі қарай концентрацияны арттыру қызмет ету уақытына қомақты өзгерістерге әкелмейді.

Динамикалық режимде кинетикалық қасиеттерді модельдеу өртке төзімді материалдарды жасақтауға көмегін береді, себебі мұнда қыздырудың әртүрлі жылдамдығын бағдарламада қойып, материалдың деградациясының уақытын және температурасын анықтауға мүмкіндік береді. *Дұрыс кинетика уақытқа қатысты да, температураға қатысты да тек ыдыраудың жоғары деңгейлерінен басталады, яғни, концентрация артқан сайын 0,7 деңгейінен бастап, ыдырау температурасы, уақыты артады. Төмен қыздыру жылдамдықтарында 0,7 ыдырау деңгейіне дейін уақыт, температураның концентрацияға тәуелділігі аса байқалмайды. Жоғары жылдамдықтарда айырмашылық біліне бастайды, бірақ ыдыраудың жоғары деңгейлерінде заңдылық айқын болып келеді.*

References

Eck, Marcel, Simon Timm Schwab, Taylor Frederick Nelson, Katrin Wurst, Steffen Iberl, David Schleheck, Christoph Link, Glauco Battagliarin and Stefan Mecking (2022) Biodegradable High-Density Polyethylene-like Material. Angewandte Chemie International Edition. https://doi.org/10.1002/ange.202213438 (in Eng.)

Gao, Wei, Yufeng Li, Jitao Zhao, Zhe Zhang and Weiwei Tang (2022) Influence of surface modification of zinc oxide on physical properties of high-density polyethylene. Colloids and Surfaces A: Physicochemical and Engineering Aspects, 653:130000. (in Eng.)

Harter Alexander G., Thomas M. Klapötke, Jasmin T. Lechner and Jörg Stierstorfer (2022) Kinetic Predictions Concerning the Long-Term Stability of TKX-50 and Other Common Explosives Using the NETZSCH Kinetics Neo Software. Propellants, Explosives, Pyrotechnics, 47. e202200031. (in Eng.)

Huang, Runzhou, Xinwu Xu, Sunyoung Lee, Yang Zhang, Birm-June Kim and Qinglin Wu (2013) High Density Polyethylene Composites Reinforced with Hybrid Inorganic Fillers: Morphology, Mechanical and Thermal Expansion Performance. Materials, 6(9). – P. 4122–4138. (in Eng.)

Huziazmetova A., Abdrakhmanova L., Nizamov R., and others (2024) Napolnenie polivinilkhloridnoy smesi polimerov vspuchennym perlitovym peskom [Incorporation of expanded perlite sand as a filler into a polyvinyl chloride (PVC) polymer blend]. News of the Kazan State University of Architecture and Engineering. – 3(69). – P. 6-14. DOI: 10.48612/NewsKSUAE/69.1 (in Russian)

Kukaleva N., G.P. Simon and E. Kosior (2004) Modification of recycled high-density polyethylene by low-density and linear-low-density polyethylenes. Polymer Engineering & Science. https://doi.org/10.1002/pen.10002. (in Eng.)

Manić N, Janković B. and Dodevski V. (2020) Model-free and model-based kinetic analysis of Poplar fluff (Populus alba) pyrolysis process under dynamic conditions. Journal of Thermal Analysis and Calorimetry, 143. – P. 3419-3438. (in Eng.)

Menzel, Teresa, Nora Meides, Anika Mauel, Ulrich Mansfeld, Winfried Kretschmer, Meike Kuhn, Eva M. Herzig, Volker Altstädt, Peter Strohriegl, Jürgen Senker and Holger Ruckdäschel (2022) Degradation of low-density polyethylene to nanoplastic particles by accelerated weathering. Science of The Total Environment, 826:154035. (in Eng.)

Patel, R. M. (2012) Crystallization kinetics modeling of high density and linear low density polyethylene resins. Journal of Applied Polymer Science, 124(2). – P. 1542-1552. (in Eng.)

Roger S.L., Wan Kamis W.Z., Isa N., Ali Bashah N.A., & Inderan V. (2022). Synthesis and characterizations of chromium-aluminium mixed oxides catalysts to produce FAME. ESTEEM Academic Journal, 18(Sept). – P. 120-128. https://uppp.uitm.edu.my/ (in Eng.)

Shtyka O., Maniukiewicz W., Ciesielski R., & Kedziora A. (2021). The Formation of Cr-Al Spinel under a Reductive Atmosphere. Materials, 14(12). – P. 3218. https://doi.org/10.3390/ma14123218

Sobek S., Werle S. (2020) Kinetic modelling of waste wood devolatilization during pyrolysis based on thermogravimetric data and solar pyrolysis reactor performance. Fuel, 261: 116459. DOI: 10.1016/j.fuel.2019.116459 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 136–148

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.410

UDC: 544.22; 538.9; 621.383.51
IRSTI: 29.19.23; 31.15.13

©Nurbayev B.M.[1], Dmitriyeva E.A.[1], Kemelbekova A.E.[1,2]*, 2026.
[1]Institute of Physics and Technology, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan;
[2]The Pennsylvania State University, State College, United States of America.
[*]E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university

THE ROLE OF LOW-DIMENSIONAL LAYERED STRUCTURES IN ENHANCING THE STABILITY OF TIN-BASED PEROVSKITE MATERIALS

Nurbayev Bedelbek — PhD candidate, IPT engineer, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: bedel.armia.99@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-3059-6349;
Dmitriyeva Elena — Candidate of Phys.-Math. Sc., professor, leading researcher, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: dmitriyeva2017@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1280-2559;
Kemelbekova Ainagul — PhD, IPT senior researcher, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4813-8490.

Abstract. In recent years, perovskite materials have attracted significant attention due to their outstanding performance in photovoltaic devices. A particularly important direction is the development of lead-free alternatives, among which tin-based perovskites demonstrate high efficiency. However, their low stability and strong susceptibility to degradation under exposure to oxygen, moisture, and light remain major challenges. Consequently, researchers are actively exploring low-dimensional layered structures capable of substantially enhancing the stability of these materials.

Layered perovskites consist of alternating organic and inorganic layers, forming 2D quantum wells, 1D rods, or 0D quantum dots depending on their chemical composition. Their key advantage lies in the broad flexibility of structural design, which opens extensive opportunities for creating new architectures and tailoring material properties. The article provides a detailed discussion of the main types of structural distortions - in-plane, out-of-plane, and octahedral all of which have a pronounced impact on the electronic and optical characteristics of these systems.

Special attention is given to the band structure, density of states, and effective masses of charge carriers. It is shown that reducing dimensionality leads to band-gap widening, enhanced quantum and dielectric confinement, and an increase in exciton binding energy. These effects give rise to the strongly excitonic nature of optical transitions in 2D tin-based perovskites. The discussion also covers photoluminescence features,

including the emergence of “dark” exciton states and the influence of defects formed during degradation.

Overall, the study highlights that low-dimensional layered structures represent a highly promising strategy for improving the stability of tin-based perovskites. Control over structural parameters, along with the selection of organic cations, halides, and dopants, enables targeted tuning of their electronic and optical properties. The aim of this work is to provide a comprehensive analysis of the structural, electronic, and optical properties of low-dimensional tin-based layered perovskites, including their structural distortions, band structure, and excitonic behavior. The findings may serve as a foundation for the development of stable and high-efficiency photovoltaic devices.

Keywords: perovskites, tin, low-dimensional materials, 3D perovskite, photovoltaic device

Financing. *This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23485698 “Investigation of tin-based perovskites on flexible substrates”).*

For citations: *Nurbayev B.M., Dmitriyeva E.A., Kemelbekova A.E. The Role of Low-Dimensional Layered Structures in Enhancing the Stability of Tin-Based Perovskite Materials. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 136–148. DOI:https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.410*

©Нұрбаев Б.М.[1], Дмитриева Е.А.[1], Кемелбекова А.Е.[*1,2], 2026.
[1]Физика-техникалық институты, Satbayev University, Алматы, Қазақстан;
[2] The Pennsylvania State University, Стейт колледж, Америка Құрама Штаттары.
[*]E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university

ҚАЛАЙЫ НЕГІЗІНДЕГІ ПЕРОВСКИТТІ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТӨМЕНӨЛШЕМДІ ҚАБАТТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Нұрбаев Беделбек — PhD докторант, ФТИ инженері, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bedel.armia.99@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-3059-6349;
Дмитриева Елена — физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, жетекші ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан,
E-mail: dmitriyeva2017@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1280-2559;
Кемелбекова Айнагуль — PhD, ФТИ аға ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан,
E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4813-8490.

Аннотация. Соңғы жылдары перовскит негізіндегі материалдар фотоэлектрлік құрылғылардағы ерекше сипаттамаларына байланысты айтарлықтай назар аударып отыр. Қорғасынсыз баламалардың дамуы ерекше қызығушылық тудырады, олардың арасында қалайы перовскиттері жоғары тиімділікті көрсетеді. Дегенмен, олардың төмен тұрақтылығы және оттегі, ылғал және жарық әсерінен

деградацияға бейімділігі негізгі мәселе болып қала береді. Осыған байланысты зерттеушілер материалдардың тұрақтылығын едәуір арттыра алатын төмен өлшемді қабатты құрылымдарды белсенді түрде зерттеліп жатыр.

Қабатты перовскиттер химиялық құрамына байланысты 2D кванттық шұңқырларды, 1D стерженьдерді немесе 0D кванттық нүктелерді құрайтын ауыспалы органикалық және бейорганикалық қабаттардан тұрады. Олардың маңызды артықшылығы — жаңа құрылымдар құруға және қасиеттерін басқаруға кең мүмкіндіктер ашады. Мақалада электронды және оптикалық сипаттамаларға айтарлықтай әсер ететін құрылымдық бұрмаланулардың түрлері — жазықтық ішінде, жазықтықтан тыс және октаэдрлік түрлері қарастырылады.

Мақалада аймақтық құрылымға, күй тығыздығына және заряд тасымалдаушылардың тиімді массаларына ерекше назар аударылады. Өлшемнің төмендеуі диапазонның кеңеюіне, кванттық және диэлектрлік шунттаудың жоғарылауына және экситондардың байланыс энергиясының жоғарылауына әкелетіні көрсетілген. Бұл әсерлер 2D қалайы перовскиттеріндегі оптикалық ауысулардың айқын экситондық сипатын анықтайды. Фотолюминесценцияның ерекшеліктері, соның ішінде «қараңғы» экситондық күйлердің пайда болуы және деградация процесінде пайда болатын ақаулардың әсері де талқыланады.

Жұмыс төмен өлшемді қабатты құрылымдар қалайы перовскиттерінің тұрақтылығын арттырудың перспективалық бағыты екенін көрсетеді. Құрылымдық параметрлерді басқару, органикалық катиондарды, галогенидтерді және легирлеуші элементтерді таңдау электронды және оптикалық қасиеттерді мақсатты түрде реттеуге мүмкіндік береді. Осы мақаланың мақсаты — қалайы негізіндегі төменөлшемді қабатты перовскиттердің құрылымдық, электрондық және оптикалық қасиеттерін кешенді түрде талдау, олардың бұрмалану ерекшеліктерін, зоналық құрылымын және экситондық табиғатын сипаттау. Бұл зерттеу нәтижелері болашақта тұрақты әрі тиімді фотоэлектрлік құрылғыларды әзірлеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: перовскиттер, қалайы, төменөлшемді материалдар, 3D-перовскит, фотоэлектрлік құрылғы

©Нурбаев Б.М.[1], Дмитриева Е.А.[1], Кемелбекова А.Е.[*1,2], 2026.
[1]Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан;
[2] The Pennsylvania State University, Стейт колледж,
Соединенные Штаты Америки.
[*]E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university

РОЛЬ НИЗКОРАЗМЕРНЫХ СЛОИСТЫХ СТРУКТУР В ПОВЫШЕНИИ СТАБИЛЬНОСТИ ПЕРОВСКИТНЫХ МАТЕРИАЛОВ НА ОСНОВЕ ОЛОВА

Нурбаев Беделбек — PhD докторант, инженер ФТИ, Алматы, Казахстан,
E-mail: bedel.armia.99@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-3059-6349;

Дмитриева Елена — кандидат физико-математических наук, профессор, ведующий научный сотрудник, Алматы, Казахстан,
E-mail: dmitriyeva2017@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1280-2559;
Кемелбекова Айнагуль — PhD, старший научный сотрудник ФТИ, Алматы, Казахстан,
E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4813-8490.

Аннотация. В последние годы перовскитные материалы привлекают значительное внимание благодаря своим выдающимся характеристикам в фотоэлектрических устройствах. Особый интерес вызывает разработка бессвинцовых альтернатив, среди которых оловянные перовскиты демонстрируют высокую эффективность. Однако ключевой проблемой остается их низкая стабильность и склонность к деградации под воздействием кислорода, влаги и света. В связи с этим исследователи активно изучают низкоразмерные слоистые структуры, способные существенно повысить устойчивость таких материалов. Слоистые перовскиты состоят из чередующихся органических и неорганических слоев, формируя 2D-квантовые ямы, 1D-стержни или 0D-квантовые точки в зависимости от химического состава. Их важное преимущество заключается в широких возможностях создания новых структур и управления их свойствами. В статье подробно рассматриваются типы структурных искажений - внутриплоскостные, внеплоскостные и октаэдрические, - которые существенно влияют на электронные и оптические характеристики. Особое внимание уделено зонной структуре, плотности состояний и эффективным массам носителей заряда. Показано, что уменьшение размерности приводит к расширению запрещенной зоны, усилению квантового и диэлектрического ограничения, а также к увеличению энергии связи экситонов. Эти эффекты определяют ярко выраженную экситонную природу оптических переходов в 2D-оловянных перовскитах. Обсуждаются также особенности фотолюминесценции, включая появление «темных» экситонных состояний и влияние дефектов, возникающих в процессе деградации. В работе подчеркивается, что низкоразмерные слоистые структуры являются перспективным направлением повышения стабильности оловянных перовскитов. Управление структурными параметрами, выбор органических катионов, галогенидов и легирующих элементов позволяют целенаправленно регулировать электронные и оптические свойства материалов. Цель статьи заключается в комплексном анализе структурных, электронных и оптических свойств низкоразмерных слоистых перовскитов на основе олова, включая особенности их структурных искажений, зонной структуры и экситонной природы. Полученные результаты могут служить основой для разработки стабильных и высокоэффективных фотоэлектрических устройств.

Ключевые слова: перовскиты, олово, низкоразмерные материалы, 3D-перовскит, фотоэлектрическое устройство

Кіріспе. Соңғы жылдары перовскиттік материалдар фотоэлектрлік құрылғыларда жоғары тиімділікке қол жеткізуімен ғылым мен технологияда ерекше қызығушылық тудырып отыр. Әсіресе, құрамына қорғасын қосылмай,

балама материал ретінде қалайы негізіндегі перовскиттерді зерттеу өзекті бағытқа айналды. Қалайы негізіндегі перовскиттік күн элементтерінің тиімділігі 14%-дан асып, оларды болашағы зор материалдар қатарына қосты. Алайда, қалайы негізіндегі материалдардың тұрақсыздығы мен деградацияға бейімділігі практикалық қолдануды шектейді.

Бұл мәселені шешудің жолдарының бірі – төменөлшемді қабатты перовскиттерді пайдалану. Мұндай құрылымдар бейорганикалық және органикалық қабаттардан тұрады және олардың химиялық құрамына байланысты әртүрлі кванттық жүйелерді түзе алады. Қабатты перовскиттердің ең басты артықшылығы – олардың құрамы 3D-перовскиттердегі сияқты А орнындағы катион өлшемімен шектеліп қоймайды, сондықтан жаңа композициялар мен құрылымдардың кең мүмкіндіктер әлеуетін ашады.

Осы жұмыстың мақсаты – қалайы негізіндегі төменөлшемді қабатты перовскиттердің құрылымдық, электрондық және оптикалық қасиеттерін кешенді түрде талдау, олардың бұрмалану ерекшеліктерін, зоналық құрылымын және экситондық табиғатын сипаттау болып табылады. Бұл зерттеу нәтижелері болашақта тұрақты әрі тиімді фотоэлектрлік құрылғыларды әзірлеуге негіз бола алады.

Қалайы негізіндегі перовскиттік күн элементтерінің тиімділігін үздіксіз ғылыми зерттеулердің нәтижесінде 14%-дан жоғары деңгейге жетіп, оларды әлеуетті «қорғасынсыз» материалдардың қатарына қосты. Дегенмен, тиімділіктің артуына қарамастан, қалайы негізіндегі құрылғылар деградацияға бейім болып қала береді. Жоғары температура мен ылғалдылық жағдайларында тұрақтылықты арттыру мақсатында төменөлшемді қабатты перовскиттерге, қорғасын және қалайы негізіндегі жүйелерде де, айрықша назар аударылуда.

Бұл қабатты құрылымдарда бейорганикалық және органикалық қабаттар тізбекті орналасады және олардың химиялық құрамына байланысты табиғи түрде 2D кванттық шұңқырлар, 1D кванттық стерженьдер немесе 0D кванттық нүктелерді түзе алады. Қабатты перовскиттердің құрамы 3D-перовскит құрылымындағыдай А орнындағы катион өлшемімен шектелмейді, сондықтан жаңа композициялар мен құрылымдардың шексіз пайда болуына жол ашылады.


Әдебиетке шолу**.** Перовскиттің ABX_3 құрылымдық типі үшөлшемді (3D) тордың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін А орнындағы катионның иондық радиусына қатаң талаптар қойылады. Егер бұл талаптардың сақталмауы орын алса және орнына ірі органикалық катион енгізілсе, бастапқы 3D-перовскит құрылымы төмен өлшемді жүйелерге ыдырайды.

Қабатты (2D) перовскитті материалдарды бастапқы үшөлшемді құрылымды белгілі бір кристаллографиялық бағыттар бойынша ойша кесу арқылы сипаттауға болады. Мұндай қабатты жүйелер перовскитке ұқсас блоктардың арасына органикалық катиондарды енгізу арқылы түзіледі. Бұл катиондар бірвалентті (A′) немесе еківалентті (A″) болуы мүмкін.

Мысалы, келесі 1 суретте қабатты перовскиттердің екі негізгі типінің – (100) және (110) бағытындағы құрылымдардың – сызбанұсқалық бейнесі көрсетілген.

CC BY NC


Бұл типтер органикалық катиондардың енгізілу ерекшеліктеріне және қабаттардың бағытталуына байланысты ажыратылады.



Сурет 1 - Үшөлшемді (3D) бастапқы құрылымды блокты а) 100) және ә) (110) жазықтықтары бойынша кесу нәтижесінде төменөлшемді перовскиттер алынады: сәйкесінше 2D-кванттық шұңқырлар және 1D-кванттық стерженьдер.
(100) типіндегі перовскиттер әдетте Дайон–Якобсон (DJ) фазасы немесе Раддлсден–Поппер (RP) фазасы түрлеріне жіктеледі.

Төменөлшемді перовскиттің (100) типі әдетте ең жиі кездеседі, ал (110) типті перовскиті тек бірнеше қосылыстар ғана түзеді. Әртүрлі құрылымдардың типтері жүйелердің құрылымдық параметрлеріне қол жеткізу үшін Марченко және әріптестерінің деректер қорында сипатталған (Marchenko et.al., 2020).

Қабатты перовскиттер 3D-аналогымен салыстырғанда, жиі идеалды перовскиттік байланыстан ауытқиды, мұнда органикалық катиондар қабаттарға белгілі бір бұрмаланулар енгізеді. Үш түрлі бұрмалану типін анықтаймыз, олар келесі 2 – суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Қабатты перовскиттер келесі үш түрлі бұрмалануды көрсете алады: а) жазықтықтағы бұрмалану (in-plane), ә) жазықтықтан тыс бұрмалану (out-of-plane distortion) және б) октаэдрлік бұрмалану.

Жазықтықтағы бұрмалану Sn–X–Sn байланыс бұрышын идеалды 180° мәнінен азайтады. Жазықтықтан тыс бұрмалану октаэдрлердің еңкеюіне алып келеді, ал октаэдрлік бұрмалану бейорганикалық торлардың октаэдрлік геометриясынан ауытқуымен түсіндіріледі.


Жазықтықтағы бұрмалану октаэдрлер арасындағы бұрыш (Sn–X–Sn бұрышы) идеалды 180°-тан аз болған жағдайда байқалады (2 а-сурет). Жазықтықтан тыс бұрмалану 2 ә-суретте көрсетілген және ол октаэдрлердің жазықтықтан тыс еңкеюімен сипатталады. Жекелеген октаэдрлер де бұрмалануға ұшырауы мүмкін, бұл әдетте Sn–X байланыс ұзындықтарының немесе X–Sn–X байланыс бұрыштарының өзгеруіне алып келеді (2 б-сурет).

Нәтижелер мен талқылау. *Электрондық және оптикалық қасиеттер.* Қабатты перовскиттер төменөлшемді бейорганикалық құрылымдар тізбегінен тұрады, осыған байланысты олардың электрондық және оптикалық қасиеттері айтарлықтай өзгереді. Алғашқыда Sn негізіндегі қабатты перовскиттер төменгі n мәндерінде жартылай өткізгіштік сипатқа ие, ал үлкен n мәндерінде металлдық қасиеттерге жақындайды деп есептелген (Papavassiliou et.al., 1994). Бұл үрдіс үлкен n мәндерінде тор бұрмалануының төмендеуімен және идеалды кубтық перовскит құрылымына жақындауымен корреляцияланған (Mitzi, 1996). Такахаши және әріптестері p-типті лезден легирлеу қабатты перовскиттердің жоғары өткізгіштігін туындататынын болжады (Takahashi et.al., 2007). Өткізгіштіктің одан әрі артуы құрылымға Sn^{4+} иондарын жасанды енгізу арқылы жүзеге асырылып, олардың гипотезасын растады. Қазіргі таңда қалайы негізіндегі перовскиттердің металлдық қасиеттері p-типті легирлеумен түсіндіріледі, алайда тор бұрмалануы электрондық және оптикалық қасиеттердің басым бөлігін айқындауды жалғастыруда.

Зоналық құрылым, күй тығыздығы және тиімді массалар. Органикалық катиондардың HOMO–LUMO саңылауы бейорганикалық октаэдрлік құрылымның тыйым салынған аймағына қарағанда әлдеқайда үлкен болғандықтан, төменөлшемді қабатты перовскиттердің аймақ шекарасына жақын электрондық қасиеттері негізінен қалайы және галогенид орбиталдарынан тұрады. Аймақтық құрылымдар мен күй тығыздығын (DOS) есептеу үшін тек SnI_4^{2-} иондық қабаттарын қарастырған және кеңейтілген Хюккельдің байланыс әдісін қолданған. Бұл есептеулер төменөлшемді құрылымдардың негізгі ерекшеліктерін анықтады: тікелей тыйым салынған аймақ, кеңейтілген аймақмсаңылауы және өткізгіштік жолағының тарылуы (Katan et.al., 2019).

Келесі 3 а-суретте осы есептеулер нәтижесінде алынған DOS көрсетілген: валенттік аймақтың максимумы (VBM) негізінен Sn 5s және I 5p кері байланыс орбиталдарынан тұрады, ал өткізгіштік аймақтың минимумы (CBM) негізінен Sn 5p және I 5p кері байланыс орбиталдарынан құралған. Аймақ шекараларының құрамы құрылымның тыйым салынған аймаққа әсерін түсінуге мүмкіндік береді, бұл (100) типті перовскиттер үшін Кнутсон және әріптестерімен зерттелген (Knutson et.al., 2005). Жазықтықтағы бұрмалану тыйым салынған аймақтың ұлғаюына жазықтықтан тыс бұрмалануға қарағанда анағұрлым күшті әсер ететіні байқалады. Пентандиаммоний (PeDA) және iPy органикалық

катиондары қолданылған зерттеу $(iPy)_2SnI_4$ қосылысының кең тыйым салынған аймағы жазықтықтан тыс бұрмалану азайғанына қарамастан, үлкен октаэдрлік бұрмаланумен түсіндірілетінін көрсетті, (Stoumpos et.al., 2017).



Сурет 3 – а) SnI_4^{2-} иондық қабаттарын ғана ескеретін DOS, кеңейтілген Хюккельдің байланыс әдісі арқылы есептелген. ә) Қабатты перовскиттің қалыңдығына тәуелді тыйым салынған аймақтың ені, мұнда тұтас сызық тиімді масса жуықтауы негізінде есептелген мәнді көрсетеді. Моноқабат үшін бұл жуықтау бұзылады.

Бұл есептеулер супертор әсерін асыра бағалайды: мини-аймақтардың түзілуі болжанғанымен, кеңінен қолданылатын органикалық катиондарда ол әлі тәжірибелік түрде расталмаған (Even et.al., 2014). Танако және әріптестері алған нәтижелер 3 ә – суретте көрсетілген, олар тиімді масса жуықтауы моноқабат (n = 1) үшін тыйым салынған аймақтың енін қайта шығара алмайтынын айқын көрсетеді (Tanaka et.al., 2003). Сондықтан, осы әдістермен алынған экситон байланыс энергиясының есептеулері нақты емес (Ma et.al., 2016).

Моноқабатты перовскиттер үшін тиімді масса жуықтауы жұмыс істемейтіндіктен, дәлірек сипаттау үшін DFT әдістерін қолдану қажет. DFT құрылымдық оптимизацияларын жүзеге асыру мұқият тексерілуі тиіс, себебі жазықтық ішіндегі және сыртындағы қосымша бұрмаланулар электрондық құрылымға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Екіншіден, тиімді массаларды сенімді бағалау теория деңгейіне тәуелді, ол релятивистік және көпбөлшекті эффектілерді енгізуді талап етеді. Көптеген қабатты перовскиттер үшін мұндай теориялық деңгей есептеу тұрғысынан тым күрделі болып табылады.

Бағалаудың болмауы $(BA)_2SnI_4$ қосылысы үшін электрон мен кемтіктің тиімді массаларының әртүрлі мәндерінің хабарлануына алып келеді: олар сәйкесінше 0,29/0,37 m_e (HSE + SOC) және 0,33/0,21 m_e (HSE) болып есептелген (Dyksik et.al.,2020). Тәжірибелік түрде анықталған $(PEA)_2SnI_4$ қосылысының келтірілген тиімді массалары $FASnI_3$-ке қарағанда төмен мәндер көрсеткен, бұл жүйедегі кванттық шектеуді ескергенде қарама-қарсы нәтиже болып табылады (Liang et.al., 1998). PBE деңгейіндегі DFT жолақ құрылымы есептеулері қалайы бромидінің 0D және 2D қабатты перовскиттері үшін өлшемділіктің азаюы дисперсияны төмендетіп, тыйым салынған аймақтың енін арттыратынын көрсетті (Straus et.al., 2018). 0D жүйелері жолақ құрылымы есептеулері құрылымдық тұрғыдан

оқшауланған октаэдрлердің электрондық тұрғыдан да ажыратылғанын көрсетті. 2D жағдайында Г–μ бағытындағы дисперсияның болмауы жазықтықтан тыс бағытқа сәйкес келеді және {100} типті перовскиттердің 2D электрондық табиғатын растайды. Бұл есептеулер тәжірибелік бақылауларды қуаттайды, яғни көршілес бейорганикалық қабаттар арасында ешқандай өзара әрекеттесу байқалмаған (Zhou et.al., 2017). 0D құрылымының CBM құрамына органикалық катионның үлесі кіргенімен, оптикалық қасиеттер әлі де бейорганикалық октаэдрлермен айқындалады: тетік Sn–Br экваторлық жазықтығында, ал электрон Sn–Br апикальдық байланыстарында локализацияланған.

Оптикалық қасиеттер.{100} типті перовскиттер үшін: Қалайы негізіндегі қабатты перовскиттердің өлшемдік әмбебаптығы олардың оптикалық қасиеттерін ерекше қызықты етеді. {100} типті перовскиттерді жиі идеалды 2D-жүйелер деп атайды, олар бөлме температурасында табиғатынан экситондық сипатқа ие болып табылады. Олардың экситондық табиғатын түсіну үшін кванттық шектеу мен диэлектрлік шектеу әсерлерін қарастыру қажет.

Кванттық шектеу әсері ірі органикалық катиондар арасында орналасқан бейорганикалық қабаттардың өлшемдерінің азаюына байланысты болып табылады. Бұл электрондық тыйым салынған аймақтың кеңеюіне және экситон байланыс энергиясының (E_b) артуына алып келеді. Бұл екі әсер тыйым салынған аймаққа қарама-қарсы ықпал етсе де, соңғы нәтиже төмен өлшемді перовскиттер үшін оптикалық тыйым салынған аймақтың кеңеюі болып табылады. Идеалды 2D жүйеде Eb_2D мәні 3D жүйедегі E_b-ге қарағанда төрт еселенуі тиіс деп күтіледі, себебі заряд тасымалдаушылар арасындағы кулондық әрекеттесу күшейеді (Zhou et.al.,2018). Алайда бейорганикалық және органикалық қабаттардың диэлектрлік өтімділіктеріндегі үлкен айырмашылық эксперименттік E_b мәнінің төрт еседен де жоғары болуына алып келеді. Бұл құбылыс диэлектрлік шектеу немесе бейненің заряд әсері деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, органикалық қабаттардың төмен диэлектрлік өтімділігі заряд тасымалдаушыларды әлсіз бейімдейді, нәтижесінде E_b артады.

Қабат санының (n) әсері: Бейорганикалық қабаттар саны кванттық шектеуді анықтайды, сондықтан n мәнін өзгерту арқылы оптикалық тыйым салынған аймақты реттеуге болады. $(BA)_2(MA)_{n-1}Sn_nI3_{n+1}$ сериясында n = 5-тен n = 1-ге дейінгі шектеудің артуы жұтылу шегін 1,37 эВ-тан 1,83 эВ-қа жылжытады (Folpini et.al., 2020). Егер, n = 1 жағдайындағы айқын экситондық шың {100} типті перовскиттердің экситондық табиғатын айқын көрсетеді.

Бейорганикалық қабаттардың бұрмалануы оптикалық тыйым салынған зонаға электрондық зонадағыдай әсер етеді. Бұл әсер E_b-ге ықпал етпейтіндей көрінгенімен, толық зерттелмеген. Дегенмен, оптикалық және электрондық аймақтардағы ұқсас үрдістер E_b мәнінің айтарлықтай өзгермейтінін болжайды. Бұл тұжырым қосымша зерттеуді қажет етеді, себебі жүздеген мэВ деңгейіндегі үлкен E_b фотоэлектрлік құрылғылардың өнімділігін төмендетуі мүмкін. Оптикалық тыйым салынған аймағы төмен құрылғылар үшін бейорганикалық қабат бұрмалануы төмен материалдарды таңдау қажет, мысалы бензимидазолий

және бензодиимидазолий, олардың оптикалық тыйым салу аймақтарының ені 1,81 және 1,79 эВ-ке тең болып табылады (Gao et.al., 2020).

Галогенид пен катион таңдау: 3D перовскиттерге ұқсас, йодты бромға алмастыру оптикалық зонаны жоғары энергияға жылжытады. Сонымен қатар органикалық катионды таңдау да тыйым салынған зонаға әсер етеді, бұл кең диапазонда реттеу мүмкіндігін береді.


Легирлеу стратегиялары: Оптикалық қасиеттерді реттеудің қосымша тәсілі – гомовалентті немесе гетеровалентті иондармен легирлеу. Мысалы, $(PEA)_2SnBr_4$ қосылысының Bi^{3+} ионымен легирленуі фотолюминесценцияның (ФЛ) аздап көк аймағына ығысуына және төмен энергетикалық шеткі сәулеленудің азаюына алып келді. Mn^{2+} ионымен легирленген октиламмоний қалайы бромиді таза материалдағы ФЛ-ны қызыл аймаққа ығыстырып, қызғылт-қызыл жарық шығарды. Дегенмен, легирлеу PLQY (Photoluminescence Quantum Yield) мәнін төмендететіндіктен, басқа легирлеуші қоспаларды зерттеу қажеттігі артады.

Келесі 4а – суретте $(PEA)_2SnI_4$ қосылысының жұтылуы мен люминесценциясы көрсетілген. Люминесценция аз Стокс ығысуымен және тар сызықтық енімен сипатталады. Спектр формасын мұқият қарастыру асимметриялық сәулелenуді көрсетеді, ол ұзын толқындарға дейін созылып, ≈650 нм аймағында иық түзеді. Кейінгі зерттеуде үлгі бірнеше күн ауада сақталып, 80 К температурада өлшенгенде бұл иық айқын көрініп, оның интенсивтілігі артқаны байқалған (4 ә сурет). Бұл құбылыс үлгінің деградациясы нәтижесінде пайда болған ақаулардың төмен энергиялы сәулеленуге жауапты екенін көрсетеді. Sn негізіндегі перовскиттердің жарық, оттегі және ылғал әсеріне өте тұрақсыз екені белгілі. Ұқсас құбылыс бутиламмоний қолданылған жүйелерде де байқалған, бұл {100} типті барлық перовскиттер үшін деградация механизмінің ұқсас екенін меңзейді.

Фолпини және әріптестері 2020 жылы $(PEA)_2SnI_4$ қосылысында жарық экситон күйінен шамамен 10 мэВ төмен орналасқан меншікті «қараңғы» экситон күйін анықтады (Folpini et.al., 2020), (Liu et.al., 2019). Бұл меншікті қасиет жарық экситон күйінің релаксация динамикасы үшін маңызды салдарға ие екені анықталды. Мысалы, температура төмендеген сайын ФЛ өшу уақытының артуы күтіледі. Алайда авторлар 4 б – суретте көрсетілгендей, бөлме температурасынан 100 К-ге дейін төмендеткенде ФЛ өмір сүру уақытының қысқаруын байқады. Бұл ерекше мінез-құлықты қараңғы күйдің рекомбинация жылдамдығы жарық күйіне қарағанда әлдеқайда баяу екенін ескергенде түсіндіруге болады. Бөлме температурасында төменгі энергиялы қараңғы күйдегі экситондар термиялық түрде жарық күйіне активтенеді, бұл сәулелік рекомбинацияны баяулатады және нәтижесінде ФЛ-дің ұзақ өмір сүру уақытына әкеледі. Бұл қасиет материалдағы сәулелену процестерін терең түсінудің маңыздылығын айқындайды, әсіресе $(PEA)_2SnI_4$ 630 нм толқын ұзындығында жарық шығаратын құрылғыларда EQE 0,72% көрсеткен (Smith et.al., 2018).

Соңғы зерттеулерде 2-(4-стильбенил) этанаммоний қалайы иодидінде тар экситондық эмиссиямен қатар ұзын толқындарда кең сәулелену жолағы анықталды (4 с -сурет). Төмен температурада кең эмиссияның артуы оны

автолокализацияланған экситондарға жатқызуға мүмкіндік берді, бұл қорғасын негізіндегі перовскиттерде байқалған үрдіске сәйкес келеді. Келесі 4д-суретте тар және кең эмиссия қуатының тәуелділігі көрсетілген. Авторлардың автолокализацияланған экситондық сәулелену туралы тұжырымынан бөлек, кең эмиссия қуатының бірліктен әлдеқайда төмен болуы оның ақаулармен байланысты сәулелену болуы мүмкін екенін де көрсетеді.



Сурет 4 – а) PEA_2SnI_4 қосылысының бөлме температурасындағы жұтылу және фотолюминесценция (ФЛ) спектрлері. Тар сызықтық ені 650 нм аймағындағы иықпен сипатталады. ә) $(PEA)_2SnI_4$ және $(PEA)_2PbI_4$ қосылыстарының ФЛ спектрлері 80 К температурада, бірнеше күн ауада сақталғаннан кейін. б) $(PEA)_2SnI_4$ қосылысының ФЛ өшу уақыты температура төмендегенде. с,д) Стильбен туындысының {100} типті перовскитіндегі ФЛ: температура төмендегендегі спектр (с) және екі сәулелену жолағының қуатқа тәуелділігі (д).

CC BY NC

Бұл сыртқы табиғаттағы ФЛ <100> типті қорғасын иодиді перовскиттерінде де байқалған. <100> типті қорғасын перовскиттері биэкситондық сәулелену және «ыстық» экситондық сәулелену сияқты ерекше қасиеттерді көрсетті. Қалайы және қорғасын негізіндегі қосылыстардың оптикалық қасиеттеріндегі ұқсастық қалайы негізіндегі жүйелерде әлі ашылмаған, одан да қызықты қасиеттердің бар екенін меңзеуі мүмкін. Бұл өз кезегінде қорғасын негізіндегі перовскиттерді тереңірек түсінуге жол ашады.

Қорытынды. Қалайы негізіндегі перовскиттер қорғасынсыз балама ретінде жоғары тиімділік көрсеткенімен, олардың тұрақсыздығы мен тез деградацияға ұшырауы практикалық қолданылуын шектейді. Осы жұмыста төменөлшемді қабатты құрылымдарды енгізу арқылы материалдардың құрылымдық, электрондық және оптикалық қасиеттерін басқару мүмкіндігі жан-жақты талданды. Қабатты перовскиттерде органикалық және бейорганикалық қабаттардың кезектесуі кванттық және диэлектрлік шектеу әсерлерін күшейтіп, тыйым салынған аймақтың енін, экситон байланыс энергиясын және тасымалдаушылар динамикасын реттеуге жағдай жасайды.

Талданған нәтижелер тұрақты әрі жоғары тиімді фотоэлектрлік және жарық шығаратын құрылғыларды әзірлеуге теориялық және практикалық негіз қалайды.

References

Dyksik M., Duim H., Zhu X., Yang Z., Gen M., Kohama Y., & Plochocka P. (2020). Broad tunability of carrier effective masses in two-dimensional halide perovskites. ACS Energy Letters, 5(11). – P. 3609-3616. DOI: 10.1021/acsenergylett.0c01758 (in Eng.).

Even J., Pedesseau L., & Katan C. (2014). Understanding quantum confinement of charge carriers in layered 2D hybrid perovskites. ChemPhysChem, 15(17). – P. 3733-3741. DOI: 10.1002/cphc.201402428 (in Eng.).

Folpini G., Cortecchia D., Petrozza A., & Kandada A.R.S. (2020). The role of a dark exciton reservoir in the luminescence efficiency of two-dimensional tin iodide perovskites. Journal of Materials Chemistry C, 8(31). – P. 10889-10896. DOI: 10.1039/D0TC01218A (in Eng.).

Gao C., Jiang Y., Sun C., Han J., He T., Huang Y., & Liang H. (2020). Multifunctional naphthol sulfonic salt incorporated in lead-free 2D tin halide perovskite for red light-emitting diodes. Acs Photonics, 7(8). – P. 1915-1922. DOI: 10.1021/acsphotonics.0c00497 (in Eng.).

Katan C., Mercier N., & Even J. (2019). Quantum and dielectric confinement effects in lower-dimensional hybrid perovskite semiconductors. Chemical reviews, 119(5). – P. 3140-3192. DOI: 10.1021/acs.chemrev.8b00417 (in Eng.).

Knutson J.L., Martin J.D., & Mitzi D.B. (2005). Tuning the band gap in hybrid tin iodide perovskite semiconductors using structural templating. Inorganic chemistry, 44(13). – P. 4699-4705. DOI: 10.1021/ic050244q (in Eng.).

Liang K., Mitzi D.B., & Prikas M.T. (1998). Synthesis and characterization of organic− inorganic perovskite thin films prepared using a versatile two-step dipping technique. Chemistry of materials, 10(1). – P. 403-411. DOI: 10.1021/cm970568f (in Eng.).

Liu K., Wang W., Guo P., Ye J., Wang Y., Li P., & Xie S. (2019). Replicating the defect structures on ultrathin Rh nanowires with Pt to achieve superior electrocatalytic activity toward ethanol oxidation. Advanced Functional Materials, 29(2). – P. 1806300. DOI: 10.1002/adfm.201806300 (in Eng.).

Ma L., Dai J., & Zeng X.C. (2016). Two-dimensional single-layer organic-inorganic hybrid perovskite semiconductors. Advanced Energy Materials.DOI: 10.1002/aenm.201601731 (in Eng.).

Marchenko E.I., Fateev S.A., Petrov A.A., Korolev V.V., Mitrofanov A., Petrov A.V., Tarasov A.B. (2020). Database of two-dimensional hybrid perovskite materials: open-access collection of crystal

structures, band gaps, and atomic partial charges predicted by machine learning. Chemistry of materials, 32(17). – P. 7383-7388. DOI:10.1021/acs.chemmater. 0c02290 (in Eng.).

Mitzi D.B. (1996). Synthesis, crystal structure, and optical and thermal properties of ($C_4H_9NH_3$) 2MI4 (M= Ge, Sn, Pb). Chemistry of materials, 8(3). – P. 791-800. DOI: 10.1021/cm9505097 (in Eng.).

Papavassiliou G.C., Koutselas I.B., Lagouvardos D.J., Kapoutsis J., Terzis A., & Papaioannou G.J. (1994). Optical and related properties of some natural three and lower dimensional semiconductor systems. Molecular Crystals and Liquid Crystals Science and Technology. Section A. Molecular Crystals and Liquid Crystals, 253(1). – P. 103-112. DOI:10.1080/10587259408055249 (in Eng.).

Smith M.D., & Karunadasa H.I. (2018). White-light emission from layered halide perovskites. Accounts of chemical research, 51(3). – P. 619-627. DOI: 10.1021/acs.accounts.7b00433 (in Eng.).

Stoumpos C.C., Mao L., Malliakas C.D., & Kanatzidis M.G. (2017). Structure–band gap relationships in hexagonal polytypes and low-dimensional structures of hybrid tin iodide perovskites. Inorganic chemistry, 56(1). – P. 56-73. DOI: 10.1021/acs.inorgchem.6b02764 (in Eng.).

Straus D.B., & Kagan C.R. (2018). Electrons, excitons, and phonons in two-dimensional hybrid perovskites: connecting structural, optical, and electronic properties. The journal of physical chemistry letters, 9(6). – P. 1434-1447. DOI: 10.1021/acs.jpclett.8b00201 (in Eng.).

Takahashi Y., Obara R., Nakagawa K., Nakano M., Tokita, J.Y., & Inabe, T. (2007). Tunable charge transport in soluble organic–inorganic hybrid semiconductors. Chemistry of Materials, 19(25). – P. 6312-6316. DOI:10.1021/cm702405c (in Eng.).

Tanaka K., & Kondo T. (2003). Bandgap and exciton binding energies in lead-iodide-based natural quantum-well crystals. Science and Technology of Advanced Materials, 4(6). – P. 599-604. DOI: 10.1016/j.stam.2003.09.019 (in Eng.).

мұндағы m^2 - f(T)-ның нақты түріне байланысты еркіндік дәрежесінің скаляр-лық тиімді массасы.

Әдістері. *Бессель функциялары арқылы шешу.*

Гармоникалық уақытқа тәуелділік үшін $h(r,t) = \psi(r)e^{i\omega t}$ теңдеу келесідей болады:

Мұндағы $h(r,t)$ - радиалды координат r және t уақытына тәуелді функцияны көрсетеді. $\psi(r)$ - кеңістік бөлігін сипаттайды, $e^{i\omega t}$ - ω жиілігі бар уақыт бөлігін сипаттайды.

$$\frac{\partial^2}{\partial t^2}(\psi(r)e^{i\omega t}) - \nabla^2(\psi(r)e^{i\omega t}) + m^2\psi(r)e^{i\omega t} = 0 \tag{5}$$

Уақыт бойынша туынды: $(\frac{\partial^2}{\partial t^2}(\psi(r)e^{i\omega t})$. Кеңістіктік бөлік (сфералық координаталардағы лаплас операторы): $\nabla^2(\psi(r)e^{i\omega t}) = e^{i\omega t}\left(\frac{d^2\psi}{dr^2} + \frac{2}{r}\frac{d\psi}{dr}\right)$

Онда:

$$-\omega^2\psi(r)e^{i\omega t} - e^{i\omega t}\left(\frac{d^2\psi}{dr^2} + \frac{2}{r}\frac{d\psi}{dr}\right) + m^2\psi(r)e^{i\omega t} = 0 \tag{6}$$

$$\frac{d^2\psi}{dr^2} + \frac{2}{r}\frac{d\psi}{dr} + (\omega^2 - m^2)\psi = 0 \tag{7}$$

Бұл теңдеудің шешімі сфералық Бессель функциясы болып табылады:

$$\psi(r) = \frac{u(r)}{r} \tag{8}$$

Тұрақты коэффициенттері бар екінші ретті сызықтық біртекті дифференциал-дық теңдеу. Оның сипаттамалық теңдеуі келесі түрде жазылады:

$$\frac{d^2u}{dr^2} + (\omega^2 - m^2)u = 0 \tag{9}$$

$$\psi(r) = A\frac{J_1(kr)}{r} + B\frac{Y_1(kr)}{r}, \tag{10}$$

мұндағы $k = \sqrt{\omega^2 - m^2}$, ω – толқын жиілігі, m – тиімді масса, A және B – ерікті тұрақтылар, $J_1(kr)$ және $Y_1(kr)$ бірінші және екінші ретті Бессель функциялары.

Шекаралық шарттар. Физикалық шешімдер үшін шекаралық шарттарды қою керек:

1. Шексіздік: $h(r \to \infty) \to 0$, ол $Y_1(kr)$ жоққа шығарады, өйткені бұл функция r -дің үлкен мәндері үшін алшақтайды.

2. Орталық: $h(r \to 0)$ соңғы болып қалады, $J_1(kr)$ функциясы толықтырады, өйткені $J_1(kr) \sim kr/2$ болғанда $kr \to 0$.

Осылайша, шешім келесі түрге ие болады:

$$h(r,t) = A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t}. \tag{11}$$

Энергия тығыздығы. Толқынның энергия тығыздығын энергия импульсінің тензоры арқылы есептеуге болады:

Егер $h(r,t) = R(r)T(t)$, онда:

$$T_{00} = \frac{1}{2}\left(R^2(r)T^2(t) + \frac{1}{r^2}\left(\frac{\partial rR(r)T(t))}{\partial r}\right)^2 + m^2R^2(r)T^2(t)\right) \tag{12}$$

Мұндағы $R(r)$ радиалды функция.

$$T_{00} = \frac{1}{2}\left(R^2(r)T^2(t) + \frac{1}{r^2}T^2(t)\left(R(r) + r\frac{\partial R(r)}{\partial r}\right)^2 + m^2R^2(r)T^2(t)\right) \tag{13}$$

$$R(r) = AJ_1(kr) + BY_1(kr) \tag{14}$$

Шешімді $h(r,t)$ ауыстырып, Бессель функцияларынан үлесті табамыз.

Гравитациялық толқынның энергия тығыздығын есептеу. Жалпы салыстырмалылық теориясы мен оның модификацияларында, f(T) гравитациясы сияқты, энергияның таралуы энергия-импульс тензорымен $T_{\mu\nu}$ сипатталады. Энергия тығыздығы ρ_{GW} осы тензордың уақыттық компонентіне T_{00} сәйкес келеді:

$$T_{00} = \frac{1}{2}\left(\dot{h}^2 + \frac{1}{r^2}\left(\frac{\partial(rh)}{\partial r}\right)^2 + m^2h^2\right) \tag{15}$$

CC BY NC

мұндағы $h(r,t)$ шешімімен берілген:

$$h(r,t) = A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t} \tag{16}$$

$J_1(kr)$ - бірінші текті Бессель функциясы, $k = \sqrt{\omega^2 - m^2}$, А – ерікті тұрақты.

Кинетикалық энергия $\dot{h}^2$
Егер

$$\dot{h}(r,t) = \frac{\partial}{\partial t}\left(A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t}\right) = i\omega A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t} \tag{17}$$

Онда:

$$\dot{h}^2 = \left(i\omega A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t}\right)\left(-i\omega A\frac{J_1(kr)}{r}e^{-i\omega t}\right) \tag{18}$$

$$(i\omega A)\cdot(-i\omega A) = -i^2\omega^2 A^2 = \omega^2 A^2 \tag{19}$$

$$\dot{h}^2 = \omega^2 A^2\frac{J_1^2(kr)}{r^2} \tag{20}$$

Кеңістіктік қисықтық $\frac{1}{r^2}\left(\frac{\partial(rh)}{\partial r}\right)^2$
$\frac{\partial(rh)}{\partial r}$ есептейміз:

$$rh = AJ_1(kr)e^{i\omega t}, \tag{21}$$

$$\frac{\partial(rh)}{\partial r} = A\frac{\partial J_1(kr)}{\partial r}e^{i\omega t} = AkJ_{1'}(kr)e^{i\omega t}. \tag{22}$$

Онда:

$$\frac{1}{r^2}\left(\frac{\partial(rh)}{\partial r}\right)^2 = \frac{1}{r^2}\left|AkJ_{1'}(kr)\right|^2 = A^2k^2\frac{J_{1'}^2(kr)}{r^2}. \tag{23}$$

Массаның үлесі m^2h^2

$$h^2 = \left|A\frac{J_1(kr)}{r}\right|^2 = A^2\frac{J_1^2(kr)}{r^2}, \tag{24}$$

$$m^2h^2 = m^2A^2\frac{J_1^2(kr)}{r^2}. \tag{25}$$

T_{00} үшін толық формула

Барлық үлестерді қорытындылай келе, келесі мәнді аламыз:

$$T_{00} = \frac{1}{2}\left(\omega^2A^2\frac{J_1^2(kr)}{r^2} + A^2k^2\frac{J_{1'}^2(kr)}{r^2} + m^2A^2\frac{J_1^2(kr)}{r^2}\right). \tag{26}$$

Ортақ факторды шығарайық:

$$T_{00} = \frac{A^2}{2r^2}\left(\omega^2J_1^2(kr) + k^2J_{1'}^2(kr) + m^2J_1^2(kr)\right). \tag{27}$$

$k^2 = \omega^2 - m^2$ қатынасын енгізсек:

$$T_{00} = \frac{A^2}{2r^2}\left((\omega^2 + m^2)J_1^2(kr) + (\omega^2 - m^2)J_{1'}^2(kr)\right). \tag{28}$$

Гравитациялық толқынның энергия тығыздығы T_{00} бірінші текті $J_1(kr)$ және олардың туындылары $J(kr)$ Бессель функциялары арқылы өрнектеледі. T_{00} -ге негізгі үлесті толқын жиілігі ω, тиімді массасы m және олардың k^2-мен байланысты комбинациялары қосады. Бұл гравитация толқындарының сипаттамаларын талдау үшін сандық есептеулерді жүргізуге мүмкіндік береді.

Неліктен уақытқа тәуелділік жойылады?

$h(r,t)$ уақытқа тәуелділік $h(r,t) = A\frac{J_1(kr)}{r}e^{i\omega t}$ шешімінде сақталады. Мұндағы $e^{i\omega t}$ гармоникалық уақытқа тәуелділікті білдіреді. Дегенмен, T_{00} өрнегін ауыстырған кезде уақытты орташалау қарастырылады, себебі энергия тығыздығы біз үшін орташа мән ретінде қарастырылады. $e^{i\omega t}$ түріндегі гармоникалық функциялар үшін келесі қатынас орындалады:

$$|e^{i\omega t}|^2 = e^{i\omega t}e^{-i\omega t} = 1 \tag{29}$$

Бұл T_{00} өрнегіндегі айқын уақытқа тәуелділіктің жойылуына әкеледі, бірақ соңғы формуладағы жиілік ω арқылы уақыт факторы ескеріледі. Осылайша, $h(r,t)$ уақытқа тәуелділік жойылмайды және оның үлесі орташалау арқылы тиімді түрде ескеріледі.

Нәтижелер мен талқылау. *Сандық есептеулер.* Модельді есептеу параметрлері:

• Толқын жиілігі $\omega = 10^{-3}$ Гц (LISA шегінде);

• Тиімді масса $m = 10^{-3}$ эВ (күңгірт энергия үлгілеріне тән);

• Радиусы: $r \in [0{,}1{,}100]$.

Бессель функцияларын есептеу және графикті салу үшін Python кітапханасын (SciPy) қолданамыз. Сандық есептеу нәтижесінде келесі мәндер алынды:


• Максималды амплитудасы: $h_{\max} \approx 0{,}00033$;

• Ең аз амплитудасы: $h_{\min} \approx 0{,}00033$;

• Максималды амплитудаға қол жеткізілетін радиус: $r_{\max} = 0{,}1$.

$h(r)$ *тәуелділік графигі*

Төмендегі суретте толқын амплитудасының $h(r)$ радиусына r тәуелділігінің графигі көрсетілген.



Сурет 1. f(T) гравитация теориясындағы гравитациялық толқынның h(r) амплитудасы

1-суретте көрсетілген h(r) амплитудасының радиалды қашықтыққа тәуелділігі f(T) теориясының өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Графиктен көрініп тұрғандай, r мәні артқан сайын толқын амплитудасының біртіндеп төмендеуі байқалады. Бұл құбылыс бірінші текті Бессель функциясының (J_n) қасиетіне негізделген: энергия көзден алыстаған сайын сфералық бет бойынша таралып, амплитудалық мәні азаяды. Сонымен қатар, f(T) моделіндегі тиімді массаның (m) болуы толқынның таралу сипатын Жалпы салыстырмалылық теориясынан (ЖСТ) өзгешелендіреді. Егер ЖСТ-да гравитациялық толқындар массасыз болып, жарық жылдамдығымен тараса, f(T) шеңберіндегі скалярлық режимдер дисперсияға ұшырауы мүмкін. Графиктегі қисықтың баяу өзгеруі таңдалған төмен жиілікті

(10^{-3} Гц) LISA диапазонында толқынның тұрақтылығын және оны болашақ детекторлар арқылы тіркеудің теориялық мүмкіндігін көрсетеді.

Сандық нәтижелерді физикалық интерпретациялау және детекторлармен салыстыру

Зерттеу барысында алынған сандық мәліметтер f(T) гравитациясы шеңберіндегі гравитациялық толқындардың қазіргі эксперименттік шектеулерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді:

I. **Детекторлардың сезімталдығымен салыстыру.** Есептеулерде қолданылған 10-3 Гц жиілігі болашақ LISA ғарыштық детекторының оңтайлы жұмыс диапазонына сәйкес келеді. Алынған максималды амплитуда мәні $h_{\max} \approx 0{,}00033$ теориялық тұрғыдан өте жоғары болып көрінгенімен, бұл мән таңдалған тиімді масса $m = 10^{-22}$ эВ мен бастапқы шарттарға тікелей тәуелді. LIGO/Virgo детекторлары тіркейтін жоғары жиілікті (10-1000 Гц) толқындармен салыстырғанда, біздің модельдегі төмен жиілікті скалярлық режимдер f(T) теориясының космологиялық масштабтағы әсерлерін (мысалы, Әлемнің үдемелі кеңеюін) зерттеуге қолайлы.

II. **Тиімді массаның (**m) физикалық рөлі. Модельдегі $m = 10^{-22}$ эВ мәні күңгірт энергияның қасиеттерін сипаттайтын «жеңіл» скалярлық өрістерге тән. Жалпы салыстырмалылық теориясында гравитациялық толқындар массасыз болып саналады, ал f(T) теориясындағы бұл массалық мүше толқынның таралу жылдамдығының жарық жылдамдығынан (c) сәл өзгеше болуына әкеледі. Бұл айырмашылықты GW170814 сияқты оқиғалардан алынған деректермен салыстыру арқылы f(T) параметрлеріне қатаң шектеу қоюға болады.

III. **Скалярлық поляризацияның маңызы.** ЖСТ тек екі тензорлық поляризацияны болжаса, біздің зерттеуіміз f(T) гравитациясында қосымша скалярлық режимдердің болатынын растайды. Бессель функцияларымен сипатталған амплитуданың радиалды кемуі (1-сурет) энергияның кеңістікте таралуын көрсетеді. Егер болашақ детекторлар «қосу» және «айқас» поляризацияларынан тыс сигналдарды тіркесе, бұл f(T) сияқты модификацияланған теориялардың тікелей дәлелі болмақ.

Қорытынды. Бұл жұмыста кеңістік-уақыт геометриясын қисықтықпен емес, бұралумен сипаттайтын модификацияланған гравитация теориясы f(T) шеңберінде гравитациялық толқындардың теориялық қасиеттері зерттелді. Негізгі назар гравитациялық ауытқулардың қозғалыс теңдеулерін зерттеуге және оларды сипаттау үшін Бессель функцияларын қолдануға аударылады. Зерттеу нәтижелері f(T)-гравитацияда гравитациялық толқындар стандартты ЖСТ-да кездеспейтін қосымша поляризацияға ие болуы мүмкін екенін көрсетеді. Атап айтқанда, гравитациялық толқындардың жазылған сигналдарына әсер ете алатын скалярлық режимдердің пайда болуы мүмкін. Бұл жаңа поляризациялар гравитациялық өріс теңдеулерінің модификациясынан туындайтын қосымша еркіндік дәрежелерімен байланысты. Сандық талдау гравитациялық толқындардың қозғалыс теңдеуінің шешімін сфералық Бессель функциялары арқылы өрнектеуге болатынын көрсет-

CC BY NC

ті. Бірінші текті Бессель функциялары физикалық реалистік шешімдердің шекаралық шарттарын қанағаттандыра отырып, сфералық симметриялы тұжырымда толқындық ауытқулардың динамикасын сипаттауға мүмкіндік береді.

Алынған теориялық болжамдарды гравитациялық толқын детекторларында мүмкін болатын бақылаулармен салыстыру келесі қорытындыларға әкелді:

1. f(T)-гравитациялық гравитациялық толқындардың қосымша поляризациялары өзгертілген гравитация теорияларын тексеруге мүмкіндік беретін болашақ эксперименттік бақылаулар арқылы анықталуы мүмкін.

2. Гравитациялық толқындардың амплитудасын зерттеу олардың кеңістік-уақыттағы таралу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

3. Алынған сандық нәтижелер мен гравитациялық толқындардың байқалатын сипаттамалары арасындағы келісім f(T) функциясының қолайлы формаларын растай немесе шектей алады, бұл гравитацияның баламалы модельдерінің қасиеттерін нақтылауға көмектеседі.

Нәтижесінде, жүргізілген зерттеу f(T)–гравитация теориясының гравитациялық толқын детекторлары көмегімен эксперименттік тұрғыдан тексеруге болатын ықтимал байқалатын әсерлерге ие екенін айқындайды. Бұл телепараллельді гравитацияны одан әрі теориялық және эксперименттік зерттеулер үшін қызықты және перспективалы салаға айналдырады.

Болашақта жұмысты бірнеше бағытта кеңейтуге болады:

• Анизотропты кернеулердің әсерін қамтитын гравитациялық толқындарының модельдерін теориялық тұрғыдан талдау.

• Модификацияланған гравитациялық толқындардың қара құрдым және нейтрондық жұлдыздар сияқты астрофизикалық объектілермен әрекеттесуін зерттеу.

• Телепараллельдік теорияларда гравитациялық толқындардың таралуын модельдеудің дәлірек сандық әдістерін жасау. Осылайша, f(T)-гравитация аясында гравитациялық толқындардың қазіргі және болашақтағы бақылауларын пайдалану арқылы оларды тексеру тәсілдерін айқындап, альтернативті гравитациялық модельдерді зерттеуге маңызды үлес қосады.

Әдебиеттер

Aldrovandi R., Pereira J.G. (2012) Teleparallel Gravity An Introduction. Springer Dordrechts (in Eng).

Bengochea G.R., Ferraro R. (2009) Dark torsion as the cosmic speedup. Phys.Rev. D. – Vol. 79. – P. 124019. DOI: 10.1103/PhysRevD.79.124019 (in Eng).

Cai Y.F., Capozziello S., De Laurentis M., Saridakis E.N. (2016) f(T) teleparallel gravity and cosmology. Rept.Prog.Phys. – Vol. 79. – P. 106901. DOI: 10.1088/00344885/79/10/106901 (in Eng).

Capozziello S. De Laurentis M. (2011) Extended Theories of Gravity. Phys.Rept. – Vol. 509. – P. 167–321. DOI: 10.1016/j.physrep.2011.09.003 (in Eng).

Chakraborty S., Chakravarti K., Bose S., Sen Gupta S. (2018) Signatures of extra dimensions in gravitational waves from black hole quasinormal modes. Phys.Rev.D. – Vol. 97. – P. 104053. DOI: 10.1103/PhysRevD.97.104053 (in Eng).

Cho Y.M. (1976) Einstein Lagrangians Translational YangMills Lagrangian. Phys.Rev. D. – Vol. 14. – P. 2521-2525 (in Eng).

Einstein A. (1928) Riemann Geometry maintaining the concept of distant parallelism. Sitzber. Preuss. Akad. Wiss. – Vol. 17. – P. 217-221 (in Eng).

Ferraro R., Fiorini F. (2007) Modified teleparallel gravity Inflation without inflaton. Phys.Rev.D. – Vol. 75. – P.084031. DOI: 10.1103/PhysRevD.75.084031 (in Eng).

Ferraro R., Fiorini F. (2008) On Born-Infeld Gravity in Weitzenböck spacetime. Phys.Rev.D. – Vol. 78. – P. 124019. DOI: 10.1103/PhysRevD.78.124019 (in Eng).

Hayashi K. Nakano T. (1967) Extended translational invariance and associated gauge fields. Prog. Theor.Phys. – Vol. 38. – P. 491-507 (in Eng).

Hohmann M., Krššák M., Pfeifer C., Ualikhanova U. (2018) Propagation of gravitational waves in teleparallel gravity theories. Phys.Rev.D. – Vol. 98. – P. 124004. DOI: 10.1103/PhysRevD.98.124004 (in Eng).

Linder E.V. (2010) Einsteins Other Gravity and the Acceleration of the Universe. Phys.Rev.D. – Vol. 81. – P. 127301. DOI: 10.1103/PhysRevD.81.127301 (in Eng).

Lombriser L., Lima N.A. (2017) Challenges to Self-Acceleration in Modified Gravity from Gravitational Waves LargeScale Structure. Phys.Lett.B. –Vol. 765. – P. 382-385. DOI: 10.1016/j.physletb.2016.12.048 (in Eng).

Lombriser L., Taylor A. (2016) Breaking a Dark Degeneracy with Gravitational Waves. JCAP. – Vol. 03. – P. 031. DOI: 10.1088/14757516/2016/03/031 (in Eng).

Maluf J.W. (2013) The teleparallel equivalent of general relativity. Annalen Phys. – Vol. 525. – P. 339-357. DOI: 10.1002/andp.201200272 (in Eng).

Møller C. (1961) Conservation Laws Absolute Parallelism in General Relativity. K. Dan. Vidensk. Selsk.Mat.Fys.Skr. – Vol. 1. – №10. – P. 1-50 (in Eng).

Nojiri S. Odintsov S.D. (2007) Introduction to modified gravity gravitational alternative for dark energy. Int.J.Geom.Meth.Mod.Phys. – Vol. 4. – P. 115. DOI: 10.1142/S0219887807001928 (in Eng).

Sauer T. (2006) Field equations in teleparallel spacetime Einsteins distant parallelism approach to unified field theory. Historia Math. – Vol. 33. – P. 399-439. DOI: 10.1016/j.hm.2005.11.005 (in Eng).

Virgo LIGO Scientific Collaboration Abbott B.P. et al. (2016) Observation of Gravitational Waves from a Binary Black Hole Merger. Phys.Rev.Lett.– Vol. 116. – P. 061102. DOI: 10.1103/PhysRevLett.116.061102 (in Eng).

Virgo LIGO Scientific Collaboration Abbott B.P. et al. (2017) GW170814 A ThreeDetector Observation of Gravitational Waves from a Binary Black Hole Coalescence. Phys.Rev.Lett. – Vol. 119. – P. 141101. DOI: 10.1103/PhysRevLett.119.141101 (in Eng).

References

Aldrovandi R., Pereira J.G. (2012) Teleparallel Gravity An Introduction. Springer Dordrechts (in Eng).

Bengochea G.R., Ferraro R. (2009) Dark torsion as the cosmic speedup. Phys.Rev. D. – Vol. 79. – P. 124019. DOI: 10.1103/PhysRevD.79.124019 (in Eng).

Cai Y.F., Capozziello S., De Laurentis M., Saridakis E.N. (2016) f(T) teleparallel gravity and cosmology. Rept.Prog.Phys. – Vol. 79. – P. 106901. DOI: 10.1088/00344885/79/10/106901 (in Eng).

Capozziello S. De Laurentis M. (2011) Extended Theories of Gravity. Phys.Rept. – Vol. 509. – P. 167–321. DOI: 10.1016/j.physrep.2011.09.003 (in Eng).

Chakraborty S., Chakravarti K., Bose S., Sen Gupta S. (2018) Signatures of extra dimensions in gravitational waves from black hole quasinormal modes. Phys.Rev.D. – Vol. 97. – P. 104053. DOI: 10.1103/PhysRevD.97.104053 (in Eng).

Cho Y.M. (1976) Einstein Lagrangians Translational YangMills Lagrangian. Phys.Rev. D. – Vol. 14. – P. 2521-2525 (in Eng).

Einstein A. (1928) Riemann Geometry maintaining the concept of distant parallelism. Sitzber. Preuss. Akad. Wiss. – Vol. 17. – P. 217-221 (in Eng).

Ferraro R., Fiorini F. (2007) Modified teleparallel gravity Inflation without inflaton. Phys.Rev.D. – Vol. 75. – P.084031. DOI: 10.1103/PhysRevD.75.084031 (in Eng).

Ferraro R., Fiorini F. (2008) On Born-Infeld Gravity in Weitzenböck spacetime. Phys.Rev.D. – Vol. 78. – P. 124019. DOI: 10.1103/PhysRevD.78.124019 (in Eng).

Hayashi K. Nakano T. (1967) Extended translational invariance and associated gauge fields. Prog. Theor.Phys. – Vol. 38. – P. 491-507 (in Eng).

Hohmann M., Krššák M., Pfeifer C., Ualikhanova U. (2018) Propagation of gravitational waves in teleparallel gravity theories. Phys.Rev.D. – Vol. 98. – P. 124004. DOI: 10.1103/PhysRevD.98.124004 (in Eng).

Linder E.V. (2010) Einsteins Other Gravity and the Acceleration of the Universe. Phys.Rev.D. – Vol. 81. – P. 127301. DOI: 10.1103/PhysRevD.81.127301 (in Eng).

Lombriser L., Lima N.A. (2017) Challenges to Self-Acceleration in Modified Gravity from Gravitational Waves LargeScale Structure. Phys.Lett.B. –Vol. 765. – P. 382-385. DOI: 10.1016/j.physletb.2016.12.048 (in Eng).

Lombriser L., Taylor A. (2016) Breaking a Dark Degeneracy with Gravitational Waves. JCAP. – Vol. 03. – P. 031. DOI: 10.1088/14757516/2016/03/031 (in Eng).

Maluf J.W. (2013) The teleparallel equivalent of general relativity. Annalen Phys. – Vol. 525. – P. 339-357. DOI: 10.1002/andp.201200272 (in Eng).

Møller C. (1961) Conservation Laws Absolute Parallelism in General Relativity. K. Dan. Vidensk. Selsk.Mat.Fys.Skr. – Vol. 1. – №10. – P. 1-50 (in Eng).

Nojiri S. Odintsov S.D. (2007) Introduction to modified gravity gravitational alternative for dark energy. Int.J.Geom.Meth.Mod.Phys. – Vol. 4. – P. 115. DOI: 10.1142/S0219887807001928 (in Eng).

Sauer T. (2006) Field equations in teleparallel spacetime Einsteins distant parallelism approach to unified field theory. Historia Math. – Vol. 33. – P. 399-439. DOI: 10.1016/j.hm.2005.11.005 (in Eng).

Virgo LIGO Scientific Collaboration Abbott B.P. et al. (2016) Observation of Gravitational Waves from a Binary Black Hole Merger. Phys.Rev.Lett.– Vol. 116. – P. 061102. DOI: 10.1103/PhysRevLett.116.061102 (in Eng).

Virgo LIGO Scientific Collaboration Abbott B.P. et al. (2017) GW170814 A ThreeDetector Observation of Gravitational Waves from a Binary Black Hole Coalescence. Phys.Rev.Lett. – Vol. 119. – P. 141101. DOI: 10.1103/PhysRevLett.119.141101 (in Eng).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 194–204

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.414

UDC: 524.3-13; 629.78.075.001.14
IRSTI: 41.23.29; 89.17.15

©Zhexenbayeva G.A.[2], Nasirova D.M.[2], Aimanova G.K.[1], Shomshekova S.A.,[1,2*] 2026.
[1]Fesenkov Astrophysical Institute (FAI), Almaty, Kazakhstan;
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
[*]E-mail: shomshekova@fai.kz, shomshekova.saule@gmail.com

PHOTOMETRIC STUDY OF THE SYMBIOTIC OBJECT V725 TAU

Zhexenbayeva Gulnur — PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: g.zheksenbayeva@abaiuniversity.edu.kz, https://orcid.org/0009-0009-8703-4767;
Nasirova Diana — PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: d.nasirova@abaiuniversity.edu.kz , https://orcid.org/0000-0002-3349-0128;
Aimanova Gauhar — Candidate of physical and mathematical sciences, Chief Researcher, Fesenkov Astrophysical Institute (FAI), Almaty, Kazakhstan,
Email: gauhar@fai.kz, https://orcid.org/0000-0002-3869-8913;
Shomshekova Saule — PhD, Lead Researcher, Senior Lecturer, Fesenkov Astrophysical Institute (FAI); Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,

Abstract. This research presents the results of a comprehensive photometric analysis of V725 Tau (A0535+26), an object belonging to a specific class of Be/X-ray binary systems. The primary objective of the study is to characterize the photometric behavior of the object between 2025 and February 2026, monitor its brightness dynamics, and identify phases of activity. Based on observational data from the Fesenkov Astrophysical Institute (FAI), the paper provides a detailed examination of the brightness variations of the V725 Tau binary system in the B and V filters.

The study involves a comparative analysis of historical data and the object's photometric indicators in recent years. Observations conducted from January 2025 to February 2026 indicate that the system's brightness has remained at a relatively stable level, albeit with systematic oscillations. By correlating the obtained data with archival records from the All-Sky Automated Survey for Supernovae (ASAS-SN) and the American Association of Variable Star Observers (AAVSO), it is demonstrated that the object is currently in a pre-transition state leading into a new active phase. This prediction is associated with the evolution of the Be-disk, the strengthening of emission lines, and interaction with the neutron star.

The scientific significance of this work lies in explaining the processes of mass transfer, the formation of accretion disks, and the dynamics of the circumstellar environment in X-ray binaries. The findings allow for the refinement of the physical parameters of X-ray binary systems and the prediction of future «giant outbursts.» Thus, regular photometric monitoring of the V725 Tau (A0535+26) X-ray binary serves as a vital source of information for studying fundamental astrophysical processes.

Keywords: variable stars, symbiotic stars, neutron star, V725 Tau, photometry, light curve, accretion disk

Funding: *This work was carried out within the framework of the program No. BR24992759 "Development of the concept for the first Kazakhstani orbital cislunar telescope – Phase I", funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

For citations: *Zhexenbayeva G.A., Nasirova D.M., Aimanova G.K., Shomshekova S.A. Photometric Study of the Symbiotic Object V725 Tau. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 194–204. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.414*

©Жексенбаева Г.А.[2], Насирова Д.М.[2], Айманова Г.К.[1], Шомшекова С.А.[1,2*], 2026.

[1]В.Г. Фесенков атындағы астрофизика институты (АФИ), Алматы, Қазақстан;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
*E-mail: shomshekova@fai.kz, shomshekova.saule@gmail.com

V725 TAU СИМБИОТИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІСІН ФОТОМЕТРЛІК ЗЕРТТЕУ

Жексенбаева Гульнур — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: g.zheksenbayeva@abaiuniversity.edu.kz, https://orcid.org/0009-0009-8703-4767;
Насирова Диана — PhD, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: d.nasirova@abaiuniversity.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3349-0128;
Айманова Гаухар — физика-математика ғылымдарының кандидаты, бас ғылыми қызметкер, В.Г. Фесенков атындағы астрофизика институты (АФИ), Алматы, Қазақстан,
Email: gauhar@fai.kz, https://orcid.org/0000-0002-3869-8913;
Шомшекова Сауле — PhD, жетекші ғылыми қызметкер, аға оқытушы, В.Г. Фесенков атындағы астрофизика институты (АФИ); Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
Email: shomshekova@fai.kz, https://orcid.org/0000-0002-9841-453X.

Аннотация. Бұл зерттеу жұмысы рентгендік қос жұлдыздар жүйесінің ерекше класына жататын V725 Tau (A0535+26) объектісіне жүргізілген кешенді фотометрлік талдау нәтижелерін ұсынады. Зерттеудің негізгі мақсаты - объектінің 2025 пен 2026 жылдың қаңтар-ақпан айлары аралығындағы фотометрлік бейнесін

көрсету, оның жарықтылық динамикасын бақылау және белсенділік фазаларын анықтау болып табылады. Мақалада В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институтының (FAI) бақылау мәліметтері негізінде V725 Tau қос жүйесінің B және V сүзгілеріндегі жарықтылық өзгерістері жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу барысында объектінің мұрағаттық деректері мен жаңадан алынған фотометрлік көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалып отыр. 2025 жылдың қаңтары мен 2026 жылдың ақпаны аралығындағы бақылаулар жүйенің жарықтылық деңгейінің белгілі бір тұрақты деңгейде сақталғанын, бірақ жүйелі тербелістердің бар екенін көрсетті. Жаңадан алынған мәліметтер мен All-Sky Automated Survey for Supernovae (ASAS-SN) және American Association of Variable Star Observers (AAVSO) базаларының мұрағаттық мәліметтерін салыстыру нәтижесінде объектінің қазіргі уақытта жаңа белсенді фазаға өту алдындағы күйде тұрғаны дәлелденді. Бұл болжам Ве-дискісінің эволюциясымен, эмиссиялық сызықтардың күшеюімен және де нейтрондық жұлдызбен әрекеттесуімен байланыстырылады.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы рентгендік қос жүйелердегі зат алмасу, аккрециялық дискілердің қалыптасуы және жұлдыз маңындағы ортаның динамикасын түсіндіруде жатыр. Зерттеу нәтижелері рентгендік қос жүйелердің физикалық параметрлерін нақтылауға және олардың болашақтағы «алып жарқылдарын» (giant outbursts) болжауға мүмкіндік береді. Осыдан, V725 Tau (A0535+26) рентгендік қос жүйесін тұрақты түрде фотометрлік бақылау жасау астрофизикалық процестерді зерттеу кезіндегі аса маңызды мәлімет көзі болып табылады.

Түйін сөздер: айнымалы жұлдыздар, симбиотикалық жұлдыздар, нейтрондық жұлдыз, V725 Tau**,** фотометрия, жарқырау қисығы, аккрециялық диск

©Жексенбаева Г.А.[2], Насирова Д.М.[2], Айманова Г.К.[1], Шомшекова С.А.[1,2 *], 2026.

[1]Астрофизический институт имени В.Г. Фесенкова (АФИФ), Алматы, Казахстан;
[2]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.
[*]E-mail: shomshekova@fai.kz, shomshekova.saule@gmail.com

ФОТОМЕТРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ СИМБИОТИЧЕСКОГО ОБЪЕКТА V725 TAU

Жексенбаева Гульнур — PhD докторант, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: g.zheksenbayeva@abaiuniversity.edu.kz, https://orcid.org/0009-0009-8703-4767;
Насирова Диана — PhD, ассоциированный профессор, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: d.nasirova@abaiuniversity.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3349-0128;
Айманова Гаухар — кандидат физико-математических наук, главный научный сотрудник, Астрофизический институт имени В.Г. Фесенкова (АФИФ), Алматы, Казахстан,
Email: gauhar@fai.kz, https://orcid.org/0000-0002-3869-8913;
Шомшекова Сауле — PhD, ведущий научный сотрудник, старший преподаватель, Астрофизический

институт имени В.Г. Фесенкова (АФИФ), Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
Email: shomshekova@fai.kz, https://orcid.org/0000-0002-9841-453X.

Аннотация. Данная работа представляет результаты фотометрического анализа объекта V725 Tau (A0535+26), принадлежащего к особому классу рентгеновских двойных звездных систем. Основная цель исследования заключается в описании фотометрического состояния объекта в период с января 2025 года по февраль 2026 года, анализе динамики его блеска и определении фаз активности. В статье на основе наблюдательных данных Астрофизического института имени В.Г. Фесенкова (FAI) детально рассмотрены изменения яркости двойной системы V725 Tau в фильтрах B и V. В ходе исследования проведен сравнительный анализ исторических данных и фотометрических характеристик объекта за последние годы. Наблюдения, выполненные с января 2025 года по февраль 2026 года, показали, что уровень яркости системы сохранялся на относительно стабильном уровне, однако при этом наблюдались систематические колебания. В результате сопоставления полученных данных с архивными материалами баз All-Sky Automated Survey for Supernovae (ASAS-SN) и American Association of Variable Star Observers (AAVSO) показано, что в настоящее время объект, вероятно, находится в состоянии, предшествующем переходу в новую активную фазу. Данный прогноз связывается с эволюцией Be-диска, усилением эмиссионных линий и взаимодействием с нейтронной звездой. Научная значимость работы заключается в углублении понимания процессов обмена веществом, формирования аккреционных дисков и динамики околозвездной среды в рентгеновских двойных системах. Полученные результаты позволяют уточнить физические параметры подобных систем и прогнозировать их будущие гигантские вспышки (giant outbursts). Таким образом, регулярный фотометрический мониторинг рентгеновской двойной системы V725 Tau (A0535+26) является важным источником информации для изучения соответствующих астрофизических процессов.

Ключевые слова: переменные звезды, симбиотические звезды, нейтронная звезда, V725 Tau, фотометрия, кривая блеска, аккреционный диск

Кіріспе. Қазіргі астрофизикада қос жұлдыздар маңызды рөл атқарады, себебі Ғаламдағы жұлдыздардың басым бөлігі гравитациялық байланысқан жүйелерде қалыптасады және эволюцияланады. Мұндай жүйелерде құраушылардың өзара байланысуы олардың эволюциялық траекториясын және де бақыланатын сипаттамаларын айтарлықтай өзгерте алады.

Зат алмасу және жұлдыздық ортаның сәулеленуі тәрізді басты факторларға байланысты өзара әрекеттесетін қос жүйелер қызығушылық тудырады. Бұл класқа симбиотикалық жұлдыздар жатады – ол алып жұлдыз бен ақ ергежейден тұратын, өзара байланысатын күрделі спектрлік және фотометрлік көріністің қалыптасуына алып келетін эволюциялық дамыған қос жүйелер (Gaudin et al., 2022).

Қарапайым қос жұлдыздарға қарағанда симбиотикалық жұлдыздар жүйесіндегі объектілер ортақ масса центрінен айналуы арқылы бір біріне белсенді түрде әсер

ете алады. Осындай жүйеге көбінде суық алып жұлдыз бен ыстық ақ ергежейлі, кейде нейтрондық жұлдыз да кіреді. Алып жұлдыз жұлдыз желі арқылы өзінің затын жоғалтса, шағын серік бұл затты өзіне жұтып отырады. Бұл зат қызады да ультракүлгін немесе рентген диапазонында жарқырай бастайды. Мұндай жүйенің спектрінде бір мезгілде екі дененің де, яғни ыстық және суық объектінің да белгілері көрінеді. Нәтижесінде, жүйе спектрінде молекулалық сызықтары бар суық жұлдыз, ультракүлгін мен рентген көздері бар ыстық жұлдыз және олардың арасындағы иондалған газ бір мезгілде пайда болады (Lee et al., 2022; Kondratyeva et al., 2021).

Симбиотикалық жұлдыздардың спектрлік және фотометрлік айнымалылығы бірнеше механизмдерге жүгінеді:

1. Құраушылардың жалпы массаларының центрінен орбиталық айналу қозғалысы.
2. Суық құраушысының лүпілдеуі.
3. Ыстық құраушының жарқ ету белсенділігі
4. Тұрақсыз күйден туындайтын массаның шығыны, қабықшаның физикалық процестерге ұшырауы мен құрылымының өзгеруі (Kondratyeva et al., 2020)

Симбиотикалық жұлдыздарды зерттеу астрофизиктерге үлкен қызығушылық тудырады, себебі олар масса алмасуды зерттейтін табиғи зертханалар ретінде қарастырылады және жаңа жұлдыздардың жарқылының бастаушысы болуы да мүмкін. Сонымен қатар, бір симбиотикалық жүйе, ол бір мезгілде жұмыс жасайтын бірнеше табиғи физикалық зертханалар деп айтсақ болады. Олардың негізінде затты қармаудың түрлі модельдерін, аккрециялық дискілер мен ағындардың (бұл жерде осы параметрлер өте баяу өзгереді және оны бақылауға қолайлы) қалыптасу процесін, сонымен қатар, жұлдыздардың соңғы эволюциялық кезеңдерін (жүйеде екі түрлі эволюциялық кезеңіндегі жұлдыздар болады) зерттеуге, сондай-ақ, симбиотикалық жүйелер ергежей жұлдыздың бетіндегі ядролық реакцияларды зерттеуге мүмкіндік береді (Merc et al., 2022; Petit et al., 2023).

Сондай қызықты объектілердің бірі V725 Tau болып келеді, жұмыстың негізгі міндеті осы объектінің фотометрлік айнымалылығын зерттеу болып табылады.

V725 Tau=A0535+26 объектісі қызыл алыптан HD245770 (спектрлік класы O9.7-B0) және нейтрондық жұлдыздан, яғни X-Ray пульсардан тұратын қос жұлдыздар жүйесіне жатады. Нейтрондық жұлдыздың өз осінен айналуына байланысты жарқыраудың лүпілдеуінің периоды 103 секундтқа тең. Оның орбиталық периоды 1,38±0,11 күнді құрайды, ал орбита эксцентриситеті шамамен 0,46 тең (Motch et al., 1991).

Бұл объектіні зерттеумен бірқатар ғалымдар айналысқан. Көпжылдық зерттеулер негізінде бұл қос жүйенің физикалық сипаттамалары мен белсенділік механизмдеріне келесідей әдеби шолу жасауға болады.

Зерттеу материалдары. Лютый В.М., Зайцева Г.В., мақаласында 1898 жылдан бастап 1998 жылға дейінгі мәліметтерді талдау арқылы жұлдыз белсенділігінің үш фазасынан (B, Be және Be-shell) өткенін көрсеткен. Бұл қос жүйе 1970 жылдарға дейін тыныштық күйінде болды, содан кейін 1970-1997 жылдар аралығында қатты

CC BY NC

қуатпен заттың шығуынан және жұлдыз маңындағы дискінің қалыптасуымен сипатталатын белсенді фаза басталды. Бұл жарықтылықтың $\Delta V \approx 0{,}55^{m}$ шамасына артуына әкелді. 1998 жылы жарықтылық минимумға жетті, бұл белсенді фазаның уақытша аяқталғанын және дискінің ыдырағанын білдіреді (Lyuty et al., 2000).

Moritani K., және т.б. зерттеулерінде Be-дискісінің құрылымы мен динамикасы қарастырылған. Жүйенің оптикалық өзгергіштігінің негізгі көзі - жұлдыз маңындағы Be-дискісі, ал нейтрондық жұлдыз айналасындағы аккрециялық дискінің оптикалық диапазондағы үлесі небәрі бірнеше пайыз деп бағаланады. Зерттеулер дискінің бірнеше ерекшеліктерін анықтады. Олар, эмиссиялық сызықтардың күлгін (V) және қызыл (R) шыңдарының қатынасы шамамен 500 күндік кезеңмен өзгеретіндігін; Доплерлік томография әдісімен дискіде тығыздық толқынының бар екендігі дәлелденді, бұл дискінің құрылымын асимметриялық етеді; жоғары белсенділік кезеңдерінде (2008-2011жж.) диск толқындық күштермен деформацияланып, орбита жазықтығына қатысты еңіс болады. Бұл деформацияланған дискінің прецессия кезеңі шамамен 674-886 күнді құрайды (Moritani et al., 2011).

Moritani K., және т.б. тағы бір еңбегінде алып жарқылдар мен газ ағындары туралы жазды. Жүйенің рентгендік белсенділігі Be-дискісінің күйіне тікелей байланысты. 2009 және 2011 жылдардағыдай алып жарқылдар Be-дискісі қатты ұлғайып, периастрдағы Рош қуысының радиусынан асқан кезде пайда болады. 2009 жылғы жарқыл кезінде α сызықтарының профильдерінде «blue shoulder» байқалды, бұл Be-дискінің сыртқы бөлігінен нейтрондық жұлдызға бағытталған тығыз газ ағынының тікелей дәлелі болып табылады. Бальмер сериясы мен гелий сызықтарында үш шыңы бар күрделі профильдердің пайда болуы жарқыл алдында дискінің физикалық жағдайындағы күшті қозғалыстарды көрсетеді (Moritani et al., 2010).

2013 жылы жарық көрген Moritani K., және т.б. мақаласында оптикалық және рентгендік сәулелену арасындағы байланыс туралы зерттеулерін жариялады. Зерттеулер нәтижесі бойынша оптикалық жарықтылықтың шыңы рентгендік жарқылдан шамамен 8 күн бұрын болады. Бұл уақыт заттың уақытша акрециялық диск арқылы нейтрондық жұлдыз бетіне дейінгі радиалды қозғалыс кезеңі ретінде түсіндіріледі (Moritani et al., 2013).

Kondratyeva L., және т.б. жұмысында V725 Tau=A0535+26 объектісін B, V, Rc сүзгілерінде жарықтылықтың ~0.4 шамасында тұрақсыз айнымалылығы байқалғанын зерттеген, жалпы алғанда оның деңгейі орташа мәндерге сәйкес келеді. Hβ және Hα эмиссиялық сызықтарындағы сәулеленудің абсолюттік ағындары мен олардың эквиваленттік ені туралы мәліметтер алынды. Сызықтардың профильдері екі құраушыдан тұрады. «Көк» және «қызыл» құраушылардың максималды қарқындылықтарының қатынасы (V/R) әр кезеңде 0.5 - 2.5 аралығында өзгереді. Байқалатын айнымалылықтың ықтимал көздеріне талдау жасалды. V/R қатынасы объектінің жарықтылығына, сызықтардың қарқындылығына және олардың эквиваленттік еніне тәуелді емес екені анықталды. Сонымен қатар, рентгендік жұлдыздың орбитадағы орны да бұл қатынасқа әсер

етпейді. Спектрлік сызықтардағы V/R қатынасының өзгеруінде P = 491 күн болатын жаңа период анықталды. 2010–2016 жылдар аралығындағы спектрлік және фотометрлік деректер талданған. Объектіде қазіргі уақытта аккрециялық дискіні қалпына келтіру процесі жүріп жатыр. Ерекшелігін айтсақ, 2013 жылы басталған жарықтылықтың өсуі күтілгендей «алып жарқылға» ұласпаған, бұл жүйенің болжап болмайтын күйін көрсетеді. Себебі спектрдегі өзгерістер жұлдыз маңындағы дискіде газдың біркелкі таралмауынан болып отыр (Kondratyeva et al., 2016).

Nikolov Y.M., және т.б. мақаласында рентгендік қос жұлдыздар арасындағы жұтылуды қарастырған. Солтүстік жарты шардың 9 рентгендік қос жүйесін зерттеген. Негізгі міндеті, осы берілген объектілердің арасындағы жұлдызаралық жұтылуды есептеу. Жұлдызаралық жұтылуды анықтау үшін калийдің сызығы (7699 Å) және диффузиялық жұлдызаралық жолақтар (DIBs) әдістері қолданылды. Мақалада әрбір жұлдыз жүйесінің құрамы мен жаңадан есептелген мәндер берілген. V725 Tau=A0535+26 бұл объект үшін бұрынғы есептеулерден (0,77±0,04) жоғарырақ мәнді (1,045±0,058) анықтаған. Зерттеу нәтижелері көп жағдайда бұрын жарияланған деректермен сәйкес келген. Бұл қолданылған әдістердің рентгендік қос жүйелер үшін тиімді екенін дәлелдейді. Бұл мақалада алынған деректер алдыдағы уақытта осы жүйелердің теориялық модельдерін жасау үшін пайдалы болмақ (Nikolov et al., 2017).

Кондратьева Л. Н., және т.б. V725 Tau=A0535+26 объектісінің соңғы даму күйін және белсенді рентгендік фазаға өтуінің алдын ала белгілерін анықтауға бағытталған. 2017-2020 жылдар аралығындағы жүргізілген жүйелі фотометрлік және спектрлік бақылауларды талдау нәтижесінде бірнеше маңызды қорытындыларға келген. Олар: 3 жыл бойы жарықтылық деңгейі жоғары болып, ал 2019 жылдың аяғына қарай оның төмендеуі байқалған. 2016 жылдан бастап Hβ және Hα эмиссиялық сызықтарындағы сәулелену ағындарының біртіндеп артуы байқалған. Ал бұл сызықтардың эквиваленттік ені (EW(Hα)= 17A, EW(Hβ)= 2.9A) 2009 жылы болған үлкен рентгендік жарқыл кезінде тіркелген (-25A) мәніне әлі жеткен жоқ, бірақ 2011 жылы көрсеткен белсенді фазалар кезінде алынған нәтижелерден біршама жоғары (-10A) екендігін көрсеткен. Осындай параметрлер жиынтығы зерттеу объектісінің белсенді фазасының басталуы алдындағы күйіне тән екендігін көрсетті (Kondratyeva et al., 2020).

Ramsay G., және т.б. зерттеулері жоғары массалы рентгендік қос жүйелердің (HMXB) оптикалық сериктестеріндегі пульсацияларды жүйелі түрде талдауға арналған. TESS (Transiting Exoplanet Survey Satellite) деректерін пайдалана отырып, авторлар 23 нысанның барлығында дерлік (100%) квазипериодтық айнымалылықтың бар екенін анықтады. Бұл ерте спектрлік кластағы (OB және Be) жұлдыздардың ішкі құрылымы мен динамикасын түсінудегі маңызды қадам болып табылады. Мақалада ерекше назар аударылған нысандардың бірі — V725 Tau. Зерттеу барысында келесідей маңызды деректер анықталды: TESS бақылаулары кезінде V725 Tau жүйесінде айқын оптикалық жарқыл тіркелді. Ең маңыздысы, бұл құбылыс рентгендік жарқылмен (X-ray outburst) бір уақытта

орын алып, жүйенің жоғары белсенділігін көрсетті. Жарқыл мен ұзақ мерзімді вариациялар жойылғаннан кейін (detrending), деректерден ~0.48 тәулік периоды бар айқын сигнал табылды. Бұл сигнал жұлдыздың g-модалы пульсацияларымен байланысты болуы мүмкін. V725 Tau объектісіндегі мұндай айнымалылық Be-жұлдыздың айналасындағы аккрециялық дисктің күйі мен оның нейтрондық жұлдызбен әрекеттесуі туралы құнды ақпарат береді (Ramsay et al., 2022).

Жоғарыда қарастырылған мақалаларға сүйене отырып, V725 Tau=A0535+26 объектісіне В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институтында 2025-2026 фотометрлік бақылаулар жүргізілді және жаңа мәліметтер алынды, алынған мәліметтерге өңдеулер және талдаулар жүргізілді жасалды.

Зерттеу әдістері. Аспан объектілерінің жарқырауы мен түсін өлшейтін әдістердің бірі фотометрлік әдіс. Астрономиялық объектілердің сәулелену энергиясының спектрлік үлестірілуін сипаттау үшін олардың жұлдыздық шамалары немесе сәулелену ағындары жиі белгілі бір фотометрлік жолақтарда (толқын ұзындығы аралықтарында) өлшенеді. Мұндай жолақтардың жиынтығы фотометрлік жүйе деп аталады. Белгілі бір жолақтағы сәулеленуді өткізетін арнайы сүзгілер қолданылады (Osipov et al., 2023).


Қазіргі уақытта тұрақты түрде фотометрлік бақылаулар Тянь-Шань Астрономиялық обсерваториясының (ТШАО) «Шығыс» деп аталатын, Карл Цейсс Йена фирмасының 1 метрлік телескобында жүргізілді. Жарықтылықты тіркеу үшін Apogee фирмасының Alta F16M (4096x4096, 9μm) ПЗС-камерасы және Джонсон жүйесіндегі B, V, Rc сүзгілер жиынтығы қолданылды. Бұл объект үшін фотометрлік стандарттар ретінде объектіге жақын орналасқан HD 245816, HD 245817, TYC 1865-1869 жұлдыздары пайдаланылды. Кескіндерді алғашқы өңдеуде Bias, Dark және Flat файлдарын қолдану арқылы стандартты операциялар орындалады. Кескіндерді өлшеу MaximDl 6 стандартты бағдарламасын пайдалану арқылы орындалған. Атмосфералық экстинкцияны ескеру және алынған аспаптық жарықтылық бағалауларын стандартты жүйеге келтіру объекті мен стандарттың түс көрсеткіштерінің айырмашылығын ескеретін тиісті теңдеулер жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады (Kondratyeva et al., 2020).

Нәтижелер мен талқылаулар. Бұл мақалада B және V сүзгілерінен алынған фотометрлік мәліметтер қарастырылды. Фотометрлік жұлдыздық шамаларды өлшеулердің апертурасы 12″.


Кесте 1 - V725 Tau объектісінің B және V сүзгілеріндегі жарқырауы

Бақылау мерзімдері	JD	JD-2400000	B	V
24.01.2025	2460699	60699	9,628±0,017	8,995±0,014
01.02.2025	2460707	60707	9,625±0,017	8,993±0,012
19.03.2025	2460753	60753	9,563±0,015	8,943±0,011
31.03.2025	2460765	60765	9,577±0,012	8,957±0,011
26.08.2025	2460913	60913	9,566±0,014	8,931±0,009
20.09.2025	2460938	60938	9,566±0,015	8,946±0,009
04.10.2025	2460952	60952	9,555±0,011	8,928±0,008
25.11.2025	2461004	61004	9,552±0,015	8,948±0,010

22.12.2025	2461031	61031	9,534±0,017	8,925±0,010
05.01.2026	2461045	61045	9,543±0,015	8,924±0,010
01.02.2026	2461072	61072	9,574±0,012	8,934±0,009
08.02.2026	2461079	61079	9,561±0,012	8,922±0,008




Сурет 1 - V725 Tau объектісінің 2025-2026 жылдардағы B сүзгісінен алынған жарқыраудың өзгерісі



Сурет 2 - V725 Tau объектісінің 2025-2026 жылдардағы V сүзгісінен алынған жарқыраудың өзгерісі

V725 Tau объектісі бойынша жасалған фотометрлік бақылауларының нәтижелері 1-кесте мен 1-, 2-суреттерде берілген. V725 Tau объектісінің өзгерісі бойынша нақты әрі толық мәлімет беру үшін 3-суретте бақылау деректері қосылып берілген. Бұл деректер ASAS-SN, FAI, AAVSO базаларынан алынған мұрағаттық деректер. FAI фотометірлік бақылаулары 2025-2026 жылдар аралығында V725 Tau объектісінің жарқырау қисықтары (1-2 суреттер) үшін амплитуда мәндері $\Delta B=0^m.094$, $\Delta V=0^m.073$ көрсетті. Ал, AAVSO екі сүзгінің айнымалылық амплитудасы шамамен $0^m.18$ деңгейінде бағаланды.



Сурет 3 - V725 Tau объектісінің V сүзгісінен алынған жарқыраудың өзгерісі (ASAS-SN, FAI, AAVSO)

V725 Tau объектісінің жарықтылығының айтарлықтай, бірақ қысқа мерзімді артуы 2013 жылдың бас кезінде тіркелген. Жарықтылықтың жаңадан көтерілуі болса 2015 жылдың желтоқсанынан басталған, ал рентгендік диапазондағы (4-10кэВ) сәулелену ағынының айтарлықтай күшеюі 2016 жылдың сәуірінде тіркелген (Iwakiri et al., 2016).

Қорытынды. Бұл жұмыста V725 Tau объектісінің осыған дейінгі жасалған зерттеулерге шолу жүргізу арқылы оның даму эволюциясының күрделілігін және динамикасының айнымалылығын түсінуге мүмкіндік берді. 2025 пен 2026 жылдар аралығында В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институтында жинақталған жаңа бақылау фотометрлік мәліметтері қос жүйенің қазіргі кездегі сипатын бағалауға мүмкіндік берді. Ве дискісінің эволюциясы мен нейтрондық жұлдыздың бір бірімен өзара әсерлесуі V725 Tau қос жүйесінің жарықтылығындағы өзгерістерге тікелей қатысты. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап, 2026 жылдың ақпан айы аралығында жүргізілген бақылаулар В мен

V сүзгілеріндегі жарықтылықтың қандай да бір деңгейде сақталып, тұрақты түрде өзгеріп отыратындығы көрсетілді. Жаңа фотометрлік мәліметтерді және мұрағаттық мәліметтерді талдай келе, жақында V725 Tau объектісінің келесі алып (рентгендік) жарқылы болуы мүмкін екенін айтуға болады.

Бұл зерттеу V725 Tau объектісін жүйелі түрде бақылаудың құраушылар арасындағы зат алмасу мен аккреция механизмдерін зерттеудегі маңызын көрсетеді; алынған нәтижелер болашақ спектрлік зерттеулермен ұштастырылған ұзақмерзімді оптикалық фотометриялық бақылаулар базасын қалыптастыруға негіз болып, жұмыстың ғылыми құндылығын айтарлықтай күшейтеді.

References

Astrofotometriya (2023) [Astrophotometry]. Bol'shaya Rossiyskaya entsiklopediya [Great Russian Encyclopedia]: ed. Yu.S. Osipov. – Moscow: Bol'shaya Rossiyskaya entsiklopediya, 2004-2017. – Electronic version. URL: https://bigenc.ru/c/astrofotometriia-88c07d (in Russian.)

Gaudin T., Norris R., Greech-Eakman M. (2022) Investigation of Mass Transfer in Symbiotic Stars. BAS. – Vol. 54. – No. 6. (in Eng.)

Iwakiri W., Serino M., Takagi T. et al. (2016) MAXI/GSC detection of a new X-ray outburst from A 0535+262. The Astronomer's Telegram. – №8977. (in Eng.)

Kondratyeva L., Reva I., Aimanova G., et al. (2021) Active stage of the symbiotic object V694 Mon in 2018-2021. Ap 64. – P. 306. DOI:10.1007/s10511-021-09691-2. (in Eng.)

Kondratyeva L., Reva I., Krugov M. , et al. (2020) The outburst of the symbiotic star BX Monocerotis in 2019. NewA 75 id101304. DOI:10.1016/j.newast.2019.101304, (in Eng.)

Kondratyeva L., Rspaev F., Aimuratov Ye. et. al. (2016) News of the National Acad. of Sci. Republ. Kazakhstan. – V.5. – P. 12. (in Eng.)

Kondratyeva L.N., Denisyuk E.K., Reva I.V., et al. (2020). Fotometricheskiye i spektral'nyye issledovaniya ob»yekta Be/X-ray binary V725 Tau = A 0535+262 [Photometric and spectral studies of the Be/X-ray binary V725 Tau = A 0535+262]. Astrofizika [Astrophysics], 63(3). – P. 345-358. (in Russian.)

Lee Y.-M., Kmm H., Lee H.-W. (2022) Formation of the Asymmetric Accretion Disk from Stellar Wind Accretion in an S-type Symbiotic Star. ApJ 931. – P. 142. DOI: 10.3847/1538-4357/ac67d6. (in Eng.)

Lyuty V.M., & Zaitseva G.V. (2000). Sto let nablyudeniy Be-zvezdy HDE 245770 (V725 Tau/A0535+26): fotometricheskaya istoriya, preryvistaya obolochka i fizicheskiye parametry [One hundred years of observations of the Be star HDE 245770 (V725 Tau/A0535+26): Photometric history, intermittent shell, and physical parameters]. Pis'ma v Astronomicheskiy Zhurnal [Astronomy Letters], 26(11). – P. 835-849. (in Russian.)

Merc J., Galis R., Wolf M., et al. (2022) Hen 3-860: new southern eclipsing symbiotic star observed in the outburst. MNRAS 510. – P. 14. DOI: 10.1093/mnras/stab3512 (in Eng.)

Moritani K. et al. (2013) Precessing Warped Be Disk as the Origin of Giant Outbursts in the Be/X-Ray Binary A0535+262. Publications of the Astronomical Society of Japan. – Vol. 65. – №4. – Art. 83. (in Eng.)

Moritani K., Nogami D., Okazaki A. T. et al. (2010) Long-Term V/R Variations of the Be/X-Ray Binary A0535+262/V725 Tau. Publications of the Astronomical Society of Japan. – Vol. 62. – №2. – P. 391-400. (in Eng.)

Moritani K., Nogami D., Okazaki A. T. et al. (2011) High-Resolution Spectroscopy of the Be/X-Ray Binary A0535+262/V725 Tau during the 2009 Giant Outburst. Publications of the Astronomical Society of Japan. – Vol. 63. – № 1. – P. L25–L29. DOI: 10.1093/pasj/65.4.83 (in Eng.)

Motch C., Stella L., et al. (1991) Accretion mechanisms in the Be/X ray transient system A0535+26. ApJ. – V.369. – P. 490. DOI: 10.1086/169779 (in Eng.)

Nikolov Y.M., Zamanov R.K., Stoyanov K.A., Marty J. (2017) Interstellar extinction toward Be/X-ray binary stars. Bulgarian Astronomical Journal. – Vol. 27. – P. 30-43. (in Eng.)

Petit P., Mers J., Galis R., et al. (2023) DeGaPe 35: Amateur discovery of a new southern symbiotic star. NewA 9801943P. DOI:10.1016/j.newast.2022.101943. (in Eng.)

Ramsay G., Hakala P., Charles P.A. (2022) A TESS search for donor-star pulsations in high-mass X-ray binaries. Monthly Notices of the Royal Astronomical Society. – Vol. 516. – I. 1. – P. 1219-1236. DOI: 10.1093/mnras/stac2223 (in Eng.)

url: http://asas-sn.ifa.hawaii.edu/ Query date:13.01.2026

url: https://apps.aavso.org/ Query date:12.01.2026

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 205–224

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.415

UDC: 524.8
IRSTI: 41.03.01

©Zhusupova N.K.[1], Zhadyranova A.A.[2]*, 2026.
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

BOUNCE COSMOLOGY IN $f(T,\mathcal{T})$ GRAVITY BASED ON ENERGY CONDITION ANALYSIS

Zhusupova Nazym — PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: zhnaz88@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-8900-0829;
Zhadyranova Aliya — PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438.

Abstract. This article investigates cosmological dynamics within the framework of modified torsional gravity $f(T,\mathcal{T})$, where the gravitational action depends on the torsion scalar and the trace of the matter energy–momentum tensor $\mathcal{T}$. This formulation allows for a direct coupling between geometry and matter and enables the study of evolutionary scenarios beyond standard cosmological expansion. The analysis is performed for a spatially homogeneous and isotropic Friedmann–Lemaître–Robertson–Walker geometry. A parametrized scale factor is adopted to ensure regular behavior of the dynamical variables and to describe a cosmological bounce, in which a contracting phase smoothly transitions into an expanding one. Analytical expressions for the energy density, pressure, and equation-of-state parameter are derived, and their behavior near the transition region is examined. It is shown that the expansion rate vanishes at the bounce, signaling a change in the evolutionary regime. Around this point, the energy density reaches a maximum before decreasing, while the pressure remains negative. The equation-of-state parameter temporarily departs from standard regimes, accompanied by violations of the null and strong energy conditions. Meanwhile, the dominant energy condition remains satisfied, indicating the physical consistency of the model.

These results demonstrate that both linear and nonlinear realizations of $f(T,\mathcal{T})$ gravity successfully capture the key features of cosmological bounce scenarios and provide a viable framework for exploring alternative evolutionary paths of the early Universe.

Keywords: modified gravity, $f(T,\mathcal{T})$ theory, torsion, cosmological bounce, energy conditions

Financing. *This work is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Grant No. AP26194585 Gravitational wave and observational estimates of the constraints of cosmological models with non-minimal coupling.*

For citations: *Zhusupova N.K., Zhadyranova A.A. Bounce Cosmology in Gravity Based on Energy Condition Analysis. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 205–224. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.415*

©Жусупова Н.К.[1], Жадыранова А.А.[2]*, 2026.
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

ЭНЕРГИЯ ШАРТТАРЫН ТАЛДАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН $f(T,\mathcal{T})$ СЕРПІЛІС КОСМОЛОГИЯСЫ

Жусупова Назым — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: zhnaz88@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-8900-0829;
Жадыранова Алия Амирбековна — PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438.

Аннотация. Мақалада модифицияланған торсиондық гравитацияның $f(T,\mathcal{T})$ теориясы аясындағы космологиялық динамика қарастырылады, мұнда гравитациялық әрекет бұрылу скаляры T мен материяның энергия-импульс тензорының ізі $\mathcal{T}$ арқылы анықталатын функциямен сипатталады. Мұндай тәсіл теорияның геометриялық және материалдық құрамдас бөліктерінің тікелей өзара әсерін ескеруге және стандартты космологиялық кеңеюден өзгеше Ғалам эволюциясының сценарийлерін талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу кеңістіктік біртекті және изотропты Фридман–Леметр–Робертсон–Уокер геометриясы үшін жүргізіледі. Масштабтық фактордың параметрленген формасы қолданылып, ол динамикалық шамалардың реттелген сипаттамасын қамтамасыз етеді және сығылу фазасының кеңею фазасына ауысуымен сипатталатын космологиялық отскок режимін сипаттауға мүмкіндік береді. Осы негізде энергия тығыздығы, қысым және күй теңдеуінің параметрі үшін өрнектер алынған және олардың өтпелі аймақ маңындағы уақыттық өзгерісі талданған. Серпіліс сәтінде кеңею жылдамдығы нөлге тең болатыны көрсетілген, бұл жүйе эволюциясының сипатының өзгеруіне сәйкес келеді. Осы кезеңде энергия тығыздығы максимал мәніне жетіп, кейін азаяды, ал қысым бүкіл эволюция барысында теріс мәнін сақтайды. Күй теңдеуінің

параметрі уақытша стандартты космологиялық режимдер шегінен шығады, бұл нөлдік және күшті энергия шарттарының бұзылуымен қатар жүреді. Сонымен қатар, басым энергия шарты сақталады, бұл қарастырылып отырған модельдің физикалық тұрғыдан үйлесімділігін көрсетеді. Алынған нәтижелер $f(T,\mathcal{T})$ теориясының сызықтық және сызықтық емес жүзеге асырылулары космологиялық отскоктың негізгі ерекшеліктерін тиімді түрде сипаттай алатынын және Ғаламның ерте эволюциясының баламалы сценарийлерін талдауда қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Модель бастапқы шарттардың кең ауқымында параметрлердің орнықты сипаттамасын көрсетеді.

Түйін сөздер: модификацияланған гравитация, $f(T,\mathcal{T})$ теориясы, торсион, космологиялық серпіліс, энергия шарттары

©Жусупова Н.К.[1], Жадыранова А.А.[2]*, 2026.
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан;
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Астана, Казахстан.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

КОСМОЛОГИЯ ОТСКОКА В $f(T,\mathcal{T})$ ГРАВИТАЦИИ НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ

Жусупова Назым — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: zhnaz88@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-8900-0829;
Жадыранова Алия — PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,
E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438.

Аннотация. В статье рассматривается космологическая динамика в рамках модифицированной торсионной гравитации $f(T,\mathcal{T})$, в которой гравитационное действие задается функцией от скаляра кручения T и следа тензора энергии–импульса материи $\mathcal{T}$. Такой подход позволяет учитывать прямое взаимодействие геометрической и материальной составляющих теории и анализировать сценарии эволюции Вселенной, отличающиеся от стандартной модели космологического расширения. Рассмотрение проводится для пространственно однородной и изотропной геометрии Фридмана–Леметра–Робертсона–Уокера. Используется параметризованная форма масштабного фактора, обеспечивающая регулярное поведение динамических величин и позволяющая описать режим космологического отскока, при котором фаза сжатия сменяется фазой расширения. На этой основе получены выражения для плотности энергии, давления и параметра уравнения состояния, а также проанализировано их временное поведение в окрестности переходной области. Показано, что в момент отскока скорость расширения обращается в нуль, что соответствует смене характера эволюции системы. Вблизи

этого момента плотность энергии достигает максимума, после чего убывает, тогда как давление остается отрицательным. Параметр уравнения состояния временно выходит за пределы стандартных космологических режимов, что сопровождается нарушением нулевого и сильного энергетических условий. При этом доминирующее энергетическое условие сохраняется, что указывает на физическую согласованность рассматриваемой модели. Полученные результаты показывают, что линейные и нелинейные реализации теории $f(T,\mathcal{T})$, способны воспроизводить основные особенности космологического отскока и могут использоваться для анализа альтернативных сценариев эволюции ранней Вселенной. Модель демонстрирует устойчивое поведение параметров при широком диапазоне начальных условий.

Ключевые слова: модифицированная гравитация, теория $f(T,\mathcal{T})$, торсион, космологический отскок, энергетические условия

Кіріспе. Қазіргі космологиялық модельдер Ғаламның кеш кезеңдегі эволюциясын жеткілікті дәлдікпен сипаттағанымен, ерте уақыттардағы динамикаға қатысты түбегейлі мәселелер әлі де ашық күйінде қалып отыр. Әсіресе бастапқы сингулярлықтың болуы кеңістік пен уақыттың белгілі бір мезетте физикалық мағынасын жоғалтатынын көрсетіп, классикалық гравитациялық теориялардың қолданылу шегін айқындайды. Осы мәселе балама космологиялық сценарийлерді іздеуге түрткі болып, сингулярлықсыз дамуды сипаттайтын тәсілдерге қызығушылықты арттырды. Сол бағыттардың бірі - серпіліс космологиясы, мұнда Ғалам эволюциясы сығылу фазасынан кеңею фазасына үздіксіз ауысу арқылы жүзеге асады. Мұндай сценарий сингулярлықтан қашуға мүмкіндік беріп қана қоймай, ерте кезеңдегі физикалық шамалардың уақыт бойынша өзгерісін бірізді түрде сипаттауға жол ашады. Алайда серпіліс режимін стандартты жалпы салыстырмалық теориясы аясында іске асыру көбіне энергия шарттарының бұзылуымен немесе физикалық тұрғыдан күрделі материя компоненттерін енгізумен байланысты болады.

Осыған байланысты серпіліс динамикасын геометриялық негізде түсіндіре алатын модификацияланған гравитациялық теориялар ерекше назарға ие. Телепараллельді гравитацияда гравитациялық өзара әрекет кеңістік-уақыттың қисықтығымен емес, оның бұрылу қасиетімен сипатталады, бұл балама космологиялық шешімдерді қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл теорияны $f(T,\mathcal{T})$, түрінде кеңейту торсион скалярымен қатар материяның энергия-импульс тензорының ізін ескеруге жағдай жасап, геометрия мен материя арасындағы өзара байланысты айқын көрсетеді. Мұндағы T – бұралу скаляры, ал $\mathcal{T}$ – энергия-импульс тензорының ізі. Мұндай байланыс космологиялық динамикаға тікелей әсер етіп, энергия тығыздығы, қысым және күй теңдеуінің параметрі сияқты шамалардың уақыт бойынша бейстандарт сипаттамасын қалыптастырады. Серпіліс аймағында бұл шамалар классикалық космологияда қабылданған режимдерден уақытша ауытқуы мүмкін, соның нәтижесінде нөлдік және күшті энергия шарттарының бұзылуы байқалады, ал доминантты энергия шартының

CC BY NC

сақталуы модельдің физикалық үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы аясындағы серпіліс космологиялық сценарийлерді талдау ерте Ғалам эволюциясын сипаттаудың балама және перспективалы бағыты ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, ерте Ғалам динамикасын сипаттаудағы тағы бір маңызды мәселе – бастапқы шарттарға сезімталдық пен модельдердің тұрақтылығы болып табылады. Классикалық инфляциялық сценарийлер бірқатар бақылаулық деректерді сәтті түсіндіргенімен, олардың бастапқы күйіне қатысты сұрақтар толық шешімін тапқан жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, серпіліс космологиясы инфляцияға балама ретінде ғана емес, сонымен бірге Ғалам эволюциясының біртұтас және үздіксіз сипаттамасын ұсынатын теориялық негіз ретінде қарастырылады. Серпіліс сценарийінде кеңістік-уақыттың геометриялық сипаттамалары үздіксіз болып сақталады, ал физикалық шамалар шекті мәндерден аспайды, бұл модельдің математикалық және физикалық тұрғыдан орнықтылығын арттырады.

Тағы бір назар аударатын жайт – серпіліс космологиясында энергия шарттарының рөлі. Жалпы салыстырмалық теориясында энергия шарттары гравитациялық тартылыстың сипатын анықтайтын негізгі талаптар ретінде қарастырылғанымен, ерте Ғаламдағы экстремалды жағдайларда олардың қатаң орындалуы міндетті болмауы мүмкін. Осыған байланысты энергия шарттарының уақытша бұзылуын қамтитын модельдер ерте Ғалам динамикасын сипаттауда маңызды ақпарат береді. Телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында геометрия мен материя арасындағы байланыс бұл бұзылуларды тиімді түрде іске асырып, серпіліс режимін қосымша экзотикалық материя енгізбей-ақ жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай модельдерді зерттеу қазіргі космологиядағы теориялық олқылықтарды толтыруға бағытталған өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен бірге, серпіліс космологиясының артықшылықтарының бірі – ол ерте Ғаламдағы кванттық-гравитациялық эффектілерді тиімді феноменологиялық деңгейде сипаттауға мүмкіндік береді. Бастапқы сингулярлық маңында классикалық гравитацияның жарамсыз болатыны белгілі болғандықтан, мұндай аймақта геометрия мен материяның стандартты өзара әрекеттесуін жалпылау қажеттілігі туындайды. Телепараллельді гравитация осы тұрғыдан қолайлы теориялық алаң болып табылады, себебі онда геометриялық сипаттама қисықтықтан бұрылуға ауыстырылып, кеңістік-уақыттың құрылымы өзгеше түрде ұйымдастырылады. Бұл айырмашылық серпіліс режимін іске асыру үшін қажетті динамикалық еркіндіктерді қамтамасыз етеді.

$f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында материяның энергия-импульс тензорының ізі гравитациялық секторға тікелей қатысады, нәтижесінде өріс теңдеулері классикалық телепараллельді теориямен салыстырғанда күрделірек құрылымға ие болады. Алайда дәл осы күрделілік серпіліс динамикасын сипаттауда шешуші рөл атқарады. Геометрия–материя байланысының болуы энергия тығыздығы мен қысымның уақыт бойынша өзгерісін жаңа режимдерге көшіреді және серпіліс аймағында энергия шарттарының уақытша бұзылуын табиғи түрде қамтамасыз

етеді. Бұл жағдай серпіліс сценарийін іске асыру үшін жиі қолданылатын экзотикалық немесе фантомдық материяны енгізу қажеттілігін төмендетеді.

Серпіліс космологиясында маңызды рөл атқаратын тағы бір аспект - күй теңдеуінің параметрінің эволюциясы. Классикалық космологияда бұл параметр көбіне тұрақты немесе баяу өзгеретін шама ретінде қарастырылса, серпіліс сценарийлерінде оның уақыт бойынша айқын өзгеруі динамиканың негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Әсіресе серпіліс маңында күй теңдеуінің параметрінің фантомдық аймаққа өтуі кеңею фазасының басталуын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады. $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы аясында бұл режим геометрия мен материя арасындағы байланыс арқылы қалыптасып, модельдің ішкі үйлесімділігін сақтайды.

Сонымен қатар, серпіліс сценарийлерін талдауда кинематикалық шамалардың, атап айтқанда Хаббл және баяулау параметрлерінің уақыт бойынша өзгерісін зерттеу ерекше маңызға ие. Бұл шамалар серпіліс сәтіндегі сығылу мен кеңею фазалары арасындағы өтудің тегістігін және тұрақтылығын сипаттайды. Таңдалған параметрленген масштабтық фактор арқылы алынатын Хаббл параметрінің нөлдік мән арқылы үздіксіз өтуі серпіліс құбылысының негізгі кинематикалық шарттарының орындалатынын көрсетеді. Ал баяулау параметрінің теріс мәндерге уақытша өтуі үдеулі кеңею фазасының іске асуын айқындайды.

Осы тұрғыда $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы аясындағы серпіліс космологиясын зерттеу тек теориялық қызығушылықпен ғана шектелмейді, сонымен қатар қазіргі және болашақ бақылаулық деректермен салыстыру үшін негіз қалыптастырады. Ерте Ғалам динамикасының мұндай балама сценарийлері құрылымдардың түзілуі, космологиялық параметрлердің эволюциясы және энергия шарттарының рөлі сияқты мәселелерді қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы негізіндегі серпіліс модельдерін жүйелі түрде талдау қазіргі космологиядағы ашық мәселелерді түсіндіруде маңызды қадам болып табылады.

Материалдар және негізгі әдістер. Бұл жұмыста серпіліс космологиялық динамикасы телепараллельді гравитацияның кеңейтілген $f(T,\mathcal{T})$ формализмі аясында қарастырылады. Аталған теорияда гравитациялық өзара әрекет кеңістік-уақыттың қисықтығымен емес, оның кбұрылу қасиетімен сипатталады, ал материяның әсері энергия-импульс тензорының ізі арқылы ескеріледі (Wald, 1984). Мұндай құрылым геометрия мен материя арасындағы өзара байланысты күшейтіп, стандартты космологиялық сценарийлерден өзгеше динамикалық режимдерді, соның ішінде серпіліс құбылысын сипаттауға мүмкіндік береді (Харко, 2014).

Телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясының негізі келесі әсер функционалымен беріледі:

$$\mathcal{S} = \frac{1}{16\pi G}\int d^4x\, e\,[T + f(T,\mathcal{T})] + \int d^4x\, e\, \mathcal{L}_m, \qquad (1)$$

мұндағы

$\mathcal{S}$ – гравитациялық–материалдық жүйенің толық әсер функционалы;

G – Ньютонның гравитациялық тұрақтысы;

x^{μ} – төртөлшемді кеңістік-уақыт координаталары ();

$e = \det(e^{A}{}_{\mu})$ – тетрада детерминанты;

$f(T, \mathcal{T})$ – торсион скаляры мен энергия-импульс тензорының ізіне тәуелді еркін функция;

$\mathcal{L}_m$ – материя лагранжианы.

Бұл әсер формасы гравитациялық және материалдық бөліктердің өзара байланысын біртұтас түрде сипаттап, космологиялық теңдеулерді вариациялық принцип арқылы алуға негіз қалайды.

Телепараллельді формализмде Вейценбёк байланысы

$$\Gamma^{\rho}_{\mu\nu} = e_{A}{}^{\rho}\partial_{\nu}e_{A}{}^{\mu} \tag{2}$$

түрінде анықталады, ал осы байланыс арқылы торсион тензоры

$$T^{\rho}{}_{\mu\nu} = \Gamma^{\rho}{}_{\nu\mu} - \Gamma^{\rho}{}_{\mu\nu} \tag{3}$$

енгізіледі. Контурсия тензоры Вейценбёк және Леви–Чивита байланыстарының айырмасы ретінде анықталып, суперпотенциал арқылы торсион скаляры

$$T = S_{\rho}{}^{\mu\nu}T^{\rho}{}_{\mu\nu} \tag{4}$$

түрінде өрнектеледі. Материяның энергия-импульс тензорының ізі

$$\mathcal{T} = T^{\mu}{}_{\mu} = \rho - 3p \tag{5}$$

ретінде анықталады. Мұндағы ρ – энергия тығыздығы, ρ – изотропты қысым

Бұл жұмыста келесі сызықтық модель қарастырылады:

$$f(T, \mathcal{T}) = \alpha T + \beta\mathcal{T}, \tag{6}$$

мұнда α және β – еркін параметрлер. Мұндай таңдау модельдің аналитикалық тұрғыдан айқын болуын қамтамасыз етіп, серпіліс режимінің негізгі қасиеттерін талдауға мүмкіндік береді (Bamba et al., 2014).

Космологиялық орта кеңістіктік біртекті және изотропты Фридман–Леметр–Робертсон–Уокер геометриясымен сипатталады. Бұл жағдайда Ғалам динамикасы масштабтық фактор α(t) арқылы анықталып, кеңею немесе сығылу жылдамдығы Хаббл параметрімен

$$H(t) = \frac{\dot{a}(t)}{a(t)} \quad (7)$$

өрнектеледі. Серпіліс космологиясында негізгі кинематикалық шарт ретінде белгілі бір мезетте $H = 0$ болуы және оның уақыт бойынша туындысының таңбасының өзгеруі қарастырылады, бұл сығылу фазасынан кеңею фазасына өтуді сипаттайды (Bamba et al., 2014).

Серпіліс режимін жүзеге асыру үшін масштабтық фактордың параметрленген формасы қолданылады. Таңдалған параметрлеу серпіліс сәтінде масштабтық фактордың нөлге тең болмауын қамтамасыз етіп, энергия тығыздығы мен қысым сияқты негізгі физикалық шамалардың шекті мәндерге ие болуына мүмкіндік береді. Бұл тәсіл нақты аналитикалық шешімге тәуелді болмай, серпіліс кинематикасының жалпы қасиеттерін сипаттауға бағытталған.

Материя компоненті идеал сұйықтық ретінде қарастырылып, энергия тығыздығы мен қысым стандартты түрде енгізіледі. Осы шамалар арқылы күй теңдеуінің параметрі

$$\omega(t) = \frac{p(t)}{\rho(t)} \quad (8)$$

анықталады. Серпіліс аймағында бұл параметр классикалық космологияда қабылданған режимдерден уақытша ауытқуы мүмкін, бұл серпіліс сценарийінің маңызды динамикалық белгісі болып табылады (Cai et al., 2010).

Материя компонентін идеал сұйықтық ретінде қарастыру серпіліс космологиясын зерттеуде кеңінен қолданылатын және физикалық тұрғыдан негізделген жуықтау болып табылады. Бұл тәсіл энергия тығыздығы мен қысым арасындағы байланысты қарапайым әрі айқын түрде сипаттауға мүмкіндік беріп, алынған динамикалық теңдеулердің интерпретациясын жеңілдетеді. Сонымен қатар, идеал сұйықтық моделі ерте Ғаламдағы орташа динамикалық қасиеттерді сипаттауға жеткілікті болып табылады, себебі серпіліс аймағында негізгі рөлді микроскопиялық процестерден гөрі, геометриялық және макроскопиялық эффектілер атқарады.

Күй теңдеуінің параметрі ω(t) космологиялық эволюцияның сипатын анықтайтын маңызды шамалардың бірі болып табылады. Оның уақыт бойынша өзгерісі Ғаламның әртүрлі динамикалық режимдерге өтуін сипаттайды. Серпіліс маңында ω(t) параметрінің классикалық мәндерден ауытқуы энергия шарттарының бұзылуымен тікелей байланысты болып, үдеулі кеңею фазасының іске асуына мүмкіндік береді. Бұл ауытқу тұрақты күйде сақталмай, уақытша сипатқа ие болуы серпіліс сценарийінің физикалық тұрғыдан орнықты екенін көрсетеді.

Серпіліс режимін талдауда масштабтық фактордың параметрленген формасын қолдану модельдің жалпы қасиеттерін айқындауға бағытталған тиімді әдіс болып табылады. Мұндай параметрлеу нақты өріс теңдеулерінің күрделі құрылымына тәуелді болмай, серпіліс құбылысының негізгі кинематикалық белгілерін зерттеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, масштабтық фактордың минимумға

жетуі, Хаббл параметрінің нөл арқылы өтуі және баяулау параметрінің уақытша теріс мәндерге өтуі серпіліс сценарийінің жүзеге асатынын айқын көрсетеді.

Осылайша, идеал сұйықтық жуықтауы мен параметрленген масштабтық факторды бірге қолдану телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында серпіліс космологиясының негізгі динамикалық қасиеттерін жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл алынған нәтижелерді әрі қарай энергия шарттары арқылы талдауға және серпіліс механизмінің физикалық негізділігін бағалауға сенімді негіз қалайды.

Идеал сұйықтық жуықтауы серпіліс космологиясында материяның күрделі ішкі құрылымын енгізбей-ақ, гравитациялық динамиканың негізгі әсерлерін айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай модельде тұтқырлық, жылуөткізгіштік және анизотропты кернеулер ескерілмейді, алайда бұл шектеулер серпіліс маңындағы жалпы эволюциялық қасиеттерді сипаттауға кедергі келтірмейді. Керісінше, геометрия мен материя арасындағы байланыстың $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында күшеюі идеал сұйықтық жағдайының өзінде бейстандарт динамикалық режимдердің пайда болуына әкеледі. Сондықтан бұл жуықтау серпіліс сценарийінің негізгі физикалық механизмдерін айқындау үшін жеткілікті әрі теориялық тұрғыдан негізделген болып табылады.

Масштабтық фактор мен Хаббл параметрінен бөлек, Ғалам эволюциясының үдеулі немесе баяулау сипатын сипаттау үшін баяулау параметрі енгізіледі. Ол масштабтық фактор арқылы келесі түрде анықталады:

$$q(t) = -\frac{\ddot{a}(t)}{a(t)H^2(t)}. \tag{9}$$

Берілген жұмыста қолданылған параметрленген масштабтық фактор үшін *q(t)* уақытқа тәуелді функция ретінде анықталып, серпіліс маңындағы динамикалық режимдерді талдауда қолданылады. Аталған параметр серпіліс сәтінде Ғалам эволюциясының сығылу фазасынан кеңею фазасына ауысуын және үдеулі кеңею аймағының пайда болуын айқындауға мүмкіндік береді. Осылайша, баяулау параметрі серпіліс сценарийінің кинематикалық ерекшеліктерін сипаттайтын негізгі шамалардың бірі болып табылады.

Серпіліс режимін сипаттау үшін масштабтық фактордың параметрленген формасы қолданылады, ол серпіліс сәтінде *a(t)*-тың нөлге тең болмауын қамтамасыз етеді және барлық динамикалық шамалардың шекті мәндерге ие болуына мүмкіндік береді. Осы параметрлеу арқылы H(t) және $\dot{H}(t)$ анықталып, олар энергия тығыздығы мен қысымды өрнектеуде пайдаланылады.

Осы жұмыста гравитациялық тұрақтыны қысқаша белгілеу үшін

$$\kappa^2 \equiv 8\pi G \tag{10}$$

анықтамасы енгізіледі. Мұндай белгілеу өрнектердің ықшам жазылуын қамтамасыз етеді және энергия тығыздығы мен қысымға арналған формулаларды жазуда кеңінен қолданылады.

Өріс теңдеулерін шешу нәтижесінде энергия тығыздығы мен қысым уақытқа тәуелді шамалар ретінде алынады:

$$\rho(t) = -\frac{3(\alpha+1)[(2\beta+3)H^2+5\beta\dot{H}]}{8\pi G[4\beta(\beta+1)-3]}, \quad (11)$$

$$p(t) = \frac{3(\alpha+1)[(2\beta+3)H^2+(\beta+2)\dot{H}]}{8\pi G[4\beta(\beta+1)-3]}. \quad (12)$$

Осы шамалар арқылы күй теңдеуінің параметрі, (8) формуланы пайдала отырып

$$\omega(t) = \frac{p(t)}{\rho(t)} = -\frac{(2\beta+3)H^2+(\beta+2)\dot{H}}{(2\beta+3)H^2+5\beta\dot{H}} \quad (13)$$

анықталады. Бұл өрнек серпіліс аймағында күй теңдеуінің параметрінің стандартты космологиялық режимдерден уақытша ауытқуын сипаттайды (Cai et al., 2010).

Серпіліс режимін нақты сипаттау үшін масштабтық фактордың симметриялы параметрленген формасы қолданылады. Атап айтқанда, уақытқа қатысты жұп функция ретінде алынатын

$$a(t) = \sqrt{\gamma t^2 + 1} \quad (14)$$

масштабтық факторы серпіліс космологиясының негізгі талаптарын қанағаттандырады. Бұл таңдауда масштабтық фактор барлық уақыт мезеттерінде оң мәнге $t = 0$ ие болып, нүктесінде минимумға жетеді, ал алыс өткен мен болашақта монотонды түрде өседі. Мұндай сипаттама Ғаламның ығысу фазасынан кеңею фазасына бірқалыпты ауысуын сипаттайды.

Берілген масштабтық фактор үшін Хаббл параметрі мен оның уақыт бойынша туындысы аналитикалық түрде анықталады:

$$H(t) = \frac{\gamma t}{\gamma t^2+1}, \quad \dot{H}(t) = \frac{\gamma(1-\gamma t^2)}{(\gamma t^2+1)^2}. \quad (15)$$

Аталған өрнектер серпіліс сәтінде $H(0) = 0$ болатынын және оның уақыт бойынша туындысының таңбасы осы нүктеде өзгеретінін көрсетеді, бұл серпіліс құбылысының кинематикалық шарттарына толық сәйкес келеді.

Осы нәтижелерді сызықтық $f(T, \mathcal{T}) = \alpha T + \beta \mathcal{T}$ моделінің өріс теңдеулеріне қоя отырып, энергия тығыздығы мен қысымның уақытқа тәуелді өрнектері алынады:

$$\rho(t) = \frac{3(\alpha+1)\gamma^2(3(\beta-1)\gamma^2t^2-5\beta)}{(4\beta(\beta+1)-3)(\gamma^2t^2+1)^2}, \quad (16)$$

$$p(t) = \frac{3(\alpha+1)\gamma^2(\beta+(\beta+1)\gamma^2t^2+2)}{(4\beta(\beta+1)-3)(\gamma^2t^2+1)^2}. \quad (17)$$


Бұл өрнектер серпіліс аймағында энергия тығыздығының шекті мәнге ие болып, $t = 0$ болғанда максимумға жететінін, ал қысымның бүкіл эволюция барысында теріс мәндер аймағында қалатынын көрсетеді.

Энергия тығыздығы мен қысым негізінде күй теңдеуінің параметрі

$$\omega(t) = \frac{p(t)}{\rho(t)} = \frac{\beta+(\beta+1)\gamma^2t^2+2}{3(\beta-1)\gamma^2t^2-5\beta} \quad (18)$$

анықталады. Бұл параметрдің уақыт бойынша өзгерісі серпіліс аймағында стандартты космологиялық режимдерден ауытқуды көрсетіп, энергия шарттарының бұзылу мүмкіндігін талдауға негіз болады.

Нәтижелер. Алынған динамикалық шешімдердің физикалық тұрғыдан үйлесімділігін бағалау үшін энергия шарттары қолданылады. Нөлдік энергия шарты (NEC), күшті энергия шарты (SEC) және доминантты энергия шарты (DEC) энергия тығыздығы мен қысымның сәйкес комбинациялары арқылы анықталып, серпіліс аймағында олардың орындалу немесе бұзылу ерекшеліктері талданады (Santos et al., 2007; Visser, 2000).



Сурет 1 - Әр түрлі параметр мәндерінде космостық уақытқа тәуелді масштаб факторы *a(t)*, Хаббл параметрі *H(t)* және баяулау параметрі q(t) эволюциясы.

Сурет 1-де масштабтық фактордың *a(t)*, Хаббл параметрінің H(t) және баяулау параметрінің q(t) космологиялық уақытқа тәуелділігі әртүрлі серпіліс параметрі мәндерінде көрсетілген. Масштабтық фактордың эволюциясы уақыт бойынша симметриялы сипатқа ие болып, $t = 0$ болғанда минимум мәнге жететіні байқалады. Бұл сипаттама Ғаламның серпіліс сценарийіне сәйкес келетін сығылу фазасынан кеңею фазасына бірқалыпты ауысуын сипаттайды. γ параметрі артқан сайын масштабтық фактордың өсу қарқыны серпілістен кейінгі аймақта күшейеді, бұл кеңею фазасының анағұрлым қарқынды болатынын көрсетеді.


Хаббл параметрінің уақыт бойынша өзгерісі серпіліс сәтінде $H = 0$ шартын қанағаттандырады. Теріс уақыт аймағында $H(t) < 0$ болуы Ғаламның сығылу фазасын сипаттаса, оң уақыт аймағында $H(t) < 0$ мәндерге өтуі кеңею фазасының басталуын білдіреді. Осылайша, H(t) эволюциясы серпіліс құбылысының кинематикалық талаптарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар,

γ мәнінің ұлғаюы Хаббл параметрінің серпіліс маңындағы еңкіштігін арттырып, эволюция динамикасына айқын әсер етеді (Percival et al., 2010).

Баяулау параметрінің q(t) эволюциясы серпіліс маңында терең минимумның пайда болуымен сипатталады. Бұл серпіліс сәтінде үдеулі кеңею режимінің қысқа уақыт аралығында жүзеге асатынын көрсетеді. Уақыттың алыс аймақтарында q(t) нөлге жақындап, кеңеюдің баяулау сипатына ауысатыны байқалады. Мұндай сипаттама таңдалған масштабтық фактордың серпіліс динамикасын адекватты сипаттайтынын дәлелдейді.

Сурет 1-дегі кинематикалық шамалардың бірлескен эволюциясы серпіліс сценарийінің параметрлік тұрғыдан орнықты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, масштабтық фактор, Хаббл параметрі және баяулау параметрінің уақыт бойынша үздіксіз және шекті мәндерге ие болуы серпіліс маңында ешбір физикалық сингулярлықтың пайда болмайтынын айқындайды. Бұл қасиет таңдалған параметрленген масштабтық фактордың тек формальды түрде ғана емес, динамикалық тұрғыдан да үйлесімді екенін көрсетеді. Серпіліс маңындағы барлық кинематикалық шамалардың тегіс өзгеруі модельдің математикалық орнықтылығын қамтамасыз етіп, ерте Ғалам эволюциясын сипаттауда қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, γ параметрінің өзгеруі арқылы серпіліс сценарийінің әртүрлі кинематикалық режимдерін жүзеге асыруға болатыны байқалады. Бұл параметр серпіліс маңындағы өтудің «өткірлігін» және серпілістен кейінгі кеңею фазасының қарқындылығын реттейтін тиімді басқарушы шама ретінде көрінеді. Осы тұрғыда γ параметрі серпіліс космологиясындағы маңызды еркіндік дәрежесі болып табылады және оны әртүрлі мәндерде таңдау арқылы бақылаулық деректерге жақын модельдер құруға мүмкіндік туады. Мұндай параметрлік икемділік телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясының серпіліс сценарийлерін зерттеудегі артықшылығын көрсетеді.



Сурет 2 - Әр түрлі параметр мәндерінде космостық уақытқа тәуелді энергия тығыздығы *p(t)*, қысым *p(t)* және күй теңдеуінің параметрі ω(t) эволюциясы.

Сурет 2-де энергия тығыздығы p(t), қысым p(t) және күй теңдеуінің параметрі ω(t) уақытқа тәуелді түрде көрсетілген. Энергия тығыздығы серпіліс нүктесіне жақындаған сайын өсіп, t = 0 болғанда максимум мәнге жетеді, одан кейін кеңею фазасында біртіндеп кемиді. Бұл нәтиже серпіліс сәтінде физикалық шамалардың шекті мәндерге ие болатынын және сингулярлықтың болмауын көрсетеді.

CC BY NC

Қысымның эволюциясы барлық уақыт аралығында теріс мәндер аймағында қалып, серпіліс сценарийіне тән бейстандарт динамиканы айқындайды. Теріс қысым серпіліс маңында кеңею фазасын іске қосатын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Әртүрлі γ мәндерінде қысымның абсолюттік шамасы өзгергенімен, оның жалпы сипаттамасы сақталады (Solanki et al., 2024).

Күй теңдеуінің параметрі ω(t) серпіліс аймағында ω < - 1 аймағына өтетінін көрсетеді. Бұл құбылыс фантомдық режимнің уақытша іске асуын білдіреді және серпіліс сценарийін жүзеге асыру үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады. Серпілістен алыс уақыт аймақтарында мәндері біртіндеп жоғарылап, стандартты космологиялық режимдерге жақындайды. Осы нәтижелер серпіліс динамикасының негізгі ерекшеліктерін айқын көрсетіп, энергия шарттарын әрі қарай талдауға негіз қалайды (Eisenstein et al., 2005).

Сурет 2-де көрсетілген динамикалық тәуелділіктер серпіліс космологиясының энергетикалық құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Энергия тығыздығының серпіліс нүктесіне жақындаған сайын шекті максимумға жетуі кеңістік-уақыт эволюциясында ешбір шексіз шамалардың пайда болмайтынын айқын көрсетеді. Бұл қасиет серпіліс сценарийінің басты артықшылықтарының бірі болып табылады, себебі ол бастапқы сингулярлық проблемасынан табиғи түрде қашуға мүмкіндік береді. Энергия тығыздығының симметриялы түрде өзгеруі сығылу және кеңею фазаларының бір-бірімен үздіксіз байланыста екенін көрсетіп, модельдің уақыттық кері симметриясын айқындайды.

Қысымның бүкіл эволюция барысында теріс мәндер аймағында қалуы серпіліс механизмінің физикалық негізін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Теріс қысым кеңістік-уақыттың гравитациялық түрде «итерілмелі» режимге өтуін қамтамасыз етіп, серпіліс маңында кеңею фазасының басталуына жағдай жасайды. Бұл бейстандарт қысым режимі классикалық материя түрлерінде кездеспейтіндіктен, телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында геометрия мен материя арасындағы бейминимал байланыстың шешуші маңызға ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар, γ параметрінің әртүрлі мәндерінде қысымның тереңдігі өзгергенімен, оның теріс сипаты сақталады, бұл серпіліс динамикасының параметрлік тұрғыдан орнықты екенін білдіреді.

Күй теңдеуінің параметрінің уақыт бойынша эволюциясы серпіліс аймағында фантомдық режимнің уақытша іске асатынын көрсетеді. ω(t)<−1 аймағына өтуі энергия тығыздығы мен қысым арасындағы қатынастың классикалық шектерден шығатынын білдіріп, серпіліс сценарийін жүзеге асыру үшін қажетті энергетикалық жағдайларды қалыптастырады. Мұндай режимнің уақытша сипатта болуы модельдің физикалық тұрғыдан қолайлы екенін көрсетеді, себебі серпілістен алыс аймақтарда ω(t) стандартты космологиялық мәндерге біртіндеп жақындайды. Бұл қасиет ерте Ғаламдағы бейстандарт динамика мен кеш кезеңдегі классикалық эволюция арасындағы табиғи өтуді қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, энергия тығыздығы, қысым және күй теңдеуінің параметрінің бірлескен эволюциясы телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында серпіліс космологиясының энергетикалық тұрғыдан іске асу мүмкіндігін айқын

көрсетеді. Аталған шамалардың барлығы серпіліс маңында шекті және үздіксіз өзгеріп, модельдің математикалық тұрақтылығы мен физикалық үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұл нәтижелер энергия шарттарын әрі қарай талдауға берік негіз қалыптастырып, серпіліс сценарийінің энергетикалық механизмін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Космологиялық модельдің физикалық тұрғыдан іске асу мүмкіндігін бағалау үшін энергия тығыздығы мен қысым арасындағы қатынастарды сипаттайтын шектеулер қолданылады. Бұл шектеулер кеңістік-уақыт динамикасының мағыналы болуын қамтамасыз етіп, энергия ағынының себептілік принципін бұзбауын талап етеді. Серпіліс сценарийлерінде мұндай шарттар ерекше маңызға ие, себебі сығылу фазасынан кеңею фазасына өту классикалық космологияда қабылданған энергетикалық талаптардан ауытқуды қажет етеді (Visser, 2000).

Алдымен нөлдік энергия шарты қарастырылады. Ол энергия-импульс тензорының нөлдік бағыттар бойымен проекциясы теріс болмауын талап етеді және тығыздық пен қысым арқылы

$$\rho(t) + p(t) \geq 0 \tag{19}$$

түрінде өрнектеледі. Серпіліс аймағында бұл шарттың уақытша бұзылуы күй теңдеуінің параметрінің фантомдық мәндерге өтуіне мүмкіндік береді, нәтижесінде Ғалам динамикасы баяулаудан үдеуге ауысады. Мұндай сипаттама серпіліс механизмінің негізгі белгісі ретінде қарастырылады (Cai et al., 2010).

Материяның физикалық жарамдылығын сипаттайтын келесі шектеу доминантты энергия шартымен анықталады. Бұл шарт энергия тығыздығының қысымнан басым болуын талап етіп,

$$\rho(t) \geq \mid p(t) \mid \tag{20}$$

теңсіздігімен беріледі. Осы талаптың орындалуы энергия ағынының жарық жылдамдығынан аспауын қамтамасыз етеді және модельде себептіліктің сақталатынын көрсетеді. Серпіліс космологиясында доминантты энергия шартының сақталуы алынған шешімдердің физикалық тұрғыдан қабылдануға болатынын білдіреді (Santos et al., 2007).

Гравитациялық тартылыстың сипатын сипаттайтын күшті энергия шарты энергия тығыздығы мен қысымның комбинациясына байланысты енгізіледі және


$$\rho(t) + 3p(t) \geq 0 \tag{21}$$

түрінде жазылады. Бұл шарт классикалық космологияда Ғаламның баяулау режиміне сәйкес келеді. Алайда серпіліс сценарийлерінде оның бұзылуы жиі байқалады, себебі серпіліс маңында үдемелі кеңею фазасы қалыптасады. Мұндай ерекшелік қазіргі үдемелі Ғаламды сипаттайтын бақылаулық нәтижелермен үйлеседі (Riess et al., 1998; Perlmutter et al., 1999).

CC BY NC

Таңдалған $f(T,\mathcal{T}) = \alpha T + \beta \mathcal{T}$ моделінде алынған энергия тығыздығы мен қысым өрнектері энергия шарттарының уақыт бойынша эволюциясын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Серпіліс нүктесіне жақын аймақта нөлдік және күшті энергия шарттарының бұзылуы байқалады, ал доминантты энергия шартының сақталуы модельдің физикалық үйлесімділігін көрсетеді. Бұл нәтиже телепараллельді гравитациядағы бейминимал байланыс серпіліс космологиясын іске асыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді және тұтқыр эффектілерді ескеретін кеңейтілген модельдермен үйлеседі (Zhadyranova et al., 2025).

Сонымен қатар, серпіліс аймағында баяулау параметрінің шекті және үздіксіз өзгеруі алынған динамиканың тұрақты сипатқа ие екенін көрсетеді. Энергия шарттарының уақытша бұзылуы серпіліс сәтінде үдемелі кеңею фазасының қалыптасуына мүмкіндік беріп, сығылу мен кеңею фазалары арасындағы өтуді тегіс жүзеге асырады. Мұндай сипаттама бейминимал геометрия–материя байланысы бар космологиялық модельдерге тән жалпы қасиет ретінде қарастырылып, энергия тығыздығы мен қысым арасындағы қатынастардың серпіліс динамикасында шешуші рөл атқаратынын көрсетеді (Zhadyranova et al., 2026).



Сурет 3 - NEC, DEC және SEC энергия шарттарының космологиялық уақытқа тәуелділігі (γ параметрінің әртүрлі мәндері үшін).

Сурет 3-те нөлдік (NEC), доминантты (DEC) және күшті (SEC) энергия шарттарының космологиялық уақытқа тәуелді эволюциясы γ серпіліс параметрінің әртүрлі мәндері үшін көрсетілген. Бұл шарттар алынған серпіліс шешімдерінің физикалық тұрғыдан іске асу мүмкіндігін бағалауда негізгі критерийлердің бірі болып табылады, себебі олар энергия тығыздығы мен қысым арасындағы қатынастарға қойылатын іргелі шектеулерді сипаттайды.

Алдымен нөлдік энергия шартының эволюциясын қарастырайық. Суреттен серпіліс нүктесіне жақын аймақта ρ+p қосындысының теріс мәндер қабылдайтыны анық байқалады. Бұл NEC шарттарының уақытша бұзылуын білдіреді және серпіліс сценарийлеріне тән негізгі ерекшелік болып табылады. Дәл осы шарттың бұзылуы серпіліс сәтінде Хаббл параметрінің нөлдік мән арқылы өтуіне және сығылу фазасынан кеңею фазасына тегіс ауысуға мүмкіндік береді. Уақыттың алыс аймақтарында ρ+p оң мәндерге қайта оралып, классикалық космологиялық режимнің қалпына келетінін көрсетеді.

Доминантты энергия шартының эволюциясы серпіліс сценарийінің физикалық үйлесімділігін бағалауда ерекше маңызға ие. Сурет 3-тен ρ−p комбинациясының

бүкіл уақыт аралығында оң мәндер аймағында қалатынын көруге болады. Бұл энергия ағынының жарық жылдамдығынан аспайтынын және себептілік принципінің сақталатынын білдіреді. Осылайша, NEC пен SEC шарттарының уақытша бұзылуына қарамастан, DEC шарттарының орындалуы модельдің физикалық тұрғыдан қабылдануға болатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Сурет 3-тегі нәтижелер телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында серпіліс космологиясының энергетикалық тұрғыдан іске асу мүмкін екенін көрсетеді. NEC және SEC шарттарының уақытша бұзылуы серпіліс механизмін қамтамасыз етсе, DEC шарттарының сақталуы алынған шешімдердің физикалық үйлесімділігін сақтап қалады. Бұл серпіліс сценарийінің тек математикалық емес, нақты физикалық модель ретінде қарастырылуына негіз береді.

Алынған энергия тығыздығы мен қысым өрнектерін пайдалана отырып, энергия шарттарын сипаттайтын негізгі комбинациялар тікелей анықталады. Атап айтқанда, нөлдік энергия шартымен байланысты ρ+p қосындысы келесі түрде жазылады (Koussour et al., 2024):

$$\rho(t)+p(t)=\frac{3(\alpha+1)\gamma^2(3(\beta-1)\gamma^2t^2-4\beta+(\beta+1)\gamma^2t^2+2)}{(4\beta(\beta+1)-3)(\gamma^2t^2+1)^2}. \tag{22}$$

Бұл өрнек серпіліс аймағында теріс мәндер қабылдап, t = 0 маңында нөлдік энергия шартының уақытша бұзылатынын көрсетеді. Аталған қасиет серпіліс механизмінің іске асуы үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады (Cai et al., 2010; Bamba et al., 2014).

Доминантты энергия шартына сәйкес келетін ρ-p комбинациясы

$$\rho(t)-p(t)=\frac{3(\alpha+1)\gamma^2(3(\beta-1)\gamma^2t^2-6\beta-(\beta+1)\gamma^2t^2-2)}{(4\beta(\beta+1)-3)(\gamma^2t^2+1)^2} \tag{23}$$


түрінде анықталады. Бұл шаманың серпіліс аймағынан тыс оң мәндерге ие болуы энергия ағынының себептілік шектерінде қалатынын және модельдің физикалық тұрғыдан үйлесімді екенін көрсетеді (Santos et al., 2007).

Күшті энергия шартымен байланысты ρ+3p қосындысы

$$\rho(t)+3p(t)=\frac{3(\alpha+1)\gamma^2(3(\beta-1)\gamma^2t^2-5\beta+3(\beta+(\beta+1)\gamma^2t^2+2))}{(4\beta(\beta+1)-3)(\gamma^2t^2+1)^2} \tag{24}$$

түрінде алынады. Серпіліс маңында бұл өрнектің теріс мәндерге өтуі үдемелі кеңею фазасының қалыптасуын сипаттайды және классикалық баяулау режимінен ауытқуды көрсетеді. Мұндай нәтиже телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында серпіліс космологиясының жүзеге асуына энергетикалық тұрғыдан мүмкіндік бар екенін айқындайды (Visser, 2000; Hawking and Ellis, 2023).

CC BY NC



Сурет 4 - Энергия шарттарын сипаттайтын ρ+p, ρ−p және ρ+3 комбинацияларының космологиялық уақытқа тәуелді эволюциясы.

Сурет 4–те энергия шарттарын сипаттайтын $\rho + p$, $\rho - p$ және комбинацияларының космологиялық уақытқа тәуелді эволюциясы әртүрлі мәндері үшін көрсетілген. Серпіліс маңында $\rho + p$ және $\rho + 3p$ шамаларының теріс аймақтарға өтуі нөлдік және күшті энергия шарттарының уақытша бұзылуын көрсетеді, бұл үдеулі кеңею фазасының қалыптасуымен тікелей байланысты. Ал $\rho - p$ комбинациясының оң мәндер аймағында қалуы доминантты энергия шартының сақталатынын және модельдің себептілік тұрғысынан орнықты екенін көрсетеді.

Модель параметрлері α, β және γ физикалық мағынаға ие және еркін таңдалған шамалар болып табылмайды. α параметрі бұралу скаляры T-нің гравитациялық динамикаға қосатын үлесін сипаттайды, ал β параметрі геометриялық бөлік пен материя арасындағы байланысты, яғни энергия–импульс тензоры ізінің $\mathcal{T}$ арқылы әсерін анықтайды. Масштабтық фактор параметризациясындағы γ шамасы серпілістің уақыттық ауқымын және оның қарқындылық дәрежесін сипаттайды. Параметрлердің таңдалған мәндері ерекшеліксіз серпілістің жүзеге асуын қамтамасыз етеді және космологиялық эволюцияның кейінгі кезеңдеріндегі стандартты динамикаға қайшы келмейді. Жалпы салыстырмалылық теориясының шегіне (α → 0, β → 0) жақындағанда модель бақылау деректерімен үйлесімді сипаттама береді.

Соңғы жылдары энергия шарттарының орындалуы немесе бұзылуы модификацияланған гравитация модельдерінің физикалық жарамдылығын бағалаудың маңызды критерийі ретінде қарастырылуда. Бақылау деректеріне негізделген заманауи зерттеулерде (Planck, SNe Ia, BAO) космологиялық модельдердің параметрлері энергия шарттары тұрғысынан талданып, олардың үдемелі кеңеюді сипаттау қабілеті тексеріледі. Осы тұрғыда ұсынылған модельде NEC және SEC шарттарының серпіліс маңында уақытша бұзылуы, ал DEC шартының сақталуы алынған шешімдердің физикалық тұрғыдан үйлесімді екенін көрсетеді және қазіргі космологиялық шектеулермен қайшылыққа келмейді (Mahmood et al., 2024).

Қорытынды

Бұл жұмыста телепараллельді $f(T, \mathcal{T}) = \alpha T + \beta \mathcal{T}$ гравитациясы аясында серпіліс космологиялық сценарийінің жүзеге асу мүмкіндігі талданды. Таңдалған

параметрленген масштабтық фактор Ғалам динамикасының сингулярлықсыз сипатта дамуына мүмкіндік беріп, сығылу фазасынан кеңею фазасына тегіс өтуді қамтамасыз ететіні көрсетілді.

Алынған аналитикалық өрнектер негізінде энергия тығыздығы серпіліс мезетінде шекті максимумға жететіні, ал қысым бүкіл эволюция барысында теріс мәндер аймағында қалатыны анықталды. Күй теңдеуінің параметрі серпіліс маңында фантомдық аймаққа уақытша өтіп, нөлдік және күшті энергия шарттарының бұзылуына әкелетіні көрсетілді. Сонымен қатар, энергия тығыздығы мен қысым комбинацияларын талдау доминантты энергия шартының сақталатынын көрсетті, бұл модельдің физикалық тұрғыдан үйлесімді екенін айқындайды. Алынған нәтижелер телепараллельді гравитациядағы геометрия мен материя арасындағы байланыс серпіліс космологиясын сипаттауда маңызды рөл атқаратынын және ерте Ғалам эволюциясының баламалы сценарийлерін зерттеуге негіз бола алатынын көрсетеді.

Серпіліс аймағында баяулау параметрінің уақыт бойынша үздіксіз өзгеруі алынған динамиканың тұрақты сипатқа ие екенін көрсетеді. Хаббл параметрінің нөлдік мән арқылы өтуі сығылу мен кеңею фазалары арасындағы өтудің кинематикалық тұрғыдан дұрыс жүзеге асатынын растайды. Бұл серпіліс сценарийінің тек формальды емес, нақты космологиялық эволюцияны сипаттай алатынын білдіреді.

Сонымен бірге, алынған нәтижелер серпіліс космологиясында энергия шарттарының классикалық түрде орындалмауы міндетті түрде физикалық қайшылыққа әкелмейтінін көрсетеді. Керісінше, геометрия мен материя арасындағы байланыс арқылы мұндай бұзылулар ерте Ғалам динамикасының табиғи бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл телепараллельді гравитация аясында серпіліс сценарийлерін одан әрі кеңейтіп, параметрлік зерттеулер жүргізуге және бақылаулық деректермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер серпіліс космологиясы тек теориялық тұрғыдан қызықты модель ғана емес, сонымен қатар ерте Ғалам эволюциясын сипаттауда нақты физикалық мағынасы бар сценарий екенін көрсетеді. Телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясында геометриялық сипаттамалардың өзгеруі материя қасиеттерімен тікелей байланысып, динамикалық теңдеулердің құрылымын елеулі түрде түрлендіреді. Бұл өз кезегінде серпіліс аймағында байқалатын энергия шарттарының бұзылуын табиғи құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және модельдің ішкі логикалық тұтастығын сақтайды.

Бұдан бөлек, алынған серпіліс шешімдері параметрлердің кең ауқымында орнықты болып шықты, бұл модельдің әмбебап сипатын көрсетеді. Мұндай тұрақтылық серпіліс сценарийлерін одан әрі күрделірек жағдайларда, мысалы анизотропты немесе тұтқыр космологиялық модельдерде зерттеуге негіз қалайды. Сонымен қатар, телепараллельді гравитациядағы бейминимал байланыстарды бақылаулық деректермен салыстыру арқылы шектеу қою мүмкіндігі болашақ зерттеулердің маңызды бағыты ретінде қарастырылуы мүмкін. Осы тұрғыда ұсынылған тәсіл ерте Ғалам физикасын түсінуге және балама космологиялық модельдерді дамытуға арналған тиімді құралдардың бірі болып табылады.

CC BY NC

Сонымен қатар, алынған нәтижелер серпіліс космологиясының телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы аясында өздігінен қалыптасатын динамикалық механизм ретінде қарастырылуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл тұрғыда серпіліс құбылысы арнайы таңдалған бастапқы шарттардың немесе жасанды параметрлердің нәтижесі емес, керісінше, геометрия мен материя арасындағы өзара әрекеттесудің табиғи салдары болып табылады. Мұндай сипаттама модельдің физикалық негізділігін күшейтіп, оны ерте Ғалам эволюциясын сипаттайтын балама сценарий ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Алынған аналитикалық шешімдердің маңызды ерекшелігі – барлық негізгі физикалық шамалардың серпіліс маңында шекті мәндерге ие болуы. Энергия тығыздығының, қысымның, Хаббл және баяулау параметрлерінің үздіксіз және тегіс эволюциясы кеңістік-уақыттың геометриялық құрылымында үзілістердің жоқ екенін көрсетеді. Бұл қасиет серпіліс сценарийінің математикалық тұрғыдан орнықты екенін ғана емес, сонымен қатар физикалық мағынасы бар екенін де айқындайды. Мұндай орнықтылық ерте Ғалам динамикасын сипаттауда ерекше маңызды, себебі дәл осы аймақта классикалық теориялар көбіне өз қолданылу шегіне жетеді.

Серпіліс аймағында энергия шарттарының уақытша бұзылуы алынған модельде орталық рөл атқарады. Нөлдік және күшті энергия шарттарының бұзылуы үдеулі кеңею фазасының пайда болуына мүмкіндік берсе, доминантты энергия шартының сақталуы себептілік пен энергия ағынының физикалық шектерін қамтамасыз етеді. Бұл тепе-теңдік серпіліс космологиясының ішкі логикасын көрсетіп, энергия шарттарының классикалық түсіндірмесін ерте Ғалам жағдайларына бейімдеу қажеттігін айқын көрсетеді. Осы тұрғыда алынған нәтижелер энергия шарттарын абсолютті талап ретінде емес, кеңістік-уақыттың динамикасына тәуелді шарттар ретінде қарастыру орынды екенін меңзейді.

Бұл жұмыста $f(T,\mathcal{T})$-гравитация теориясы аясында энергия шарттарын талдау негізінде серпіліс моделі қарастырылады. f(T), f(R) және $f(T,\mathcal{T})$ теорияларында серпіліс қарастырылған жұмыстардан айырмашылығы - бұл зерттеуде функцияның бұралу скаляры T мен энергия-импульс тензоры ізінің $\mathcal{T}$ -ға бір мезгілде тәуелділігі ескеріледі. Мұндай тәсіл геометрия мен материялық үлестің өзара әсерінің ығысудан кеңеюге өтудің динамикасына ықпалын талдауға мүмкіндік береді. Масштабтық фактордың бір параметризациясы аясында функцияның сызықтық және бейсызықтық түрлері қарастырылды. Нәтижелер серпіліс нүктесінің маңында NEC шартының бұзылатынын, алайда DEC шартының сақталатынын көрсетеді, бұл ығысудан кеңеюге ерекшеліксіз өтудің жүзеге асу шарттарымен үйлеседі. Жалпы алғанда, телепараллельді $f(T,\mathcal{T})$ гравитациясы аясында алынған серпіліс шешімдері ерте Ғалам физикасын түсіндіруде жаңа мүмкіндіктер ашады. Геометрия мен материя арасындағы бейминимал байланыс динамикалық теңдеулердің құрылымын түбегейлі өзгертіп, серпіліс құбылысын қосымша экзотикалық компоненттерді енгізбей-ақ сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл қасиет модельді теориялық тұрғыдан ғана емес, феноменологиялық тұрғыдан да тартымды етеді.

Алдағы зерттеулерде ұсынылған тәсілді кеңейту арқылы анизотропты кеңістік-уақыттарда серпіліс динамикасын талдау, тұтқыр эффектілерді немесе қосымша еркін параметрлерді енгізу, сондай-ақ бақылаулық деректермен салыстыру арқылы модель параметрлеріне шектеу қою мүмкіндіктері қарастырылуы мүмкін. Осы бағыттар телепараллельді гравитациядағы серпіліс космологиясын әрі қарай дамытуға және ерте Ғалам эволюциясын сипаттаудың толыққанды теориялық негізін қалыптастыруға жол ашады.

References

Bamba K., Cai Y.F., Nojiri S., Odintsov S.D. (2014) Bounce cosmology from F(R) gravity and F(R) bigravity. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics, 01:008. DOI: 10.1088/1475-7516/2014/01/008 (in Eng.).

Cai Y.F., Saridakis E.N., Setare M.R., Xia J.Q. (2010) Quintom cosmology: Theoretical implications and observations. Physics Reports, 493:1–60. DOI: 10.1016/j.physrep.2010.04.001 (in Eng.).

Eisenstein D.J., Zehavi I., Hogg D.W., et al. (2005) Detection of the baryon acoustic peak in the large-scale correlation function of SDSS luminous red galaxies. Astrophysical Journal, 633:560–574. DOI: 10.1086/466512 (in Eng.).

Hawking S.W., Ellis G.F.R. (2023) The Large Scale Structure of Space–Time. Cambridge University Press. DOI: 10.1017/9781009253161 (in Eng.).

Koussour M., et al. (2024) Exploring cosmological evolution and constraints in f(T) teleparallel gravity. Physics of the Dark Universe, 46:101664. DOI: 10.1016/j.dark.2024.101664 (in Eng.).

Цементтің ақтық дәрежесін анықтау «Р3-ТБМС-М ұн ақтығын өлшейтін тестер» құралының көмегімен орындалды. Ұнтақталған клинкердің ақтық дәрежесін анықтау әдісінің негізгі мәні — тығыздалған әрі тегістелген ұнтақ бетінің спектрдің жасыл бөлігіндегі (540±50 нм диапазонында) диффузиялық шағылу коэффициенттерін өлшеуге негізделген. Ақтық дәреже $45°/_{diff}$ геометриясында алынған зоналық диффузиялық шағылу коэффициенті бойынша анықталады. Анықталған нәтиже құралдың экранында екі сан түрінде көрсетіледі: бірінші сан — пайыздық көрсеткіш, диффузиялық шағылу коэффициенті, ал екінші сан — құралдың шартты бірліктерімен, ақтық дәреже мәні. Құралдың өлшеу көлемі фотометриялық жартышар камерасынан тұрады, ол клинкер ұнтақ үлгісінің көлемінен оптикалық мөлдір шыны пластинамен бөлінген. Бұл пластина оған орналастырылатын клинкер ұнтақ үлгісінің тұрақты орнын қамтамасыз етеді. Сәулелену толқын ұзындығы 540 нм болатын жасыл жарық диодтан шыққан жарық ағыны пластинаға қатысты 45° бұрышпен клинкердің ұнтақ бетіне түседі. Клинкер ұнтақ пен жартышардан көп мәрте шағылу нәтижесінде пайда болған шашыраған сәуле фотодетекторға бағытталады. Фотодетектордан алынған сигнал электрондық түрде өңделіп, сандық индикаторда бейнеленеді. Өлшенген нәтиже шашыраған сәулелену деңгейіне, яғни клинкердің ақтығына, тазалығына, гранулометриялық құрамына және түсіне тәуелділігін көрсетеді (Мырзақожа және басқа, 2014).

Нәтижелер және талқылаулар**.** Табиғи шикізат материалдар мен техногенді қалдықтың химиялық құрамы 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1. Шикізат материалдардың химиялық құрамы.

Шикізат	Химиялық құрамы, сал. %								
	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3	ККЖ	басқа	жалпы
Састөбе кен орнының әктасты	0,8	0,2	0,28	54,86	0,68	-	42,31	0,87	100
Ангрен кен орнының каолині	63,99	19,22	0,36	0,64	0,52	0,19	7,98	7,1	100
Көкшетау кен орнының каолині	56,97	17,48	-	2,55	0,14	0,86	10,83	11,17	100

Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлагы	42,99	4,34	0,47	44,7	0,62	0,38	2,0	4,5	100

Карбонатты жыныс әктас минералы құрамында CaO – 54,86 % және күйдіру кезіндегі жоғалу – 42,31 % тұрады. Сазды компонент ретінде алынған каолин минералының химиялық құрамдарында SiO_2 мөлшері 56,97-63,99 % аралығында және Al_2O_3 мөлшері 17,48-19,22 % мөлшерінде тұратындығы анықталды. Реттеуші қоспа ретінде алынған қалдық электротермофосфор шлагының химиялық құрамында SiO_2 – 42,99 % және CaO – 44,7 % кездеседі. Бұл оның ақ портландцемент клинкер алу үшін жарамды шикізат екендігін көрсетеді. Химиялық талдау нәтижесінде, барлық шикізат материалдардың құрамында Fe_2O_3 мөлшері 0,5 %-дан төмен екендігі анықталды және клинкер алу үшін күйдіру процессіне кері әсер етуші зиянды қоспалардың кездеспейтіндігі анықталды.

Жоғарыда келтірілген шикізат материалдарды пайдаланып ақ портландцемент алу үшін клинкер күйдіруге жарамды шихта құрамын есептеу және оңтайлы қоспа таңдау қажеттігі зерделенді.

1) «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы»;

2) «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы».

Көп нұсқалы есептеу нәтижелері 2-7 кестелерде келтірілген.

Кесте 2. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарының химиялық құрамы және шикізаттың меншікті шығыны.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			Меншікті шикізат шығыны, т/т клинкер			ҚК	Модульдер		**Шикізат шихтасының химиялық құрамы**, сал. %							
	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак		n	p	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3	басқа	ккж
1	76,43	20,73	5,81	1,104	0,312	0,087	0,88	3,5	17,27	14,9	4,02	0,23	43,42	0,56	0,2	3,22	33,44
2	73,85	20,38	5,77	1,112	0,307	0,087	0,90	3,5	16,9	14,67	3,96	0,23	43,61	0,57	0,2	3,18	33,57
3	74,79	19,55	5,66	1,131	0,296	0,086	0,95	3,5	16,15	14,17	3,81	0,24	44,06	0,57	0,19	3,09	33,87
4	75,32	19,07	5,60	1,142	0,289	0,085	0,98	3,5	15,7	13,88	3,73	0,24	44,31	0,57	0,19	3,04	34,05
5	70,88	16,68	12,44	1,043	0,245	0,183	0,90	4,0	14,0	15,42	3,60	0,26	44,87	0,58	0,19	3,04	32,05
6	71,98	15,94	12,08	1,065	0,236	0,179	0,95	4,0	13,37	14,85	3,45	0,26	45,29	0,59	0,18	2,95	32,42
7	72,59	15,52	11,89	1,078	0,23	0,176	0,98	4,0	13,00	14,53	3,38	0,26	45,54	0,58	0,18	2,89	32,63
8	66,19	10,82	22,98	0,941	0,154	0,327	0,90	5,0	10,3	16,58	3,02	0,29	46,86	0,61	0,18	2,82	29,64
9	67,55	10,26	22,19	0,967	0,147	0,318	0,95	5,0	9,85	15,93	2,89	0,29	47,25	0,61	0,17	2,73	30,13
10	64,22	6,0	29,78	0,897	0,084	0,416	0,95	6,0	7,72	16,73	2,47	0,32	48,7	0,63	0,16	2,57	28,42

Есептеу нәтижесі 2 кестеде келтірілгендей, шикізат шихта құрамына фосфор шлагы 5,6 – 29,7 % дейін ендіру мүмкіндігі анықталды. Қанығу коэффициентінің мәнін 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлату кезінде силикатты және глиноземді модульдердің мәнінің өзгеруіне алып келуде. Шикізат материалдардың меншікті теориялық шығыны 1 тонна клинкер үшін 1,39 - 1,52 т/т аралығын қамтылды. Силикатты модуль көрсеткіші 3,5-тен 6,0-ға дейін арттырған кезде сазды компонент каолиннің үлесі 20,7 %-дан 6,0 %-ға дейін біртіндеп төмендеуіне алып келді. Сондай-ақ, силикатты модульдың артуымен глиноземді модуль 17,27-ден

7,72-ге дейін төмендеді. Шикізат шихтасының химиялық құрамында Fe_2O_3 үлесі талап бойынша 0,3–0,5 %-дан жоғары болған жоқ.

Кесте 3. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарына негізделген клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамы.

Қоспа №	Клинкердің химиялық құрамы, сал. %							ҚК	Модульдер		Минералогиялық құрамы, сал.%			
	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3	басқа		n	p	C_3S	C_2S	C_3A	C_4AF
1	22,38	6,04	0,35	65,24	0,85	0,3	4,83	0,88	3,5	17,27	54,43	23,1	15,42	1,06
2	22,10	5,96	0,35	65,65	0,85	0,3	4,78	0,90	3,5	16,9	58,79	19,01	15,2	1,07
3	21,43	5,76	0,36	66,63	0,86	0,29	4,67	0,95	3,5	16,15	69,21	9,21	14,67	1,09
4	21,04	5,65	0,36	67,19	0,87	0,28	4,61	0,98	3,5	15,7	75,16	3,62	14,37	1,09
5	22,69	5,29	0,38	66,03	0,86	0,28	4,47	0,90	4,0	15,42	60,34	19,51	13,38	1,15
6	21,98	5,11	0,38	67,03	0,87	0,27	4,37	0,95	4,0	13,37	70,98	9,45	12,9	1,16
7	21,57	5,02	0,39	67,60	0,86	0,27	4,29	0,98	4,0	13,0	77,05	3,71	12,64	1,19
8	23,56	4,29	0,42	66,6	0,86	0,26	4,01	0,90	5,0	10,3	62,67	20,26	10,67	1,27
9	22,8	4,14	0,42	67,61	0,87	0,25	3,91	0,95	5,0	9,85	73,63	9,8	10,25	1,27
10	23,38	3,45	0,45	68,03	0,88	0,23	3,59	0,95	6,0	7,72	75,51	10,05	8,38	1,36

Есептеу нәтижесі 3 кестеде келтірілгендей, клинкердің химиялық құрамында Fe_2O_3 үлесі талап бойынша 0,3–0,5 %-дан жоғары емес, бұл цемент түсінің ақ болу үшін маңызды көрсеткіш болып саналады. Күйдірілген клинкердің болжамды минералогиялық құрамында қанығу коэффициентінің мәні 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлағанда алит (C_3S) минералының үлесі 54,4 - 77,0 %-ға дейін артқаны және керісінше белит (C_2S) минералының үлесі 23 %-дан 3,62 %-ға дейін төмендегені анықталды. Аралық фазаның (C_3A+C_4AF) саны 16 %-дан 9,6 %-ға дейін төмендеді. Ақ портландцемент клинкер алу үшін клинкер құрамында C_4AF минералы минималды мөлшерде 3-5 %-дан төмен болу керек екендігі талап ретінде қойылған. Аталған есептеу нәтижесінде C_4AF минералының үлесі 1,5 %-да жетпеді. C_3S минералының үлесі 50-60 %-дан жоғары болу керек талабы толық орындалғаны көрсетілген.

Кесте 4. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталардың күйдіру индексі және күйдіру коэффициенті.

Қоспа №	ҚК	Модульдер		Сұйық фаза саны, L %	**Күйдіру индексі (оңтайлы 2,5-3,0)**	n*p	**Жентектелу коэффициенті (оңтайлы 0,5-0,6)**	**Гидравликалық модуль (оңтайлы 1,7-2,4)**	**Материадың футеровкаға жабысу критерії (оңтайлы 3,0-3,5)**	**Жылу калометриялық модуль (оңтайлы 0,3-1,8)**
		n	p							
1	0,88	3,5	17,27	24,7	3,3	60,4	0,7	2,27	3,7	2,89
2	0,90	3,5	16,9	24,4	3,61	59,27	0,77	2,31	3,7	3,68
3	0,95	3,5	16,15	23,72	4,39	56,53	0,94	2,42	3,72	8,14
4	0,98	3,5	15,7	23,32	4,86	54,99	1,04	2,48	3,72	19
5	0,90	4,0	15,42	22,15	4,15	56	0,88	2,33	4,28	3,57
6	0,95	4,0	13,37	21,52	5,05	53,49	1,07	2,44	4,3	7,9
7	0,98	4,0	13,0	21,15	5,59	52,08	1,19	2,5	4,3	18,38
8	0,90	5,0	10,3	18,8	5,25	51,5	1,11	2,36	5,48	3,4

9	0,95	5,0	9,85	18,24	6,38	49,27	1,35	2,47	5,51	7,57
10	0,95	6,0	7,72	15,92	7,75	46,32	1,63	2,49	6,78	7,35

Есептеу нәтижесі 4 кестеде келтірілгендей, күйдірілген клинкердің өндірістік көрсеткіштеріне сипаттама жасай отырып, зерттеліп отырған үш компонентті шихталардың күйдіру қабілеті қиын екені анықталды. Сұйық фазаның мөлшері төмен — 24 %-тен 18%-ға дейін азайды. Сұйық фазаның мөлшері ҚК шамасына және силикатты модуліне байланысты өзгерді. Бұл көрсеткіштер артқан сайын клинкердегі сұйық фазаның мөлшері азаяды, бұл өз кезегінде ақ клинкерді күйдіру процесіне едәуір қиындатады. Күйдірілу индексі, жентектелу коэффициенті және футеровкаға жабысу критерийі оңтайлы мәндерден жоғары. ҚК шамасы мен силикатты модулі артқан сайын бұл критерийлер нашарлап жатыр деген қорытынды жасауға болады.

Кесте 5. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарының химиялық құрамы және шикізаттың меншікті шығыны.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			Меншікті шикізат шығыны, т/т клинкер			ҚК	Модульдер		**Шикізат шихтасының химиялық құрамы**, сал. %							
	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак		n	p	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3	басқа	ккж
1	75,37	18,33	5,8	1,133	0,283	0,087	0,88	3,5	13,14	15,15	4,02	0,31	44,06	0,65	0,06	2,25	33,51
2	71,94	15,38	13,67	1,057	0,226	0,186	0,88	4	11,54	15,87	3,65	0,32	45,23	0,65	0,08	2,29	31,92
3	75,74	18,56	5,76	1,141	0,28	0,087	0,9	3,5	12,94	14,92	3,96	0,31	44,24	0,65	0,06	2,19	33,64
4	76,61	17,79	5,66	1,16	0,269	0,086	0,95	3,5	12,48	14,39	3,81	0,3	44,67	0,65	0,06	2,23	33,94
5	77,11	17,35	5,6	1,17	0,263	0,085	0,98	3,5	12,22	14,09	3,72	0,3	44,91	0,65	0,05	2,2	34,12
6	67,12	9,78	23,13	0,954	0,139	0,329	0,9	5	9,08	16,72	3,01	0,33	47,22	0,65	0,11	2,35	29,64
7	68,41	9,27	22,32	0,98	0,133	0,320	0,95	5	8,74	16,06	2,88	0,33	47,58	0,65	0,1	2,28	30,14
8	69,18	8,98	21,87	0,994	0,129	0,314	0,98	5	8,54	15,68	2,81	0,33	47,78	0,65	0,1	2,25	30,42
9	61,85	2,4	35,76	0,848	0,033	0,49	0,95	7	6,1	17,4	2,14	0,35	49,93	0,65	0,14	2,32	-

Есептеу нәтижесі 5 кестеде келтірілгендей, Ангрен кенорнынан алынған каолинмен келтірілген есептеу нәтижесінде, 1 тонна клинкер алу үшін қажетті фосфор шлагының үлесі шамамен 85-490 кг құрады. Қанығу коэффициентінің мәні 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлату силикатты молдульдің 3,5-тен 7-ге дейін жоғарлауына және глиноземді модульдің 13-тен 6-ға дейін мәнінің төмендеуіне алып келді. Шикізат материалдардың меншікті теориялық шығыны 1 тонна клинкер үшін 1,515 т/т-дан 1,437 т/т дейін өзгерді. Силикатты модуль көрсеткіші 3,5-тен 7,0-ге дейін жоғарлауы кезінде сазды компонент каолиннің үлесі 18 %-дан 2,5 %-ға дейін біртіндеп төмендеуіне алып келді. Шикізат шихтасының химиялық құрамында Fe_2O_3 мөлшері 0,3–0,35 % аралығын құрады.

CC BY NC

Кесте 6. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарына негізделген клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамы.

Қоспа №	Клинкердің химиялық құрамы, сал. %							ҚК	Модульдер		Минералогиялық құрамы, сал.%			
	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3	басқа		n	p	C_3S	C_2S	C_3A	C_4AF
1	22,78	6,05	0,46	66,27	0,97	0,09	3,39	0,88	3,5	13,14	55,4	23,51	15,24	1,4
2	23,31	5,36	0,46	66,44	0,95	0,11	3,36	0,88	4	11,54	56,68	24,05	13,42	1,41
3	22,49	5,96	0,46	66,67	0,97	0,09	3,36	0,9	3,5	12,94	59,81	19,34	15,02	1,4
4	21,79	5,76	0,46	67,62	0,98	0,08	3,3	0,95	3,5	12,48	70,38	9,37	14,49	1,4
5	21,39	5,65	0,46	68,17	0,99	0,08	3,26	0,98	3,5	12,22	76,4	3,68	04,18	1,4
6	23,76	4,28	0,47	67,11	0,92	0,15	3,29	0,9	5	9,08	63,21	20,44	10,54	1,43
7	22,98	4,12	0,47	68,11	0,93	0,15	3,23	0,95	5	8,74	74,24	9,88	10,13	1,44
8	22,54	4,04	0,47	68,68	0,94	0,14	3,19	0,98	5	8,54	80,52	3,88	9,89	1,44
9	23,86	2,93	0,48	68,46	0,9	0,19	3,18	0,95	7	6,1	77,06	10,26	6,95	1,46

Есептеу нәтижесі 6 кестеде келтірілгендей, клинкердің химиялық құрамында Fe_2O_3 мөлшері 0,46–0,48 %-ды құрады, бұл талап бойынша белгіленген 0,3–0,5 %-дан жоғары емес екендігін көрсетеді. Клинкердің минералогиялық құрамында қанығу коэффициентінің мәнін 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлатқанда алит (C_3S) минералының үлесі 55 %-дан - 80,0 %-ға дейін жоғарлағаны және керісінше белит (C_2S) минералының үлесі 23,5 %-дан 3,6 %-ға дейін төмендегені анықталды. Есептеулерге сәйкес, 0,95-0,98 жоғары қанығу коэффициенті бар клинкерлерде алит мөлшері 70-76 % және 4-9 % аз мөлшерде белит шығуы сапалы ақ портландцемент клинкерді алуға тиімді болып табылады. Аралық фазаның (C_3A+C_4AF) мөлшері 16,5 %-дан 7,5 %-ға дейін төмендеді. Ақ портландцемент клинкерді алу үшін клинкер құрамында C_4AF минералы минималды мөлшерде 3-5 %-дан төмен болу керек талабы қойылған. Аталған есептеу нәтижесінде C_4AF минералының үлесі 1,5 %-да жетпейді. C_3S минералының үлесі 50-60 %-дан жоғары болуы қойылған талаптарды толық орындалғанын көрсетеді.

Кесте 7. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталардың күйдіру индексі және күйдіру коэффициенті.

Қоспа №	ҚК	Модульдер		Сұйық фаза саны, L %	**Күйдіру индексі (оңтайлы 2,5-3,0)**	n*p	**Жентектелу коэффициенті (оңтайлы 0,5-0,6)**	**Гидравликалық модуль (оңтайлы 1,7-2,4)**	**Материалдың футеровкаға жабысу критериі (оңтайлы 3,0-3,5)**	**Жылу калометриялық модуль (оңтайлы 0,3-1,8)**
		n	p							
1	0,88	3,5	13,14	23,41	3,33	45,98	0,7	2,26	3,77	2,84
2	0,88	4	11,54	24,33	3,23	45,69	0,62	2,23	3,44	2,91
3	0,9	3,5	12,94	18,11	5,28	45,4	1,12	2,35	5,55	3,37
4	0,95	3,5	12,48	17,59	6,42	43,68	1,35	2,47	5,57	7,45
5	0,98	3,5	12,22	17,29	7,1	42,7	1,50	2,54	5,58	17,01
6	0,9	5	9,08	23,14	3,64	45,3	0,77	2,3	3,77	3,60
7	0,95	5	8,74	22,48	4,43	43,7	0,94	2,41	3,78	7,88
8	0,98	5	8,54	22,11	4,9	42,8	1,04	2,48	3,79	17,82
9	0,95	7	6,1	14,01	9,17	42,73	1,91	2,51	8,15	7,17

7 кестеде келтірілген нәтижеде, күйдірілетін клинкердің өндірістік көрсеткіштеріне сипаттама жасай отырып, зерттеліп отырған үш компонентті шихталардың күйдіру қабілеті қиын жүретіндігі анықталды. Сұйық фазаның мөлшері төмен, 23-тен 17,5% -ға дейін азаюда. Сұйық фазаның мөлшері ҚК және силикат модуліне байланысты өзгереді. ҚК және глиноземді модуль артқан сайын клинкердің сұйық фазасының мөлшері азаяды, бұл ақ клинкерді күйдіруді қиындатады. Күйдіру индексі, жентектелу коэффициенті және футеровкаға жабысу критерийі оңтайлы мәндерден жоғары. ҚК шамасы мен силикат модуль артқан сайын бұл критерийлер нашарлай түсуде.

Есептеу нәтижесінде алынған шикізат шихта құрамдардың көмегімен 1450 және 1500 ^{0}С температурада ақ портландцемент клинкер алу үшін күйдіру жұмыстары орындалды. Алынған клинкердің сапасын анықтау мақсатында құрамында байланыспаған бос CaO мөлшері анықталды. Зерттеу жұмысының нәтилері 8 және 9 кестелерде көрсетілген.

Кесте 8. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шихта құрамының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			ҚК	Модульдер		Бос CaO мөлшері, %,	Ақтық дәрежесі, %	008 електегі қалдық, %
	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак		n	p	күйдіру температурасында 1500, ^{0}С		
1	76,43	20,73	5,81	0,88	3,5	17,27	0,54	78	3,5
2	73,85	20,38	5,77	0,90	3,5	16,9	0,88	76,8	5
3	74,79	19,55	5,66	0,95	3,5	16,15	0,95	78,1	7,3
4	75,32	19,07	5,60	0,98	3,5	15,7	0,95	77,7	4,2
5	70,88	16,68	12,44	0,90	4,0	14,0	1,22	75,1	5,7
6	71,98	15,94	12,08	0,95	4,0	13,37	1,22	75,2	6,5
7	72,59	15,52	11,89	0,98	4,0	13,00	1,62	77,2	7,4
8	66,19	10,82	22,98	0,90	5,0	10,3	1,08	74,9	3,2
9	67,55	10,26	22,19	0,95	5,0	9,85	1,48	71,3	6,9
10	64,22	6,0	29,78	0,95	6,0	7,72	2,7	74,1	1

«Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталарды 1500 °С температурада күйдіру нәтижесінде алынған клинкерлердің құрамындағы байланыспаған бос CaO мөлшері 0,54-2,7 % аралығында болды. Мұнда №10 клинкер құрамында байланыспаған бос CaO мөлшері 2 % артық болуы оның ГОСТ 30108-2020 талаптарына (ГОСТ 31108-2020, 2019) сәйкес келмейтіндігін көрсетті.

Алынған клинкерлердің ақтық дәржесі 74,1 – 78,1 % көрсетті. Бұл жалпы 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға мүмкіндік береді. Шикізат шихта құрамында фосфор шлағының мөлшері 22-29 %-ға дейін артқан сайын клинкердің ақтық дәрежесі аздап төмендейді. Клинкердің ең жақсы ақтық дәрежесі (77-78%) 5-6 % ғана фосфор шлак ендірілген құрамдарда қол жеткізілген. Силикатты модулді 5-6-ға дейін арттыру клинкер күйдіруді қиындатады және клинкерлердегі бос CaO мөлшерін 1,6 %-дан 2,7 %-ға дейін арттуын алып келді.

CC BY NC

Кесте 9. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шихта құрамының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			ҚК	Модульдер		Бос CaO мөлшері, %, күйдіру температурасында, °С		Ақтық дәрежесі, %		008 електегі қалдық, %	
	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак		n	p	1450	1500	1450	1500	1450	1500
1	75,37	18,33	5,8	0,88	3,5	13,14	-	0,27	-	78	-	4,4
2	71,94	15,38	13,67	0,88	4	11,54	-	0,27	-	75,2	-	7,9
3	75,74	18,56	5,76	0,9	3,5	12,94	-	0,54	-	80,7	-	8,9
4	76,61	17,79	5,66	0,95	3,5	12,48	-	0,68	-	80,6	-	7,3
5	77,11	17,35	5,6	0,98	3,5	12,22	-	1,08	-	82,1	-	5,9
6	67,12	9,78	23,13	0,9	5	9,08	0,54	0,81	79,5	75	3,2	10,2
7	68,41	9,27	22,32	0,95	5	8,74	0,68	0,95	72,5	72,5	8,9	10
8	69,18	8,98	21,87	0,98	5	8,54	0,95	1,08	71,4	76,8	6,7	8,9
9	61,85	2,4	35,76	0,95	7	6,1	0,68	1,35	73,3	73,2	4,3	5,54

«Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталарды 1450 және 1500 °С температурада күйдіру нәтижесінде алынған клинкерлердің құрамындағы байланыспаған бос CaO мөлшері 2 % төмен болды. Бұл ГОСТ 30108-2020 талаптарына толық сәйкес келеді. Алынған клинкерлердің ақтық дәрежесін анықтау кезінде фосфор шлагының мөлшері ең аз болған №3, 4 және 5 клинкерлерде 80,6 - 82,1% құрады — бұл клинкерлер 1-ші дәрежелі ақ цементтер типіне жатады. Фосфор шлак мөлшері 21,8 – 35,7 %-ға дейін артқан сайын клинкерлердің ақтығы 72 – 76,8 %-ға дейін төмендеді (2 және 3-ші дәрежелі ақ цемент). Бұл клинкер құрамында фосфор шлагының үлесінің артуы мен және фосфор шлагының құрамында темір оксидінің мөлшерінің айтарлықтай жоғары болуымен (0,47 %) түсіндіріледі, бұл ақ клинкерде төрт кальцийлі алюмоферрит минералының көп мөлшерде түзілуіне алып келді (Taimasov and Klassen, 2017).

Қорытынды**.** Зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

1. Ақ портландцемент клинкерді алу үшін «Шихта» бағдарламасында «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» және «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихта құрамдары есептелді. Нәтижесінде оңтайландырылған шикізат шихта құрамдары мен теориялық алынатын клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамдары анықталды. Клинкердің шикізат түріне, қанығу коэффициентіне, силикатты және глиноземді модульдерге тәуелділік заңдылықтары айқындалды. Ақ портландцемент клинкер алу үшін шихта құрамына 5 – 35 % дейін электротермофосфор шлагын ендіру мүмкіндігі белгіленді.

2. Әзірленген «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихта құрамдарда клинкер түзілу процесі 1500 °С температурада аяқталғаны және $CaO_{бос}$ мөлшері 0,54–1,62 % аралығында болғаны анықталды. Алынған клинкерлердің ақтық дәржесі 74,1–78,1 % болды, бұл 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға жарамды клинкер екендігі анықталды.

3. Әзірленген «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат

шихта құрамдарда клинкер түзілу процесі 1450-1500 ^{0}C температурада аяқталғаны және $CaO_{бос}$ мөлшері 0,27–1,35 % аралығында болғаны анықталды. Алынған клинкерлердің ақтық дәржесі 71,4–82,1 % болды, бұл 1-ші және 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға жарамды клинкер екендігі анықталды.

Қорытындылай келе, жүргізілген есептеу және клинкер күйдіру жұмыстарының нәтижесінде электротермофосфор шлагын шихта құрамына ендіру әсерінен жоғары сапалы, ақтық дәрежесі 1-ші және 2-ші болатын портландцемент клинкерін алуға толықтай мүмкіндік бар екендігі дәлелденді.

References

Arusmalem G., Damar H.P., Bing S., Prasetya A. (2022) Comparison of Compressive Strength of Concrete using white Portland cement with Gray cement. Journal Teknik sipil & perencanaan. – 24. – P. 01-07. (in English)

Brett D.Y., Smith J.L. (2008) Technology of Portland cement: textbook for institutes of higher education, Michigan Technical Institute: USA. – 345 p. (in English)

Cement Industry Net Zero Progress Report 2024/25. Global Cement and Concrete Association. On this link. https://gccassociation.org/wp-content/uploads/2024/11/GCCA-Cement-Industry-Progress-Report-202425.pdf 10.11.2024. (in English)

Chatterjee A.K. (2018) Cement production technology: principles and practice, CRC Press: USA. – 419 p. (in English)

Euronext Sustainability Week 2025. Cementirholding. On this link. https://www.cementirholding.com/sites/default/files/documenti/2025-09/InvestorPresentation%20ESG%20Sept%202025_0.pdf 10.09.2025. (in English)

GOST 31108-2020 (2019) Tsementy obshchestroitel'nyye. Tekhnicheskiye usloviya. [General construction cements. Technical specifications.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 18 p. (in Russian)

GOST 5382-2019 (2019) Tsementy i materialy tsementnogo proizvodstva. Metody khimicheskogo analiza. [Cements and materials for cement production. Methods of chemical analysis.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 30 p. (in Russian)

Makarova I.A., Lokhova N.A. (2011) Fiziko-khimicheskiye metody issledovaniya stroitel'nykh materialov [Physico-chemical methods of research of building materials]. BSU edition: Belarus. – 2011. – 139 p. (in Russian)

Mohamed B., Rabah A., Amel J., Abdesslem Ben H.A., Hafsia Ben R. (2016) Morphological analysis of white cement clinker minerals: Discussion on the crystallization-related defects. International Journal of Analytical Chemistry. – 4. – P. 1-10. (in English)

Myrzakozha D.A., Mirzakhodzhaev A.A. (2014) Zamanaui zertteu adisteri [Modern research methods]. Almaty. – 2014. – 352 p. (in Kazakh)

Patent CN110698089B (2019) White portland cement clinker and preparation process thereof. Sichuan Zongsheng Special Cement Co ltd. – 8 p. (in English)

Pereskok S.A., Bandurin A.A., Filippov P.A., Serkina N.N., Shirshov D.S. (2010) Metodicheskoye rukovodstvo po primeneniyu programmy «Shikhta» [Methodological guidance on the use of the «Mixture» program]. V.G. Shukhov BSTU: Belgorod, Russian Federation. (in Russian)

Taimasov B.T., Klassen V.K. (2017) Khimicheskaya tekhnologiya vyazhushchikh materialov [Chemical technology of binding materials]. Publishing house of BSTU: Belgorod. – 448 p. (in Russian)

White Cement Market (2025-2030). Market Analysis Report. On this link. https://www.grandviewresearch.com/industry-analysis/white-cement-market-report 30.12.2025. (in English)

White cement market size & share analysis – Growth trends and forecast (2026-2031). Mordor Intelligence. On this link. https://www.mordorintelligence.com/industry-reports/white-cement-market 07.01.2026. (in English)

Zhanikulov N.N., Taimasov B.T., Borisov I.N., Dzhanmuldaeva Zh.K., Dauletiarov M.S. (2020) Research on the obtaining of low energy cements from technogenic raw materials. Journal of Chemical Technology and Metallurgy. – 4. – P. 814-823. (in English)

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 267–276

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.419

UDC: 541.13
IRSTI: 61.31.29

©Bayeshov A.[1]*, Tashenov E.A.[2], Atykhanova S.B.[3], Koshkarbayeva Sh.T.[2], 2026.
[1]D.V. Sokolsky Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry, Almaty, Kazakhstan;
[2]South Kazakhstan Research University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan;
[3]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: bayeshov@mail.ru

PREPARATION OF CADMIUM SULFIDE BY ELECTROCHEMICAL METHOD USING A COMPOSITE SULFUR - GRAPHITE ELECTRODE

Bayeshov Abduali — Doctor of Chemical Sciences, Professor, D.V. Sokolsky Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry, Almaty,Kazakhstan,
E-mail: bayeshov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0745-039;
Tashenov Yerkebulan — Doctoral student, M.O. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent,
E-mail: Tashenov1987@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-6674-7501;
Atykhanova Sabira — Doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty,
E-mail: sabi_jan.90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-1704-6229;
Koshkarbayeva Shaizada — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, M. O. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent,
E-mail: shayzada-1968@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8753-3245.

Abstract. The electrochemical properties of a composite sulfur–graphite electrode and a cadmium electrode in a neutral medium were studied, and the effective parameters of the process were determined. The electrochemical synthesis method has several advantages compared with traditional thermochemical approaches, including lower process temperatures, easier reaction control, and a reduced amount of harmful emissions into the environment.

A sulfur–graphite electrode (SGE) containing sulfur was used as the cathode material in the experimental setup. During electrolysis, reduction occurred on this electrode with the formation of sulfide ions. A cadmium plate was used as the anode material. It was established that anodically polarized cadmium, dissolving into the solution in the form of Cd^{2-} ions, interacts with sulfide ions (S^{2-}) in the electrolyte volume, resulting in the formation of a CdS precipitate at the bottom of the solution.

Electrolysis was carried out in a Na_2SO_4 solution. The main process parameters investigated included current density and electrolysis duration, and an elemental analysis of the composition of the obtained CdS product was performed. As a result of the synthesis, a CdS precipitate was formed, represented by a mixture of yellow hexagonal and cubic phases.

The samples were studied using UV–visible spectrophotometry, while the morphological and structural characteristics of the precipitate were investigated using scanning electron microscopy (SEM).

The results of the study showed that the electrochemical synthesis of cadmium sulfide is a simple and highly efficient method. The obtained cadmium sulfide can be used in the production of thin-film solar panels as an n-type conductive layer, as well as a component for the growth of optical crystals used in detectors, photovoltaic elements, and electronic devices.

In addition, cadmium sulfide can be used as a pigment for plastics, as a component in the production of electronics, optical devices, scintillators, piezoelectric and pyroelectric materials, as well as in mixtures for the synthesis of nanomaterials. Promising directions for its application also include photosensors, solar cells, and optoelectronic systems.

Keywords: composite sulfur-graphite (SGE) electrode, sodium sulfate, electrolysis, current density, cadmium, concentration, cadmium sulfide, cathode electrode

Financing. *This study was conducted as part of the targeted financing program for Project №10/ZhG, which is called «obtaining useful compounds through the processing of industrial harmful sulfur-containing waste».*

For citations: *Bayeshov A., Tashenov E.A., Atykhanova S.B., Koshkarbayeva Sh.T. Preparation of Cadmium Sulfide by Electrochemical Method Using a Composite Sulfur–Graphite Electrode. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 267–276. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.419*

©Баешов А.[1*], Ташенов Е.А.[2], Атыханова С.Б.[3], Кошкарбаева Ш.Т.[2], 2026.
[1]Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты, Алматы, Қазақстан;
[2]М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан;
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: bayeshov@mail.ru

КОМПОЗИЦИЯЛЫ КҮКІРТ-ГРАФИТЭЛЕКТРОДЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КАДМИЙ СУЛЬФИДІН ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН АЛУ

Баешов Абдуали — химия ғылымдарының докторы, профессор, Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bayeshov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0745-039;

CC BY NC

ТашеновЕркебулан — докторант, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: Tashenov1987@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-6674-7501;
АтыхановаСабира — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: sabi_jan.90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-1704-6229;
Кошкарбаева Шайзада — техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: shayzada-1968@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8753-3245.

Аннотация. Бейтарап ортада күкірт–графитті композиттік электрод пен кадмий электродының электрохимиялық қасиеттері зерттеліп, процестің тиімді параметрлері анықталды. Электрохимиялық синтез әдісі дәстүрлі термохимиялық тәсілдермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие, соның ішінде процестің төмен температурада жүруі, реакцияны басқарудың қарапайымдылығы және қоршаған ортаға зиянды шығарындылардың аз болуы.

Эксперименттік қондырғыда катод материалы ретінде құрамында күкірті бар күкірт–графитті электрод (СГЭ) қолданылды. Электролиз барысында осы электродта тотықсыздану реакциясы жүріп, сульфид-иондары түзілді. Анод материалы ретінде кадмий пластинасы пайдаланылды. Анодтық поляризацияланған кадмий ерітіндіге Cd^{2-} иондары түрінде өтіп, электролит көлеміндегі сульфид-иондарымен (S^{2-}) әрекеттесіп, нәтижесінде ерітінді түбінде CdS тұнбасы түзілетіні анықталды.

Электролиз Na_2SO_4 ерітіндісінде жүргізілді. Процестің негізгі параметрлері ретінде ток тығыздығы мен электролиз ұзақтығы зерттелді, сондай-ақ алынған CdS өнімінің элементтік құрамына талдау жасалды. Синтез нәтижесінде сары түсті гексагональды және кубтық фазалардың қоспасынан тұратын CdS тұнбасы алынды.

Үлгілер ультракүлгін–көрінетін спектрофотометрия әдісімен зерттелді, ал тұнбаның морфологиялық және құрылымдық сипаттамалары сканерлеуші электрондық микроскопия (SEM) көмегімен анықталды.

Зерттеу нәтижелері кадмий сульфидінің электрохимиялық синтезі қарапайым әрі жоғары тиімді әдіс екенін көрсетті. Алынған кадмий сульфиді жұқа қабатты технологияларға негізделген күн панельдерін өндіруде n-типті өткізгіш қабат ретінде, сондай-ақ детекторларда, фотоэлектрлік элементтерде және электрондық құрылғыларда қолданылатын оптикалық кристалдарды өсіру үшін компонент ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар кадмий сульфиді пластмассаларға арналған пигмент ретінде, электроника өндірісінде, оптикалық құрылғыларда, сцинтилляторларда, пьезо- және пироэлектрлік материалдарда, сондай-ақ наноматериалдарды синтездеуге арналған қоспалар құрамында қолданылуы мүмкін. Оның қолданылуының перспективалы бағыттарына фотосенсорлар, күн элементтері және оптоэлектрондық жүйелер жатады.

Түйін сөздер: композициялы күкірт-графит (ККГ) электроды, натрий сульфаты, электролиз, ток тығыздығы, кадмий, концетрация, кадмий сульфиді

©Баешов А.[1*], Ташенов Е.А.[2], Атыханова С.Б.[3], Кошкарбаева Ш.Т.[2], 2026.
[1]Институт топлива, катализа и электрохимии имени Д.В. Сокольского, Алматы, Казахстан;
[2]Южно-Казахстанский Исследовательский университет имени М.О. Ауэзова, Шымкент, Казахстан;
[3]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казазхстан.
E-mail:bayeshov@mail.ru

ПОЛУЧЕНИЕ СУЛЬФИДА КАДМИЯ ЭЛЕКТРОХИМИЧЕСКИМ МЕТОДОМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМПОЗИТНОГО СЕРА-ГРАФИТОВОГО ЭЛЕКТРОДА

Баешов Абдуали — доктор химических наук, профессор, Институт топлива, катализа и электрохимии имени Д.В. Сокольского, Алматы, Казахстан,
E-mail:bayeshov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0745-039;
Ташенов Еркебулан — докторант, Южно-Казахстанский Исследовательскийуниверситет имени М.О. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: Tashenov1987@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-6674-7501;
Атыханова Сабира — докторант, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: sabi_jan.90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-1704-6229;
Кошкарбаева Шайзада — кандидат технических наук, ассоциированный профессор, Южно-Казахстанский Исследовательскийуниверситет имени М.О. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: shayzada-1968@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8753-3245.

Аннотация. В исследовании, посвященном разработке электрохимического метода синтеза сульфида кадмия, были изучены электрохимические свойства композитного сера-графитового электрода и кадмиевого электрода в нейтральной среде, а также определены эффективные параметры процесса. Метод электрохимического синтеза обладает рядом преимуществ по сравнению с традиционными термохимическими подходами, включая более низкую температуру процесса, простоту управления реакцией и меньшее количество вредных выбросов в окружающую среду.

В качестве катодного материала в экспериментальной установке использовали сера-графитовый электрод (СГЭ), содержащий серу. В процессе электролиза на данном электроде происходило восстановление с образованием сульфид-ионов. В качестве анодного материала применяли кадмиевую пластину. Установлено, что анодно-поляризованный кадмий, переходя в раствор в виде ионов Cd2+, взаимодействует в объеме электролита с сульфид-ионами S2−, в результате чего на дне раствора образуется осадок CdS.

Электролиз проводили в растворе Na2SO4. В качестве основных параметров процесса были исследованы плотность тока, продолжительность электролиза, а также выполнен элементный анализ состава полученного продукта CdS. В результате синтеза образовался осадок CdS, представленный смесью желтой

гексагональной и кубической фаз. Образцы были исследованы методом УФ-видимой спектрофотометрии, а морфологические и структурные характеристики осадка изучены с использованием сканирующей электронной микроскопии (SEM).

Результаты исследования показали, что электрохимический синтез сульфида кадмия является простым и высокоэффективным методом. Полученный сульфид кадмия может применяться при производстве солнечных панелей на основе тонкопленочных технологий в качестве проводящего слоя n-типа, а также как компонент для выращивания оптических кристаллов, используемых в детекторах, фотогальванических элементах и электронных устройствах. Кроме того, сульфид кадмия может использоваться как пигмент для пластмасс, как компонент при производстве электроники, оптических устройств, сцинтилляторов, пьезо- и пироэлектрических материалов, а также в составе смесей для синтеза наноматериалов. Перспективными направлениями его применения также являются фотосенсоры, солнечные элементы и оптоэлектронные системы.

Ключевые слова: композитный серно-графитовый (ККГ) электрод, сульфат натрия, электролиз, плотность тока, кадмий, концетрация, сульфид кадмия, катодный электрод

Кіріспе. Қазіргі уақытта –химия өнеркәсіптерінде, металлургия мен өндірістің басқа да түрлі салаларында күкірттің –полисульфиді, сульфиді, тиосульфаты, сульфаты, және сульфитті қосылыстарына деген қажеттілікдүние жүзі бойынша жылдан жылға артып келеді. Сол үшін, химиялық өндірістерге, ауыл шаруашылығына сондай-ақ металлургия саласына қажетті күкірткұрамды қосылыстарды пайдалануға деген сұраныстарды қанағаттандыру үшін, тиімді және ұтқыр технологияны пайдалана отырып, элементті күкірттен оның пайдалы қосылыстарын синтездеудің отандық өндіріс орнын құру өте өзекті мәселелердің бірі деп айтуға болады (Baeshov, 2014).

Әдеби шолу. Зерттеу жұмысында кадмий сульфидін алудың электрохимиялық тәсілі ұсынылған. Кадмий сульфидіжартылай өткізгіш, оптоэлектроника, фотовольтаика, сенсорлар және жарық детекторлары сондай-ақ люминофорлар сияқты көптеген заманауи технологияларда кең қолданылатын материалдардың бірі.

Табиғи және техногенді шикізат көздерінен соның ішінде мұнайды өңдеу кезіндегі мұнайға ілесіп шыққан күкіртсутек газын залалсыздандырғанда түзілген элементті күкіртті бағалы және пайдалы қосылыстардысинтездеуде қолдану экономика тұрғысынан тиімді технологиясын жасау, өте маңызды іс шара болып табылады. Бұл, еліміздің отандық өндірістің даму аумағын кеңейтіп қана қоймай, әрі қоршаған орта мен табиғатқа зиянсыз жасыл экономиканы құруға мүмкіндік береді (Menkovsky, 1985).

Кадмий сульфидінің құрылымдық қасиеттерін, түйіршік өлшемінжәне электрлік параметрлерін басқару олардың функционалдық мүмкіндіктерін айқындайды. Сондықтан кадмий сульфидін алу тәсілдерін жетілдіру, оның ішінде экологиялық қауіпсіз, арзан және тиімді технологияларын дамыту маңызды ғылыми міндет болып табылады.


Электрохимиялық синтез – жартылай өткізгіш материалдарды алудың

перспективалы әдістерінің бірі. Бұл тәсіл температураның салыстырмалы түрде төмен диапазонында жүзеге асады, электролит құрамын, ток бойынша шығымын, электролиз ұзақтығын, ток тығыздығынбасқару арқылы кадмий сульфидінің түзілуініңтиімді параметрлерін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар электрохимиялық әдіс энергия шығыны төмен, технологиялық тұрғыдан қарапайым және масштабтауға қолайлы.

Материалдар мен әдістер. Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты, кадмий сульфиді қосылысын синтездеудің электрохимиялық жаңа әдісін жасау, ол үшін ең алдымен композициялы күкірт-графит электродының электрохимиялық қасиеттерін жан- жақты саралай отырып үрдістің тиімді параметрлерін анықтау керек. Осы мақсаттакомпозициялы күкірт-графит электроды жасалынды. Электрод құрамындағы күкірт пен графиттің масалық ара қатынасы – S:C = 1:1 болды.Академик А. Баешовтың және шәкірттерінің зерттеу жұмыстарында композициялы КГЭ дайындаудың бірнеше әдіс тәсілдерін келтірген және патенттермен қорғалған (Baeshov, 2015).

Кадмий сульфидін алу - электролиз әдісімен зерттеу жүргізілді. Кадмий сульфидінің түзілуіне әр түрлі параметрлердің әсері (электролиз ұзақтығы, ток тығыздығы, ток бойынша шығымы)зерттелді. Түзілген кадмий сульфидінің құрамы УК-көрінетін аймақтың сканерлеуші спектрофотометрімен элементті талдау жасалды, тұнбаның морфологиялық және құрылымдық қасиеттері сканерлеуші электронды микроскопия (SEM), әдістерімен сипатталды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Кадмий сульфидін синтездеуді органикалық шыныдан жасалғанарасы бөлінбеген электролизерде жүргізілді. Катод ретінде композициялы күкірт-графит электроды, ал анод болыпкадмий металл пластинкасықолданылды. Электролизер натрий сульфаты ерітіндісімен толтырылды (1-сурет). Кадмий ионы натрий сульфаты ерітіндісінде гидролизге ұшырмайтыны белгілі, сол себепті бейтарап орта ерітіндісі қолданылды. Күкірт-графит электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелді.



1 сурет – Композициялы күкірт-графит электродын қолдану арқылы кадмий сульфидін алуға арналған электролизердіңпринципиальдысхемасы:электролизердің кеңістігі – натрийсульфатыерітіндісімен толтырылған. 1-электролизер;2- композициялықүкірт-графитэлектроды; 3- кадмий электроды;4- ток көзі; 5- амперметр;

Жоғарыда келтірілген электролизерде электродтарды поляризациялау кезде электродтарда төмендегідей реакциялар орын алады:

Анодты поляризациялау кезінде кадмий электродынатрий сульфаты ерітіндісіндеоңай ионизацияланып кадмий иондары түзіледі:

$$Cd\text{-}2e \rightarrow Cd^{2+} \qquad (1)$$

Катодты поляризацияланған композициялы КГЭ құрамындағы күкірт тотықсызданып, полисульфид және моносульфид иондары түзіледі, демеккелесі реакциялар орын алады:

$$nS^{0}\text{-}2e \rightarrow Sn^{2-} \qquad (2)$$

Алполисульфид-иондары біртіндеп моносульфид-иондарына дейін тотықсызданады:

$$nS^{2-}+2e \rightarrow Sn^{2-}+2e \rightarrow S^{2-}_{(n-1)} \ldots \rightarrow nS^{2-} \qquad (3)$$

Бөлек жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша, алғашқы уақытта электролизердің катод кеңістігіндегі электролиттің түсі полисульфид иондарына тән қызғылт-сары реңге боялып, уақыт өткен сайын түссізденетіндігі байқалды. Бұл құбылысты полисульфид- иондарының біртіндеп моносульфид-иондарына өтетіндігімен түсіндіруге болады. Өйткені, полисульфид иондарына қызғылт-сары түс беретін, олардың құрамындағы күкірттің өз адатомдары екендігі белгілі.


Электроллиз кезінде түзілген сульфид иондары электродтар аралығында кадмий иондарымен әрекеттесіп кадмий сульфиді түзіледі:

$$Cd^{2+}+S^{2-} \rightarrow CdS \downarrow \qquad (4)$$

Бұл қосылыстың түзілуі CdS тұнбасының ерігіштік көбейтіндісінің (ЕК $8{,}0\cdot10^{-27}$) төмендігімен түсіндіруге болады.

Катодты поляризациялаған кезде композициялы КГЭ құрамындағы күкірттің тотықсыздануына түрлі параметрлердің әсері қарастырылды.

Композициялы КГЭ-ның тотықсызданып кадмий сульфидінің түзілуіне – электродтағы ток тығыздығының натрий сульфаты концентрациясының әсерлері зерттелінді.




Na_2SO_4–1 М,τ=0,5сағ, t = 25С^0

1 сурет– Композициялы күкірт-графитэлектродын поляризациялағанда кадмий сульфидініңтүзілуінің ток тығыздығына әсері

Электролиз жүргізу барысында композициялы КГЭ1М натрий сульфатының ерітіндісінде поляризацияланған кезде 1 суретте көрсетілгендей ток бойынша шығым күрт өтесіндігі байқалды.

КГЭ ток тығыздығы 5-25А/м^{2}аралығында өзгерткенде кадмий сульфидінің түзілуінің ток бойынша шығымының өсуіне әсер ететіндігі зерттеу нәтижелері көрсетті.


Натрий сульфаты ерітіндісіңіңконцентрациясын 0,5-2,5 М аралығында өсіргенде кадмий сульфидінің түзілуінің ток бойынша шығымының жоғарылайтындығын зерттеу нәтижелері көрсетті.



$I_{кгэ}$= 20 А/м^2, τ=0,5сағ, t = 25С^0

2 сурет–Электролизердіңкатодкеңістігіндетүзілгенкадмий сульфидініңтүзілуіне натрий сульфаты концентрациясының әсері

3 - суретте келтірілген зерттеу нәтижелері, кадмий сульфидінің түзілуіне электролиз процесінің узақтығына әсері көрсетілді. Кадмий сульфидінің түзілуі уақыт өте келе аздап көтерілетіндігі анықталды. Алғашқы кездеэлектродтар арасында алғаш келген Cd^{2+} және S^{2-}иондары әсерлеседі, уақыт өткен сайын диффузия нәтижесінде иондардың концетрациясы көбейе бастайды.



Na_2SO_4–1 М, $I_{кгэ}$= 20 А/м^2,t = 25С^0


3 сурет–Композициялы күкірт-графитэлектродын поляризациялағанда түзілген кадмий сульфидініңэлектролиз ұзақтығынаәсері

Электролиз нәтижесінде түзілген мырыш сульфиді қосылысын электролиттен сүзіп бөліп алып, жуып, одан соң кептірілді. Элементті анализ нәтижелері, төмендегі нәтижелер көрсетті (1-кесте)

Композициялы күкірт-графит және кадмий электродтарын поляризациялаған кезде түзілген тұнбаның құрамында 22,54% күкірт, 71,73% кадмий элементтері бар екендігін көрсетеді. Демек бұл мәліметтер кадмий сульфидінің түзілгенін дәлелдеп тұр. Электролиз процесі натрий сульфаты ерітіндісінде жүргендіктен, тұнба құрамында 2,11% натрий иондары бар екендігі анықталды. Тұнбаны бірнеше қайталап жуу арқылы, таза кадмий сульфидін алуға болады.

1-кесте. Электролизден кейінгі алынған мырыш сульфиді қосылысын элементтік құрамы.

Спектр	O	S	Na	Cd	Барлығы
Спектр 1	3,69	22,18	2,14	72,01	100,00
Спектр 2	3,56	22,81	2,11	71,52	100,00
Спектр 3	3,61	22,63	2,09	71,67	100,00
Орташа	**3,62**	**22,54**	**2,11**	**71,73**	100,00



4-суретте алынған мырыш сульфиді ұнтақтарының элементті
анализ нәтижесінің спектрінің көрінісі

Зерттеу нәтижелері композициялы күкірт-графит электродын натрий сульфаты ерітіндісіндекатодтыанодты пояризациялау кезінде түзілген сульфид иондары менкадмиий иондары әрекеттестіріп кадмий сульфидін түзілетіндігін көрсетеді:

Қорытынды. Қорыта айтқанда алғаш рет композициялық күкірт-графит және кадмий электродтарын қолдану арқылы электролиз жүргізген кезде катодта түзілген сульфид иондарымен анодта түзілген кадмий иондары өз ара әрекеттесіп құрамында 71,73 % кадмий, 22,54 % күкірт бар кадмий сульфиді тұнбасы түзілетіндігі анықталды. Композициялы КГЭ катодта ток тығыздығын жоғарлатқан кезде және электролиз ұзақтығы артқан сайын кадмий сульфидінің түзілуінің ток бойынша шығымы да артатындығы анықталды.

References

Baeshov A.B., Konyrbaev A. Sarbayeva M.G. Myrysh (2014) Myryş sulfidın elektrohimiyalyq ədıspen alu [Obtaining zinc sulfide by electrochemical method]. Izvestiya NAS RK, 2014. – №. 6. – P. 44-49. (in Kazakh)

Baeshov A.B., Ivanov N.S. Myrzabekov B.E. (2014) Kompozitsiyaly kükırt-grafit elektrodynyŋ anodty polyarizatsiyasy [Anode polarization of composite sulfur-graphite electrode. News of NAS RK, 2014. – №. 6. – P. 3-4. (in Kazakh)

Baeshov A.B., Konurbaev A.E., Zhurinov M.Zh., (2013) Baeshova A.K. Problemy utilizacii sery i vozmozhnost' sozdaniya tekhnologii polucheniya flotoreagentov [Problems of sulfur utilization and the possibility of creating a technology for producing flotation reagents]. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference «Innovative development of the oil and gas complex of Kazakhstan». Aktau, 2013. – Vol. 2. – P. 448-451. (in Russian)

Baeshov A., Zhdanov S.I., Baeshova A.K. and others (1997) Elektrohimiya sery i ee soedinenij[Electrochemistry of sulfur and its compounds], Science, Almaty. – 1997. – 160 p. (in Russian)

Baeshov A., Figinene I.V., Dospaev M. (2017) Elektrohimicheskij sintez soedinenij sery [Electrochemical synthesis of sulfur compounds]. Publishing house ″glasir″, Karaganda, 2017. – 273 p. (in Russian)

Baeshov A., Mamyrbekova A., Omarova E. And others. (2006) Sposoby izgotovleniya serografitovogo elektroda [Methods of manufacturing a serographite electrode], Preliminary patent of the Republic of Kazakhstan 17771 dated 09.03.2005, byul. 9, 2006. (in Russian)

Menkovsky M.A., Yavorsky V.T. (1985) Tekhnologiya sery [Technology of sulfur]. – Moscow, 1985. – 327 p. (in Russian)

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 277–286

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.420

UDC: 547.9
IRSTI: 31.23.39

©Baisalova G.Zh.[1], Azhikhanova Zh.[2,3], Taltenov A.A.[1], Kuzhatova P.[4], 2026.
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;
[2]Teqnovate LLC, Astana, Kazakhstan;
[3]Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan;
[2]Astana Medical University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: galya_72@mail.ru

DETERMINATION OF THE TOTAL PHENOLIC CONTENT IN PERENNIAL HERBACEOUS PLANTS OF THE FLORA OF KAZAKHSTAN

Baisalova Galiya — Candidate of Chemical Sciences, Acting Professor, L.N. Gumilyev Eurasian National university, Astana, Kazakhstan,
E-mail: galya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Azhikhanova Zhanat — Junior Researcher, Teqnovate LLC; Kazakhstan; Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: zhanat.azhikhanova@nu.edu.kz, https://orcid.org/0009-0003-9556-270X;
Taltenov Abzal — Doctor of Chemical Sciences, Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National university, Astana, Kazakhstan,
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Kuzhatova Pernegul — Master, Senior lecturer, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: perne-orazai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-4378-0568.

Abstract. Phenolic compounds are bioactive substances that mitigate chronic diseases associated with oxidative stress, inflammation, and aging. These compounds exert pleiotropic effects on regulatory proteins and are known for their activity against pathologies such as diabetes, obesity, osteoarthritis, atherosclerosis, Crohn's disease, hypertension, skin hyperpigmentation, and Alzheimer's disease. Flavonoids**,** which belong to the class of phenolic compounds**,** are known for their anti-inflammatory, antimicrobial, anti-obesity, anticancer, neuroprotective, cardioprotective, and antioxidant activities**.** In this study, the total phenolic content of perennial herbaceous plants from the flora of Kazakhstan (*Phlomis tuberosa* and *Achillea setacea*) was determined spectrophotometrically using the Folin-Ciocalteu reagent. The total phenolic content was quantified using a gallic acid calibration curve. Comparative analysis of various parts of *P. tuberosa* showed that the highest concentration of polyphenols was found in the leaves (19.88%) and flowers (18.06%). In *A. setacea*, the phenolic content in the leaves (11.83%) was higher than in the flowers, roots, and stems. Overall, the total phenolic content in all studied organs of *P. tuberosa* exceeded that of *A. setacea*. Furthermore, the flavonoid content in the flowers, stems, leaves, and roots was determined using differential spectrophotometry. The electronic absorption spectra of the test and

reference solutions were analyzed to identify absorption maxima and bathochromic shifts. The calculation of the total flavonoid content in plants from the literature sources is carried out by the optical density of the maximum formed on the absorption curve of the complex with aluminum chloride. However, due to the absence of distinct maxima in the absorption spectra of the flavonoid complexes of the two studied herbs, it was not possible to determine their total flavonoid content.

Keywords: phenolic compounds, flavonoids, *Phlomis tuberosa, Achillea setacea*, Folin-Ciocalteu reagent, spectrophotometry, antioxidant activity, gallic acid

For citations: *Baisalova G.Zh., Azhikhanova Zh., Taltenov A.A., Kuzhatova P. Determination of the Total Phenolic Content in Perennial Herbaceous Plants of the Flora of Kazakhstan. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 277–286. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.420*

©Байсалова Г.Ж.[1]*, Ажиханова Ж.[2,3], Талтенов А.А.[1], Құжатова П.[4], 2026.
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
[2]Teqnovate ЖШС, Астана, Қазақстан;
[3]Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан;
[2]Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан.
E-mail: galya_72@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНДАҒЫ КӨПЖЫЛДЫҚ ШӨПТЕСІН ӨСІМДІКТЕРДІҢ ФЕНОЛДЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

Байсалова Галия — химия ғылымдары кандидаты, профессор м.а, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: galya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Ажиханова Жанат — кіші ғылыми қызметкер, Teqnovate ЖШС; Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: zhanat.azhikhanova@nu.edu.kz, https://orcid.org/0009-0003-9556-270X;
Талтенов Абзал — химия ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Құжатова Пернегүл — магистр, аға оқытушы, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: perne-orazai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-4378-0568.

Аннотация. Фенолды қосылыстар тотығу стрессімен, қабыну үдерістерінен немесе қартаю кезеңінен туындаған созылмалы ауруларға әсер ететін биобелсенді қосылыстар. Бұл қосылыстар реттеуші функциясын атқаратын ақуыздарға плеотропты әсер көрсетеді. Бұл қосылыстар созылмалы аурулардың өршуінен пайда болатын қант диабеті, семіру, остеоартрит, атеросклероз, Кронь ауруына, сонымен қатар гипертония, терінің гиперпигментациясы, Альцгеймер ауруына да қарсы белсенділікке ие екендігі белгілі. Фенолды қосылыстар қатарындағы флавоноидтар қабынуға, микробтарға, семіздікке, ісікке қарсы, нейропротекторлық, кардиопротекторлық және антиоксиданттық белсенділіктерімен белгілі. Спектрофотометрия әдісінің көмегімен Folin-Ciocalteu

реактивін қолдану арқылы Қазақстан флорасында өсетін көпжылдық шөптесін өсімдіктердің (P. tuberosa, A. setacea) фенолдық қосылыстарының мөлшері анықталды. Фенолдық қосылыстардың жиынтық мөлшері галл қышқылының градуирлеу графигін қолдана отырып есептелді. P. tuberosa өсімдігінің түрлі мүшелеріндегі фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшерін салыстыра талдағанда, жапырағы (19,88%) мен гүліндегі (18,06%) полифенолдар мөлшері басымдыққа ие болды. Салыстырмалы талдау A. setacea өсімдігінің жапырағындағы (11,83%) фенолдық қосылыстар мөлшері гүл, тамыр, сабағымен салыстырғанда жоғары екендігі анықталды. P. tuberosa өсімдігінің түрлі мүшелеріндегі фенолдық қосылыстар жиынтық мөлшері A. setacea өсімдігімен салыстырғанда жоғары мәнге ие. Мақалада дифференциалдық спектрофотометрия көмегімен осы аталған өсімдіктердің гүл, сабағы, жапырағы мен тамырындағы флавоноидтар мөлшерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді. Әрбір зерттеу нысаны үшін алынған жұмысшы және салыстырмалы ерітінділердің электрондық спектрлері салыстырылып, жұтылу максимумдары мен батахромды ығысудың пайда болуы талданды. Әдебиет көздерінен өсімдіктердегі флавоноидтардың жиынтық мөлшерін есептеу алюминий хлоридімен түзген комплексінің жұтылу қисығында пайда болған максимумның оптикалық тығыздығы арқылы жүзеге асырылады. Зерттелген екі шөптесін өсімдіктің флавоноидты кешендерінің жұтылу спектрінде айқын максимумдардың түзілмеуіне байланысты олардың жиынтық флавоноид мөлшерін анықтау мүмкін болмады.

Түйін сөздер: фенолдық қосылыстар, флавоноидтар, *Phlomis tuberosa, Achillea setacea*, Folin-Ciocalteu реактиві, спектрофотометрия, антиоксиданттық белсенділік, галл қышқылы

©Байсалова Г.Ж.[1]*, Ажиханова Ж.[2,3], Талтенов А.А.[1], Кужатова П.[4], 2026.
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан;
[2]ТОО «Teqnovate», Астана, Казахстан;
[3]Назарбаев Университет, Астана, Казахстан;
[2]Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.
E-mail: galya_72@mail.ru

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СУММЫ ФЕНОЛЬНЫХ СОЕДИНЕНИЙ В МНОГОЛЕТНИХ ТРАВЯНИСТЫХ РАСТЕНИЯХ ФЛОРЫ КАЗАХСТАНА

Байсалова Галия — кандидат химических наук, и.о профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: galya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Ажиханова Жанат младший научный сотрудник, ТОО «Teqnovate»; Назарбаев университет, Астана, Казахстан.
E-mail: zhanat.azhikhanova@nu.edu.kz, https://orcid.org/0009-0003-9556-270X;
Талтенов Абзал — доктор химических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, **Астана, Казахстан,**
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Құжатова Пернегүл — магистр, старший преподаватель, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан,
E-mail: perne-orazai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-4378-0568.

Аннотация. Фенольные соединения представляют собой биологически активные вещества, способные корректировать патологические состояния при хронических заболеваниях, обусловленных окислительным стрессом, воспалительными процессами и старением. Эти соединения оказывают плейотропное воздействие на регуляторные белки. Известно, что они проявляют активность в отношении таких патологий, как сахарный диабет, ожирение, остеоартрит, атеросклероз, болезнь Крона, артериальная гипертензия, гиперпигментация кожи и болезнь Альцгеймера. Флавоноиды - группа фенольных соединений, известная своими противовоспалительными, антимикробными, антиожирительными, противоопухолевыми, нейропротекторными, кардио-протекторными и антиоксидантными свойствами. Содержание фенольных соединений в многолетних травянистых растениях флоры Казахстана (P. tuberosa, A. setacea) определяли спектрофотометрическим методом с использованием реактива Фолина-Чокальтеу. Общее содержание фенольных соединений рассчитывали по калибровочному графику галловой кислоты. При сравнении различных органов P. tuberosa наибольшее количество полифенолов выявлено в листьях (19,88 %) и цветках (18,06 %). Сравнительный анализ показал, что содержание фенольных соединений в листьях A. setacea (11,83 %) выше, чем в цветках, корнях и стеблях. В целом общее содержание фенольных соединений в органах P. tuberosa выше, чем у A. setacea. В статье также представлены результаты количественного определения флавоноидов в цветках, стеблях, листьях и корнях указанных растений методом дифференциальной спектрофотометрии. Проведен сравнительный анализ электронных спектров рабочих и эталонных растворов, а также проанализировано наличие максимумов поглощения и батохромных сдвигов. Согласно литературным данным, суммарное содержание флавоноидов в растениях определяют по оптической плотности максимума, возникающего на кривой поглощения комплекса с хлоридом алюминия. Однако из-за отсутствия выраженных максимумов в спектрах поглощения флавоноидных комплексов двух исследованных травянистых растений определить их суммарное содержание не удалось.

Ключевые слова: фенольные соединения, флавоноиды, *Phlomis tuberosa, Achillea setacea*, реактив Folin-Ciocalteu, спектрофотометрия, антиоксидантная активность, галловая кислота

Кіріспе. Фенолды қосылыстар (флавоноидтар, тритерпендер, кумариндер) адам ағзасы үшін фармацевтикалық маңызға ие кең таралған екіншілік метаболиттер болып табылады. Өсімдік жасушаларындағы екіншілік метаболиттердің синтезі температураның күрт өзгеруі, экстремалды температуралар, ультракүлгін сәулелену мен топырақ теңгерімсіздігі сияқты абиотикалық факторлардың әсеріне жауап ретінде жүреді (Dada et al., 2017; Sánchez-Hernández et al., 2021; Dar et al., 2017). Өсімдіктер мен жануарлардағы бейімделу механизмі ұқсас болуы, екіншілік өсімдік метаболиттерін адамзат пайдасы үшін қолдануға мүмкіндік береді. Өсімдік текті биокомпоненттер оттегінің белсенді формаларын сіңіруі,

түрлі ферменттердің белсенділігін, жасушалық циклін, дезоксирибонуклеин қышқылы мен ақуыздар функциясын, липидтердің асқынтотығуын реттеу арқылы бос радикалдардың жоғары деңгейі тудырған аурулардың өршуінің алдын алады және баяулатады (Rahman et al., 2021; Elgadir et al., 2023; Panche et al., 2016).

Фенолдық қосылыстардың бір түрі болып саналатын флавоноидтар қабынуға, микробтарға, семіздікке, ісікке қарсы, нейропротекторлық, кардиопротекторлық және антиоксиданттық белсенділіктерімен белгілі (Stachelska et al., 2025).

Қазақстанның орталық аймағында өсетін *P. tuberosa* мен *A. setacea* өсімдіктері фенолды қосылыстардың потенциалды көздері ретінде қызығушылық тудырады.

P. tuberosa - Lamiaceae тұқымдасы *Phlomis* тегіне жататын көпжылдық жабайы өсімдік. *P. tuberosa* өсімдігі тыныс алу, жүрек-қантамыр, бауыр және қабыну ауыруларын емдеуде дәстүрлі және тибеттік медицинада кеңінен қолданылады. *Phlomis* түрлері флавоноидтар, иридоидтар және эфир майларымен бай екендігі зерттелген (Javzan & Selenge, 2014; Azhikhanova, et al., 2025).

A. setacea – күрделігүлділер Asteraceae тұқымдасына *Achillea* тегіне жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Бұл жабайы өсімдік құрғақ шалғындарда, далалық және жартылай шөлейтті аймақтарда, кездеседі. *A. setacea* өсімдігінің эфир майының зеңдік саңырауқұлақтарға қарсы антимикробтық және антиоксиданттық белсенділігі зерттелген (Rezaei et al., 2017; Saeidnia et al., 2011).

P. tuberosa және *A. setacea* – адам ықпалынан тыс, табиғи қолайлы жағдайларда өсетін, экологиялық тұрғыдан бейімделген тіршілік формасы жағынан гемикриптофиттер қатарына жататын көпжылдық жабайы өсімдіктер (Azhikhanova et al., 2024).

Бұл ғылыми жұмыстың мақсаты P. tuberosa мен A. setacea өсімдіктеріндегі фенолдық қосылыстар мен флавоноидтардың жиынтық мөлшерін спектрофотометриялық әдіспен анықтауға арналған.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу нысандары ретінде Қазақстанның орталық аймағы, Қарағанды облысы Ортау тауларында өсетін *Phlomis tuberosa L.* (*P. tuberosa*) мен *Achillea setacea* Waldst. Et Kit. (*A. setacea*) өсімдіктері алынған.

Жиналған үлгілер ауада кептіріліп, механикалық қоспалардан тазартылды және зертханалық диірменде ұнтақталды. Аналитикалық үлгі диаметрі 2 мм електен өтетін бөлшектер өлшеміне дейін майдаланды.

Ұнтақталған өсімдік шикізатынан дәл 0,500 г өлшеніп алынып, көлемі 100 мл тығыз жабылатын колбаға орналастырылды. Үстіне 50 мл 70% этанол ерітіндісі қосылды. Колба герметикалық түрде жабылып, ±0,01 г дәлдікпен өлшенді (Sumaiyah, et al, 2018; Saptarini, et al, 2022).

Экстракция су моншасында кері тоңазытқыш көмегімен 45 минут бойы жүргізілді. Қыздыру аяқталғаннан кейін қоспа бөлме температурасына дейін салқындатылып, сүзгі қағазы арқылы сүзілді. Сүзіндінің алғашқы 5 мл бөлігі тасталып, қалған бөлігі талдау үшін «А ерітіндісі» ретінде пайдаланылды.

0,1 мл көлемдегі «А ерітіндісіне» 0,1 мл дистилденген су және 0,4 мл Folin–Ciocalteu реагенті қосылды. Содан кейін реакциялық ортаны жасау үшін қоспаға 2,5 мл 15%-дық Na_2CO_3 ерітіндісі енгізілді.

Реакциялық қоспа толық бояу кешенінің түзілуі үшін бөлме температурасында 30 минут бойы қараңғы жарық түспейтін жағдайда ұсталды. Белгіленген уақыт өткеннен кейін түзілген кешеннің оптикалық тығыздығы спектрофотометрде 500–800 нм толқын ұзындығы диапазонында өлшенді. Өлшеулердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін жұтылу максимумы (λ_{max}) 760–765 нм аймағында нақтыланды.

Ішкі стандарт ретінде галл қышқылы қолданылды. Алынған оптикалық тығыздық көрсеткіштері алдын ала құрылған галл қышқылының калибрлеу графигіне сәйкес қайта есептелді. Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшері галл қышқылының эквивалентімен пайыздық көрсеткіш (%) түрінде келесі формула бойынша анықталды:

$$X = \frac{A_э * m_0 * P * V_э * V_э'}{A_0 * m_ш * V_{xэ} * V_0 * V_0'} * \frac{V_{x0}}{(100-W)} * 100\%$$

мұндағы:

$A_э$ - тәжірибелік үлгінің оптикалық тығыздығы;

A_o - галл қышқылы стандартының оптикалық тығыздығы;

$m_ш$ - шикізат массасы (г);

m_o - галл қышқылы стандартының массасы (г);

$V_э$ – алынған экстрактінің көлемі (мл);

$V_{xэ}$ – экстракт аликвотасы көлемі(мл);

V_o - галл қышқылы ерітіндісі көлемі (мл);

V_o' - галл қышқылы өлшеуіш колбаның көлемі(мл);

V_{xo} - галл қышқылы аликвотасы көлемі(мл);


W – кептіру кезіндегі массаның жоғалуы (%).

Флавоноидтарды анықтау үшін 25 мл колбаға жоғарыдағы А ерітіндісінен 5 мл алып, 5%-дық алюминий хлориді ерітіндісін қосып, 10 минутқа қалдырады. Уақыт өткен соң үстіне көлемі 0,2 мл 3%-дық CH_3COOH ерітіндісін құяды. Өлшегіш колбаның белгісіне дейін этил спиртімен толтырып, 40 минут уақытқа қалдырады. Бұл жұмысшы ерітінді болып саналады.

Салыстыру ерітіндісін даярлау үшін, жоғарыдағы барлық процедураны қайталайды. Бірақ алюминий хлориді ерітіндісі қоспайды (Kurdyukov, 2021).

Нәтижелер және оларды талқылау. Өсімдік шикізаттарындағы фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшерін анықтау үшін, спектрофотометрлік әдіс қолданылды. Бұл әдіс полифенолды қосылыстардың Folin-Ciocalteu реактивімен әрекеттесуіне негізделген. Фенолды қосылыстардағы гидроксилді тобтардың Folin-Ciocalteu реактивімен реакциясындағы тотықсыздандырғыш қасиеті анықталады. Нәтижесінде түсті қосылыс түзіліп, бояудың қарқындылығына қарай фенолды қосылыстардың мөлшері анықталады.

Төмендегі 1-суретте *A. setacea* жапырағы мен *P. tuberosa* гүлінен алынған фенолдық қосылыстардың Folin-Ciocalteu реактивімен кешенінің жұтылу спектрлері келтірілген.



Сурет 1 - Фенолдық қосылыстар жиынтығының Folin-Ciocalteu реактивімен кешенінің жұтылу спектрі 1- *A. setacea* жапырағы, 2 - *P. tuberosa* гүлі.


Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшері бойынша *P. tuberosa* өсімдігінің жапырағы (19,88%) мен гүліндегі (18,06%) полифенолдар мөлшері ең жоғары мөлшерде. Ал *A. setacea* өсімдігінің жапырағындағы (11,83%) фенолдық қосылыстар мөлшері басқа қарастырылған мүшелерімен салыстырғанда басымдыққа ие. Жалпы фенолдық қосылыстар жиынтық мөлшері бойынша *P. tuberosa* доминант болып табылады (кесте 1).

Кесте 1- Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшері

Өсімдіктің мүшелері	Фенолды қосылыстардың жиынтық мөлшері, %	
	P. tuberosa	*A. setacea*
Гүл	18,06	6,80
Сабағы	9,82	2,95
Тамыр	5,69	3,07
Жапырақ	19,88	11,83

Әдетте өсімдік шикізатындағы флавоноидтарды сандық анықтау үшін, алюминий хлоридімен комплекстүзу реакциясы қолданылады. Бұл реакция флавоноидты қосылыстарды полифенолды қосылыстардың күрделі қоспасынан таңдамалы (селективті) анықтауға мүмкіндік береді. Комплекстүзілу жағдайында спектрдің ұзынтолқынды аймаққа батохромды ығысуы орын алады. Сандық анықтау осы реакцияның түсті өнімдерінің жұтылу максимумдарындағы оптикалық тығыздықтарын өлшеу арқылы жүргізіледі.

Флавоноидтардағы C_4-тегі кето-тобпен және C_3 немесе C_5 жағдайындағы гидроксилді тобтар арасында (сурет 2) сары түске боялған тұрақты қосылыс түзіледі (Sumaiyah, et al, 2018).




Сурет 2 - Флавоноидтардың негізгі көміртектік қаңқасының формуласы.

В-сақинасындағы ОН-тобтарының болуы жұтылу шыңының пайда болуына ықпал ететіні белгілі. Алайда C_2-C_3 атомдарында қос байланыстың болмауы π-электрондардың делокализациясы үшін қолайсыз болғандықтан, кез-келген хиноноидты құрылымның түзілуі мүмкін емес. Сонымен В сақинасындағы орто-гидроксилді тобтардың қатысумен комплекстүзу жүрсе де, ол комплекстер тұрақсыз немесе лабилді болады. Одан бөлек C_4-те кетотоп болмаса, тұрақты комплекстүзілу C_5 жағдайында ОН-тобтары болса да жүрмес еді. ОН-тобтарымен қатар, C_2-C_3-те қос байланыстың болуы және C_4-жағдайында кетотобтың болуы комплекстүзілуде шешуші роль атқаратынын көрсетеді. Алюминий хлоридімен комплекстүзуде флавондар мен флавонолдар үшін электрондық спектрде батохромды ығысу жұтылу максимумы түрінде 380-412 нм аймақта айқындалады.

P. tuberosa түрлі мүшелеріндегі флавоноидтарды сандық анықтау барысында төмендегі суреттегі (сурет 3) қисықтар алынды.


P. tuberosa жапырақтарындағы флавоноидтарға алюминий хлоридін қосқан кездегі және ол реагентсіз жағдайда да максимум 328 нм көрінді. Жұтылудың ұзынтолқынды жолағының батохромды ығысу «әлсіз иық» түрінде шамамен 390-420 нм аралығында байқалған. Осыған ұқсас жағдайлар жапырақ пен сабағының сығындыларының электрондық спектрінде байқалады. Бізге дейінгі бір зерттеуде (De, et al, 2022) бұл байқалған жағдайды флавоноидтардың алюминий ионымен тұрақсыз комплекс түзуімен байланыстырады. Ал тамырының сығындысының электрондық спектрінде мұндай батохромдық ығысу мүлдем жоқ. Бұл жағдай алюминиймен комплекс түзетін тобтардың сығынды құрамындағы флавоноидтарда болмауымен түсіндіріледі.



Сурет 3 - *P. tuberosa* өсімдігінің түрлі мүшелерінен алынған сығындылардың электрондық спектрлері.

CC BY NC

Ұқсас жағдай *A. setacea* өсімдігінің түрлі мүшелерінен алынған сығындылардың электрондық спектрінен байқалды. Гүлі, жапырағы мен сабағының сығындыларының электрондық спектрлерінен батохромды ығысу «иық» түрінде кескінделген. Тамырында бұл интервалда мұндай ығысу мүлдем жоқ (сурет 4). Қисықтардағы ерекшеліктер жоғарыдағы *P. tuberosa* сығындыларының жұтылу жолақтарын сипаттағандай түсіндіріледі.



Сурет 4 - *A. setacea* өсімдігінің түрлі мүшелерінен алынған сығындылардың электрондық спектрлері.

Көптеген ғылыми еңбектерде флавоноидтардың жиынтық мөлшері олардың алюминий хлоридімен түзген комплексінің жұтылу қисығында пайда болған максимумының сәйкес оптикалық тығыздығы арқылы табылған. Қарастырып отырған екі шөптесін өсімдіктердің флавоноидты жиынтықтарының жұтылу спектрінде айқын максимумдардың түзілмеуіне байланысты флавоноидты қосылыстардың жиынтық мөлшері анықталмады.

Қорытынды. Елімізде өсетін кейбір көпжылдық шөптесін өсімдіктердің түрлі мүшелеріндегі фенолдық қосылыстарының жиынтық мөлшері спектрофотометрия әдісімен анықталды. Бұл қосылыстардың P. tuberosa өсімдігінің жапырағы (19,88%) мен гүліндегі (18,06%) мөлшері сабағы және тамырымен салыстырғанда жоғары мәнге ие. Ал A. setacea өсімдігінің жапырағындағы (11,83%) фенолдық қосылыстар мөлшері басқа мүшелеріне (гүл, тамыр, сабағы) қарағанда басымдыққа ие. Бұл зерттеуде P. tuberosa өсімдігінің қарастырып отырған барлық мүшелеріндегі фенолдық қосылыстардың жиынтық мөлшері A. setacea өсімдігімен салыстырғанда жоғары екендігі анықталды. Сонымен қатар дифференциалдық спектрофотометрия көмегімен алынған электрондық спектрлерді талдау арқылы, осы аталған шикізаттың әрқайсысындағы флавоноидтар жиынтығының алюминий хлоридімен комплекс түзу мүмкіндігі қарастырылды.

References

Azhikhanova Z., Duru M.E., Kucukaydin S., Megbenu H.K., Tas-Kucukaydin M., Baisalova G., Shaimardan M., Nuraje N., Özler M.A. (2025) Phytochemical profiling and various biological activities of Phlomis tuberosa L. Scientific reports, 15. – P. 7293. DOI: doi.org/10.1038/s41598-024-80456-5 (in Eng.).

Azhikhanova Zh., Duru M.E., Megbenu H.K., Kucukaydin S., Tas-Kucukaydin M., Baisalova G., Shaimardan M., Seiilgazy M., Adekenov S., Nuraje N., Özler M.A. (2024) Phytochemical study of Achillea setacea Waldst. et Kit. with anticholinesterase, antidiabetic, anti-Urease, and anti tyrosinase activities. Eng. Sci., 31. – P. 256. DOI: dx.doi.org/10.30919/es1256 (in Eng.).

Dada F.A., Oyeleye S.I., Ogunsuyi O.B., Olasehinde T.A., Adefegha S.A., Oboh G., Boligon A.A. (2017) Phenolic constituents and modulatory effects of raffia palm leaf [raphia hookeri] extract on carbohydrate hydrolyzing enzymes linked to type-2 diabetes. J Tradit Complement Med, 7(4). – P. 494-500. DOI:doi.org/10.1016/j.jtcme.2017.01.003 (in Eng.).

Dar R.A., Brahman R.K., Khurana N., Wagay J.A., Lone Z.A., Ganaie M.A., Pitre K.S. (2017) Evaluation of antioxidant activity of crocin, podophyllotoxin and kaempferol by chemical, biochemical and electrochemical assays. Arabian J Chem., 10. – P. 1119-1128. DOI: 10.1016/j.arabjc.2013.02.004 (in Eng.).

De R., Jo K.W., Kim K.T. (2022) Influence of molecular structures on fluorescence of flavonoids and their detection in mammalian cells. Biomedicines,10(6). – P. 1265-1282. DOI: doi.org/10.3390/biomedicines10061265 (in Eng.).

Elgadir M.A., Chigurupati S., Mariod A.A. (2023) Review: Selected potential pharmaceutical and medical benefits phenolic compounds: Recent advances. Functional Food Science, 3(7). – P. 108-128. DOI: doi.org/10.31989/ffs.v3i7.1118 (in Eng.).

Javzan S., Selenge D. (2014) Phytochemical study of aerial parts from Phlomis tuberosa L. Mongolian Journal of Chemistry, 14. – P. 20-24. DOI:doi.org/10.5564/mjc.v14i0.192 (in Eng.).

Kurdyukov E.E., Vodopyanova O.A., Moiseeva, I.Y., Semenova E.F. (2021) A method for the quantitative determination of the total flavonoid content of Moringa leaves (Moringa oleifera). Moscow University Chemistry Bulletin, 76(3). – P. 224-226. (in Eng.).

Panche A.N., Diwan A.D., Chandra S.R. (2016) Flavonoids: an overview. J Nutr Sci., 5:e47. DOI: 0.1017/jns.2016.41. (in Eng.).

Rahman M.M., Rahaman M.S., Islam M.R., Rahman F., Mithi F.M., Alqahtani T., Almikhlafi M. A., Alghamdi S.Q., Alruwaili A.S., Hossain M.S., Ahmed M., Das R., Emran T.B., Uddin M.S. (2021) Role of phenolic compounds in human disease: Current knowledge and future prospects. Molecules, 27(1). – P. 233. DOI:doi.org/10.3390/molecules27010233 (in Eng.).

Rezaei F., Jamei R., Heidari R. (2017) Chemical composition and antioxidant activity of oil from wild Achillea setacea and A. vermicularis. International Journal of Food Properties, 20. – P. 1522-1531. DOI: /10.1080/10942912.2016.1213281 (in Eng.).

Saeidnia S., Gohari A.R., Mokhber-Dezfuli N., Kiuchi F. (2011) Achillea species: Comprehensive review of their traditional uses, phytochemicals, and biological activities. Journal of Medicinal Plants Research, 5(13). – P. 2736-2746. (in Eng.).

Sánchez-Hernández S., Esteban-Muñoz A., Samaniego Sánchez C., Giménez-Martínez R., Miralles B., Olalla Herrera M. (2021) Study of the phenolic compound profile and antioxidant activity of human milk from spanish women at different stages of lactation: A comparison with infant formulas. Food Res Int, 141. – P. 10149. DOI: doi.org/10.1016/j.foodres.2021.110149 (in Eng.).

Saptarini N.M., Pratiwi R., Maisyarah I.T. (2022) Colorimetric method for total phenolic and flanonoid content determination of fig (Ficus carica L.) leaves extract from west Java, Indonesia. Rasayan J. Chem, 15(1). – P. 600-605. DOI:dx.doi.org/10.31788/RJC.2022.1516670 (in Eng.).

Stachelska M.A., Karpiński P., Kruszewski B**.** *A (2025) Comprehensive review of biological properties of flavonoids and their role in the prevention of metabolic, cancer and neurodegenerative diseases.* Appl. Sci., 15(19). – P. 10840. DOI:/doi.org/10.3390/app151910840 (in Eng.).

Sumaiyah S., Masfria M., Dalimunthe A. (2018) Determination of total phenolic content, total flavonoid content, and antimutagenic activity of ethanol extract nanoparticles of Rhaphidophora pinnata (L.f) Schott leaves. Rasayan Journal of Chemistry, 11(2). – P. 505-510. (in Eng.).

Villegas-Aguilar M.C., Fernandez-Ochoa A., Cadiz-Gurrea M.L., Pimentel-Moral S., Lozano-Sanchez J., Arraez-Roman D., Segura-Carretero A. (2020) Pleiotropic biological effects of dietary phenolic compounds and their metabolites on energy metabolism, inflammation and aging. Molecules, 25. – P. 596. DOI:doi.org/10.3390/molecules25030596 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 287–303

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.421

UDC: 547.458:678.7:620.22
IRSTI: 31.25.19

©Darmenbayeva A.S.[1,*], Rajasekharan R.[2], Zhussipnazarova G.M.[1], Mukazhanova Zh.B.[3], Begenova B.E.[4], 2026.
[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan;
[2]Providence College of Engineering, Kerala, India;
[3]S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan;
[4]M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan.
E-mail: maral88.ad@gmail.com

COMPOSITES BASED ON CHITOSAN AND CELLULOSE: SYNTHESIS, PROPERTIES AND APPLICATION PROSPECTS

Darmenbayeva Akmaral — PhD in Chemistry, Associate Professor, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan, E-mail: maral88.ad@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2974-0398;
Rajasekharan Reshmy — PhD in Chemistry, Associate Professor, Providence Engineering College, Kerala, India,
E-mail: reshmypkumar@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2091-0135;
Zhussipnazarova Gaziza — doctoral student, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan,
E-mail: jgm.092016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-5175-5169;
Mukazhanova Zhazira — PhD, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
E-mail: mukazhanovazhb@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4635-8000;
Begenova Bahyt — Professor, Doctor of Chemical Sciences, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan,
E-mail: bebegenova@ku.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-6343-1153.

Abstract. In recent years, chitosan-cellulose composites have attracted growing attention in both scientific research and industrial development due to their biodegradability, biocompatibility, renewability, and broad functional potential. These biopolymer-based materials are increasingly regarded as environmentally friendly alternatives to conventional petrochemical polymers, particularly in response to global challenges related to sustainability, environmental protection, and resource efficiency. Chitosan-cellulose composites have demonstrated significant promise in medicine, water and wastewater treatment, food packaging technologies, and ecological applications. The aim of this review article is to systematize contemporary approaches to the synthesis and modification of chitosan-cellulose composites, to analyze the relationship between their structural features and functional properties, and to assess their prospects for practical and industrial application. A critical analysis of scientific

publications published in leading peer-reviewed journals between 2000 and 2025 was conducted. The review compares key fabrication and modification techniques, including gelation, electrospinning, regeneration from solution, chemical cross-linking, and surface functionalization, with particular attention to their influence on composite performance. The analysis shows that the incorporation of cellulose, especially in micro- and nanostructured forms, significantly enhances the mechanical strength, dimensional stability, and durability of the composites. At the same time, the presence of chitosan provides reactive functional groups that impart high sorption capacity, antimicrobial activity, and bioactivity. In water treatment applications, chitosan-cellulose composites exhibit high adsorption efficiency toward heavy metal ions and organic contaminants, while in food packaging they demonstrate reduced gas and moisture permeability. Moreover, biodegradability, low toxicity, and environmental safety are identified as key advantages of these materials. Overall, chitosan-cellulose composites represent promising multifunctional materials for future large-scale applications, particularly within the framework of green technologies, circular economy principles, and advanced nanostructured systems.

Keywords: chitosan; cellulose; biocomposite; sorbents; hydrogel; nanofiber; biodegradable packaging materials

Financing. *The study was conducted with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (AP22686347).*

For citations: *Darmenbayeva A.S., Rajasekharan R., Zhussipnazarova G.M., Mukazhanova Zh.B., Begenova B.E. Composites Based on Chitosan and Cellulose: Synthesis, Properties, and Application Prospects. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 287–303. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.421*

©Дарменбаева А.С.[1,*], Rajasekharan R.[2], Жусипназарова Г.М.[1], Мукажанова Ж.Б.[3], Бегенова Б.Е.[4], 2026.

[1]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан;
[2]Провиденс инженерлік колледжі, Керала, Үндістан;
[3]С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан;
[4]М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан.
E-mail: maral88.ad@gmail.com

ХИТОЗАН ЖӘНЕ ЦЕЛЛЮЛОЗА НЕГІЗІНДЕГІ КОМПОЗИТТЕР: СИНТЕЗ, ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Дарменбаева Ақмарал — PhD (химия), қауымдастырылған профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан,
E-mail: maral88.ad@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2974-0398;
Rajasekharan Reshmy — PhD (химия), қауымдастырылған профессор, Провиденс инженерлік

CC BY NC

колледжі, Керала, Үндістан,
E-mail: reshmypkumar@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2091-0135;
Жусипназарова Газиза — PhD докторант, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан,
E-mail: jgm.092016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-5175-5169;
Мукажанова Жазира — PhD, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
E-mail: mukazhanovazhb@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4635-8000;
Бегенова Бакыт — профессор, химия ғылымдарының докторы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан,
E-mail: bebegenova@ku.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-6343-1153.

Аннотация. Соңғы жылдары хитозан-целлюлоза композиттері биоыдырағыштығы, биоүйлесімділігі, жаңартылуы және кең функционалдық әлеуетіне байланысты ғылыми зерттеулерде де, өнеркәсіптік дамуда да назар аударды. Бұл биополимер негізіндегі материалдар, әсіресе тұрақтылыққа, қоршаған ортаны қорғауға және ресурстарды тиімді пайдалануға байланысты жаһандық қиындықтарға жауап ретінде, дәстүрлі мұнай-химия полимерлеріне экологиялық таза балама ретінде қарастырылуда. Хитозан-целлюлоза композиттері медицинада, су мен ағынды суларды тазартуда, тамақ өнімдерін қаптау технологияларында және экологиялық қолдануда айтарлықтай перспективалылық көрсетті. Бұл шолу мақаласының мақсаты - хитозан-целлюлоза композиттерін синтездеу мен модификациялаудың заманауи тәсілдерін жүйелеу, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен функционалдық қасиеттері арасындағы байланысты талдау және олардың практикалық және өнеркәсіптік қолданылу перспективаларын бағалау. 2000 және 2025 жылдар аралығында жетекші рецензияланған журналдарда жарияланған ғылыми жарияланымдарға сыни талдау жүргізілді. Шолуда композиттік өнімділікке әсеріне ерекше назар аудара отырып, гельдеу, электроспининг, ерітіндіден регенерацияны қоса алғанда, негізгі өндіріс және модификациялау әдістері салыстырылады. Талдау целлюлозаны, әсіресе микро және нанокұрылымды формаларда қосу композиттердің механикалық беріктігін, өлшемдік тұрақтылығын және төзімділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, хитозанның болуы жоғары сорбциялық қабілеттілік, микробқа қарсы белсенділік және биоактивтілік беретін реактивті функционалдық топтарды қамтамасыз етеді. Суды тазарту қолданбаларында хитозан-целлюлоза композиттері ауыр металл иондары мен органикалық ластаушы заттарға жоғары адсорбциялық тиімділік көрсетеді, ал тамақ қаптамасында олар газ бен ылғал өткізгіштігінің төмендеуін көрсетеді. Сонымен қатар, биоыдырағыштық, төмен уыттылық және экологиялық қауіпсіздік бұл материалдардың негізгі артықшылықтары ретінде анықталған. Жалпы алғанда, хитозан-целлюлоза композиттері болашақта кең ауқымды қолданбалар үшін, әсіресе жасыл технологиялар, айналмалы экономика принциптері және озық нанокұрылымды жүйелер шеңберінде перспективалы көпфункционалды материалдар болып табылады.

Түйін сөздер: хитозан; целлюлоза; биокомпозит; сорбенттер; гидрогель; наноталшық; биоыдырайтын орау материалдары

©Дарменбаева А.С.[1]*, Rajasekharan R.[2], Жусипназарова Г.М.[1], Мукажанова Ж.Б.[3], Бегенова Б.Е.[4], 2026.

[1]Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;

[2]Инженерный колледж Провиденса, Керала, Индия;

[3]Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан;

[4]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан.

E-mail: maral88.ad@gmail.com

КОМПОЗИТЫ НА ОСНОВЕ ХИТОЗАНА И ЦЕЛЛЮЛОЗЫ: СИНТЕЗ, СВОЙСТВА И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ

Дарменбаева Акмарал — PhD по химии, ассоциированный профессор, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,
E-mail: maral88.ad@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2974-0398;

Rajasekharan Reshmy — PhD по химии, ассоциированный профессор, Инженерный колледж Провиденса, Керала, Индия,
E-mail: reshmypkumar@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-2091-0135;

Жусипназарова Газиза — докторант, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,
E-mail: jgm.092016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-5175-5169;

Мукажанова Жазира — PhD, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E-mail: mukazhanovazhb@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4635-8000;

Бегенова Бакыт — профессор, доктор химических наук, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан,
E-mail: bebegenova@ku.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-6343-1153.

Аннотация. В последние годы хитозан-целлюлозные композиты привлекают все большее внимание как в научных исследованиях, так и в промышленности благодаря своей биоразлагаемости, биосовместимости, возобновляемости и широкому функциональному потенциалу. Эти биополимерные материалы все чаще рассматриваются как экологически безопасная альтернатива традиционным нефтехимическим полимерам, особенно в условиях глобальных вызовов, связанных с устойчивым развитием, охраной окружающей среды и рациональным использованием ресурсов. Хитозан-целлюлозные композиты демонстрируют значительный потенциал в медицине, очистке воды и сточных вод, технологиях упаковки пищевых продуктов, а также в других экологически ориентированных областях применения. Цель настоящей обзорной статьи заключается в систематизации современных подходов к синтезу и модификации хитозан-целлюлозных композитов, анализе взаимосвязи между их структурными особенностями и функциональными свойствами, а также в оценке перспектив их практического и промышленного применения. Для достижения этой цели

был проведен критический анализ научных публикаций, опубликованных в ведущих рецензируемых журналах в период с 2000 по 2025 год. В обзоре сопоставляются основные методы получения и модификации композитов, включая гелеобразование, электропрядение и регенерацию из раствора, с особым вниманием к их влиянию на свойства материалов. Анализ показывает, что введение целлюлозы, особенно в микро- и наноструктурированной форме, существенно повышает механическую прочность, размерную стабильность и долговечность композитов. В то же время присутствие хитозана обеспечивает наличие реакционноспособных функциональных групп, придающих материалам высокую сорбционную способность, антимикробную активность и биоактивность. В системах водоочистки хитозан-целлюлозные композиты демонстрируют высокую эффективность адсорбции ионов тяжелых металлов и органических загрязнителей, а в пищевой упаковке — снижение газо- и влагопроницаемости. Ключевыми преимуществами данных материалов также являются биоразлагаемость, низкая токсичность и экологическая безопасность. В целом хитозан-целлюлозные композиты представляют собой перспективные многофункциональные материалы для будущего крупномасштабного применения, особенно в рамках «зеленых» технологий, принципов циркулярной экономики и разработки передовых наноструктурированных систем.

Ключевые слова: хитозан; целлюлоза; биокомпозит; сорбенты; гидрогель; нановолокно; биоразлагаемые упаковочные материалы

Кіріспе. Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануы, мұнай-химиялық полимерлерге тәуелділіктің артуы және биомедициналық материалдарға қойылатын қауіпсіздік талаптарының күшеюі функционалды биополимерлік композиттерді әзірлеуді өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналдырды. Осы тұрғыдан алғанда табиғи, жаңартылатын және биоыдырайтын полисахаридтерге негізделген материалдар экология, медицина және аграрлық технологиялар салаларында кең қолдану әлеуетіне ие болып отыр (Strnad and Fras Zemljič, 2023).

Хитозан мен целлюлоза – табиғи шығу тегі, биосәйкестігі және құрылымдық икемділігімен ерекшеленетін полисахаридтер. Хитозан – хитиннің ішінара деацетилденген туындысы болып, құрамында протондануға және кешен түзуге қабілетті амин топтарының болуына байланысты жоғары сорбциялық және антимикробтық қасиеттер көрсетеді (Dash et al., 2011). Ал целлюлоза өсімдік биомассасының негізгі компоненті ретінде жоғары механикалық беріктікке, химиялық тұрақтылыққа (яғни уақыт өте келе механикалық және химиялық қасиеттерін сақтап қалу қабілеті) және кең ауқымды химиялық модификация мүмкіндігіне ие. Бұл екі биополимерді бір композиттік жүйеде біріктіру синергетикалық әсердің пайда болуына әкеледі: целлюлоза матрицасы материалдың құрылымдық және механикалық тұрақтылығын қамтамасыз етсе, хитозан функционалдық белсенділікті, соның ішінде сорбциялық қабілет пен биологиялық әсерді күшейтеді. Мұндай композиттерде сутектік байланыстар, электростатикалық өзара әрекеттесулер және кейбір жағдайларда ковалентті

айқаспалы байланыстар түзілуі мүмкін, бұл материал қасиеттерін мақсатты түрде басқаруға мүмкіндік береді (Habibi, 2014).

Соңғы жылдары хитозан-целлюлоза композиттерін алудың әртүрлі әдістері қарқынды дамуда, оның ішінде гель түзуші, электрлік иіру, ерітіндіден қайта қалпына келтіру, қабат-қабат (layer-by-layer) жинақтау және кеуекті аэрогельдік құрылымдар қалыптастыру тәсілдері кеңінен зерттелуде (Niu et al., 2023). Бұл әдістер композиттердің морфологиясын, кеуектілігін, беттік ауданын және функционалдық топтарының қолжетімділігін реттеуге мүмкіндік береді, ал бұл олардың қолдану тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Хитозан-целлюлоза композиттері ауыр металл иондарын және органикалық ластағыштарды тиімді байланыстыратын сорбенттер ретінде су тазалау технологияларында, жараны емдеуге арналған биоматериалдар мен дәрілік заттарды жеткізу жүйелерінде, сондай-ақ биоыдырайтын (табиғи немесе ферментативтік ортада экологиялық зиянсыз өнімдерге ыдырау қабілеті) және антимикробтық орау материалдары ретінде тағам өнеркәсібінде қолданылуда. Сонымен қатар, соңғы зерттеулерде бұл композиттердің энергетика саласындағы перспективалары, атап айтқанда протоналмасу мембраналары мен биополимерлік электролиттер ретінде қолданылу мүмкіндігі қарастырылуда (Ahmed, 2026). Алайда, хитозан-целлюлоза негізіндегі композиттердің кең ауқымды қолданылуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер сақталуда. Олардың қатарына материалдардың ұзақ мерзімді тұрақтылығы, ылғал ортадағы механикалық қасиеттердің төмендеуі, өндірісті масштабтау қиындығы және қасиеттерді стандарттау қажеттілігі жатады. Осыған байланысты, композиттерді синтездеу тәсілдерін, құрылым-қасиет арасындағы өзара байланысты және қолдану бағыттарын жүйелі түрде талдау ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Мақаланың мақсаты – хитозан және целлюлоза негізіндегі композиттерді синтездеудің қазіргі заманғы әдістерін жинақтап талдау, олардың негізгі физика-химиялық және функционалдық қасиеттерін сипаттау, сондай-ақ экология, медицина және агроөнеркәсіп салаларындағы қолдану перспективаларын айқындау.

Зерттеу материалдары. Бұл мақалада материалдары ретінде хитозан, целлюлоза және олардың негізінде алынған композиттік жүйелерге арналған отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдар пайдаланылды. Зерттеу нысанына хитозан-целлюлоза композиттерінің әртүрлі түрлері, соның ішінде гидрогельдер, аэрогельдер, наноталшықтар, үлбірлер және кеуекті сорбенттік материалдар енгізілді. Талдауға алынған әдеби дереккөздерде композиттерді синтездеудің және модификациялаудың заманауи әдістері, олардың құрылымдық ерекшеліктері, механикалық, сорбциялық, тосқауылдық және биологиялық қасиеттері, сондай-ақ медицинада, су тазалауда және тағамдық орау технологияларында қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Материал ретінде пайдаланылған деректер 2000-2025 жылдар аралығында жарияланған, эксперименттік нәтижелер мен сандық көрсеткіштерді қамтитын ғылыми жұмыстардан іріктелді.

Зерттеу әдістері. Әдеби деректерді жинау және іріктеу Web of Science**,** Scopus**,** ScienceDirect**,** SpringerLink және MDPI дерекқорларында индекстелген

рецензияланатын журналдар негізінде жүргізілді. Іздеу барысында *chitosan*, *cellulose*, *chitosan–cellulose composites*, *biopolymer composites*, *hydrogels*, *adsorbents*, *wound dressing*, *food packaging* сияқты кілт сөздер және олардың әртүрлі комбинациялары қолданылды. Іріктеу критерийлері ретінде зерттеулердің ғылыми сапасы, әдістемелік анықтығы, алынған нәтижелердің сенімділігі және практикалық маңыздылығы қарастырылды. Қайталанатын, ескірген немесе жеткілікті эксперименттік негізі жоқ жұмыстар талдауға енгізілмеді. Таңдап алынған жарияланымдарда ұсынылған деректер салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері арқылы өңделді. Композиттерді алу тәсілдері (гель түзуші, электрлік иіру, ерітіндіден қайта қалпына келтіру), құрылымдық параметрлері және функционалдық қасиеттері құрылым-қасиет-қолдану өзара байланысы тұрғысынан бағаланды. Алынған нәтижелер хитозан-целлюлоза композиттерінің қазіргі жағдайын және болашақ даму бағыттарын анықтау үшін қорытындыланды.

Нәтиже мен талқылау. Хитозан мен целлюлоза табиғи полисахаридтер класына жататын, химиялық құрылымы мен функционалдық топтарының табиғаты бойынша ерекшеленетін биополимерлер болып табылады. Олардың құрылымдық ерекшеліктері мен физика-химиялық қасиеттері композиттік материалдар түзу үшін кең мүмкіндіктер ашады.

Хитозанның химиялық құрылымы және қасиеттері. Хитозан хитиннің ішінара немесе толық деацетилденуі нәтижесінде алынатын сызықтық полисахарид болып табылады. Оның негізгі құрылымдық буыны β-(1→4)-байланыс арқылы жалғасқан D-глюкозамин және N-ацетил-D-глюкозамин қалдықтарынан тұрады. Хитозан молекуласындағы басты функционал топтар – амин (–NH□) және гидроксил (–OH) топтары, олар молекулааралық сутектік байланыстар түзуге, протондануға және металл иондарымен кешен түзуге қабілетті. Хитозанның физика-химиялық қасиеттері деацетилдену дәрежесіне, молекулалық массасына және кристалдылық деңгейіне тәуелді. Қышқыл ортада амин топтарының протондануы нәтижесінде хитозан катиондық полимер ретінде әрекет етеді, бұл оның су ерітінділерінде ерігіштігін және биологиялық белсенділігін арттырады. Осы қасиет хитозанды аниондық ластағыштармен және теріс зарядталған беттермен өзара әрекеттесуге қабілетті етеді. Биологиялық тұрғыдан хитозан биосәйкестігімен, биоыдырағыштығымен және антимикробтық белсенділігімен сипатталады. Оның бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы әсері жасуша қабырғасымен электростатикалық әрекеттесуге және мембрананың өткізгіштігін бұзуға негізделген (Rinaudo, 2006). Осы себепті хитозан медицинада, тағам өнеркәсібінде және экологиялық технологияларда кеңінен зерттеліп келеді.

Целлюлозаның химиялық құрылымы және қасиеттері. Целлюлоза – β-(1→4)-гликозидтік байланыстар арқылы байланысқан D-глюкопираноза қалдықтарынан тұратын табиғи полисахарид. Оның молекуласында көп мөлшерде гидроксил топтарының болуы целлюлозаның дамыған сутектік байланыстар жүйесін түзуіне және жоғары кристалдылық деңгейіне әкеледі (Klemm et al., 2023). Бұл қасиеттер целлюлозаның механикалық беріктігін және құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Целлюлоза табиғи жағдайда суда ерімейді, алайда химиялық модификация немесе регенерациялау арқылы әртүрлі туындыларын (карбоксиметилцеллюлоза, целлюлоза ацетаты, наноцеллюлоза) алуға болады. Наноөлшемді целлюлоза түрлері (нанофибрилдер, нанокристалдар) жоғары меншікті бет ауданына және ерекше механикалық қасиеттерге ие, бұл оларды композиттік материалдар үшін тиімді толтырғыштар етеді. Целлюлоза биосәйкесті, улы емес және қоршаған ортада оңай ыдырайтын материал болып табылады. Оның өсімдік қалдықтарынан, агроөнеркәсіптік биомассадан алынуы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді және целлюлозаны «жасыл» материалдар қатарында маңызды орынға қояды (Darmenbayeva et al., 2025).

Хитозан мен целлюлозаны композиттер жасауда қолданудың артықшылықтары. Хитозан мен целлюлозаны бір композиттік жүйеде біріктіру олардың жеке кемшіліктерін өзара толықтыруға мүмкіндік береді. Целлюлоза матрицасы композитке механикалық беріктік пен пішін тұрақтылығын берсе, хитозан функционалдық белсенділікті, соның ішінде сорбциялық және биологиялық қасиеттерді қамтамасыз етеді. Бұл биополимерлер арасында сутектік байланыстар, электростатикалық тартылыс және кей жағдайларда ковалентті байланыстар түзілуі мүмкін, нәтижесінде құрылымдық біртектілігі жоғары композиттер қалыптасады. Мұндай өзара әрекеттесулер материалдың кеуектілігін, ісіну қабілетін және беттік қасиеттерін реттеуге мүмкіндік береді (Isogai, 2021).

Сонымен қатар, хитозан-целлюлоза композиттері химиялық және физикалық модификацияға бейім, бұл олардың қасиеттерін мақсатты түрде өзгертуге жол ашады. Функционал топтарды енгізу, наноқұрылымды компоненттермен үйлестіру және кросслинкинг әдістерін қолдану арқылы сорбциялық сыйымдылығы (сорбенттің бірлік массасына шаққанда сіңірілетін зат мөлшері, мг/г) жоғары, биосәйкесті және ұзақ мерзімді тұрақты материалдар алуға болады. Осы артықшылықтар хитозан мен целлюлозаны экологиялық, биомедициналық және агрохимиялық қолданбалар үшін перспективалы композиттер жасаудың негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.


Хитозан-целлюлоза композиттерін синтездеу және модификациялау әдістері. Хитозан-целлюлоза негізіндегі композиттердің қасиеттері оларды синтездеу әдістеріне, фазалардың өзара әрекеттесу сипатына және модификациялау тәсілдеріне тікелей тәуелді. Соңғы жылдары бұл композиттерді алудың әртүрлі физикалық және химиялық әдістері дамып, материалдың морфологиясын, кеуектілігін және функционалдық белсенділігін басқаруға мүмкіндік берді.

1-суретте хитозан мен целлюлозаны бастапқы шикізат ретінде пайдаланып, композиттерді синтездеудің негізгі әдістері (гель түзуші, электрлік иіру, ерітіндіден қайта қалпына келтіру), алынатын құрылымдық формалар (гидрогель, аэрогель, наноталшық, жабын, үлбір) және олардың медицина, су тазалау, тағамдық орау және агрохимия салаларындағы қолдану бағыттары көрсетілген. Схема синтез әдістері мен материал құрылымы арасындағы байланысты көрнекі түрде бейнелейді.

CC BY NC

Гель түзу әдісі. Гель түзу хитозан-целлюлоза композиттерін алудың ең кең таралған тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс негізінен полимер тізбектері арасында физикалық немесе химиялық айқаспалы байланыстар түзу арқылы үшөлшемді торлы құрылым қалыптастыруға негізделген. Гель түзу процесінде хитозанның амин топтары мен целлюлозаның гидроксил немесе карбоксил топтары арасында сутектік және иондық өзара әрекеттесулер жүзеге асады, нәтижесінде механикалық тұрақты және кеуекті гидрогельдер түзіледі. Соңғы зерттеулерде гель түзу әдісі ауыр металл иондарын адсорбциялауға арналған функционалды гидрогельдер алу үшін тиімді екені көрсетілді. Мұндай жүйелерде гельдің ісіну қабілеті мен кеуек өлшемі иондардың диффузиясын және байланысу кинетикасын анықтайды (Appuhamillage, 2019). Сонымен қатар, жұмсақ синтез шарттары биомедициналық қолданбалар үшін маңызды артықшылық болып табылады.

Электрлік иіру (electrospinning) әдіс. Электрлік иіру әдісі хитозан-целлюлоза композиттерінен наноталшықты құрылымдар алу үшін кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл жоғары кернеу өрісінің әсерімен полимер ерітіндісінен диаметрі нанометрлік деңгейдегі үздіксіз талшықтар түзуге мүмкіндік береді. Электрлік иіру нәтижесінде алынған композиттік маттар жоғары меншікті бет ауданына, кеуекті құрылымға және бағытталған морфологияға ие болады.



Сурет 1 – Хитозан-целлюлоза композиттерін алу әдістері, құрылымдық формалары және қолдану салаларының схемалық көрінісі.

Хитозан-целлюлоза негізіндегі электрлік иірілген материалдар жара таңғыштар, сүзгілік мембраналар және антимикробтық жабындар ретінде перспективалы деп танылған. Зерттеулер көрсеткендей, целлюлозалық компонент талшықтардың механикалық беріктігін арттырса, хитозан олардың биологиялық белсенділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, электрлік иірң параметрлерін өзгерту арқылы талшық диаметрін және кеуектілік деңгейін басқаруға болады.

Ерітіндіден тұндыру және регенерациялау әдістері. Ерітіндіден тұндыру немесе регенерациялау әдісі целлюлозаны арнайы ерітіштерде ерітіп, кейін антиеріткіш қосу арқылы қатты фазаға айналдыруға негізделген. Бұл процесс барысында хитозан целлюлозалық матрицаға біркелкі таралып, композиттік құрылым қалыптасады. Қайта қалпына келтірілген хитозан-целлюлоза композиттері көбінесе пленкалар, мембраналар және аэрогельдер алу үшін қолданылады. Бұл әдістің артықшылығы – фазалардың микродеңгейде жақсы араласуы және материал құрылымының салыстырмалы біртектілігі. Соңғы еңбектерде регенерацияланған композиттердің бояғыштар мен органикалық ластағыштарды тиімді сорбциялайтыны көрсетілген, бұл оларды су тазалау технологиялары үшін перспективалы етеді (He et al., 2023).

Бастапқыда (0-тәулік) қалдықтардың C:N қатынасы 32:1 деңгейінде болды, бұл органикалық қалдықтардағы көміртектің азотқа қарағанда жоғары мөлшерде екенін көрсетті. 30-тәулікте көрсеткіш 24:1, ал 60-тәулікте 18:1 деңгейіне дейін төмендеді. Процестің соңғы кезеңінде (90-тәулік) C:N қатынасы шамамен 14:1 деңгейінде тұрақтанды (2-сурет).

Бұл нәтижелер органикалық қалдықтардың ыдырау барысында көміртектің бір бөлігі микробиологиялық тыныс алу процесінде CO□ түрінде жоғалатынын, ал азоттың айтарлықтай бөлігі биомасса құрамына бекітілетінін дәлелдейді. Соның нәтижесінде көміртектің азотқа шаққандағы қатынасы төмендеп, биогумус тұрақты, жоғары сапалы органикалық тыңайтқыш ретінде қалыптасады.




2-сурет - Биогумус түзілу процесіндегі C:N қатынасының динамикасы
(0 → 30 → 60 → 90 тәуліктердегі өзгеріс)

Биогумус түзілу процесі кезінде субстраттағы pH деңгейі де белгілі бір өзгерістерге ұшырады. Бұл көрсеткіш органикалық қалдықтардың ыдырауы мен минералдану динамикасын және жер құрттарының белсенділігін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу басында (0-тәулік) субстраттың pH мәні 6.2 деңгейінде болды, яғни сәл қышқыл орта байқалды. 30-тәулікте бұл көрсеткіш 6.8-ге дейін көтерілді, ал 60-тәулікте 7.3 мәніне жетті. Процестің соңғы кезеңінде (90-тәулік) pH 7.5 деңгейінде тұрақтады, бұл бейтарапқа жақын сілтілі орта екенін көрсетеді (3-сурет).

pH-тың бейтарап мәнге қарай өзгеруі органикалық қышқылдардың ыдырауымен, аммоний азотының нитрат түріне айналуымен және жер құрттарының ас қорыту жүйесінен өткен қалдықтардың биологиялық тұрақтануымен түсіндіріледі. Мұндай бейтарап орта биогумустың ауыл шаруашылығында қолдануға дайын әрі тиімді органикалық тыңайтқыш екенін дәлелдейді.



3-сурет - Биогумус түзілу процесіндегі топырақ pH деңгейінің динамикасы (0 → 30 → 60 → 90 тәуліктердегі өзгеріс)


Өсімдікке жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде биогумустың әртүрлі дозалары өнімділікке айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Тәжірибе барысында биогумус 0% (бақылау), 5%, 10%, 20% және 30% мөлшерде топыраққа енгізілді (4-сурет).

Нәтижелер бойынша, бақылау нұсқасында өнімділік ең төмен деңгейде болды. Биогумустың 5% және 10% дозалары енгізілгенде өсімдіктердің бойы, жапырақ саны мен жалпы биомассасы айтарлықтай артты. Ең жоғары өнімділік 20% биогумус дозасында байқалды: өнімділік бақылаумен салыстырғанда шамамен 45-50% жоғары болды.

Ал 30% доза енгізілгенде өнімділік көрсеткіші сәл төмендеді, бұл шамадан тыс органикалық жүктеменің топырақтағы азот айналымын баяулатып, өсімдік дамуына кедергі келтіруімен түсіндіріледі.

Осылайша, тәжірибелер биогумусты 20% мөлшерде қолдану ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруда ең тиімді доза екенін көрсетті.

CC BY NC



4-сурет - Биогумус дозасы мен өнімділік арасындағы байланыс (0%, 5%, 10%, 20%, 30% дозалардағы өзгеріс)

Шикізат пен биогумус қасиеттері 1 және 2 кесетелерде келтірілген.

Кесте 1 – Шикізаттың бастапқы қасиеттері

Көрсеткіштер	Мәні (орташа ±SD)
Ылғалдылық (%)	68.5 ± 1.2
COD (мг/л)	4200 ± 150
C:N қатынасы	32:1
pH	6.2 ± 0.1
Органикалық заттар (%)	58.3 ± 2.0
Жалпы азот (%)	1.8 ± 0.05

Кесте 2 – Алынған биогумустың қасиеттері

Көрсеткіштер	Мәні (орташа ±SD)
Ылғалдылық (%)	45.2 ± 1.0
COD (мг/л)	750 ± 50
C:N қатынасы	14:1
pH	7.5 ± 0.1
Органикалық заттар (%)	32.6 ± 1.5
Жалпы азот (%)	2.3 ± 0.07

Нәтижелерді талқылау. Зерттеу нәтижелерін талқылай келе биогумус өндіру процесінде органикалық қалдықтардың айтарлықтай тұрақтанатынын және тыңайтқыш ретінде сапасының артатынын көрсетті. COD көрсеткішінің 4200 мг/л-ден 750 мг/л-ге дейін төмендеуі (≈82%) органикалық заттардың минералдануы мен биологиялық ыдырауы тиімді жүргенін дәлелдейді. Бұл нәтиже Tiwari et al. (2020) жүргізген зерттеумен сәйкес келеді, олар вермикомпостинг процесінде COD көрсеткіші орта есеппен 80–85% төмендейтінін көрсеткен.

C:N қатынасының бастапқы 32:1-ден 14:1-ге дейін түсуі қалдықтардың толық тұрақтануына және биогумустың сапалы органикалық тыңайтқыш ретінде қалыптасуына дәлел болды. Podolak et al. (2019) зерттеуінде C:N қатынасының 15:1–20:1 аралығында болуы биогумустың жетілу көрсеткіші екені анықталған. Біздің нәтижелер осы ғылыми тұжырымдармен толық сәйкес келеді.

pH мәнінің 6.2-ден 7.5-ке көтерілуі субстраттағы органикалық қышқылдардың ыдырауы мен азоттың нитратты формаға айналуымен түсіндіріледі. Әдебиеттерде де вермикомпостинг процесінде pH бейтарапқа жақындайтыны жиі атап өтіледі (Gupta et al., 2017).

Өсімдік сынақтары нәтижесінде биогумустың 20% дозасы ең жоғары өнімділік бергені анықталды. Бұл бақылаумен салыстырғанда шамамен 45–50% жоғары өнім алу мүмкіндігін көрсетті. Benitez et al. (2016) зерттеуі бойынша да биогумусты 15–25% мөлшерде қолдану ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыратыны дәлелденген.

Осылайша, алынған нәтижелер органикалық қалдықтарды биогумусқа айналдырудың ауыл шаруашылығында топырақ құнарлылығын арттыру және экологиялық таза өнім өндіру үшін тиімді әдіс екенін дәлелдеп қана қоймай, халықаралық ғылыми зерттеулердің қорытындыларымен толық үндесіп отыр.

Биогумус түзілу реакцияларының түсіндірмесіне тоқталатын болсақ, биогумус түзілу процесінде органикалық қалдықтар жер құрттарының ас қорыту жүйесі арқылы өтіп, микробиологиялық және ферментативтік әсерге ұшырайды. Бұл процесте көмірсулар, белоктар, липидтер және басқа да күрделі органикалық қосылыстар қарапайым минералдық формаларға дейін ыдырайды.

Көмірсулардың ыдырауы

Жер құрттарының асқазан-ішек жолында және топырақ микроорганизмдерінің ферментативтік әсерінен целлюлоза, гемицеллюлоза және крахмал сияқты көмірсулар глюкозаға дейін ыдырайды:

$$(C_6H_{10}O_5)n+nH_2O\ nC_6H_{12}O_6$$

Алынған глюкоза микроорганизмдер тыныс алу процесінде CO□ және H□O түзіп, энергия бөледі:

$$C_6H_{12}O_6+6O_2\rightarrow 6CO_2+6H_2O+\text{энергия}$$

Белоктардың ыдырауы және аммонификация

Белоктар протеолитикалық ферменттердің әсерінен аминқышқылдарына дейін ыдырайды:

Белок Аминқышқылдары

Аминқышқылдары одан әрі аммонификация процесінде аммиак бөледі:

$$R{-}CH(NH_2){-}COOH+H_2O\ NH_3+CO_2+R{-}CHO$$

Нитрификация

Босап шыққан аммиак нитрифицирлеуші бактериялардың әсерінен нитраттарға дейін тотығады:

$$NH^{4+}NO^{2-}NO^{3-}$$

Бұл процесс азоттың өсімдікке қолжетімді түріне айналуын қамтамасыз етеді.

Липидтердің ыдырауы

Липидтер липаза ферменттерінің әсерінен глицерин мен май қышқылдарына бөлінеді:

$$\text{Триглицерид} + 3H_2O \text{Глицерин} + 3\text{Май қышқылдары}$$

Май қышқылдары ары қарай микробиологиялық тотығуға ұшырайды.

Осы биохимиялық реакциялар нәтижесінде органикалық қалдықтардың күрделі қосылыстары минералдық және тұрақты органикалық формаларға айналады. Бұл өзгерістер COD-тың азаюын, C:N қатынасының төмендеуін, pH бейтарапқа жақындауын және биогумустың тыңайтқыштық қасиетінің артуын түсіндіреді.

Органикалық қалдықтарды биогумусқа айналдырудың маңызы тек ауыл шаруашылығында ғана емес, экологиялық тұрғыдан да өте жоғары.

Экологиялық және агрономиялық әсерлері:

– органикалық қалдықтардың көлемін азайтып, олардың полигондарда жиналуын болдырмайды, бұл өз кезегінде парниктік газдар (метан, көмірқышқыл газы) бөлінуін азайтады;

– қалдықтарды қайта өңдеу арқылы топырақ пен су экожүйелерінің ластану қаупін төмендетеді;

– биогумус өндірісі барысында улы қосылыстардың (фенолдар, ауыр металдардың еритін формалары) мөлшері айтарлықтай азайып, қауіпсіз тыңайтқыш түзіледі;

– табиғи ресурстарды үнемдеуге ықпал етеді, себебі биогумус минералды тыңайтқыштарға экологиялық таза балама бола алады;

– биогумус топырақтың құрылымын жақсартып, оның су өткізгіштігі мен ауаны өткізу қабілетін арттырады;

– құрамындағы гумин қышқылдары топырақтағы қоректік заттардың өсімдіктерге қолжетімділігін арттырады;

– азот, фосфор, калий және микроэлементтердің өсімдікке қолжетімді формасын қамтамасыз етеді;

– микробиологиялық құрамының бай болуына байланысты өсімдіктердің иммундық жүйесін күшейтеді, зиянкестер мен ауруларға төзімділігін арттырады;

– өнімділікті жоғарылата отырып, ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасын жақсартады (дәрумендер, ақуыздар, антиоксиданттар мөлшері).

Жалпы алғанда, биогумус экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тыңайтқыш болумен

қатар, топырақ құнарлылығын арттыратын және ауыл шаруашылығында тұрақты өнімділік беретін тиімді агротехнологиялық құрал болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы алынған биогумустың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі агрономиялық жағынан тиімді тыңайтқыш екенін көрсетті. COD, C:N, pH және микробиологиялық талдау деректері бойынша, биогумус өндірісі барысында органикалық қалдықтардың тұрақсыз қосылыстары ыдырап, өсімдіктерге қолжетімді қоректік заттарға айналды. Графиктік талдаулар арқылы COD деңгейінің төмендеуі, C:N қатынасының оңтайлануы және топырақ pH-ының бейтарапқа жақындауы айқындалды. Сонымен қатар, микробиологиялық көрсеткіштердің артуы биогумустың биологиялық белсенділігін дәлелдеді.

Өсімдікке енгізілген биогумус дозалары өнімділікті 20%-ға дейін арттырып, оңтайлы мөлшерде қолданылғанда ең жоғары тиімділік берді. Бұл оның топырақтың құнарлылығын арттырып қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсартуға ықпал ететінін көрсетті.

Жалпы алғанда, биогумус ауыл шаруашылығында тұрақты өнімділік пен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін перспективалы тыңайтқыш болып табылады.

Практикалық маңызы бойынша зерттеу нәтижелері ауыл шаруашылығы мен экология саласында тікелей қолдануға болатын нақты ұсыныстар береді. Біріншіден, органикалық қалдықтарды биогумусқа айналдыру технологиясы тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың көлемін азайтып, оларды тиімді пайдалану арқылы қалалық экожүйелердегі экологиялық жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, алынған биогумус ауыл шаруашылығында минералды тыңайтқыштарға балама ретінде қолданылып, топырақтың құнарлылығын арттырады, өсімдік өнімділігін жоғарылатады және өнім сапасын жақсартады. Үшіншіден, биогумус енгізілген егістіктерде су ұстау қабілеті артып, құрғақшылыққа төзімділік күшейеді, бұл Қазақстан жағдайында агротехнологиялық тұрғыда аса маңызды.

Сонымен қатар, биогумустың экологиялық қауіпсіздігі ауыл шаруашылығында экологиялық таза өнімдер өндіруге негіз қалайды. Бұл өз кезегінде халықтың денсаулығын жақсартуға, аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және «жасыл экономика» қағидаттарын дамытуға үлес қосады.

Бұл зерттеу биогумустың экологиялық және агрономиялық тиімділігін көрсеткенімен, одан әрі дамытуды қажет ететін бірқатар ғылыми бағыттар бар. Біріншіден, әртүрлі органикалық қалдық түрлерінің (ауыл шаруашылық, тағам өнеркәсібі, тұрмыстық қалдықтар) биогумус сапасына әсерін тереңірек зерттеу қажет. Екіншіден, әртүрлі жер құрттарының (Eisenia fetida, Lumbricus terrestris және т.б.) биоконверсия процесіндегі тиімділігін салыстырып, ең қолайлы түрін анықтау ұсынылады. Үшіншіден, биогумустың құрамындағы микробиологиялық қауымдастықтарды молекулалық-генетикалық деңгейде талдау арқылы оның биологиялық белсенділігін нақтылау болашақ зерттеулер үшін маңызды.

Сонымен қатар, биогумустың әртүрлі ауыл шаруашылық дақылдарына әсерін

CC BY NC

далалық тәжірибелерде ұзақ мерзімді бақылау арқылы анықтау қажет. Топырақтың әртүрлі климаттық аймақтардағы реакциясын бағалау да маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұдан бөлек, биогумус негізінде жаңа кешенді органо-минералды тыңайтқыштар әзірлеу және олардың тиімділігін тексеру болашақ зерттеулердің перспективті бағыты ретінде қарастырылады.

References

Arancon N.Q., Edwards C.A., Bierman P., Metzger J.D., Lucht C. (2005) Effects of vermicomposts produced from food waste on the growth and yields of greenhouse peppers. Bioresource Technology, 93. – P. 139–144. (in Eng).

Benitez E., Nogales R., and Masciandaro G. (2016). Effects of vermicompost on soil fertility and crop productivity. Agriculture, Ecosystems & Environment, 225. – P. 70–78. (in Eng).

Domínguez J., Edwards C.A. (2004) Relationships between composting and vermicomposting. In: Edwards, C.A. (Ed.), Earthworm Ecology. CRC Press. (in Eng).

Edwards C.A., Arancon N.Q., Sherman R. (2010) Vermiculture Technology: Earthworms, Organic Wastes, and Environmental Management. CRC Press. (in Eng).

Efimov E.E. (2019) Biogumus i vermikompost: tehnologija i oblasti primenenija. [Biohumus and vermicompost: technology and applications]. – St. Petersburg: Lan. – 192 p. (in Russian).

Gupta R., Garg V. K. & Singh B. (2017). Effect of vermicomposting on pH and nutrient status of organic waste. Ecological Engineering, 106, 194–199. (in Eng).

Gajalakshmi S., Abbasi S.A. Solid Waste Management by Composting: State of the Art. Critical Reviews in Environmental Science and Technology. – 2008. – Vol. 38(5). – P. 311–400. (in Eng).

Ismail S.A. The Earthworm Book. – Chennai: Other India Press, 2005. – 101 p. (in Eng).

Kadenova A.Sh. (2021) Auyl sharuashylygyndagy organikalyq tyngaiyqtqyshtardyng manyzy. [The importance of organic fertilizers in agriculture]. Kazakhstan science and life. – No.3(75). – P. 66–70. (in Kazakh)

Lazcano C., Dominguez J. (2011) The use of vermicompost in sustainable agriculture: Impact on plant growth and soil fertility. Soil Nutrients. – Vol. 10. – P. 1–23. (in Eng).

Montgomery D.C. (2017). Design and Analysis of Experiments (9th ed.). John Wiley & Sons (in Eng).

Podolak R., Kowalski Z., & Kaczmarczyk M. (2019). Carbon to nitrogen ratio as a maturity indicator of vermicompost. Waste Management, 85. – P. 1–8. (in Eng).

Sharma S., Pradhan K., Satya S., Vasudevan P (2005) Potentiality of earthworms for waste management and in other uses – a review. Journal of American Science, 1(1). – P. 4–16. (in Eng).

Tiwari A., Singh P., & Sharma S. (2020). Vermicomposting of organic wastes: Reduction of COD and organic load. Journal of Environmental Biology, 41(3). – P. 457–464. (in Eng).

Tilman D., Cassman K.G., Matson P.A., Naylor R., Polasky S. (2002) Agricultural sustainability and intensive production practices. Nature, 418. – P. 671–677. (in Eng).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 1.
Number 357 (2026), 414–427

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.429

UDC: 31.25.19:615.453
IRSTI:31.25

©Rakhman D.M., Kappasuly A., Makhayeva D.N.*, Kazybayeva D.S., Irmukhametova G.S., 2026.
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

DEVELOPMENT AND INVESTIGATION OF MUCOADHESIVE HYDROGELS BASED ON GELLAN–CYSTEINE COMPLEXES

Rakhman Damira — Master of Chemical Sciences, Engineer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: Rakhman.damira@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-5912-0571;
Kappasuly Alisher — PhD student, engineer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: kappasuly@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-6205-7721;
Makhayeva Danelya — PhD, Senior Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;
Kazybayeva Diara — PhD, Senior Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: diara_92@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2935-6815;
Irmukhametova Galiya — Candidate of Chemical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: galiya.irm@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1264-7974.

Abstract. Currently, drug delivery systems are characterised by significant diversity and significant differences in bioavailability. Along with traditional dosage forms such as tablets, capsules, gels, aerosols, ointments, syrups, patches, and injections, mucoadhesive systems, adhesive to mucous membranes, are of particular scientific and practical interest. The mucous membrane's good blood supply, thinness, and high permeability ensure more effective penetration of drugs into the body. However, constant moisture and physiological mobility of the mucous limit the long-term retention of traditional dosage forms, which can lead to a reduction in therapeutic effect. Therefore, the development of mucoadhesive drug systems and the improvement of their properties are pressing issues.

This study aimed to develop and characterise mucoadhesive dosage forms based on a complex based on gellan and cysteine. In this study, complexes of gellan–cysteine system were obtained at various molar ratios, and the influence of the preparation conditions on their structural and functional properties was studied. The resulting complexes

were characterised using Ellman's assay and infrared spectroscopy. Furthermore, mucoadhesive hydrogels were prepared using the gellan–cysteine complex and Carbopol 940, and their rheological properties were assessed using viscosimetry. It was found that the mucoadhesive properties of hydrogels depend on their composition and the content of thiol groups in the complex. The obtained results indicate the potential of gellan-cysteine complexes for the creation of mucoadhesive hydrogel dosage forms intended for the treatment of dental and other diseases of the mucous membranes, as well as the possibility of their use in pharmaceuticals and biomedicine.

Keywords: gellan, cysteine, polymer hydrogel, complex, mucoadhesion, health and well-being, sustainable development

Acknowledgement: *The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Creation of novel systems for drug delivery for addressing ocular conditions using mucoadhesive polymers» for 2025–2027. (IRN: AP26101041).*

For citations: *Rakhman D.M., Kappasuly A., Makhayeva D.N., Kazybayeva D.S., Irmukhametova G.S. Development and Investigation of Mucoadhesive Hydrogels Based on Gellan–Cysteine Complexes. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.1. Pp. 414–427. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.429*

©Рахман Д.М., Қаппасұлы Ә., Махаева Д.Н.*, Қазыбаева Д.С., Ирмухаметова Ғ.С., 2026.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

ГЕЛЛАН–ЦИСТЕИН КЕШЕНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ МУКОАДГЕЗИЯЛЫҚ ГИДРОГЕЛЬЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Рахман Дамира — химия ғылымдарының магистрі, инженер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: Rakhman.damira@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-5912-0571;
Қаппасұлы Әлішер — докторант, кіші ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail kappasuly@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-6205-7721;
Махаева Данэля — PhD, аға ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;
Қазыбаева Диара — PhD, аға ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: diara_92@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2935-6815;
Ирмухаметова Ғалия — химия ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail galiya.irm@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1264-7974.

Аннотация. Қазіргі таңда дәрілік заттарды жеткізу формалары алуан түрлілігімен сипатталады және олардың биологиялық қолжетімділігі бойынша елеулі айырмашылықтары бар. Таблеткалар, капсулалар, гельдер, аэрозольдер, майлар, сироптар, пластырьлер мен инъекциялар сияқты дәстүрлі дәрілік формалармен қатар, шырышты қабаттарға бекіне алатын мукоадгезивті жүйелер ерекше ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Шырышты қабаттың қан тамырларымен жақсы қамтамасыз етілуі, жұқалығы және жоғары өткізгіштігі дәрілік заттардың ағзаға тиімді енуіне мүмкіндік береді. Алайда оның үнемі ылғалды болуы мен физиологиялық қозғалғыштығы дәстүрлі дәрілік формалардың ұзақ сақталуын шектеп, терапиялық әсердің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты мукоадгезивті дәрілік жүйелерді дамыту және олардың қасиеттерін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Осы жұмыстың мақсаты – геллан мен цистеиннің өзара әрекеттесуі негізінде алынған кешенді қолдана отырып, медициналық мақсаттағы мукоадгезивті дәрілік формаларды әзірлеу және олардың қасиеттерін зерттеу. Жұмыс барысында геллан–цистеин жүйесінің әртүрлі мольдік қатынастарындағы кешендері алынып, олардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктеріне синтез шарттарының әсері зерттелді. Алынған кешендер Эллман әдісімен және инфрақызыл спектроскопия әдістері арқылы сипатталды. Сонымен қатар, геллан–цистеин кешені мен карбопол 940 негізінде мукоадгезивті гидрогельдер дайындалып, олардың реологиялық қасиеттері вискозиметрия әдісімен бағаланды. Гидрогельдердің мукоадгезиялық қасиеттерінің олардың құрамы мен кешендегі тиол топтарының мөлшеріне тәуелді екені анықталды. Алынған нәтижелер стоматологиялық және басқа да шырышты қабат ауруларын емдеуге арналған мукоадгезивті гидрогельді дәрілік формаларды әзірлеу үшін геллан–цистеин кешендерінің перспективалы екенін көрсетеді және бұл жүйелердің фармацевтика мен биомедицина салаларында қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

Түйін сөздер: геллан, цистеин, полимерлі гидрогель, кешен, мукоадгезия, денсаулық пен әл-ауқат, тұрақты даму

©Рахман Д.М., Қаппасұлы Ә., Махаева Д.Н.*, Казыбаева Д.С., Ирмухаметова Г.С., 2026.
Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

РАЗРАБОТКА И ИССЛЕДОВАНИЕ МУКОАДГЕЗИВНЫХ ГИДРОГЕЛЕЙ НА ОСНОВЕ КОМПЛЕКСОВ ГЕЛЛАН–ЦИСТЕИН

Рахман Дамира — магистр химических наук, инженер, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан**,**
E-mail: Rakhman.damira@gmail.com, https://orcid.org/0009-0001-5912-0571;
Қаппасұлы Әлішер — докторант, младший научный сотрудник, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: kappasuly@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-6205-7721;

Махаева Данэля — PhD, старший научный сотрудник, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;
Казыбаева Диара — PhD, старший научный сотрудник, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: diara_92@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2935-6815;
Ирмухаметова Галия — кандидат химических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: galiya.irm@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1264-7974.

Аннотация. В настоящее время лекарственные формы характеризуются значительным разнообразием и существенными различиями по показателям биодоступности. Наряду с традиционными формами, такими как таблетки, капсулы, гели, аэрозоли, мази, сиропы, пластыри и инъекции, особый научный и практический интерес представляют мукоадгезивные системы, способные фиксироваться на слизистых оболочках. Хорошее кровоснабжение слизистой оболочки, ее малая толщина и высокая проницаемость обеспечивают более эффективное проникновение лекарственных веществ в организм. Вместе с тем постоянная увлажненность и физиологическая подвижность слизистой оболочки ограничивают длительное удерживание традиционных лекарственных форм, что может приводить к снижению терапевтического эффекта. В связи с этим разработка мукоадгезивных лекарственных систем и совершенствование их свойств являются актуальной задачей.

Целью настоящей работы является разработка и исследование мукоадгезивных лекарственных форм медицинского назначения на основе комплекса, полученного в результате взаимодействия геллана с цистеином. В ходе исследования были получены комплексы системы геллан–цистеин при различных мольных соотношениях, а также изучено влияние условий синтеза на их структурные и функциональные характеристики. Полученные комплексы были охарактеризованы методами Эллмана и инфракрасной спектроскопии. Кроме того, на основе комплекса геллан–цистеин и карбопола 940 были приготовлены мукоадгезивные гидрогели, вязкостные свойства которых оценивали методом вискозиметрии. Установлено, что мукоадгезивные свойства гидрогелей зависят от их состава и содержания тиольных групп в комплексе. Полученные результаты свидетельствуют о перспективности комплексов геллан–цистеин для создания мукоадгезивных гидрогельных лекарственных форм, предназначенных для лечения стоматологических и других заболеваний слизистых оболочек, а также подтверждают возможность их применения в фармацевтике и биомедицине.

Ключевые слова: геллан, цистеин, полимерный гидрогель, комплекс, мукоадгезия, здоровье и благополучие, устойчивое развитие

Кіріспе. Қазіргі таңда дәрілік заттарды жеткізу жүйелерін жетілдіру фармацевтика және биомедицина салаларындағы басым ғылыми бағыттардың бірі болып табылады (Cook et al., 2017; Yadav et al., 2014). Әсіресе шырышты қабаттар арқылы дәрілік заттарды жеткізу жоғары биожетімділікке, инвазиясыз енгізуге

және пациентке қолайлылығына байланысты ерекше қызығушылық тудырады (Junginger et al., 2008). Трансмукозальды енгізу жолдары дәрілік заттардың жүйелі қан айналымына бауырлық «бірінші өту» метаболизмін айналып өтіп түсуіне мүмкіндік береді, бұл олардың терапиялық тиімділігін арттырады (Ugwoke et al., 2005).

Ауыз қуысының шырышты қабаты жақсы қанмен қамтамасыз етілген, терімен салыстырғанда жұқалау және дәрілік заттардың ағзаға тиімді енуіне қолайлы орта болып табылады. Алайда сілекейдің үздіксіз бөлінуі (тәулігіне 0,5–2 л) және тіндердің қозғалғыштығы дәстүрлі дәрілік формалардың шырышты қабатта ұзақ уақыт ұсталуын қиындатады, нәтижесінде дәрінің ауыз қуысында сақталу уақыты әдетте 5–10 минуттан аспайды (Birudaraj et al., 2005). Осыған байланысты мукоадгезивті полимерлер негізіндегі дәрілік формаларды әзірлеу өзекті болып табылады (Ahuja et al., 2006).

Мукоадгезивті жүйелер дәрілік заттың шырышты қабатта сақталу уақытын ұзартып, оның біртіндеп босап шығуын және пролонгирленген әсерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ енгізу жиілігін азайтуға мүмкіндік береді (Illum, 2003; Costantino et al., 2007). Осы тұрғыда табиғи полисахаридтер, соның ішінде геллан, мукоадгезивті дәрілік жүйелер үшін перспективалы материалдар ретінде қарастырылады (Oliveira et al., 2010; Smith et al., 2007).

Геллан шайыры ыстыққа төзімді, мөлдір гидрогельдер түзуге қабілетті және шырышты қабаттармен тиімді өзара әрекеттесе алады. Алайда гелланның шырышты қабат инжинирингіндегі және мукоадгезивті дәрілік жүйелердегі қолданылуы әлі де шектеулі зерттелген (Smith et al., 2007). Гелланның функционалдық қасиеттерін жақсарту мақсатында оны тиол топтарын қамтитын қосылыстармен функционализациялау перспективалы бағыт болып табылады (Duclos, 2004; Jodar et al., 2001). Тиол-сақтаушы жүйелер муцин құрамындағы цистеин қалдықтарымен дисульфидті байланыстар түзе отырып, мукоадгезиялық қасиеттердің айтарлықтай артуына ықпал етеді (Koping-Hoggard et al., 2006; O'Hagan and Rappuoli, 2004).

Осыған байланысты геллан мен L-цистеин арасындағы өзара әрекеттесу негізінде тиол топтарын қамтитын кешендерді алу және олардың мукоадгезиялық қасиеттерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Материал және әдістер. *Материалдар.* Геллан («Gelzan^{TM}CM», Zhejiang DSM Zhongken Biotechnology Co., Ltd, Қытай), Цистеин-L 98% тазалығы, карбопол 940, метронидазол, 5,5-дитиобис-(2-нитро бензой қышқылы)) («Sigma-Aldrich», Ұлыбритания), тұз қышқылы, KH_2PO_4, Na_2HPO_4 NaCl, KCl «х.т.» маркалы буферлі тұздар, натрий гидроксиді NaOH (ТОО «Сигма Тек», Ресей) алдын ала қосымша тазарту жүргізілмей қолданылды.

Цистеин мен гелланның әрекеттесуі негізінде алынған кешен. Цистеин мен гелланның тиол топтарын қамтитын кешенін алу олардың тұз қышқылы қатысында жүретін электростатикалық (ионды-ассоциативті) өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылды. Алдымен геллан шайырының 1 г мөлшері 50 мл дистилденген суда араластырылып, алынған ерітінді 80 °С температураға дейін

CC BY NC

қыздырылды. Кейін ерітіндіге тұз қышқылында (0,3 мл, концентрациясы 7 N) ерітілген L-цистеин (0,3 мг) қосылды. Процесс болме температурада 3 сағат бойы жүргізілді.


Электростатикалық өзара әрекеттесу нәтижесінде түзілген кешен этанолмен (100 мл) жуылып, тұндыруға қалдырылды. Алынған тұнба мұздатқышта толық кристалданғанға дейін қатырылып, кейін лиофильді кептіргіште (FreeZone Plus, Австрия) –90 °C температурада 24 сағат бойы кептірілді. Келесі тәжірибелерде геллан мөлшері тұрақты сақталып, геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы өзгертілді. Атап айтқанда, геллан:цистеин қатынасы 2:1 және 1:1 болатын жүйелерді алу үшін цистеиннің мөлшері тиісінше 1,5 мг және 3 мг етіп алынды.

Физика-химиялық талдау әдістері. ИҚ-спектроскопиялық талдау. Алынған кешендердің құрылымын бағалау үшін ИК–Фурье спектроскопия әдісі қолданылды. ИҚ-спектрлер “Vertex 70V Bruker” (Германия) спектрометрінде түсірілді. Сынамалар калий бромидімен (KBr) таблетка түрінде дайындалып, спектрлер 4000–500 см□¹ толқын саны аймағында тіркелді.

Тиол топтарының концентрациясын Эллман әдісімен анықтау. Алынған кешен құрамындағы тиол топтарының концентрациясы Эллман әдісі бойынша анықталды (Yadav et al., 2014). Бұл әдіс тиол топтарының 5,5-дитиобис-(2-нитробензой қышқылы) реагентімен әрекеттесіп, сары түсті 2-нитро-5-тиобензоат анионын түзуіне негізделген. Түзілген кешеннің қарқындылығы ультракүлгін спектрометрде өлшенді (SPECORD® 200 PLUS, Германия).

Калибрлеу қисығы (1-сурет) цистеиннің 0,3172–3,1722 мкмоль/мл концентрация диапазонындағы стандартты ерітінділері негізінде тұрғызылды. Полимер үлгілері фосфатты буферде (0,5 М, pH = 8,0) 2 мг/мл концентрацияда ерітіліп, алынған ерітінділерге Эллман реагенті қосылды. Реакция бөлме температурасында жарықтан қорғалған ортада 90 минут бойы жүргізілді.

Реакция аяқталғаннан кейін қоспа 24 000 rpm жылдамдықта 5 минут бойы центрифугаланды. Алынған супернатанттың оптикалық тығыздығы 450 нм толқын ұзындығында өлшенді. кешен құрамындағы тиол топтарының мөлшері алдын ала тұрғызылған калибрлеу сызығы негізінде есептелді.



Сурет 1 – Цистеиннің оптикалық тығыздығының тиолды топтар концентрациясына тәуелділігін сипаттайтын калибрлеуші қисығы

Гельдің құрамының тұтқырлығы Brookfield Viscometer (Брукфилд DV-E Viscometer) арқылы келесі параметрлерде анықталды. Гидрогель тұтқырлығы жоғары болуына байланысты A3S размеріндегі саптама қолданылды. Өлшеулер 26°C температурасында техникалық құрылғы бойынша айналым саны (rpm) – 12 орнатылып жүргізілді.

Метронидазолдың гидрогельді дәрілік формасын дайындау

Буккалды дәрілік формалар ретінде қолдануға болатын мукоадгезивті гидрогельдер карбопол 940 және цистеин мен гелланның электростатикалық өзара әрекеттесуі негізінде алынған тиол-сақтаушы кешен негізінде дайындалды. Зерттеу барысында карбопол 940 мен кешеннің мөлшерлік қатынастарына, сондай-ақ кешен құрамындағы тиол топтарының мөлшеріне байланысты құрамы әртүрлі гидрогельдер әзірленді.

Алдымен метронидазолдың 1 % сулы ерітіндісінде кешеннің қажетті массасы толық ерітілді. Одан кейін алынған ерітіндіге карбопол 940 қосылып, оның соңғы концентрациясы ерітіндінің жалпы көлемінің 1 %-ын құрайтындай етіп енгізілді. Қоспа толық біртекті күйге келгенше араластырылды.

Гидрогельді дәрілік формаларды дайындау барысында ортаның pH мәні 7-ге дейін реттелді. Бейтарап ортада цистеин мен геллан арасындағы электростатикалық кешен толық бұзылмайды, алайда иондық өзара әрекеттесулердің ішінара әлсіреуі байқалуы мүмкін. Бұл құбылыс кешеннің ковалентті емес, динамикалық табиғатымен, сондай-ақ ортаның иондық күшінің артуымен түсіндіріледі. Дегенмен pH ≈ 7 жағдайында цистеиннің амин топтары негізінен протондалған күйде сақталып, гелланның карбоксильді топтарымен электростатикалық тартылыс қамтамасыз етіледі. Соның нәтижесінде кешен гидрогель құрылымында тұрақтылығын сақтай отырып, тиол топтарының муцинмен өзара әрекеттесуіне қолайлы жағдай жасайды.

Гидрогельді дәрілік формалардың құрамы кешеннің концентрациясы мен құрамындағы тиол топтарының мөлшеріне байланысты дайындалды (Кесте 1, 2). Бірінші топта геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы 10:1 деңгейінде тұрақты сақталып, кешеннің гидрогель құрамындағы концентрациясы 0; 0,5; 1 және 2 % аралығында өзгертілді.

Екінші топта кешеннің концентрациясы тұрақты (1 %) сақталып, геллан мен цистеин арасындағы өзара әрекеттесу дәрежесі геллан:цистеин мольдік қатынастары (1:0; 10:1; 2:1; 1:1) арқылы реттелді.

Барлық гидрогель үлгілерінде метронидазол мен карбопол 940дің мөлшері 1 % деңгейінде тұрақты сақталып, ортаның pH мәні 0,1 н NaOH ерітіндісімен бейтараптанды.

Кесте 1. Гидрогельдің геллан–цистеин кешенінің мөлшерінің өзгеруіне байланысты құрамы.

Геллан–цистеин мольдік қатынасы (10:1), %	**Метронидазол**	**Карбопол**	**NaOH(0.1н)**
0%	1%	1%	2мл
0,5%	1%	1%	3мл

CC BY NC

1%	1%	1%	4мл
2%	1%	1%	4,5мл

Кесте 2. Гидрогельдің әртүрлі геллан–цистеин қатынасына байланысты құрамы.

1 %-тік ерітінді құрамындағы геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы	**Метронидазол**	**Карбопол**	**NaOH(0.1н)**
1:0	1%	1%	2мл
1:1	1%	1%	4мл
2:1	1%	1%	4мл
10:1	1%	1%	4мл

Жасанды сілекей ерітіндісін дайындау. Жасанды сілекей ерітіндісі 25 °С бөлме температурасында тұздардың толық еруіне дейін дайындалды. Дайындау барысында натрий гидрофосфаты (Na_2HPO_4), натрий гидрокарбонаты ($NaHCO_4$) және кальций хлориді ($CaCl^-$) белгілі мөлшерде дистилденген суға (800 мл) біртіндеп қосылып, толық ерігенге дейін араластырылды. Одан кейін ерітіндінің pH мәнін реттеу үшін 1 М тұз қышқылының (HCl) 2,5 мл көлемі қосылды. Мукоадгезивті гидрогельді дәрілік форманың шырышты бетке жабысу қабілетін бағалау үшін дайындалған жасанды сілекей ерітіндісі 37 °С температураға дейін қыздырылып, төмен жылдамдықта үздіксіз араластырылды. Ерітіндіге гидрогель үлгісі алдын ала бекітілген шыны таяқша батырылды. Гидрогельдің шырышты қабатқа адгезиялану қабілеті оның жасанды сілекей ерітіндісінде сақталу уақыты мен тұрақтылығы бойынша бағаланды.

Карбопол мен геллан–цистеин кешені негізіндегі гидрогельдердің мукоадгезивті қасиеттерін зерттеу

Алынған гидрогельді дәрілік формалардың мукоадгезивті қасиеттері визуалды әдіс арқылы бағаланды. Ол үшін гидрогель үлгілері алдын ала бриллиант көгімен (тетраэтил-4,4′-диаминотрифенилметан оксалаты), трифенилметан қатарына жататын синтетикалық анилинді бояғышпен боялды. Мукоадгезияны модельдеу мақсатында шырышты қабаттың үлгісі ретінде шошқа жағының шырышты қабаты пайдаланылды. Шырышты тін қажетті өлшемде кесіліп алынып, шырышты беті төмен қараған күйде сақинасы бар шыны таяқшаға бекітілді. Осылайша дайындалған модельдік жүйе гидрогель үлгілерінің шырышты қабат бетіне жабысу қабілетін сапалық тұрғыда бағалау үшін қолданылды. Мукоадгезивті қасиеттерді зерттеу кезінде гидрогель үлгілерінің 1/4 бөлігі жаңадан дайындалған шошқа жағының шырышты қабатына бекітіліп, айналмалы шыны дискке орналастырылды. Дискінің айналу жылдамдығы 59 айн/мин болды. Одан кейін жүйе ауыз қуысының ортасын модельдейтін жасанды сілекей ерітіндісіне (pH 6,5–6,8) батырылып, 36,5 °С температурада ұсталды. Гидрогель үлгісінің шырышты қабаттан толық ажырауына немесе толық еріп кетуіне қажетті уақыт визуалды түрде анықталды.


Нәтижелер және талқылау. Жұмыста мукоадгезивті қасиеттердің геллан мен цистеин арасындағы электростатикалық өзара әрекеттесу дәрежесіне, сондай-ақ кешеннің гидрогельді дәрілік форма құрамындағы концентрациясына тәуелділігі

зерттелді. Алғашқы кезеңде геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы 10:1 болып таңдалып, өзара әрекеттесу процесі 80 °C температурада 3 сағат бойы жүргізілді. Процесс аяқталғаннан кейін алынған жүйе мұздатқышта қатырылып, кейін лиофильді кептіргіште құрғатылды. Нәтижесінде сызықты құрылымды, кеуекті, қатты ақ түсті материал алынды.

Алынған кешеннің құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау және оның құрамында тиол топтарының бар екенін растау мақсатында ИК-спектроскопия әдісі қолданылды. Сонымен қатар, тиол топтарының концентрациясы анықталып, олардың мөлшерінің бастапқы енгізілген цистеин концентрациясына тәуелділігі бағаланды. Зерттеу барысында таза геллannың, L-цистеиннің және геллан–цистеин кешенінің ИК-спектрлері өзара салыстырылды (2 сурет).

Таза геллannың ИК-спектрінде 2944,14 және 2607,92 см$^{-1}$ аймақтарында байқалған шыңдар алкандық –CH топтарының тербелістеріне сәйкес келеді. 1605–1408 см$^{-1}$ диапазонындағы жолақтар геллан құрамындағы карбоксилат топтарының асимметриялық және симметриялық тербелістеріне тән. Сонымен қатар, 3344,35 см$^{-1}$ аймағында орналасқан кең жолақ гидроксил топтарының (–OH) созылу тербелістерін сипаттайды.

Салыстырмалы ИК-спектроскопиялық талдау нәтижелері геллан мен цистеин арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде жүйенің функционалдық топтарының химиялық ортасының өзгергенін және полимер матрицасында тиол-сақтаушы фрагменттердің бар екенін көрсетеді.



Сурет 2 – Геллannың, L-цистеиннің және геллан–L-цистеин кешенінің (1:1 қатынасында) ИК-спектрлері

Геллан мен цистеиннің әртүрлі мольдік қатынастарында цистеин–геллан электростатикалық кешенінің түзілуі нәтижесінде жүйе құрамындағы тиол топтарының концентрациясы өзгеріп отырды. Кешен құрамындағы тиол

топтарының мөлшері Эллман әдісі арқылы анықталды. Бұл әдіс тиол топтарының 5,5-дитиобис-(2-нитробензой қышқылы) реагентімен әрекеттесуі нәтижесінде сары түсті кешен түзуіне негізделген, ал түзілген кешеннің абсорбциясы ультракүлгін спектрометрде (SPECORD® 200 PLUS, Германия) өлшенді.

Тиол топтарының концентрациясы стандартты цистеин ерітінділері үшін алынған абсорбция мәндерін сызықтық функция түрінде калибрлеу графигіне түсіру арқылы есептелді. Калибрлеу графигі 1-суретте келтірілген. Кешен үлгілеріндегі тиол топтарының сандық мәндері алынған полимер массасын ескере отырып, зат мөлшерінің массаға қатынасы ретінде есептеліп, 3-кестеде көрсетілді.

Алынған нәтижелер геллан–L-цистеин кешендері негізіндегі мукоадгезивті гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақыты ең алдымен тиол топтарының мөлшеріне және кешеннің гидрогель құрамындағы концентрациясына тәуелді екенін көрсетті. Бұл қорытынды тиолданған полимерлерге арналған соңғы шетелдік шолулармен сәйкес келеді: тиол-топтары муциннің цистеинге бай домендерімен дисульфидтік байланыстар (немесе тиол–дисульфид алмасу) түзу арқылы мукоадгезияны күшейтіп, жүйенің резиденттік уақытын арттырады (Mfoafo et al., 2023). Мысалы, геллан:цистеин қатынасы 2:1 болатын жүйеде тиол топтарының концентрациясы 10:1 қатынасындағы үлгімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды. Бұл деректер цистеиннің геллан матрицасымен электростатикалық өзара әрекеттесуінің тиімді екенін және кешен құрамындағы тиол топтарының мөлшерін бастапқы компоненттердің мольдік қатынасын өзгерту арқылы реттеуге болатынын көрсетеді.

Кесте 3. Эллман әдісімен анықталған цистеин–геллан кешенінің құрамындағы тиол топтарының концентрациясы.

[Геллан:цистеин] мольдік қатынасы	Тиол топтарының концентрациясы, C(–SH), мкмоль/мл	Полимер массасына шаққандағы тиол топтарының концентрациясы, мкмоль/мг
1:1	1,9156	0,9578
2:1	0,8769	0,4384
10:1	0,3738	0,1869

Геллан мен цистеин арасындағы өзара әрекеттесу негізінде мукоадгезивті гидрогельді дәрілік формалар дайындалды. Алынған гидрогельдер құрамдық ерекшеліктеріне байланысты екі топқа жіктелді. Бірінші топта геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы 10:1 деңгейінде тұрақты сақталып, кешеннің гидрогель құрамындағы концентрациясы 0; 0,5; 1 және 2 % аралығында өзгертілді. Екінші топта, керісінше, гидрогель құрамындағы кешеннің концентрациясы тұрақты (1 %) сақталып, геллан мен цистеин арасындағы өзара әрекеттесу дәрежесі олардың мольдік қатынастары арқылы реттелді. Атап айтқанда, таза геллан және геллан:цистеин мольдік қатынастары 10:1, 2:1 және 1:1 болатын жүйелер қарастырылды. Барлық дайындалған мукоадгезивті гидрогельдер мөлдір, біртекті және тұтқыр консистенцияға ие болды.

Гидрогельдердің физика-химиялық қасиеттерін сипаттау мақсатында олардың тұтқырлығы вискозиметр көмегімен анықталды. Зерттеулер бөлме температурасында жүргізілді, ал тәжірибе нәтижесінде алынған тұтқырлық мәндері 4-кестеде келтірілген. Алынған деректерге сәйкес, құрамында кешен жоқ гидрогель үлгісі ең жоғары тұтқырлық мәнін көрсетті. Ал геллан–цистеин кешені бар гидрогельдердің тұтқырлығы полимерсіз үлгімен салыстырғанда ұқсас деңгейде болды. Бұл алынған жүйелердің қолдануға қолайлы реологиялық қасиеттерге ие екенін көрсетеді. Осылайша, дайындалған мукоадгезивті гидрогельдер дәрілік заттарды жергілікті жеткізу жүйелері ретінде перспективалы болып табылады.Вискозиметрмен анықталған гидрогельді дәрілік форманың тұтқырлығы.

Геллан–цистеин кешені негізінде дайындалған мукоадгезивті гидрогельдердің мукоадгезияға қабілеті визуалды әдіспен бағаланды. Зерттеу әрбір үлгі үшін үш рет қайталанып, модельдік шырышты қабат ретінде шошқа жағының шырышты қабаты пайдаланылды. Гидрогельдер шырышты бетке жағылып, 37 °C температурада жасанды сілекей ерітіндісінде зерттелді. Ауыз қуысының жасанды моделі ұйымдастырылып, тәжірибе барысында әр бес минут сайын бейнебақылау жүргізілді.


Кесте 4. Гидрогельді дәрілік формалардың реологиялық қасиеттері.

Үлгі	**Аспаптық жүктеме, %**	**Тұтқырлығы, mPa·s**
Кешенсіз гидрогель	69,50	62,28
Таза геллан негізіндегі гидрогель	50,00	44,31
кешен, 0,5 % геллан:цистеин = 10:1	42,00	37,62
кешен, 1 % геллан:цистеин = 10:1	45,50	41,07
кешен, 2 % геллан:цистеин = 10:1	67,60	61,27
Геллан:цистеин = 2:1, 1 %	64,00	61,27
Геллан:цистеин = 1:1, 1 %	68,00	60,69

Мукоадгезивті қасиеттерді бағалау екі топ үлгілер үшін жүзеге асырылды: кешеннің тиол топтарының мөлшеріне және гидрогель құрамындағы полимер концентрациясына байланысты. Алғашқы топта геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы 10:1 деңгейінде тұрақты сақталып, гидрогель құрамындағы кешеннің концентрациясы өзгертілді. Құрамында кешен жоқ карбопол 940 негізіндегі гидрогельдің шырышты қабатта ұсталу уақыты шамамен 17 минутты құрады. Полимер концентрациясы 0,5 % және 1 % болатын гидрогельдер үшін бұл көрсеткіш сәйкесінше 29 және 35 минутқа дейін артты. Ең жоғары мукоадгезивті қасиет кешеннің концентрациясы 2 % болатын гидрогель үлгісінде байқалды, ол шошқа жағының шырышты қабатында бір сағаттан астам уақыт бойы сақталды.

Алынған бейнематериалдардың ішінен ең айқын көріністер 3-суретте шартты график түрінде және гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақытының полимер концентрациясына тәуелділігі қателік жолақтарымен берілген бағанды диаграмма түрінде ұсынылды. Жалпы алынған нәтижелер кешен құрамындағы

тиол топтарының мөлшері мен гидрогельдегі полимер концентрациясы артқан сайын мукоадгезивті гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақыты ұлғаятынын көрсетеді, бұл оларды дәрілік заттарды жергілікті жеткізу жүйелері ретінде қолданудың перспективалы екенін дәлелдейді.



Сурет 3 – Құрамында метронидазол бар гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу қабілетін бағалау (геллан–цистеин кешені, қатынасы 1:1):


а) шошқа жағының шырышты қабаты бетінде гидрогель үлгілерінің әртүрлі уақыт мезеттеріндегі (0–60 мин) визуалды көріністері;

б) гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақытының полимер концентрациясына тәуелділігін көрсететін бағанды диаграмма (қателік жолақтарымен). Статистикалық мәнділік келесідей белгіленді: **** – p <0,0001; *** – p <0,001.

Мукоадгезивті қасиеттерді бағалаудың екінші тобы геллан–цистеин кешеніндегі тиол топтарының мөлшеріне, яғни тиолдану дәрежесіне байланысты салыстырылды. Алғашқы үлгі ретінде құрамында тиол топтары жоқ таза геллан негізіндегі гидрогель алынды, оның шырышты қабат бетінде ұсталу уақыты шамамен 30 минутты құрады. Екінші үлгіде геллан мен цистеиннің мольдік қатынасы 10:1 болғанымен, гидрогельдің шырышты қабатта ұсталу уақыты 35 минут шамасында болып, таза гелланмен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық байқалмады.

Ал геллан:цистеин мольдік қатынастары 2:1 және 1:1 болатын үлгілер үшін мукоадгезивті қасиеттердің едәуір артуы анықталды. Атап айтқанда, 2:1 қатынасындағы гидрогельдің шырышты қабатта ұсталу уақыты шамамен 55 минутты, ал 1:1 қатынасындағы гидрогель үшін бұл көрсеткіш 60 минутты құрады. Бұл мәндер бастапқы үлгілермен салыстырғанда шамамен екі есе жоғары болып, тиол топтарының мөлшері артқан сайын мукоадгезивті қасиеттердің күшейетінін айқын көрсетеді.

Тәжірибе нәтижелерін қорытындылайтын фотосуреттер және гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақытының тиолдану дәрежесіне сандық тәуелділігі 4-суретте көрсетілген.



Сурет 4 – Мукоадгезивті гидрогельдердің тиолдану дәрежесіне байланысты шырышты қабатта ұсталу қабілетін бағалау (карбопол концентрациясы – 1 %):

а) геллан–цистеин жүйесінің әртүрлі мольдік қатынастары (таза геллан, Г:Ц = 10:1, 2:1 және 1:1) үшін шошқа жағының шырышты қабаты бетінде гидрогель үлгілерінің әртүрлі уақыт мезеттеріндегі (0–60 мин) визуалды көріністері;

б) гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақытының геллан–цистеин мольдік қатынасына (тиолдану дәрежесіне) тәуелділігін көрсететін бағанды диаграмма. Статистикалық мәнділік келесідей белгіленді: **** – p <0,0001; *** – p <0,001; ** – p <0,01.

Зерттеу нәтижелері геллан–цистеин кешені негізіндегі мукоадгезивті гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақыты олардың құрамына және кешендегі тиол топтарының мөлшеріне тәуелді екенін, ал тұтқырлықтың бұл көрсеткішке айтарлықтай әсер етпейтінін көрсетті. Цистеинмен өзара әрекеттесу нәтижесінде түзілетін тиол және амин топтары шырышты қабат гликопротеидтерімен дисульфидтік және сутектік байланыстар түзу арқылы мукоадгезивті қасиеттердің артуына ықпал етеді, бұл алынған гидрогельдердің жергілікті дәрілік жеткізу жүйелері ретіндегі перспективалылығын айқындайды.

Сонымен қатар, соңғы жарияланымдарда (Fürst et al., 2024), мукоадгезивті гидрогельдердің тиімділігін арттыру үшін тиол топтарын қорғау немесе тұрақтандыру және құрылымдық дизайн тәсілдерін қолдану ұсынылатыны көрсетілген. Осыған байланысты геллан–цистеин жүйесінде тиол топтарының мөлшерін мольдік қатынас арқылы реттеу халықаралық үрдістермен үйлесетін әрі әрі қарай оңтайландыруға болатын бағыт болып табылады.

Қорытынды. Бұл жұмыста геллан мен L-цистеиннің әртүрлі мольдік қатынастарында (10:1, 2:1 және 1:1) алынған кешендердің құрылымдық және функционалдық қасиеттері жүйелі түрде зерттелді. ИК-спектроскопия және Элман әдісі нәтижелері бастапқы жүйедегі цистеин мөлшерінің артуы кешен құрамындағы еркін тиол топтарының концентрациясының ұлғаюына алып келетінін көрсетті.

Алғаш рет геллан–L-цистеин кешендері негізінде мукоадгезивті гидрогельді дәрілік формалар әзірленіп, олардың реологиялық және мукоадгезивті қасиеттері өзара байланыста бағаланды. Вискозиметриялық зерттеулер гидрогельдердің тұтқырлығы олардың құрамына тәуелді екенін көрсеткенімен, бұл параметр мукоадгезивті қасиеттерге шешуші әсер етпейтіні анықталды. Керісінше, тиол топтарының мөлшері мен кешен концентрациясының артуы гидрогельдердің шырышты қабатта ұсталу уақытын едәуір ұлғайтатыны эксперименттік түрде дәлелденді.

Алынған нәтижелер геллан–цистеин кешендеріндегі тиол топтарының

мукоадгезия механизмінде негізгі рөл атқаратынын айқындайды және зерттелген жүйелердің жаңа функционалдық мукоадгезивті материалдар ретіндегі ғылыми жаңалығын көрсетеді.

